

Елікбаев Н., Тоққұлова Г.Т.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Қарағанды – Түркістан
2020

ББК 74.00
Е 50

Е 50 Елікбаев Нәби., Тоққұлова Гүлсара Төлебек қызы. Ұлттық тәрбиенің бастауы. Философиялық-педагогикалық ізденістер. – Қарағанды «Болашақ» университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік Университеті, 2013. - 149 бет.

2 басылым

ВВП 9965-32-719-Х

Ұсынылған еңбек бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің педагогикалық алғышарттарын қарастырады. Ұлттық тәрбие кешенінің зерттелуінің методологиялық мәселелері және бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбиенің қалыптасуының табиғаты көрсетіледі. Ұлттық тәрбиенің тарихи – дәстүрлі тағылымы, оның қалыптасуына ықпалды факторлар, оқу жүйесіндегі ұлттық тәрбиенің орнығуы сонымен қатар сыныптан тыс іс-шаралар арқылы отансүйгіштік пен отанжандылық сезіміне тәрбиелеу сараланған.

Жұмыс негізінен бастауыш сынып мұғалімдеріне, студенттерге, жоғары мектеп оқытушыларына, ата-аналарға және ұлттық тәрбие мәселесіне қызығушылық білдірушілерге арналған.

ББК 74.00

Пікір жазғандар:

- Мыңжанов Н.Ә.-педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
- Нұрмұратов С.Е.- философия ғылымдарының докторы, профессор;
- Молдабек Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Жұмыс Қарағанды «Болашақ» университетінің ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 01.03.2013ж.№4 Сенат шешімімен баспаға ұсынылды.

Е 4303000000
00(05)-08

ISBN 9965-32-719-Х

© Елікбаев Н., Тоққұлова Г.Т., 2019

Тәрбиелі – тәртіптің құлы
Тәртіпті – елдің ұлы.
Б. Момышұлы

КІРІСПЕ

Әрбір халықтың басынан өткен дәуірі сол кезеңге сәйкес рухани қасиеттер, яғни салт – дәстүр, өмір мен тіршілік hareketінің дағдыларын, әдеттерін қалыптастырады. Олардың сана сезімге орнығуы белгілі уақытты қажет етеді. Соған орай оның басқа әлеуметтік кезеңде жаңғыруы, қайтадан жаңа мазмұн мен көріністе өрбуі ерекше реттеп отыруды сұранады.

Қазақ халқы кеңес заманындағы саясат пен идеология ықпалымен тәрбиеленіп рухани – психологиялық бейнесін тудырғаны белгілі. Кезіндегі оқу мен ғылым, мәдениет жетістіктеріне қарамастан халықтың дәстүрлік салты, ұлттық дін, ұлттық тіл және т.б. жұтаңдыққа ұшырап жадымыздан аулақтады. Ұлт өкілдерінің ішінде ұлттық тілдің көрінісі шектеулі ауқымға ұшырап әлеуметтік мәні жоғала бастады. Бұл құбылысты жоғарыдан түскен саяси шешімдер мен идеология да тездетті. Ал қазақ елінде бұл процесс биліктегі ұлттық интеллигенцияның күшімен өте белсенді қарқында болды. Ұлттық саясаттағы осындай кереғар позициялар басшылық тарапынан тек басқарылып әрі жетекшілік аясында ғана тездетіліп жүргізілді. Ұлт мәселесінің талаптары реттелу ұстанымдарынан ауытқу жағдайында жүзеге асты.

Жалпы ұлт мәселесіндегі реттелуге бағытталған ұстанымдарға саяси билік қолдау көрсеткен жоқ. "Ескінің қалдығы" делінген ұғым ғылыми талданыссыз – ақ ұлттың рухани мәдениетінің тынысын тарылтып көптеген тарихи орны бар құндылықтарымызды тұрмыстан аулақтатты. Осындай саясат пен идеология нәтижесі білім беру жүйесінің барысындағы жалпы ұлттық тәрбиенің буынын босатып жас ұрпақты еліктеушілік қасиетіне душар етті.

Қазақстанның тәуелсіздігі нарықтық заманның әлемдік сарынымен қатар жүруде. Мұндағы саяси – экономикалық, әлеуметтік, рухани құбылыстар жаңа технологиялық құрылымды, меншіктің әрі еңбектің ұйымдастырылуы тұрғысында бұрын соңғы бейтаныс жағдайларда өтіп жатыр. Адамдардың рухани – психологиялық қасиеттері, айналаға көзқарас, саяси түсініктер жаңаша қатынастарды дүниеге әкелуде. Соған орай білім мен ғылымның бет алысы түбірінен өзгеруде десек те болады. Тәрбие жүйесі жаңа мазмұндағы ескі мен жаңаның үйлесіміне байланысты шараларға бет бұруы қажет.

Қалай болғанда да жаһандану деп аталған ықпал ерекше қадам жасауда. Оның күштілігі соншама таудан құлаған көшкінге ұқсайды. Саны шағын ұлттар үшін оның қауіпсіздігіне кепіл беру қиын. Осы жағдайға аса көңіл бөлу ұлтымыздың билік органдары, тәрбие құрылымдары, саяси орталықтар мен интеллигенция тарапынан жауапты шаралармен тығыз байланысты. Талғампаздық өте қажет. Саяси – әлеуметтік, экономикалық даму кешені

ұлттың тарихи – дәстүрлі бейнесін сақтауды ескеріп отырған жағдайда келешек ұрпақ өз тамырынан ажырамайды.

Оқырманға ұсынып отырған мәселеміз ел әлеуметіндегі осы құбылыстардың арасынан қажет саналатын ұлттық тәрбиенің тіршілігі. Бұл феномен ұлтымыздың көрсеткіші оның табиғатының көрінісі. Тәрбие күрделі де қиын да еңбек. Адам өмірінде тоқтамайтын процесс. Сондықтан оның ірге тасы мықты әрі орнықты болуы тиіс. Жалпы өмірде тәрбиені қолмен ұстап көруге болмайды оның бір ғана жағымсыз көрінісі оны толық жаққа шығарады.

Ұлттық тәрбиенің салалары өте көп болуына байланысты оның әрбір қасиеттеріне ықпал жасайтын алғышарттар да жеткілікті. Ұлттық тәрбиеге байланысты құрылымдық көрініс немесе бейнелеріне әсер етіп қалыптастыратын әрі жетілдіре түсетін құбылыстар бір ғана қасиетке емес оның тұтастай элементтеріне тиісті. Осының барлығы дерлік материалдық жағдай, өнегелілік үлгі, салт – дәстүр, идеология, оқу мен тәрбие шараларындағы ұлттық мазмұнның сапалық деңгейіне ондағы жауапкершілікке келіп тіреледі. Соған орай қазіргі кезеңдегі ұлттық тәрбие "балаға үйретуден жалықпайтын" ұстанымға сайма – сай міндет болып табылады.

Қазіргі кезеңде аса көңіл аударарлық мәселе – ұлттық мектептерде және ондағы жас ұрпаққа тәлім – тәрбие беруде, осы проблемаларды шешетін әрі жүзеге асыратын мұғалімдерді ұлттық тәрбие ісіне даярлау қажеттігі туып отыр. Олай болса болашақ ұстаздардың оқушыларға ұлттық тәрбиені берудегі даярлық жұмыстары да тиянақты көрсеткіштерді талап етеді. Оның тиімділігі олардың қазақ этнопедагогикасынан, тарихынан білімдерінің нақты, жан – жақты терең және жүйелі болуы арқасында сол даярлық білімдерін оқушы қауымға ұлттық тәрбиеге пайдаланып, этнопедагогикалық шеберліктерін, іскерліктері мен дағдыларының қалыптасып дамуынан байқалады. Бұл қажеттілікке де көңіл бөлуге тырыстық.

Мәселенің жан – жақты қамтылуы ұстаздар тарапынан ерекше дайындықты, тарихи деректерді және халық педагогикасының үлгілерін меңгеруді әрі қолдана білуді қажет етеді. Тіптен кейбір жағдайларда өз беттерінше әлеуметтанымдық талдаулар мен зерттеулердің материалдарын қолдануды ұсынамыз. Бұл талаптар сабақтың және іс – шаралардың ыңғайына байланысты болуы тиіс.

Ұлттық тәрбие қазіргі жаңа әлеуметімізде ерекше мазмұнды әрі ізденімпаздық жүйелі еңбек, жан – жақты байланыстар арқылы нәтиже береді. Қазақстан Республикасы көп ұлтты болғандықтан жалпыхалықтық мүдделер де ескеріліп ел ынтымағына ықпалды болуы қажет. Ұлтымыздың жаңа тарихи дәуірдегі тарихи – дәстүрлі құндылықтарын, салтын өткенмен үйлестіріп жас ұрпақтың бойына орнықтырып өмір салтының ұлттық талғамын сақтау оқу мен тәрбие жүйесінің парызы.

1 Ұлттық тәрбие кешенінің зерттелуінің методологиялық мәселелері

1.1 Ұлттық тәрбие — тарихи дәстүрлі және әлеуметтік құбылыс

Әрбір халықтың тарихы, әлеуметтік-саяси, рухани-психологиялық және мәдени өмірінің жағдайы оның әрбір даму кезеңдерінде өзгеріп, толығып әрі жаңарып отырады. Дәуірдің әлеуметтік деңгейі, саясаты мен идеологиясы ұлттың тәрбиелік процесіне ықпал жасайды. Соның нәтижесіндегі ізгі қадамдар мен ауытқушылық мазмұн тәрбие құрылымына оның ықпалдық күшіне байланыстылықты анықтайды. Соған орай анықтап белгілегенде бұл процесте ескі мен жаңаның үйлесімді бірізділігі басты бағыт болып шығады. Осыдан барып ұлттық тәрбие жүйесінің сарыны анықталуы қажет.

...Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар... күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады... Олар ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды» -деген болатын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев.

Қазіргі кезеңдегі қоғамды жаңғырту мен демократияландыру құбылыстары еліміздегі тарих, қоғамдық институттар қызметін, ұрпақтың рухын қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраларды қайта өркендету және т.б. мәселелер ауқымын жаңа қоғамдық қатынастар талаптарына сәйкес жолға қоюды міндеттеп отыр. Сондықтан да өмір сүріп отырған «әлеуметтік мемлекет» [1, 235] жағдайында бұл қажеттіліктер аса күрделі әрі қиын болып саналады.

Еліміздегі рухани-психологиялық, дәстүрлі тәрбиелік жұмыстардың маңыздылығы мен салмағын талдай отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп атап көрсетті: «... бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз.

Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады» [2, 21].

Мектептегі тәрбие жұмысы әрбір оқушының әлеуметтену процесіндегі — басты қызмет. Оған республикамызда 1998 жылы 23-24 сәуірде Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің 70 жылдығына арналған «Үздіксіз педагогикалық білім берудің үрдістері мен стратегиясы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференциясы ұсынған «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы» аса бағалы

бағдар болып саналады. Онда: этнопедагогикалық білім беру – болашақ мұғалімдерді даярлауды ізгілендіру негізі; этнопедагогикалық білім беру мазмұны; этнопедагогикалық пәндерден сабақ беруге көзқарас; этнопедагогикалық білім тұжырымдамасын жүзеге асыру шарттары; болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық білімін дамыту перспективалары аталған мақсаттар көрсетілген. Аталған құжат [3] оқушылардың тәрбие жұмысының басты тірегі мұғалімдерді даярлаудағы жаңа тұрғыдан көрсетілген бағдарламаларды біріктірген. Ұстаздардың ұлттық тәрбиеге бейімділігі мен дағдыларын қалыптастыруға қажетті материалдар жинақталып ұсынылған.

Ұлттық тәрбиенің теориялық және методологиялық зерттелуіне педагогика мен психология мамандарымен қатар философтар, саясаткерлер, әлеуметтанушылар, заңгерлер және т.б. өрістің білімпаздары ат салысуда. Кең тынысты тақырыптың сарапшылары педагогикалық, саяси-әлеуметтік тұрғыдан пікірлер жинақтаған. Дегенмен, әрбір пәннің өзіндік ерекшелігі, әдістемелік негіздері бөлек болғандықтан айтатын ойымызды тақырып аясына топтап көрсетуді жөн көрдік.

Қарастырылып отырған мәселе белгілі бір саяси-әлеуметтік және идеологиялық кезеңдерге байланысты зерттеліп оған тиісті тұрғыдан тұжырымдалып отырды. Соған орай кеңестік дәуірдің қазіргі әлеумет талаптарынан өзгеше тұғырнамалар мен үрдістер сарынын байқауға болады. Әрине көптеген зерттеулердің жалпыадамзаттық көрініс тапқан ой-пікірлерін шеттете алмаймыз. Олар жаңа әлеуметтік-қоғамдық қатынастар кезеңіндегі ұлттық тәрбие ізденістерін толықтырып отыруға ықпал етеді [4].

Жалпы алғанда этнопедагогика ғылымы әрі білім беру, тәрбиенің өзекті мәселесі ретінде белгілі қалыптасу мен орнығу кезеңінен өткен. Этнопедагогика, яғни халықтық педагогика ұғымы, білім мен тәрбие құралы болып негізінен XX ғасырда орныға бастады. Сол кезеңнің дамуымен қоғам өміріне орнығу басталды.

Адамзаттық тәжірибе мен ақыл-ойдың жинақталған нәтижесі болып табылатын ғылыми-техникалық прогрестің қарқын ала бастауы XIX ғасыр. Ал, XX ғасырда ғылым мен техника өмірдің барлық саласында өндіргіш күштердің негізгі тұғыры болып үлгерді де, жұмыр Жердің әлеуметтік-саяси болмысына соны сапа дарытты. Сөйтіп, ғылыми-техникалық прогресс адамзат баласының өмір салтына айналды.

Сонымен бірге, XIX-XX ғасырлардың тағы да бір басым сипатын атап өту қажет. XIX-XX ғасырларда жер төсіндегі этностардың төлтума қасиеттері әбден сараланғанын, ұлттық болмыстары мейлінше жетілгенін, этникалық дербестікті сезінетін саналары ерекше шындалғанын жалпыадамзаттық жетілудің соны кезеңі ретінде қабылдауға болады.

Яғни, ғылыми-техникалық прогресс пен этникалық сананың шындалуы сияқты екі ұлы құбылыстың тоқайласқан тұсы XX ғасыр болғанын байқаймыз. Осы тоқайласу саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани проблемалардың да туындауына мұрындық болды. Алғашқы өз қолы өз аузына жеткен, өз тағдырын өзі шешетін этностар үшін ғылыми-техникалық

прогресс мейлінше тиімді болды. Ғылым мен техниканың жетістігі олардың ұлттық төлтумалығын орнықтыруға, мемлекеттік күш-қуатын нығайтуға қызмет етті. Ал, өз тағдырының тізгіні өз қолына тие қоймаған әлжуаз этностар үшін ғылыми-техникалық прогресс нағыз сор болды. Өйткені, ғылым мен техника олардың төл болмысынан жетіліп барып орныққан жоқ, бөгде өктем ұлттар мен мемлекеттердің экспансиялық қаруы ретінде сырттан енгізілді. Нәтижесінде, әлсіз этностар өзінің төлтумалығын көмескілеп, ассимиляцияға ұшырап, ұлттық қорғаныс тетіктері болып табылатын салт-дәстүрін жоғалта бастады.

Ғылым мен техниканың қауырт дамуы, сөйтіп жалпы адамзаттық өмір салтқа айналуы бара-бара ұлттық атаулыны тәрк етіп, енді үлкенді-кішілі этностардың төлтумалығына жаппай қауіп төндіре бастады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап өмірдің барлық саласында әлемдік кірігу (интеграция), мемлекетаралық аралас-құраластық (коммуникация) жалпы адамзаттық үрдіске айналды. Сөйтіп, ғылыми-техникалық прогресс бел алған сайын ұлттық төлтумалық атаулы екінші кезекке ығыстырылды. Былайша айтқанда, жалпы адамзаттық дамудың технократтық, экономикалық және мәдени-рухани ілкімді кірігулері ұлттық төлтумалық атаулыға қауіп төндіріп, әлемдік аяда ұлттық мемлекеттердің қорғаныс сезім-әрекетін оята бастады. Бұл орайда, Францияның тілге қатысты, Жапонияның оқу жүйесіне қатысты, Германия мен Израильдің этникалық тұтастануына қатысты, Англияның дәстүр тазалығына қатысты, Қытайдың экономиканы экоэтникалық ерекшелікке бейімдеуіне қатысты, Ресейдің шіркеу арқылы ұлтты оятуға тырысушылығына қатысты, түркі-монгол халықтарының жазуды (әліпті) жаңғырта бастауына қатысты, араб суперәлемінің ұлттық ерекшеліктер бойынша даралануына қатысты т.б. мемлекеттік деңгейде жүргізіле бастаған шараларына ден қоюға болады. Яғни, бұдан былайғы жерде ұлттық мемлекеттердің ерекшелігін саяси немесе экономикалық деңгейі белгілемейді, ең алдымен сол елдердің мәдени-өркениетті төлтумалығы негізгі анықтаушы болады деген сөз.

Міне, ғылыми-техникалық прогреспен тікілей шендесіп жатқан осынау ахуал, сөз жоқ, білім беру мен тәрбие саласында да көрініс тапты. Әлемдік аралас-құраластың қарқынынан тіксінген мемлекеттер немесе тарихқа есесі кеткен халықтар ұлттық-мемлекеттік төлтумалығын сақтап қалуға кепіл болатын бірден-бір тетік – білім беру жүйесі екеніне ден қойды. «Қауіп-қатерді әуезе көретін ұлтты» мектеп арқылы «танымға ынтық ұлтқа» айналдыру үшін Америкада «Америка – 2000; білім беруді дамытудың стратегиясы» атты ұлттық бағдарлама жасалды. Ұлыбританияда «Үлгілі мектептер» деген атпен ұлттық бағдарлама қабылданды. Білім беру саласындағы мұндай серпілістер Германия Федеративті Республикасында «2000 жыл үшін білім беру», Швецияда «Білім берудегі сапа», Жапонияда «Рух биіктігі мен мәдениеттегі тереңдік» деген бастамалар түрінде көрініс тауып жатты.

Бұл процесс бұрынғы Кеңестік құрылымда өзінің ғылым мен техника дамуының өрісіне сәйкес орын алды. Сол кезеңдегі мектептердегі тәжірибенің мынадай ерекшеліктерін көрсетуге болады: білім мазмұны өзінің құрылым-құрамы жөнінен өмір сұранымына сай келеді, білім мазмұнының құрылымдық ұстанымдары әлеуметтік тәжірибенің үлгісі ретінде біртұтас білім жүйесін қалыптастыра алды; мұндай жүйе ғылым-өндіріс-білім деп келетін мәдени макроүлгімен сай келді; сондай-ақ, білім стандарттарының сабақтастығы мен білім мазмұнын пәндік жүйеге негіздеу арқылы жалпыға бірдей міндетті орта білім саясаты мемлекеттік деңгейде шешім тапты. Кеңес мектептерінің бұл сияқты тәжірибелері әлемдік аяда мойындалды.

Сонымен бірге кеңестік мектептердің жағымсыз жақтары да жетерлік еді. Мәселен, жан-жағы жетілген тұлғаны қалыптастыру білім берудің негізгі нысанасы болғанымен, мұның өзі жалаң ұран деңгейінде қалды. Себебі, коммунистік идеологияның құрсауындағы тоталитарлы-бюрократтық мемлекет негізінен бейімделгіш тұлғаның қалыптасуына себепші болды. Былайша айтқанда, әрбір тұлға өндірістің немесе ұжымның «бөлшегіне» айналды. Білім беру мен тәрбие әрбір баланың болмысындағы табиғи қасиеттерді шыңдауға қызмет ете алмады. Ең сорақысы, екі жүздей ұлттар мен жұрттарды (народность) құрсауында ұстаған Кеңес Одағында бұратана халықтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи ерекшелігі тәрк етілді. Жалпы білім беру жүйесіндегі бірізділік, яғни бір үлгідегі мектеп, бір үлгідегі білім мазмұны, бағдарлама, оқулық т.б. өмір заңына айналды. Бұл ретте, кеңестік тоталитарлы социализм кезінде бұратана халықтарға қатысты ең бір ауыр қылмыс білім беру жүйесінде жасалғанын және оның ауыр зардаптары әлі де сезіліп отырғанын атап өту қажет.

Мынадай фактіге көңіл аударма кететілік: революцияға дейінгі Ресейде орыс емес ұлттар жалпы тұрғындардың 57 пайызын құрапты. 250-ден астам ұлттар мен шағын халықтар, ұлттық және этникалық топтар өмір сүрген. Ал, 1989 жылғы халық санағына үңілсек 128 ұлттар мен ұлыстар, ұлттық және этникалық топтар, ұлттық-мемлекеттік құрылымы жоқ 60-тан астам ұлттар қалыпты. 1932 жылы жазу жұмыстары 132 тілде жүргізілсе, енді 36 тілге дейін азайыпты. Тіптен соңғы жылдары жергілікті халықтардың өсуі (Латвия мен Эстониядан басқа) орыстардан басым түсіп отырғанына қарамастан жалпы білім беретін ұлттық мектептер одан әрі азая түскен. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек 92 ұлт жарты ғасырдың ішінде жоғалып кеткен [5].

Мұның өзі білім беру жүйесіндегі ұлттық мазмұнға жасалынған идеологиялық-экспансиялық өктемдік болатын. Ол кездегі білім жүйесінде тек «орталықтан» бағдарланған жоспар болды. Ұлтқа, нәсілге, төлтумалыққа, өмір салтқа қарамастан барлық пәндердің мазмұны міндетті түрде осы «типтік бағдарламаға» бағындырылды. Нәтижесінде, күні кешегі 70-80 жылдарға дейін Қазақстанда, қазақ сыныптарында «Қазақстан тарихы», «Қазақстан географиясы» деген пәндер болмай келді. Бұл тақырыпқа КСРО тарихының, КСРО географиясының аясында 10-12 сағат қана бөлінді. Мұнан да өткен сорақысы, қазақ сыныптары үшін қазақ тілінің апталық жүктемесі 4-

ақ сағат болса, дәл сол қазақ сыныбында орыс тілінің апталық жүктемесі 12 сағат болды. Ал, қазақтың (басқа да бұратана халықтардың) музыкасына, қолөнеріне, этнографиясына, ұлттық психологиясына, бейнелеу өнеріне, сәулет өнеріне, театр өнеріне арналған бірде-бір оқулық болмады. Ұлттық төлтумалық атаулы білім жүйесі арқылы осылайша тұншықтырылды. Бүгінгі өз ұлтының болмыс-қасиетін өзі жатсынып жүрген дүбәра (маргилан) ұрпақты тоталитарлы социалистік жүйе осылай «тәрбиелеп» шығарды.

Осынау нәубеттер ең алдымен бұратана атанған халықтардың жан-жүрегін жаралады, ғасырлар бойы тірнектеп жинаған мәдени-рухани тәжірибесін көмескіледі.

Дегенмен, бұрынғы Кеңес Одағында ғалымдар мен мамандардың белгілі тобы этнопедагогика мәселесінде бірқатар ғылыми-теориялық және практикалық еңбектерді жарыққа шығарды Оның алғашқы қадамы Г.С. Виноградов, С.И. Гессен және т.б. жасады [6].

«Этнопедагогика», «халықтық педагогика» ұғымдарының толығымен түсуіне белгілі ғалым Г.Н. Волков қомақты үлес қосты. Ол қазіргі педагогика доктринасын сипаттайтын көкейкесті бағыттардың топтамасын көрсетіп, XX ғасырдың саяси-әлеуметтік сипатын анықтай отырып оқыту мен тәрбиені сәйкестендіру мәселесіне тоқталды [7].

Жалпы ұлттық мақтаныш, педагогикалық мәдениет, ұлтаралық қарым-қатынас пен сыйластық қасиеттерінің табиғатын көрсете отырып (сол кезең рухында) этнопедагогика пәнінің мазмұнын мынадай іргелі проблемалармен байланыстырады: 1) халықтың негізгі педагогикалық түсініктері (күту, тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, өсиет, оқыту, ілім, дағдыландыру); 2) бала тәрбиесінің — объектісі әрі субъектісі (өз балаң, жетімек, асырап алынған, құрдастар мен достар, бөтен балалар, балалар ортасы); 3) тәрбиенің міндеті (еңбекке баулу, мінезде адамгершілік қасиет қалыптастыру, ақыл-ойды дамыту, денсаулыққа қамқорлық, әсемдікке баулу); 4) тәрбиенің факторлары (табиғат, еңбек, тұрмыс, әдет-ғұрып, өнер, дін, ана тілі); 5) тәрбиенің әдістері (илану, үлгі, талап қою, бұйыру, түсіндіру, иландыру, әдеттендіру мен жаттықтыру, тілек айту, бата беру, ант беру, қарғыс айту, тыйым салу, өтініш білдіру, кеңесу, тұспалдау, қолдау, жаратпау, жазғыру, ақыл-кеңес беру, қоқан-лоққы жасау, сабау, балағаттау); 6) тәрбие құралдары (көңіл аулау, жұмбақтар, мақалдар, санамақ, мәтелдер, ән, ертектер мен аңыздар және т.б.); 7) жеке адамды жетілдіру идеясы және оны халықтық тәрбие жүйесінде іске асыру (тәрбие салаларының өзара байланысы: ақылдылық пен сұлулық, қайырымды жас, үш-қайырым-қайырымды ой, жақсы сөз, қайырымды мінез-құлық, еркектің тоғыз қажыр-қайраты, болашақ ұрпақтың өмірі мен қызметін ұйымдастырудың кешенді формалары мен ықпал етудің біріктірілген шаралары); 8) тәрбиені ұйымдастыру (балалар мен жастардың іс-әрекеттегі бірлестіктері, жастар мерекелері, жалпыхалықтық мерекелер); 9) адамдардың өмірлік қызметіндегі ұжымдық нысандардағы педагогикалық рөл (отбасы, ру, қауым, тайпа, халық, адамзат); 10) халық тәрбиешілері (ата-ана, үлкен балалары, көше мен

қауымдық педагогтар, атаусыз, белгісіз, атағы жайылмаған педагогтар, олардың қызметі мен ой-пікірлері [7, 36-37]

Аталған құрылымдық элементтердің кез-келгені өзбетінше сараланып талқылануға қажетті мәселелер болып табылады. Этнопедагогиканың заңдылықтары мен принциптерін, мазмұнын жүзеге асырудағы мәні мен ықпалын ашып көрсете алатын факторлар. Оның көріністерін тиісті тараулардағы талдау процесінде кездестіреміз.

Этнопедагогиканың рухани көздері мен негіздері, оның жалпы адамзаттық құндылықтары туралы В.С. Кукушкин, Л.Д. Столяренко жұмыстарында қозғалған. Онда: «Этнопедагогика тәрбие құбылыстарына ғылыми көзқарас болып табылады және халықтардың мәдени дәстүрлерімен әлеуметтік әрі педагогикалық процестерді, өзара байланыстарды, өзара ықпалдастық пен әрекеттерді талдайды. Этнопедагогика педагогикалық ғылымның бөлігі ретінде халықтық (этникалық) тәрбиенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейді», - деп көрсетілген [8, 6]).

Қарап отырсақ, этнопедагогика мен халықтық педагогика түсініктері өте жақын мазмұнда кездеседі. Олар жөнінде алшақтық түсіндіру сарындары да кездеседі. Халықтық педагогика, прогрессивті халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тәрбиенің қабылдануы мен әдістері тиісті міндеттерді іске асырудың орнықты негізі болуы тиіс. Халықтық педагогиканың негізі ұлттық және интернационалдық тәрбие проблемаларымен тығыз байланысты, сонымен бірге олардың парасатты әрі үйлесімді үлгілерін береді. Белгілі ғалым А.Э Измайлов мынадай пікір ұсынады: «Халықтық педагогика рухани мәдениет көріністерінің бірі ретінде әрбір халықтың тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық өмірлерінің жағдайларының ықпалымен жинақталған» [9, 9].

Кеңестік тарихи- педагогикалық әдебиеттерде «халықтық педагогика» ұғымының мынадай түсіндірілуі кездесті: біріншіден, халық бұқарасының санасына тән рухани феномен (эмпирикалық білім, мәліметтер, мұраттар (идеалы), идеялар, көзқарастар, көз алдына келтіру, тәрбиелік шаралар нұсқаулары және т.б.); екіншіден, түрлі халықтардың педагогикалық тәжірибесі; үшіншіден, халық бұқарасының педагогикалық ой-пікірлері мен педагогикалық қызметінің бірлігі; төртіншіден, халықтық тәрбие туралы ғылым [10, 103].

Бұл түсініктердің ара жігін ашып көрсетуге өз пікірімізді этнографиялық және әлеуметтанымдық әдістерді қолданып көрелік. Мұнда түрлі ұлттық қауымдастықтардың тәрбие мен педагогикалық ой-пікірлерінің ерекшеліктерін анықтап халықтық педагогиканы жалпыэтникалық құбылыс ретінде қарастырған. Одан соң таптық-антагонистік қоғамдағы тәрбиенің ресми теориясы мен практикасынан өзгеше халық шығармашылығын оқып білумен байланысты көрсетілген. Әлеуметтік-танымдық және этнографиялық бағыттарға қарамастан тарихнамалық зерттеулер белгілі тарихи қауымдастықтардың жалпы мәдениетімен байланыссыз әрі мәдениет тарихшыларының қағидаларын тиісті есепке алмаған ғылыми ізденістер

екенін байқалтады. Әрине, тарихи әдістен тыс мұндай зерттеу халықтық педагогика өрісін жасанды түрде шектейтіндігін атауымыз керек.

Осындай пікірлермен қатар 80-ші жылдары кейбір философтар өздерінің мәдениеттанымдық еңбектерінде халықтық педагогиканы халық мәдениетінің компоненттерінің арасынан осалдау көрсетті [11].

Кейбір басылымдар «орталықтың» идеялық ұсынымдарын ғана таратып ұлттық құндылықтар жүйесі, ұлттық сана-сезімді жетілдірудегі түрлі факторлардың рөлі, ұлттық сана-сезімді зерттеудің әдістемелік аспектілері, орыс тайпалары және ұлттық сана-сезім, этникалық топтар арасындағы кернеудің әлеуметтік-психологиялық аспектілері, орыс әндері және ұлттық сана-сезім және басқаларды қозғап жатты. Аталған материалдар сол кездегі этноәлеуметтанымдық зерттеулерді негізге алды. Әрине, партиялық және таптық мүдделер өзегі басым жатты. Ол жағдай философтар мен этноәлеуметтанушылар тарапынан ерекше байқалды. Себебі ұлт саясатындағы жан-жақты жетілу мен «кеңес халқына» айналу тенденциясы қарқынды идеологиялық бағыт болатын. Түрлі ғылыми басылымдарда ұлттық мәдениеттің оқшаулануы, мәдени тұғырық, ұлттық мәдениеттің дамуына көтермелеудің төмендігі, соның нәтижесінде өз халқының мәдени талаптары нашар қанағаттандырылу жағдайы көрсетіліп жатты. Осы жағдай шағын ұлттардың мәдени институттарын нашарлатып отырғаны ұлттық мектеп және білім беру деңгейіндегі бей-берекетсіздік, ұлттық тіл сияқты проблемаларды түншықтырып жатқаны ашық айтылды. Бұл жағдайлар ұлтаралық кернеудің мынадай ерекшеліктерін: а) ұлтаралық коммуникацияның құрылымы мен мазмұнын; б) этникалық мәдениеттің ерекшеліктерін; в) халықтар арасындағы болып жатқан оқиғалар хроникаларын анықтады [12].

Кемелденген социализм деп бағаланған сол кезеңде шағын ұлттар тарапынан жасалынған ұлттық патриотизм және оның ерекшеліктері туралы зерттеуге ұмтылыстар ұлтшылдық көрініс ретінде бағаланды. Ондай жағдай қазақ ұлты психологиясының табиғаты мен құрылымы жайлы ғылыми еңбектерді жоғарыдан бағалауда кездесті. Қазақ ұлтының психологиясын зерттеу алдын-ала дайындалған, әдейі жасалынған бір жақты нәрсе, өз ұлтының психологиялық қасиеттерін көтермелеу болып табылды. Топтап айтқанда аймақтағы мұндай бас көтеріп, зерттеу жүргізу «кемелденген социализм жағдайындағы шағын ұлттардың ұлтшылдығы» деп көрсетілді [13, 228-229].

Сараланып отырған тақырыбымыз бойынша методологиялық мазмұны мен бағыты жөнінен профессор И.С. Конның [14] еңбектерін атауға болады. Онда ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып ұрпақ ауысымы және мәдениеттің бірізділігі, қазіргі кезеңдегі балалардың әлеуметтену ерекшеліктері, жыныстақ әлеуметтену, ата-ана — әлеуметтік мәдени феномен, ата-ананың балаларға ықпалы және т.б. мәселелер ақиқаттық тұрғыдан анық жіктелген деуге болады.

Тақырыбымыздың талдануына методологиялық негіз ретінде бұл еңбектер өзара салыстырылып, еліміздегі ұлттық тәрбие процесінің басталу кезеңіндегі ой-пікірлер, қағидалар мен тұжырымдарды анықтауға көмектеседі. Ұлттық көзқарасымыздың мақсаттық бағытын, ұлттық тәрбиенің мәні мен орнын көрсетуге, ғылыми жұмыстар мен оқу-тәрбие кешеніндегі жоспарларымызды түсінуге бастама болып жөн сілтейді деген пікірдеміз. Әрине, жаңа қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық қатынастар ауқымына байланысты сәйкестілік пен үйлесім басты мақсат саналуы қажет.

Сонымен, жоғарыдағы методологиялық әдебиеттер топтамасының нәтижесінде анықталған қарама-қайшы пікірлер мәдениеттанымдық және этнографиялық жұмыстардағы «халықтық педагогика», «халықтық мәдениет», «этникалық педагогикалық сана», «дәстүрлі педагогика», «педагогикалық дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет» терминдерінің анық өрісін, мақсаты мен мәнін анықтамастан шектеушілік жасалынуы сол кездегі этнопедагогика мен халықтық педагогиканың зерттелуінің кеңейе түсуіне, педагогикалық білімнің жан-жақты тереңдеуіне, жаңалануына методологиялық базаның ауқымдық өсуіне қол байлау жасады деуге болады.

Қазақстандағы этнопедагогика мен халықтық педагогика мамандары арасында жоғарыда көрсетілгендей кереғар, қарама-қайшы пікірлер байқалмайды. Барлық мақсат пен мүдде ұлттық бірзділікті сақтай отырып тәрбие жүйесін жетілдіру, ұлтымыздың тарихи-дәстүрлі сенімін жаңаша әлеуметтік жағдаймен ұштастыра дамыта беру болып отыр. Осы кешенді проблемаға көңіл аудара отырып, халқымыздың көрнекті азаматы Мағжан Жұмабаев 1923 жылы былай деп жазды: «... әрбір тәрбияшының қолданатын жолы — ұлт тәрбиясы. Әрбір ұлттың бала тәрбия қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиясы баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбияшы, сөз жоқ, ұлт тәрбиясымен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбияшы баланы сол ұлт тәрбиясымен тәрбия қылуға міндетті. Бірақ ұлт тәрбиясын, ұлттың тәрбия жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиясының жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиясы ішінде толып жатыр. Баяғыдан бергі ұлт тәрбиясының ішінде ұнамсыз зиянды әдет, жол-жоралар толып жатқан ұлттың біреуі — біздің қазақ. Қысқасы, ұлт тәрбиясы қанша қадірлі, керек жол болғанмен, адастырмайтын дұрыс жол деуге бола бермейді» [15, 8-9].

Қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті ағартушы-ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы ұлттық тәрбие мәселесін тағы бір қырынан көрсетіп, тәрбиенің әлеуметтік арқауын, адам факторын оның қоғамдағы орнын, әлеуметтену құбылысын алға тартып, жан мен рухты дамыту, психологиялық элементерді жетілдіруді ғылыми тұрғыдан талдаған болатын. Адамның әлеуметтік табиғатын талдай келе: «Адам — әлеуметтің жұмысы; адам әлеуметтің

дерексіз бір мүшесі емес. Әлеуметтен шығады да, жеке дара - емес, адам адамдардың өзгергіш төңірегі сүрең беріп, жентектеп илеп шығарған толық деректі табысы; ол төңірекке әр адам не өзі ыңғайласып, ұқсап (еліктеп) серпіледі, не өзіне өзгелерді еліктетеді, ертеді, орайластырады», - деп ой қорытады [16, 227].

Осыған орай ғалым тапқа бөліну, тап психологиясының негізі әлеуметтік өмір екендігін көрсете келе: «... әлеумет таптарының қылығы мүлде өзгермейтін, бекіп қалған нәрсе емес, қайта әлеумет өндіру жағдайына, дүние-мүлік өзгеруіне қарай, дәйім өзгеріп» [16, 229] отыратынын көрсетеді. Сонымен бірге қоғам мен адамның арақатынасын түйіндей отырып: «Қоғам әрбір адамға сүрең береді. Ол әрбір жеке адам өз тұсынан қоғамға да ықпал береді. Бірақ кім болса сол ықпал бере алмайды. Біреудікі аз, біреудікі көп. Әлеуметтік жетілу ағымына жаңа бет беруге ешбір адам жарамайды; ол бет зат қатынасына, шаруаға байлаулы, бірақ сол жетілудің өзгеше мінезді, ертелі-кеш болуы белгілі мөлшерде жеке адамдардың қызметіне байлаулы» екенін бағалаған болатын [16, 248].

Психологияның әлеуметтік табиғатына көңіл бөле отырып өте маңызды мынадай қорытынды жасайды: «Адамдардың жаратылысы бірдей болғандықтан, оларды жалпы алып қарасақ, әркімде болатын өзгешелік өз заманындағы, өз халқындағы табиғат, әлеумет қатынастарының нәтижесі деп қана білу керек. Осы шарттар ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей ықпал беретін болса, бұдан барып бір халықтың өзгеше мінезі пайда болады, ол мінез тұқым мінезіне айналады; ... Жағдайдың өзгеруі мінезді де өзгертеді. Әлеумет қатынасының ықпалы күннен-күнге тыңнан жол салып отырады.

Жеке адамның өзгешелігі қандай оғаш, қандай көзге түсерлік болса да, оны өскен төңірегінен, әлеумет қатынасынан бөлек алып, бұларды есептемей қарауға болмайды» [16, 250].

Сонымен жоғарыда талданған еңбектерден жинақтағанамыз әлеуметтік психология мен дәстүрлі халықтық педагогиканың табиғаты тұрғысындағы ғылыми топтамалар. Мұнда ұлттық тәрбиенің негізгі табиғи және әлеуметтік арналары бейнеленген. Ұлтымыздың дәстүрлік тәрбие тағылымының рухани көздерін байқауға болады. Бұл тұжырымдамалар да ұлттық тәрбиенің қоғамдық ауқымдағы мәні мен маңызын дәлелдейді.

Дегенмен, реті келгенде айта кетелік, ұлт өмірінде дәстүр, әдет-ғұрыппен ескінің қалдықтары болады. Оларға деген қоғамдық, ғылыми, тәрбиелік-мәдени позициялар түрліше болғаны жөн. Бұл автордың жеке пікірі. Осы тұрғыдан пікірталастар да жеткілікті. Жасыратыны жоқ кейбір отбасыларында, ондағы жасы ұлғайған ата-аналар арасында кейбір күндері жолға шықпау немесе үйді жинап, күл-қоқыстарды шығаруға, кір жууға қарсылық көрсетіледі. Олай болмаса адамның жолы болмайды немесе үйдің ырысы кетеді деген теріс сенім орын алған. Соған сәйкес, жаңа мен ескінің үйлесіміне ерекше назар қажет.

Ұлттық тәрбие мәселесіндегі методологиялық сарындарға қазіргі қазақ елінің ғалымдары ат салысып еңбек етуде. Олар этнопедагогика мен

халықтық педагогика мәселелерін оқу мен білім жүйесіне енгізіп ұлттық тәрбие процесінің жандануына, орнығуына үлес қосуда. Соған орай енді Қазақстан ғалымдарының ұлттық тәрбиеге байланысты тұжырымдамаларын, бағдарламалық ұсыныстары мен ұсынымдарын топтастырып талдап көрелік. Ұлттық тәрбие мәселесіндегі теориялық және қолданбалы мазмұндағы еңбектер Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Қ. Бөлеев және басқа белгілі ғалымдардың қаламдарынан туындаған.

Осы тұрғыдан профессор Қ.Б. Жарықбаевтың еңбектерін аса ілтипатпен көрсеткен жөн. Онда жантану жайлы ілім-білімнің ілкі бастаулары, дала тұрғындарының өмір салты мен психологиясы көрсетіліп ұлттық психологияның тәрбиеге ықпалы тарихи кезеңдер арқылы баяндалады. Ғалым өз ойын былай деп көрсетеді: «Ата-бабаларымыз өздерінің сан ғасырлар бойғы ұлы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана мен әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін қалыптастырды. Бұлар адамдардың тұрмысына сіңген жөн-жосық, жол-жоралғылары, әр адамның іс-әрекетінің қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен принциптерінің көріністері еді. Көшпелі халық өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлы жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді» [17, 6].

Ғалым шығармашылығын жалғастыра отырып, ұлттық тәлім-тәрбиенің хрестоматиясында ұлттық намыс мәселелерін, ескі жыраулар өсиеттерін жинақтап, ұлттық тәлім-тәрбиенің басты бағыттары мен ұлттық тәлім бастаулары туралы пікір толғайды [18]. Жантану, әдеп ғылымдары, олардың мақсат-міндеттерін анықтап, ата-баба дәстүрлерінің негізгі қасиет пен көріністерін әрі мінездегі міндерді сипаттап ұлттық тәлім-тәрбие атауларының қысқаша түсіндірме сөздігін алға тартады [19].

Қоғам өміріндегі қазіргі терең өзгерістер ұлттық тәлім-тәрбие ерекшеліктерін бүкіл адамзат жинақтаған тәжірибемен ұштастыра отырып, қазақ мектебінің болашақ дамуының жаңа белеске көтерілуіне жағдай туғызды. Халықтың ата-баба мұрасының баға жетпес рухани байлықтары тілі, діні, тарихы, әдебиеті, табиғи ортасы, шаруашылық ұйымдастыру мен күнкөрісіне байланысты қалыптасқан ұлттық қолөнері, киім-кешегі мен ою-өрнегі, қайталанбас ұй құрылысы мен жиһаздары, қару-жарағы, әуез аспаптары, күй-саздары, ақындық-шешендік өнері, инабаттылығы мен имандылығы, ізгілігі мен адамгершілігі – қысқасы, ұлттың бүкіл болмыс-бітімі бүгінгі таңда қазақ мектептеріндегі білім мен тәлім-тәрбие мазмұнынан берік орын алуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ұлттық ерекшеліктер мен болмыс-бітімдер оқу жоспарындағы барлық пәндердің мазмұнына өзіндік ерекшеліктермен енуі, оқытудың «оқу-әдістемелік жүйесі» өз қызметін жемісті орындауы үшін оның мақсаты, білім мазмұны мен формалары, әдістері, құрал-жабдықтары т.б. ұлт табиғатының ерекшеліктеріне сәйкес жасалуы керек. Бұлардың бәрі

сырттан телінбей, қазақ этносының өзіне ғана тән психологиялық ерекшеліктер деңгейінде дамып жетілуі тиіс.

Айтылғандарға сәйкес, аталған ғалымдардың методологиялық ұстанымдары ұлттық тәрбиенің пәрменділігін арттырып, мектептерде оны жандандырудың бір көзі — әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жосық, жол-жоралғы секілді этностық ерекшеліктеріміздің психологиялық астарларына бойлап, бұлардың қайталанбас белгілерін, оның күнгей және көлеңкелі жақтарының даму, қалыптасу жолдарын ғылыми електен өткізуге келіп тіреледі. Мәселен, халқымыздың кезінде талай жұртты тамсандырған тамаша қасиеттерін: үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, иманжүзділік, қонақжайлық, бауырмалдық, ақ көңілділік т.б. дамыта түсумен қатар социализм тұсында теріс бағытта белең алған әр түрлі келеңсіз қасиеттердің (үлкенді сыймалау, ала ауыздылық, арызқойлық, қызғаншақтық, күншілдік, бақталастық, рушылдық, дүниеқоңыздық, енжарлық, ішімдікке құмарлық, неке бұзарлық т.б.) пайда болу себептерін қарастырып, олардан біртіндеп арылту жұмыстарын жүргізу — қазіргі таңда ұстаз атаулының басты борышы һәм парызы.

Ұлттық сана мен халықтық тәлім-тәрбиенің ілкі бастауы бесіктен қалыптасатыны белгілі. Сондықтан да ұлт тәрбиесінің әліппесін бала шыр етіп жерге түскен күннен бастап үйде де, түзде де, мектеп жағдайында да жас буынның ұлттық санасы мен әдет-ғұрпы, тілі мен имандылығы қалайша дамып, қалыптасып отыратындығына үнемі көңіл бөлу қажет. Имандылық, инабаттылық, мейірімділік секілді халқымызға тән қасиеттердің түп-төркіні мен байырғы бастауларын танып-білу жолында ерінбей-жалықпай ізденіс-зерттеулер ұйымдастыру, бұларды тәлім-тәрбие процесінің тұрақты жүйесіне айналдыру — барша жұрттың, әсіресе ұстаздар қауымының абыройлы міндеті. Осы орайда ұлттық тәрбиенің жоғары мақсатын аталған ғалымдар былайша топтайды: «Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны хақ. Егеменді Қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу — қазіргі күннің ең өзекті мәселесі» [19, 6-8].

Қазіргі кезде қазақ тәлім-тәрбиесі, ұлттық педагогика мен ұлттық психология тарихы жүйеленіп, жантану хрестоматиясы толығымен түсуде. Бұлардың да зерттеу мақсатына қосар үлестері қомақты [20].

Ұлттық тәрбиенің зерттелуіне тиісті методологиялық бағыт пен мазмұнды біріктіретін ой-пікірлер профессор С. Қалиевтың еңбектерінен орын алған. Халық педагогикасындағы ауыз әдебиетіміздің көрінісі, оның тарихы, қазақ этнопедагогикасындағы дене, еңбек, ақыл-ой, эстетикалық, отбасы, адамгершілік тәрбиелерінің мазмұны және т.б. мәселелер жинақталған [21]. Одан өзге халқымыздың этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы, қазақтың ұлттық құндылықтары, тәрбиенің түп тамыры және т.б. ғылыми топтамалары қазіргі кезеңдегі ұлттық тәрбие

тұғырнамаларына оның принциптері мен әдістеріне, талаптарына сай талдауды көрсетеді [22].

Қазақ этнопедагогикасы тұрғысындағы методологиялық қолданбалылық сипатымен ерекшеленетін жұмыстар белгілі жазушы, профессор Ә. Табылдиев шығармашылығында қамтылған. Қомақты әдептілік әдістері, педагогикалық әңгімелер, тәлімдік және танымдық қойылымдар арқылы автор тәрбиешілер қауымына ұсынылған оқу-тәрбиелік құралы тақпақтар, әңгімелер, сұрақтар, мерекелік кештер, пікірлесу сұрақтары, қойылымдар, тапсырмалар және т.б. шараларды ұсынады. Тәрбие жұмысының міндеттерін анықтап ұжымдық сезім мен жас ерекшелігіне көңіл аударып оқушылардың ұжымдық дәстүрлеріне мән беріп «6-10 жыста бала әдептілік негіздерін үйренеді, оның бойында тектік қасиеттер қалыптасады», - деп көрсетеді.

Оқулықта бастауыш сынып оқушыларына әдептілікті, имандылықты, мейірімділікті, қайырымдылықты, инабаттылықты, ұлттық салт-сана мен дәстүрлердің, рәсімдердің, әдет-ғұрып, іс-әрекеттердің өркениетті бағдарларын үйрету көзделген. Өміртану және тәрбие дәстүрлері сол сыныптарда басқа пәндермен байланыстырылып жүргізілу қажеттігін көрсетіп, негізінен басты-басты дәрістік тақырыптар бойынша түсініктер беріліп, жұмыс тәсілдері ұсынылған. Автор: «... әрбір тәрбиеші ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет ғұрыптарды, жан-жақты терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауға тиіс. Ұстаз ұлттық мәдениет үрдістерін өркениетті өмірмен байланыстырып, тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге міндетті.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады», деген қорытынды жасаған [23, 9].

Ғалым осы ұстанымдарды толықтырып 1-4-сыныптарға арналған оқу құралы «Әдеп әліппесінде» өзіңе-өзің қызмет ет әдеппен, сөз басы сәлем, аялаған ана, әлпештеген әке, «сіз» бен «сен», ойын және әдептілік, кісі күту дәстүрі, қонақ, шешендік сөздер мен шешендер, үміт пен сенім рәсімдері және т.б. ұлттық қасиеттердің мән-мағынасына талдаулар жасаған. Онымен қоса ұлттық тәрбие және оның қозғаушы күші, отбасы, біртұтас тәрбие мазмұнын жүзеге асырудағы заңдылықтар, тәрбие мақсаттарындағы негізгі қағидалар, адам дамуы және білім сияқты тәрбие тетіктерін талдаған автор: «Адамзат тарихында тәрбие тәжірибелері жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, отбасының тәрбиесіне, қоғамдық тәрбиеге, оқу мен тәрбиенің байланысына сүйенеді. Тәрбие жұмыстары ұлттық тәрбиеге, саяси-әлеуметтік тәрбиеге байланысты өз ерекшеліктерін көрсетеді. Тәрбие тәжірибелерінің негізгі тірегі — ұлттық тәрбие», - деген тұжырымды қолдайды [24].

Ә.Табылдиевтың соңғы еңбектері қазақ этнопедагогикасына және оқыту әдістеріне де арналған. Онда ұлттық ауыз әдебиетіміздің этнопедагогикалық мәні, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік

мәні, қазақ этнопедагогикасын мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту әдістемелеріне арналған. Этнопедагогика методологиясының ұлттық негізін дәлелді тұжырымдармен анықтайды. Профессор Ә. Табылдиевтың пікірінше, «Этнопедагогика — белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі». Этнопедагогиканың методологиялық негізі — халық тәжірибесі деген қағиданы қолдай отырып төмендегідей ғылыми-териялық тұжырымға тоқтайды: «Этнопедагогика — ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар-бастауынан бастап, осы уақытқа дейінгі болмысын айқындап, оның болашағын белгілеп беретін ғылым. Ал ұлттық тәлім-тәрбиенің түпкі негіздері сол ұлттың ұлт болып қалыптасуына дейін бастау алып, ұлттық қасиеттерге сәйкес дамып, қалыптасты» [25, 3].

Дегенмен, авторлар келтірілген анықтамаларға өз толықтыруларын ұсынуды ниет етеді. Біздіңше, мұнда халықтың әдет-ғұрыпында жақсы да, жаман да, озық та дағдылар болатыны ескерілмеген сияқты. Сонымен ұлттық қауымдастықтың дамуындағы саясат пен идеология да ықпалды факторлар. Оның қарама-қайшылығы, бұрмалануы және дұрыс жүзеге аспауы ұрпақ өкілдерін тартыншақ, жасқаншақ, еліктегіш, тұрлаусыз іс-қимылдарға, ұлт салтына жарамсыз қасиеттерге итермелейді. Оны халқымыздың басынан кешкен Кеңестік жүйенің саясатынан байқауға болады (маскүнемдік пен нашақорлыққа әуестік, темекі шегу, ұлттық құндылықтар мен игілікке құлықсыздық және одан өгейсу және т.б.).

Ұлттық тәрбиенің зерттелуі мен жүзеге асуының теориялық және әдіснамалық ұстанымдары белгілі ғалым-ұстаздарымыз С.А. Ұзақбаева мен К.Ж. Қожахметованың еңбектерінде баяндалған. Осы мәселенің қайсыбір бағытын алсаңыз да зерттеушілерге қазақтың халық шығармашылығы тірек болған. Сондықтан да болар жастар әлеміне әсемдік пен сұлулық рухын егу, халықтық педагогиканың қайнар-көзі жайында әдіснамалық құнды пікірлер кездеседі [26].

С. Ұзақбаеваның еңбектері теориялық мәселелермен қатар қолданбалы мазмұнға да ие. Онда ұлтымыздың халықтық педагогикасының әсемдікке тәрбиелеудегі мәні мен оның тәлімдік тағылымдары ұлт өнері мен сырлы сөздер құдыреті оқу құралы мақсатында орындалып, білімдік жүйенің пайдасына асуда [27].

Жалпы аталған ғалымдар қазақ этнопедагогикасының жүйеленген мазмұнын педагогикалық пәндердің оқытылу мазмұнына пайдалануына арнап та топтастырған. Біздің қозғап отырған тақырыбымызға сәйкес 7 мен 12 жасар «ойын балаларының» ерекшеліктерін ескере отырып, адамгершілік дәстүрлеріне тәрбиелеу, отбасындағы эстетикалық тәрбие, ұлттық ойындарды оқудан тыс уақытта пайдалану және т.б. сияқты мәселелерді қазақтың халықтық көркемдік кәсібінің түрлеріне үйрету және оның әдістері (түсіндіру, көрсету, жаттығу, кеңес беру, иландыру, қолдау, мадақтау, алғыс

айту, өнеге ету, ғибрат қылу, ренжу, тоқтау айту, кінәлау т.б.) мен құралдары, қазақ халқының ұлттық дәстүрлерінің кештерін өткізу жоспарлары көрсетілген [28].

Профессор К. Қожахметова мектептегі ұлттық тәрбие жүйесінің теориясы мен практикасын біртұтас баяндап көрсетіп, оның тарихи қысқаша сипатын, кезеңдерге сәйкес мамандардың ой-пікірлерін, тәрбие жүйесінің мәні, мазмұны мен ұғымдарын, ұлттық тәрбиені пайдалану жолдарын оған қойылатын талаптар, отбасы мен қоғамдық ортаның рөлі туралы пайымдаулар жинақтаған. Мектептегі тәрбие жүйесін мақсаттық бағыт, жүйе түзуші әрекет, ұйымдастырушылық құрылым, жүйеге енген орта немесе меңгерген орта сияқты бір-бірімен тығыз байланысты компоненттер жиынтығы деген позицияға топтастырады. Сонымен бірге мектептегі тәрбие жүйесінің қалыптасуының сатыларын былайша белгілеген: *«I даму кезеңінде – негізгі идеяны қолдайтын мұғалімдердің шығармашылық тобы құрылуы шарт; II даму кезеңінде – ортақ іс-әрекет арқылы мұғалімдер ұжымы мен оқушылар ұжымының бірігуі; III даму кезеңінде – тәрбие жүйесінің қалыптасуының негізгі көрсеткіші – біртұтас ұжым қалыптасуы (ұстаздардан, оқушылардан, ата-аналардан) құралған»* [29, 26-27].

Әлеуметтік-педагогикалық жүйе бірнеше құрамдас компоненттерден — ұсақ жүйелерден тұрады: басқару, дидактикалық және тәрбие жұмысы жүйесінен. Әрбір жүйе дербес болып саналады, бірақ бір-біріне ықпалы зор. Мектептің біртұтас жүйесі тұрғысынан алып қарасақ, сабақ ерекше рөл атқарады. Бұл жағдайда оқу процесі мектептің тәрбие жүйесінің компоненті, бір саласы ретінде жалпы мақсаттардан бастау ала тұра, ортақ талаптарға бағынады. Сондықтан сабақтың мақсаты — білім беру, дағды, икем қалыптастыру емес — таным әрекеті, әлеммен, ортамен, өзімен қатынасы барысында қалыптасатын дара тұлға — жеткіншекті тәрбиелеу.

Оқыту процесі барысында тәрбие жүйесіне сәйкес «қатынас педагогикасы» қалыптасады. Сабақтағы оқушының рөлі де өзгереді: ол объект емес, өзін-өзі дамытатын субъектіге айналады. Нақты тәрбиелік қатынастар, әрекеттер арқылы сабақтың мазмұны байып, әдістемесі өзгереді. Сабақ үстіндегі көп жағдайлар оқушылардың сабақтан тыс өмірінде жалғасын тауып жатады. Сол себепті, оқыту процесі, оның негізгі түрі — сабақ тәрбие жүйесінің шешуші компоненттерінің бірі болып есептеледі. Ұдайы айтылып жүретін біртұтас оқу-тәрбие процесі дегеніміз осы. Ескертетін жай, мектептің тәрбие жүйесіне еңгізілген сабақ — дидактикалық жүйенің ең басты компоненті (құрамдас бөлшегі).

Дидактикалық компонентпен қатар мектептің тәрбие жүйесінің компоненттеріне мектептің материалдық-техникалық базасы, қоршаған ортаның табиғи, әлеуметтік және мәдени-эстетикалық қырлары кіреді. Осылайша өз ойын жалғастыра отырып, автор мынадай мәнді методологиялық түйінге тіреледі: «Егер мектеп олардың тәрбиелік потенциалын пайдалана алса, олар да мектептің тәрбие жүйесінің құрамдас бөліктері болып есептеледі [29, 26]. Жұмыстың практикалық ауқымы кең әрі нақтылы

екендігі даусыз. Ұлттық тәрбие мазмұнына қажетті әдіснамалық материалдар оқу-тәрбие кешеніне байланысты үйлесімділікпен баяндалған.

Дегенмен, авторға сыни көзқарастан аулақ жалпы өмірде кездесіп жататын мынадай мәселені алға тартуды жөн көрдік. Аталған еңбектің 44-бетінде «Ел ағалары» деген кесте бар. Онда ел басқару туралы «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген» халық мақалы көрсетілген. Бұл Отанына, халқына сүйіспеншіліктің белгісі ретінде айтылған. Қазір саяси және адамгершілік мәдениеті төмен кейбіреулер мұны рулық немесе туыстық, жершілдік белгісіне аударып қолданып жүр. Мұндағы ел ұғымы — қазақтың жері мен өз елі. Оны территориялық, рулық қауымға айналдыру дұрыс емес. Соған орай, Қазақстан барлық азаматтарымыздың ортақ елі екендігіне байланысты қай облыстың қазағы байтақ территорияның қай жерінде жүрсе де өз елінде екендігін түсіну керек. Әсіресе, оқуға түсу, кадр мәселесі және т.б. жөнсіз бөлшектену, шеттету болмағаны ұлт тағдырына пайдалы мәселе болмақ. Бұл да авторлардың өмірдегі кейбір факторлардан туындаған пікірі екендігін ескертеміз.

Ұлттық тәрбиенің методологиялық бастауларының өзіндік бір қыры профессор Ж. Наурызбайдың жұмыстарынан байқалады. Оның «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» атты еңбегінде отандық педагогика тарихында тұңғыш рет оқушыларға мәдени-этникалық білім беру мәселесі алға қойылған еді. Онда методологиялық жағынан мәдени-этникалық білім беру теориясы, педагогикалық тәжірибсі және оны жүзеге асырудың иіндері жасалынған, Көтереліп отырған мәселенің маңыздылығы жайлы зерттеуші былай бағалайды: «Білім беру арқылы мәдени-этникалық мүдделерді жүзеге асыру — қоғамның ең өзекті міндеттерінің бірі. Ол педагогикалық ғылыммен қатар, философияның, социологияның, саясатнаманың, мәдениетнаманың жіті зерттейтін саласына, ресми мемлекеттік саясаттың, мемлекетаралық келісім-шарттар мен келіссөздердің тақырыбына айналып отыр» [30, 12].

Автор кеңес дәуіріндегі қазақ тіліне түскен қыспақ, халықтың мәдени-этникалық ерекшеліктерінің жойылуы, ұлттық мектептердің қысқаруы, халықтың қасиетті рухының төмендеуі, ұлттық құндылықтардың өше бастауы мен дәстүрлі салтымыздың ыдырауын тоқтатып оларды білім беру арқылы ұлттық сана-сезімге орнықтырудың басты-басты қызметін көрсетті.

Олар:

- табыстаушылық (ұлттық мәдениетті өркендету, сақтау және дамыту);
- даралаушылық (адамның, этникалық топтың немесе этностың ұлттық-мәдени қажеттіліктерін, жеке тұлғаның ерекшеліктерін айқындау);
- ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, кірігуін, байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне ұмтылысын қамтамасыз ету).

Білім берудің мәдени-этникалық мүдделерге қатысты тағы бір қызметі — жаңа идеалдарды үндеу, оларды жалпы адамзаттық ізгіліктер шеңберінде дарыту [30, 15-16]. Ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ұлттық және жалпы адамзаттық мазмұнды сәйкестендіру автордың методологиялық оң

шешімі деп бағалауға болады. Ұлттық шектелушілік үрдісіне орын болмағаны, дұрыс ғылыми талғамының көрінісі саналады.

Еңбекте мемлекеттегі әлеуметтік-этникалық жағдайды үйлестіру процесін этносаралық қатынастар саласындағы ресми саясат ұстаумен байланыстырып, оның құрамды бөлігі білім беру саласындағы халықтың мәдени-этникалық мүддесін жүзеге асыру тұжырымдамасы болуы тиістігін көрсетеді. Сөйтіп, оның методологиялық негізгі идеясы білім берудегі даралану мен бірігудің табиғи үйлесімі, этникалық-ұлтшылдық пен ұлтжандылықтың ұштасуына жетелеу қажеттігін ұсынады. Аталған тұжырымдаманың методологиялық негізі ретінде қазіргі философияның, этнологияның, мәдениеттанудың, педагогиканың, этнопсихологияның және этнопедагогиканың теориялық негіздерін ұсынған. Біздің пікірімізше, олардың қатарында мәдениеттанымдық пікір алуандығы (Арнольд Тойбни), онтологиялық салыстырмалық (Уиллард Куайн), аксиологиялық алуандық, ұжымдық санасыздық (Карл Юнго), этнолингвистикалық салыстырмалы болжамы (Эдуард Сепир, Бенжемин Уорф), көп мәдениеттілік білім (Джеймс Бенкс) тұжырымдамаларын қамтыған методологиялық қағидалар мәселенің жан-жақты ұғынылуына дөп келеді.

Этно-мәдени білімді ұлттық тәрбиенің негізгі базасы ретінде қозғай отырып профессор Ж. Наурызбаев проблеманың заңдық тірегін жасау, ғылыми проблемаларды анықтау, іргелі білім, мәселенің шешілуінің теориялық моделін құрастыру, тәрбиенің жаңа технологиясын енгізу, мамандарды даярлап, оқулық әдебиеттерді шығару және т.б. міндеттерді көрсетумен бірге этно-мәдени білімнің шеңберіндегі проблемалар бойынша ғылыми және қолданбалы әлеуметтанымдық зерттеулер қажеттігін алға қойған [31].

Мектептегі ұлттық тәрбиенің әлеуметтік-педагогикалық негіздері оған мұғалімдерді даярлауда екендігін жеке зерттеу тақырыбы етіп профессор Қ. Бөлесев орындап шықты. Ұлттық тәрбие процесі білім мен тәрбие, дәстүрлі халық өнері, салты мен мәдениет мазмұны оқу тәрбие жұмыстарының үлесіне жататыны белгілі [32, 31-33].

Аталған зерттеуші ұлттық тәрбие жайында қазақтың ағартушы-педагогтарының ой-пікірлерін жинақтап, ғалым-педагогтарымыздың ұлттық тәрбие және оның ұстаздарын дайындау, ұлттық тәрбие беруге даярлық көрсеткіштерін анықтау, сонымен бірге осы процестердің тиімділігін арттыруға көңіл бөлген. Қ. Бөлесев еліміздегі осы проблема тұрғысындағы ғылыми зерттеу мен педагогикалық тәжірибені жинақтай отырып мектептегі оқытуға ерекше мән беру қажеттігін және олардың халықтың салт-дәстүрлері ұлттық тәрбие екендігіне сүйене отырып ғылыми еңбектердің ұлттық сана-сезімді, ұлттық намысты, тарихи сананы қалыптастыруда алатын орны мен маңызына ерекше мазмұн береді. Ол болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге тиянақты әрі тиімді даярлауды нақтылы мақсат ретінде алға қойды. Соған орай мынадай методологиялық және практикалық ұсынысымен толықтырады: «... оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлық

көрсеткіштерінің тиімділігі олардың қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан білімдерінің нақты, терең, жүйелі болуынан және сол білімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдаланып, этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларының қалыптасып, дамуынан көрінеді екен» [33, 118]. Осы дәйектемеде жастарға ұлттық тәрбие берудің теориялық және тәжірибелік тынысының методологиялық міндеттерінің маңызды бағытын алға тартқан.

Осы тұрғыда білім мен тәрбиенің қос арналық қасиеті туралы белгілі ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбек өз ойын біртұтас мәнді методологиялық қағидамен көрсеткен. Ол: «Бұл қос арнаның тәрбие саласы былайша алып қарағанда, әрі кластан тыс, әрі мектептен тыс жұмыстарды қамтитындай болып көрінгенімен, әсте білім берудің жүгін арқалай алмайды. Яғни, тәрбиенің түпкі нысанасы міндетті түрде кемел білім арнасымен тоғысуы қажет. Себебі, білім арнасының негізгі міндеті алдымен білім мазмұнын игерту және пәндерді оқыту үрдісі болғандықтан, өзінен-өзі білім арнасы да тәрбие арнасымен тоғысып жатады. Сондықтан да, ұлттық мектеп туралы сөз — жас ұрпақты өз ұлтының мәдени-рухани мұрасын игертуге баулитын, өз елінің тағдырына сергек қарайтын азамат етіп тәрбиелейтін білім жүйесі туралы сөз болуға тиіс», - деп жазады [34].

Ғалымның ғылыми тұжырымдарында ұлттық мектептің мәдени-кіріктіруші және мәдени түлетуші қызметін танытатын әлеуметтік мұратын да пайымды түйін деп есептеуге болады. Мұнда мынадай мақсат-бағдар көрсетілген. Біріншіден, оқушының ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен диалектикалық тұтастықта жетілдіріп отыру қажеттігі ден қойдырады.

Екіншіден, ұлттық құндылықтар жүйесін сақтай білуге және оны белсенді түрде басшылыққа алуға оқушыларды баулу мәселесі назар аударады.

Үшіншіден, жас ұрпаққа білім беру барысында, бір жағынан, бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруға, екінші жағынан, өз елінің этномәдени, тарихи, әлеуметтік-экономикалық ахуалын терең танытуға айрықша көңіл бөлу қажет. Оның пікірінше, мұндай мұраттар басшылыққа алынған жерде, ұлттық мектептің өзекті мақсаты интеллектуалды, парасатты, ерік күші мен дене күші келіскен, сондай-ақ ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаны тәрбиелеу болып шығады. Мұндай мақсаттың орындалуы көп жағдайда ұлттық мектептердегі білім мазмұнына байланысты [35].

Ұлттық тәрбие кешенінің зерттелуі мен ұсынымдарының арасында педагогикалық пәндерді оқыту барысында жеке адам оның жетілуіндегі әлеуметтік шарттастық, педагогикалық процестің теориясы мен практикасының бүтіндігі, қазақтың халықтық педагогикасы туралы арнайы курстар жүргізу әдістері т.б. қамтитын ұлттық сана-сезімді қалыптастыруды талдаған еңбектер де бар [36]. Этнопедагогика мен халықтық педагогиканың танымдық, әдістемелік мәселелерін жалпы педагогикалық үрдістерден

туындатып оның жалпы заңдылықтарын, оқу принциптері мен ережелерін, оқу әдістерін, оқу түрлері мен формаларын, мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар қазіргі кезеңдегі қажеттіліктермен кеңейтіле баяндалған оқу құралдарын да атауға тиіспіз [37].

Сонымен кейінгі кездері пайда болған бұрынғы Одақ пен өз республикамыздағы этнопедагогика мен халықтық педагогиканың теориялық методологиялық әрі қолданбалылық жүйелеріне талдау жасадық. Оның басты-басты негіздемелері мен принциптерін және ұсынымдары мен кепілдемелерін топтастыруға тырыстық. Осыған орай, этнопедагогика мен халықтық педагогика ұғымдарының мән-мағынасының жақындығы, өзіндік сипаттары туралы авторлардың жеке пікірі мен тұжырымдары жинақталды.

Этнопедагогика — жалпы педагогикалық ғылымның бөлігі, халықтық тәрбиенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеп тәрбие процесіне көзқарасты білдіретін және педагогиканы халықтық мәдени дәстүрлермен өзара байланысы мен ықпалының, іс-әрекетінің әлеуметтік әрі тәрбиелік табиғатын талдайтын ғылым болып табылады. Мұндағы халықтық мәдениет ұғымы халық шығармашылығы, өнері, дәстүрі мен салт-жоралғыларын біріктіреді. Этнопедагогика түрлі ұлттардың, этникалық шағын топтардың тәрбиелік дәстүрлерін салыстырып талдайтын жинақталған қорытынды болса, халықтық педагогика - нақтылы, жеке этникалық топтардың тәрбиелік дәстүрінен келіп туындайды. Әрине халықтық педагогика тарихи-дәстүрлік мазмұнда болғандықтан бірізділік сәйкестігін сақтайды. Дегенмен оны өзгермейтін қасиет деп ұқпау керек. Заман талабы, әлеуметтік-экономикалық жағдай, саяси идеология өзгеріп, өңделіп те жаңарып жатады. Соған сәйкес, халықтық педагогика білім жинақтап, дағдыларды қолдану, үйренумен бірге жас ұрпақтың әлеуметтену міндетін атқарады.

Ар мен абырой, намыс пен ұят, сүйіспеншілік, жауапкершілік, парыз, шыдамдылық, қанағат, жанашырлық, жасампаздық қызметке парасатты тұтыным, махаббат және т.б. адамгершілік қасиеттерін біріктіріп қоғамның ұдайы дамуы мен адамның өзін-өзі бекітуінің қажетті шарты бола отырып, балалар тәрбиесінің маңызды құралы санатында халық дәстүрлері ерекше психологиялық ортаны қамтамасыз етеді.

Халықтық педагогиканың негізіне рухани мәдениет, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар және әлеуметтік-этикалық нормалар бірігеді. Мәселен, қалыптасқан халық данышпандығының педагогикасы тәрбие түрлеріне әлеуметтік-этикалыққа мақал-мәтелдерді, эстетикалық пен патриоттыққа өлең-жырларды, дастандарды, ақыл-ой ұшқырлығына жұбақтарды және тағы басқа мақсаттарға ертегілерді жіктеп жатқызған. Мұның бәрі адам қоғамының тұрақты ықпалды құбылыстары болғандықтан халықтық педагогика қоғам дамуының түрлі кезеңдеріндегі өзіне тән педагогикалық идеялар мен дәстүрлі тәрбие құралдарын бейнелейді. Халықтық педагогиканың құралдары арасынан мынадай мазмұндық бағыттарды бөліп көрсетуге болады: мазмұндық және қолданбалы яғни тәрбиелік идея мен тәрбиелік мәнде. Біздің пікірімізше, қазіргі кезеңде

халықтық педагогиканы жеке адамның ұмтылыстық өзіндік идеясын иеленуі және өзбетінше шығармашылық қызметіне араласу тәсілдері туралы білім беретін қасиетін ерекше маңызды да бағалауға тиіспіз.

Жоғарыда келтірілген талдаулардан байқағанымыз этнопедагогика пәнінде үлкен орын оның ізденімпаздық әрі зерттеу жұмыстарына бөлінгенін байқадық. Мұның өзі тиісті діни сенімділік, ұлтаралық мәселелерде шыдамдылық, қарым-қатынас мәдениеті, мамандардың педагогикалық мәдениетін көтеру процестерін қалыптастыруға ықпал етеді. Көрсетілген ғылыми әдебиеттер мен оқу құралдары жекелеген этнопедагогикалық және этнопсихологиялық проблемаларды оқып үйрену пайдалы теориялық әрі тәжірибелік білімдерді толықтырады. Оны оқу мен үйрену жайлы келесі тарауларымызда баяндаймыз.

Этнопедагогиканы оқу — адамның ұлты мен нәсіліне байланыссыз сүйіспеншілік, ұнату туралы ғылым. Бұл жерде жақсы мен жаманды, сыпайы мен дөрекіні, кішіпейіл мен менменді барлық ұлттан кездестіруге болатынын ескеру керек. Тәрбиеші өзінің ерекше байсалды қасиетімен осының бәріне пайымдылық танытқаны қажет. Әлемдік тарихта рухани мәдениет кіріктіруші қасиетін көрсетуде. Соған орай, этнопедагогика адамзат баласының құндылықтары мен мұраттарын игеріп әрбір азаматтың ішкі жан байлығын тереңдетеді.

Өмір тәжірибесі көрсеткендей өнер мен көркем шығарманың халықтық сипаты таңдаулы адамдардың емес халықтың, бұқара өкілдерінің талантын дайындауды сипаттайды. Сонымен қоса ұлттық психологияның оқытылуы да ұлттық тәрбиенің қалыптасуына ықпал етеді. Міне халықтық педагогиканың пәрменді қасиеттерінің бір қыры осылай.

Халықтық педагогика халық тарихында туындаған ұжымдық қасиет. Оның тарихы ертеден қалыптасқаны ғылыми, тарихи әдебиеттерден мәлім. Онда халық мұраты, көзқарасы, ой-пікірі мен арманы, адам, отбасы мен ұрпақ тәрбиесі қамтылған, халықтың педагогикалық мәдени байлығы көрініс тапқан. Осы тұрғыдан орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский бірінші тәрбиеші — халық, ал халық ертегілері — халықтық педагогиканы жасаудың алғашқы және тамаша үлгісі болатын. Идеялық мазмұны, байқағыштық күші, ой дәлдігі мен бейнелеуі жағынан тәрбие туралы халықтық данышпандықтың сонылық танытқаны соншама, расында «ешкім халықтың педагогикалық кемеңгерлігімен бәсекелесе алмайды» - деп көрсеткен [38, 300].

Халықтық педагогиканың ұлттық тәрбиені жүзеге асырудағы міндеттерінің қомақты саласы — ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен олардың педагогикалық хабардарлығы және отбасы мен әлеуметтік тәрбиенің үйлесімді бірлігіне байланысты. Халықтық педагогика, халықтың оң дәстүрлері, әдет-ғұрыптар, тәрбиенің тәсілдері мен әдістері аталған міндеттерді шешудің орнықты сүйенішіне айналуы міндетті.

Халықтық педагогика ұлттық және интернационалдық тәрбиемен астасып жатыр. Жастарды ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне үйретеді. Алдыңғы қатарлы үлгілі қасиеттер ұлттық шеңберден өтіп өзге ұлттардың

игілігіне айналады. Тамыры терең халықтық педагогика әрбір ұлттың рухани мәдениетінің бір көрінісі бола отырып тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық, географиялық өмір жағдайларының әсерінен туындаған. Онда халықтың педагогикалық білімі мен тәрбиелік тәжірибесі қосылған.

Ұлттық тәрбиенің тарихи тамырының терең екендігі, оның педагогикалық қисынын ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қиыстырып кеткенін мақтан ете отырып ұстаз Панар Досбаеваның «Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар» деуі үлкен мәнді аңғартады. Оның өз тәжірибесіне сүйене отырып мынадай тәрбие үлгісін ұсынуы көкейге қонымды: 1) Үш ана: Отан, тіл, халық; 2) төрт таған: әдет-ғұрып, рәміздерді құрметтеу, ділі және діні; 3) бес білік: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым (рақымшылық); 4) алты асқақ: тіл білу (полиглот), компьютерді меңгеру; қарым-қатынас мәдениетін игеру; сөйлесу мәдениеті (риторикалық шешендікті қалыптастыру), саяси білімділігін қалыптастыру; бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу; 5) жеті жетістік: парасаттылық, мейірімділік, салауаттылық, көрегендік (болжампаз әрі қиялшыл), білімділік, еңбекқорлық, тектілік (текті ұрпақ) [39, 16-18].

Кейбір мамандар ұлттық тәрбиенің әлі де терең әрі жан-жақты зерттелмей жатқандығын әсіресе бастауыштық білім беру мәселесіне нақтылы көмек аздығын алға тартып, қазақ тілін үйренудің кедергілері, оқулықтар сапасының төмендігі, тіл мамандарының жетіспеушілігі, ата-аналардың педагогикалық ауқымдарының төмендігін әлеуметтілігі, әлеуметтанымдық сауалнамалар арқылы талдап, тиісті талаптар ұсынады. Соның қатарында тәжірибелі маман Құрсабаев Мұхамедрахим жас сәбидің бойында ұлттық намыс пен қасиет нәрселерінің ертерек орын тебуі тиімді құбылыс деп санайды. Оның пікірі мынаған саяды. Бүгінгі қоғамда баланы жан-жақты тәрбиелеуге арналған міндет-мақсаты ауқымды, ал нәтижесі шамалы педагогикалық тәжірибелер қалыптасты. Ол тәжірибелердің негізгі жүйесі халық педагогикасының асыл мұраларына негізделгенімен, іс жүзінде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарының өз мүмкіндігінен төмен жағдайда қолданылатын шектеулі әдістемелерге сүйенгендіктен, көп жағдайда теріс пікір қалыптастыратын бұрмалаушылыққа итермелейтін жағымсыз жайттарға соқтыруда. Біз соңғы он жыл ішінде аталмыш мәселелер төңірегінде зерттеулер жүргізу барысында көпшілік ата-аналардың халықтың бала тәрбиесінде ежелден қолданып келе жатқан асыл мұраларының бірі — бесік жыры, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тұсау кесу, ат қою, халық әндері мен күйлері жөнінде мағлұматтарының тым мардымсыз екенін байқадық. Ата-аналар арасында жүргізген сауалнама әдісі бойынша біз төмендегідей мағлұматтар жинастырдық.

Сауалнамаға қатысушы ата-аналардың саны — 485.

1. Бесік жыры бойынша: жоғары — 5,3%; орташа — 18,2%; төмен — 74,5%.

2. Мақал-мәтелдер бойынша: жоғары — 3,3%; орташа — 12,2%; төмен — 84,5%.

3. Жұмбақтар бойынша: жоғары — 2,3%; орташа — 8,2%; төмен — 89,5%.
4. Тұсау кесу: жоғары — 4,3%; орташа — 14,2%; төмен — 87,5%.
5. Ат қою: жоғары — 11,3%; орташа — 28,2%; төмен — 58,5%.
6. Халық әндері мен күйлері жөнінде білімдер: жоғары — 13,3%; орташа — 21,2%; төмен — 66,5%.

Аталған көрсеткіштер арқылы халық педагогикасының қайнар бұлағы болып табылатын отбасы тәрбиесі өкілдерінің ұлттық тәрбие жөніндегі білімдерінің қаншылықты деңгейде екендігі баршамызға ой салары хақ. Одан ата-ана тәрбиесінің кейінгі жылдары елеусіз қалғанын көреміз.

Әр бала үшін оның әке-шешесі — дүниедегі ең ақылды, ең керемет адам. Ал ата-ананың педагогикалық білімінің қандай деңгейде екенін болжау қиын. Сондықтан мұндай кемшіліктер әр отбасы шаңырағында белең алып жатса, оны саналы тұрғыда мойындап, келешекте болдырмаудың алдын алуға ниеттенген абзал. Мұндай ділгірліктерді шешудің тиімді жолы «бала тәрбиелеу» емес, «адам тәрбиелеу» қағидасын алға тартуды меңзеп, ұстаз-тәрбиешілермен қатар басқа лауазымды қызметкерлерді қайта этнопедагогикалық-этнопсихологиялық дайындықтан өткізу іс-шарасын қолға алуды талап етеді. Қазір аталған іс-шара мұғалімдер жетілдіру институттарында жүзеге асырылып жатқанымен, бұл шараның қажеттігі жөнінде нақты қоғамдық пікірдің көпшілік қауым санасында тұрақтамай келе жатқанын мойындағанымыз жөн. Осы орайда М. Құрсабаев өзінің сезімдік толғанысын былай жеткізеді: «Болашақта ұлттық тәлім тәрбиеден нәр алған, бойында намысы бар ұрпақ қана ел экономикасының гүлденуіне атсалысатын халқының қамын ойлайтын нағыз азамат болып шығары анық. Сондықтан ұлттық тәрбиесіз — ұлттық намыс, ал ұлттық намыссыз — ұлттың гүлденуі де мүмкін емес деп қабылдағанамыз жөн [40, 54].

Ұлт тағдыры — оның ұрпағының тағдыры. Сондықтан ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты осы күнге дейін жинақталып, сараланып және жүйеленіп келген айтулы бағдарламалар мен ғылыми-әдістемелік тәжірибелердің қазіргі таңда қаншалықты қажет екенін күн сайын сан өзгерістерге бой алдырған ірі жаңалықтар мен іргелі бетбұрыстар легі арқылы білуіміз қиын емес. Өмір сүру динамикасында белең алған бұл құбылыстарға қарама-қарсы әрекет жасауға көшпестен бұрын әлемдік классикалық педагогикалық жетістіктерге сүйене отырып қол жеткізген тәжірибелер арқылы жас ұрпақтың танымдық әлеуетін заман талаптарына сай бейімдеу шараларын қарастырғанымыз абзал.

Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі — білім беру жүйесі екені анық. Білім алу және оны реформалау шараларының тым әсіреушілікке, құрғақ популистік идеялар қорына айналуы ұлттық білім ордасының қалыптасуына кері әсер етуі әбден мүмкін. Ұлттық білім жүйесінің әлемдік озық педагогикалық технологиялар жетістіктері негізінде жергілікті халықтың ұлттық тәлім-тәрбиелік ерекшеліктерін ескермей, жеке дара сипат алуы ұрпақ тағдырын ойлайтын жандардың көкірегіне ой салатыны даусыз.

Кейінгі жылдары ғалымдар еңбектерінде және ғылыми конференция материалдарында «ұлттық тәрбие» және «ұлттық білім» моделдерінің қажеттігі туралы жиі айтылып жүр. Демек, біздің мақсатымыз ұлттық тәрбие мен ұлттық білім мәселесіне қатысты дүниелерді ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерделеудің алғышарттарын негіздеуге арналуы қажет деп санаймыз. Ал жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде мына төмендегідей қорытынды жасауға болады: ұлттық тәрбие ұғымының генезисін айқындау; аталмыш терминді педагогикалық энциклопедия басылымдарына енгізу; ұлттық тәлім-тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау; ұлттық тәрбиенің оқу-білім ордаларында кешенді тұрғыда жүзеге асыру моделін жасау; ұлттық білім жүйесінің моделін жасау; ұлттық білім мен тәлім-тәрбие құндылықтарының жаһандық ғаламдану кеңістігіне бейімделуінің алғышарттарын негіздеу [40, 55].

Бұл түйіндермен жалпы санатта келісуге болады. Дегенмен, әлі де теориялық жағынан кеңейтілуді талап етеді. Сонымен қоса практикалық ауқымды көп ұлтты мемлекет жағдайындағы проблемалармен толықтыру керек сияқты.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының әлемдік нарықтық қатынастар көшіне қосылуына байланысты ұлттық тәрбие дәйектемелері әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамудың жаңа құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес талаптармен толығыуы қажет. Ол процестің құрылымына мына төмендегідей қажеттіліктер енуі тиіс:

- ұлттық тәрбие ұлттық шектеушілік шеңберінде қалмай, жалпы адамзаттық, өз ұлтымыздың тарихи-дәстүрлік қасиеттерімен қоса өзге ұлттардың прогрессивті, оң мәдени игіліктерін сіңіруі керек. Олардың ұлтымыздың мұрсатымен сәйкес болуы — басты міндет;

- қазір, әлеумет талабына бейімделіп жаһандану процесімен үйлесетін тіл, тарихи-мәдениет кешенін меңгеріп ұлттық тәрбиені өзек ете отырып мамандық таңдауды орнықтыру;

- оқу-тәрбие процесінде ұлтымыздың экономика, саясат пен әлеуметтік құрылым, рухани-мәдениет саласының дамуындағы ұлттық мазмұн, сипат пен көріністің болуы қажетті игілік екендігін жүйелі түрде тұрақты сана-сезімдік қасиетке айналдыру;

- ұлттық психологияның құрылымдық элементтері ұлттық мақтаныш, ұлттық сана-сезім, ұлттық талғам, ұлттық намыс, ұлттық дәстүрмен әдет-ғұрыптардың психологиялық қасиеттерін және т.б. ұлттық тәрбие ықпалына пайдалану;

- оқу-тәрбие жүйесінде халқымыздың тарихи ерлік оқиғаларына терең күйзеліс сезімін қалыптастырып, саяси ақиқатты көрсету;

- дін және оның тарихын үйретіп әрбір дінді идеалды қағидаға айналдырмай тәрбие жұмыстарын имандылық қасиеттердің қалыптасуы мен орнығуына ықпалын пайдалану;

- мамандықтарына сәйкес болашақ мұғалім-студенттердің педагогикалық белсенді практикасының жоспар-тапсырмаларына ұлттық тәрбие бағдарламасынан міндеттер белгілеу;

- болашақ мұғалімдерді даярлау барысында курстық, дипломдық жұмыстарды орындауда ұлттық тәрбиеге арналған тақырыптарға басым көңіл бөліну;

- ұлттық теорияның теориясы мен тәжірибесіне арналып оқу бөлімдері мен олардың әдістемелік орталықтары мектеп пен ата-аналар ұжымдары бірігіп, «халықтық педагогика» немесе «халықтық тәлімгерлік» университеттерін ұйымдастыру;

- мектептегі жас мұғалімдерге ұлттық тәрбие жүйесін үйрету мақсатында тәлімгер-ұстаздық міндеттерді тәжірибелі мұғалімдерге жүктеуді қолға алу;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми үйлестіру орталығы арқылы жоғары оқу орындарына, мектеп мұғалімдеріне, әрбір сынып оқушыларына арнап тиісті материалдарды компьютерлік жүйе арқылы жіберіп отыру және т.б.

Бұл принциптер ұлттық тәрбиенің жалпы тынысына көмегін тигізіп оның теориялық және практикалық мазмұнына тиісті толықтыру, қосымша әдістерді нұсқайды деп ойлаймыз. Еліміздің алдында тұрған ұрпақ тәрбиесі, отбасы институтын нығайтудың қазіргі кезеңдегі жаңа жолдарын мұқият талдауды міндеттеген Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекетіміздің болашақ жастарына мынадай пікір арнады: «... Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоты болады» [2, 30].

1.2 Ұлттық тәрбиенің қалыптасуына ықпалдық арналар

Өткен параграфта ұлттық тәрбиенің зерттелуінің, практикалық жүзеге асуының методологиялық бағыттарына талдау жасадық. Енді оның тәрбие процесінде қалыптасуына қандай факторлар ықпал ететіндігіне ой-пікірімізді топтастырамыз.

Ұлттық тәрбиенің жүзеге асуындағы басты мәселе — оның ғылыми-теориялық және әдістемелік кешенінің мазмұны тарихи-әлеуметтік талаптарға сәйкес келуі болып саналады. Ғылыми негізделген үлгілер, ұсыныстар мен кепілдемелер дәйекті топтасуы керек. Қазақстан Республикасында Ел Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру» (1994ж.), «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуы» (1993ж.), «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуы» (1995ж.), «Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық

мінез-құлқын қалыптастыру» (1995ж.), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру (1996ж.) тұжырымдамалары нарықтық қатынастар кезеңіндегі еліміздің ғылым, оқу, мәдени, рухани-психологиялық құндылықтарының жаңа мазмұнын сәйкестендіруге арналған. Бұл құжаттар ресми түрде оқу мен білім, тәрбие процестерінің методологиялық арналарына бағыт сілтеді.

Еліміздегі этнопедагогиканың пәрменділігін арттырудың басты принциптері мен міндеттері «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы» (1996ж.) кешенінде нақтылы орын алған. Мұнда мемлекеттегі этникалық-әлеуметтік ахуалды тұтас және оның жекелеген қырларынан пайымдайтын этносаралық қатынастар саласындағы ресми саясаты өзекті мәселеге айналды. Білім беру саласында халықтың **этникалық-мәдени мүдделерін іске асыру тұжырымдамасы** оның бір бөлігі болып бекітілді. Бұл тұжырымдаманың негізгі идеясы этникалық топтардың өзіндік ерекшелігін сақтауға, сонымен бірге өзге мәдениеттердің құндылықтары мен қалыптарын игеруге бағытталған білім беру үлгісін жасау болып табылады. Мұнымен қатар этникалық сәйкестіліктің жоғалып кетпеуі және жалпымемлекеттік құндылықтардың қабылдануының қамтамасыз етілуі ерекше маңызды.

Этникалық-мәдени білім тұжырымдамасының өте-мөте қажеттерінің, сондай-ақ өтпелі кезеңдегі білім беру жүйесіндегі дағдарыстан да туындады. Оқыту мен тәрбие беру мазмұнын бір ізге түсіру елдің ұлт пен ұлттық топтарының этникалық-мәдени қажеттілігінің қанағаттандырылмауына әкеп соқты. Этникалық-мәдени білім стратегиясы өзара байланысты екі мақсатты: этникалық сәйкестендіру мен мемлекеттік интеграцияны жүзеге асыруға бағытталған.

Халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құралады. Ол ұлттың азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады.

Этникалық-мәдени сәйкестілік жағдайында халықтың өзі тудырған әлеуметтік-мәдени жүйе арқылы қол жетеді. Оған отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, журналдар мен газеттер, көркем және ғылыми әдебиет, ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады.

Мемлекеттік интеграция — этникалық-мәдени білім берудің іргелі және стратегиялық мақсаты. Егер жекелеген халық этникалық сәйкестілікке біршама қысқа мерзімде жете алатын болса, мемлекеттік интеграцияға қол жеткізу — мемлекеттегі барлық этностардың күш-жігерін қажет ететін ұзақ процесс. Сайып келгенде, мемлекеттіліктің нақ өзі Қазақстанды мекендеген халықтардың этникалық сәйкестілік мүмкіндігінің негізгі шарты болып табылады.

Аталған тұжырымдамада этникалық мәдени және мемлекеттік сәйкестілікке қол жеткізу ұлттық сананы қалыптастыру, мәдени-тілдік

мүдделерді жүзеге асыру құралы білім беру жүйесі мынадай басты функцияларды атқарады деп көрсеткен:

- таратушылық (этникалық-ұлттық қоғамдастықтың тұтастығы мен жаңғыруын қамтамасыз ету);
- дамытушылық (ұлттық сананы қалыптастыру және дамыту);
- саралаушылық (адамның, этникалық топтардың ұлттық-мәдени қажеттіліктерін айқындау);
- ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, өзара кірігуін, өзара байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне бойлауын қамтамасыз ету). Бұдан шығатын қорытынды білімді адам ғана тарихи және мәдени дәстүрлерді ұстана алады. Ол өзінің белгілі бір қауымдастық пен халыққа қатыстылығын сезінеді, оның бойында мәдени қажеттіліктер; адамгершілікке, ойлы іс-әрекетке, сұлулыққа, жоғары-рухани бастауларға құлшыныс қалыптасады.

Білім берудің тағы бір талабы — өзге мәдениетті түсіну және қабылдай білу. Мәдениеттердің өзара байланысы, бір-біріне ықпалдастығы жағдайында ғана әрбір жекелеген мәдениеттің принциптері мен ерекшеліктері айқын танылады.

Осы қағидалардан этникалық-мәдени білім берудің негізгі міндеттерін бөліп көрсетуге болады: 1) жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу; 2) көп тілді жеке азаматты қалыптастыру. Біздіңше, аталған мазмұнды толық меңгерген тұлға ғана тұтас дүниетанымдық, яғни қоғамдағы әлеуметтік орта мен мәдениеттік байланыс, қарым-қатынастар құбылыстарын жетік меңгерген болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінің қажетті бағыты — елімізде этникалық-мәдени білім кеңістігін құру.

Ұлттық тәрбиеге ықпал ететін құбылыстар күрделі жүйе. Оның қажетті факторлары мемлекеттік құрылымның жетілуімен де байланысты. Осы орайда бұл мәселе тәрбиелік маңызы жағынан Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26-сәуірдегі «Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының ережелері туралы» №856 Жарлығы еліміздегі ұлтаралық қатынастардың және ұлттық саясат саласында мемлекет назарын талап ететін негізгі проблемалар аясында Отанымыздағы сәйкестікті қалыптастыру мен іске асыру, Стратегияның жүзеге асу тетігі және ресурстық қамтамасыз етілуі және осы шаралардан күтілетін нәтижелерді көрсеткен болатын. Онда еліміздің тәуелсіз даму жолының мүддесінде тарихи маңыздылық пен ғылыми негізділікті ескере отырып Қазақстан халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімді тарату тарихи мұраны сақтау, этномәдени білім беруді қамтамасыз ету, ұлттық-мәдени бірлестіктердің білім беру, мәдени және қайырымдылықты іске асыруын қолдау, жастардың кейінгі әрбір буынының бойында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жүйесін құру бағыттарын алға қойды. Ұлттық тәрбие мәселесін еліміздің мемлекеттік деңгейдегі мүддесі ретінде көрсетті.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік саясат ауқымынан туындаған ұлттық тәрбиені дамыту мен жетілдіруге бағытталған кепілдемелік

міндеттерге сәйкес, еліміздегі ғалымдар мен ұстаздар да тиісті ықпалдық арналарды жасақтап ұсынды. Осы орайда Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің 70 жылдығына арналған «Үздіксіз педагогикалық білім беру үрдістері мен стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (1998 жылғы 23-24-сәуір) ұсынған «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы» ұлттық білім мен тәрбие негізіне болашақ мұғалімдерді даярлаудың жан-жақты арналарын біріктірді.

Тұжырымдама нақтылы мазмұны мен ұсыныстары арқылы ерекшеленген. Авторлар дәуір, қоғам талабына сай халықтық педагогиканың әлеуметтендірудегі маңызы өскелең ұрпақ үшін қажет екендігіне тағы да айырықша мән берілген. Онда теориялық және практикалық қағидаларымен ұлттық тәрбиеге ықпалды арналарды толықтыра түседі. Олардың пікіріне үңілсек, онда қоғамды жаңғырту және демократияландыру процесінде, республиканың егемендікке ие болуы жағдайында, біздің қоғамымыздың тарихы, оның көптеген әлеуметтік институттарының қызметі қайта ой елегінен өткізіліп жатқан кезде халықтың рухани өмірінің өз кезінде ұмытылған немесе тыйым салынған құбылыстары қайтып оралуда, өткеннің мәдени-тарихи мұрасын қайта өркендету қазіргі заманның аса көкейкесті проблемаларының біріне айналып отыр. Оның компоненттерінің бірі өзінің аса бай прогресшіл дәстүрлері және өскелең ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі бар этникалық педагогика болып табылады.

Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіру маңызды мәселеге айналып отыр. Соған сәйкес этнопедагогиканы терең зерттеуді жалғастыра отырып оның нәтижелерін пайдалану нарықтық қатынастар әлеуметіндегі тәрбие процестерін жаңғыртуға ықпал етеді. Бұл мақсаттағы білім мен тәрбие жеткіншек ұрпақты туған жерге, еңбекке сүйіспеншілікке, үлкендерді сыйлау, түрлі ұлыс өкілдерін құрметтеу және олармен шын пейілді қарым-қатынас жасау, табиғатқа аялап қарау рухында тәрбиелеуге жәрдемдесе алады. Осындай бағдарламалық мұраттарды іске асыратын болашақ мұғалімдердің даярлығына жан-жақты жауапкершілік қажеттігі айшықталған.

Еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу жоспарына мемлекеттік байырғы этносының педагогикасы іспетінде «Қазақ этнопедагогикасы», «Қазақ этнопедагогика тарихы» негізгі профильдік оқу пәндері, сондай-ақ қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік мүмкіндіктерін терең игеру мақсатында өз қалауы бойынша «Қазақ музыкалық мәдениеті», «Балаларды тәрбиелеудегі қазақ қолданбалы өнері», «Қазақтардың шешендік өнері», «Эстетикалық тәрбиедегі қазақ халық билері», «Қазақ халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие» және т.б. секілді қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік мүмкіндіктерін терең ой елегінен өткізу мақсатында факультативтер, арнаулы курстар еңгізу ұсынылды. Сонымен

қатар қазіргі жағдайда халықтың аса бай тәрбие беру тәжірибесін пайдалану, оның мазмұны, этнопедагогикалық білім берудегі өзара байланысты элементтері, әдістері мен құралдары, нәтижелері іріктелген. Оқыту мен тәрбиенің ұлттық нақыштарын жас ұрпақтың бойына сіңіруге арналған ықпалдық арналар тоғысқан бағдарлама.

Осы сарында оқушыларға ұлттық тәрбие ісінің жүзеге асуының арқа сүйері мұғалімдер қауымының дайындық көрсеткіштерін анықтау, ұлттық тәрбие беруге дайындау тиімділігін арттырудың математикалық-статистикалық бағасы жөнінде жүргізілген Қ. Бөлеевтің зерттеу еңбегі де үлкен жауапкершілік позициясын ұсынады. Себебі ұлттық тәрбиенің тірегі мен ұйытқысы мұғалімдерді дайындаудың методологиялық мазмұны мен әдістемесін жасау тағы бір қырынан көрінгенін бағалауымыз керек [33, 86-115].

Сонымен еліміздегі ресми құжаттар мен ғалым ұстаздар еңбектеріндегі ұлттық тәрбиені қалыптастыру процесіне байланысты ықпалдық арналарға тоқталдық. Ондағы факторлар, тәрбиенің қасиеттері өте күрделі әрі бір-бірімен астасып жатқандығына сәйкес кейбір пікірлер, дәйектемелер де ортақ болғандықтан қайталану да кездесіп отыратынын көрсеткеніміз жөн деген ойдамыз. Себебі бір фактор, ықпалдық арна бірнеше қасиеттерді қалыптастыруда байқалады.

Енді көрсетілген теориялық, әдістемелік методологиялық материалдарға және өзіміздің ой түйген мәселелерімізге тоқталайық. Мұнда алдымен ұлттық тәрбиеге қажетті жалпыадамзаттық құндылықтар мазмұнын ерекше атаған жөн. Себебі олар тек ықпалды факторлар болумен бірге ұлттық тәрбиенің орнығуына да негіз салады. Бұл қасиеттер ұлтына қарамастан барлық адамдарда кездесетін сапалар. Ол тәрбиенің негізі саналатын — гуманистік идея.

Үлгілі әке мен шеше, әже мен ата, қайырымдылық, өнегелілік, аяушылық, ерлік пен батырлық және т.б. халық даналығынан туындайтын ұрпақ еліктеп өсетін білім көзі болып саналады. Осы орайда әлемдік діндерде адамгершілік құндылықтарының жалпы принциптері мен жүйелері бар. Дегенмен тарихтан белгілі дінді саясат пен идеология билеп-төстеп, жаншып отырса аталған дәйектемелер теріс мазмұн мен бағытқа ие болады. Жалпыадамзаттық принциптері адам болмысының ақиқат мәні мен адамгершілік мұраттарын анықтай отырып барлық мәдениет пен дінге сіңіседі. Адам еңбек арқылы қалыптасса, діннің басты міндеті тарихи процестегі адамгершілікті қалыптастыру болып саналады.

Жеке адамның эстетикалық дамуы да сәбилік кезеңнен басталатын процесс. Онда бесік жырынан бастау алған музыкалық мәдениет пен көркем сөзге дағдыландыру, ұлттық киім, қотандық жиһаздар, халық талғамы, ұлттық асхана және оның ыдыс-аяқтары ұлттық қалыптасу мен дамудың көзі.

Халықтық педагогикадағы тағы бір жалпыадамзаттық құндылық — халықтық дипломатия. Қатар жатқан мемлекеттер, халықтар бір-біріне ықпал етіп өмір салттары жақын болады. Өзара көршілік татулық заңдылықтарын

сақтауға ұмтылысқан. Әділетсіздік пен жауыздық, бақытсыздыққа қарсы бірге тізе бүгіп күрескен. Олардың үлгісінде халық батыр, бірбет және ержүрек ұрпақты тәрбиелеген. Аталған құндылықтардың қалыптасуы мен жетілу процестері жайлы тиісті тараулар мазмұнында толықтырамыз. Қаншама қайталанып жатқанымен ұлттық тәрбиенің бастауы тіл мәселесінде орныққаны ақиқат нәрсе. Оған ықпалды арна ретінде қысқаша ой-пікірімізді баяндайық.

Тарих тұғырынан көрінген ұлт пен ұлыс белгілі әлеуметтік-саяси дамудың жемісі. Соған орай әрбір ұлттық қауымдасу территория, өмір сүру көзі — экономика, тіл, мәдениет пен әдет-ғұрыптардан байқалатын ұлттық психология сияқты негізгі белгілерге ие. Аталған қасиеттер ұлт пішінін оның тарихи-дәстүрлі байлығын көрсетеді. Олар ұлт өмірінің біте сіңіскен элементтері. Аталған ұлттық қасиеттер ғасырлар бойы саяси-идеологиялық күрес өрісіне қамтылды.

Қазақстан Республикасы — тәуелсіз ел. Мұнда еліміздің келешегі үшін оның ұрпағын сақтауға, рухын бекіту жағдайына мүмкіндік беріліп отыр. Әйткенмен колониялық тәртіп пен солақай саясаттан қалған қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жеткілікті. Осы кешенді міндеттердің басты бағытының бірі — ұлттық-этникалық арнадағы тәрбие. Бұл тәрбие ұлт тарихымен оның әдет-ғұрпы, рухани мәдениетімен тікелей байланысты. Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік осыдан бастау алады. Оның өзегі-ұлттық тіл. Тіл білмегеннен кейін де жастарымыз қазақ тарихын білмейді, тарихын білмегесін, салт-дәстүрін білмейді, салт-дәстүрін білмегесін, мәдениетімізді білмейді. Осыдан барып бойында ұлттық намысы жұтаң жастар ұлт рухын сыйлаудан алшақтап отаншылдық сезімі орнықсызданады. Оны күнделікті өмір дәлелдеп отыр. Бұл тұрғыдан орыс сыныптарындағы қазақ тілінің оқытылу сапасы ашық айту керек көп пәрменділікті талап етеді.

Тіл білген ғана ұлттық сезімге, ұлттық тәрбиеге бой ұра алады. Әрине бұл күрделі процесс. Оның жан-жақты мәселелері тек педагогика мамандарын емес заңгерлерді, философтарды, саясаттанушыларды, әлеуметтанушыларды да қызықтыруда.

Тіл білімі қамқорлықты қажет етеді. Оны меңгеру, рухқа сіңіру үшін жағдай, қамқорлық, ресмилеп айтқанда, нақты іс-шаралар жасалуы тиіс. Осы бағытта өзіңді-өзің сыйлау, ұлттық нақыштарды, киімдерді құрметтеу, Отаныңды сыйлаудан басталатын қасиет пен сезім қажет. Жастарымызды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін, ең алдымен, елдің мәдениеті, өнері тек осы бағытта жұмыс істеп, қызмет етуі тиіс. Ұлтын тану үшін жастар ауыз әдебиетімізді, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, ертегілер мен батырлар жырын, термелерді, халық әндерін білуі міндетті. Әсіресе жаңа әлеуметіміздің патриоттық әндері өріс алғаны пайдалы. Мұның бәрін ұғыну тағы да тіл білуге тірелетіні ақиқат. Қарапайым мысал. Белгілі ақын Жеңіс Қашқыновтың «Жібек Жолы» баспасынан 2003 ж. «Атамекен» деген жинағы жарық көрді. Онда жеткіншектерге арналып тақпақтар, өлеңдер, ертегілер, аңыздыр мен дастандар енген. Көпшілік жылы

қабылдаған осы кітаптың танымдылығын қазақша білмейтін балалар қайдан білсін. Дегенмен, мынаны ескеруіміз қажет. Мемлекеттегі тәрбие жүйесінде ұлттық шектелу, томағатұйықтықтан да сақтану керек.

Ұлттық тәрбиенің бағыттары мен әдістері саналуан. Оның басты тармақтары **отбасы мен мектептен** нәр алады. Мәселен, ізгілікті тәрбие тал бесіктен басталып адам ғұмырын түгел қамтиды. Отбасының күнделікті тәжірибесі, тәлім-тәрбиесі, үй шаруасы балаға тиісті ықпал етеді. Бұл процестерді толықтыратын мектептің оқу-тәрбие жұмысы. Қазір жалпы білім беретін мекемелерде этнопедагогикалық бағдарламаларға сәйкес ұлттық ұстанымдар (отаншылдық, еңбексүйгіштік, тән саулығы, парасат, патриотизм, өнер мен ғылым, табиғатты аялау және т.б.) басшылыққа алынуда. Ресми құжаттарға сүйенсек оқу-тәрбие жұмысының ұлттық оң үлгісі Қарағанды қаласындағы М. Жұмабаев атындағы № 39 қазақ орта мектебіндегі тәжірибеден байқалады[41]. Тәуелсіз еліміздің рухани әрі мәдени мәртебесін биіктететін ұлттық тәрбиенің көзі – тіл.

Тарихи даму қоғам өміріне тиісті әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени белестерді дүниеге әкеледі. Олардың өзіндік деңгейін, мазмұны мен сипатын көшілікке сіңістіріп көрсетіп отырады. Сондықтан әрбір дәуірдің әлеуметтік және рухани сарыны ұрпақ тәрбиесіне оның рухына ықпалды факторларды қамтиды.

Қоғам дамуының қажетті құндылығы оқу мен тәрбие екендігі анық. Бұл жан-жақты күрделі, әрі кешенді құбылыс болғандықтан тарихи, ұлттық және жалпыадамзаттық игіліктерді біріктіріп жүзеге асады. Ұлт дәстүрі жаңа әлеуметтің мазмұнымен, талап-тілектері мен қажеттілігіне ыңғайлы өрбуі тиіс. Сонда ғана бірізділік сақталып ұлттық өнеге жалғасып жатады. Қазіргі елімізде жасалып жатқан оқу мен тәрбие өзгерістері осыны меңзейді. Соған орай гуманитарлық білім беру, тарихи сана қалыптасуы, азаматтардың жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру және т.б. тұжырымдамалар дәстүр жалғастығын сақтау, қордаланған бай тарихи ілім-білімді кәдеге жарату, Отанымызға шынайы патриоттық ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық рухты бекіту, ұлттық мақтанышты орнықтыру сияқты қасиеттерді жетілдіруге негіз болмақ. Ұлттық тәрбие жүйесіне өзекті бағыттар өркен жаюда. Жоғары, арнайы орта оқу орындары мен жалпы білім ордалары, мектепке дейінгі мекемелер тиісті бағдарламалар жасап бұл мақсатқа көңіл аударуда. Осы бағытта республикалық «Бөбек» қоры оның «Өзіндік таным» бағдарламасы рухани-адамгершілік тәрбиесі мен білім жүйесінде ерекше нәтижелерге қол жеткізуде.

Ұлттық тәрбиенің қажеттілігі мен күрделілігін ұғыну аса жауапкершілікті алға қоюда. Ол әрбір ұрпақ буындарының ерекшеліктерін ескеріп отыруды талап етеді. Мәселен, бастауыш мектептің өзінде баланың барлық танымдық және психологиялық мүмкіндіктерін жетілдіріп, адамның күнбе-күнгі өмірінде білім алудың қандай келешегі болатынына оның көзін жеткізу қажет. Бұл кезеңде гуманитарлық-эстетикалық бағыттағы пәндер оларға әсершіл келеді, оған қоса өздері де ұғымтал болады. Бала бастауыш

мектепті бітірген кезде төңірегіндегі «оқиғалар жайындағы әсерін қисынды да жүйелі түрде баяндап, жанындағы адамдармен ешбір қиындықсыз, белсене қарым-қатынас жасауды үйренуге, алған білімін түйсініп, өмірде қолдана білуді талап ететін міндеттерді шешу дағдыларын толық игеруге тиіс» [42, 13].

Көп бағытты әрі салалы ұлттық тәрбиенің бір маңызды ұшы экологиялық, туған жер табиғатын аялауға келіп тіреледі. Қазіргі заманның ғылыми-техникалық прогресі жоғары болғанымен қоршаған ортаның ластануы қарқынды болып отырғаны баршаға аян. Өнеркәсіп пен өндіріс өзге де ұжымдар тарапынан жауапсыздық етек алған. Назар салған кісіге күнделікті темекі шегу мен оның шашылған тұқылдарының өзі аялдамаларда, үй айналасында, демалыс орындықтары жанында қоқыстарға қосылып, келеңсіз көрініс тудырады. Жапырылған шалғындар, сынған және өртенген талдар сезіміңе реніш ұялатады.

Қазақ халқы көшпелі ел болғанымен ескі қотанды тазалап, ошақ орындарын ықтияттап жауып, ел жақсылары мәслихат өткізетін көгалдарды мал аяғынан қорғап отырған. Осы тұрғыдан біз емес тіптен өткен ғасырларда қазақ даласында болған батыс еуропа, орыс саяхатшылары таңдана естеліктер қалдырыпты. Біз әңгімеге тиек еткен бастауыш мектеп оқушылары сезімтал десек олар ұлттық тәрбиенің ұстыны жинақталған тарихи оқиғалар, әлемдік және отандық мәдениет, ұлттық өнер, дене мәдениеті, қоршаған ортаны бағалау, әдептілік пен өнерлілік, мінез-құлықтың гуманистік қасиеттерін және т.б. тиянақты рух ретінде қабылдаулары керек. Сондықтан да тарихи білім мен тәрбие беру жеткіншектердің халқымыздың рухаи әлемінен нәр алуына, оның мәдениеті мен тарихының бастауы мен көздерін байыптауына жәрдемдесіп олардың адамгершілік деңгейін көркейтеді. Бұл бағытта әрине тарихи сана ұлттық тәрбиенің басты арқауы екендігі анық.

Ұлттық тәрбиенің бағыттары — сан қырлы әрі өте күрделі ерекше құбылыс. Мұнда арасалмағы байқалмайтын немесе ескерусіз мәселелер болуы тәрбиенің тиімділігіне кері ықпал жасайды. Осыған орай жауапкершілік жоғары болғаны абзал. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық мазмұнмен сабақтаса отырып ұлттық психологияның элементтеріне сүйенеді. Отан сүю, қонақжайлық, адамгершілік пен имандылық, ұлттық мүдде мен намыс, ұлттық сезім және т.б. рухтық құрылымдар өзінің қалыптасуы мен жетілуінде халқымыздың төл зердесінен іргетас қалануы қажет. Сонда ғана орнықты ұлттық тәрбие жүзеге асады [43].

Ұлттық тәрбиенің қомақты мақсатының бірі — Қазақстандық патриоттық қасиет. Бұл жалпы өмірде сана-сезім, идеология, саясат пен тәрбие процестерімен астарлас құбылыс. Осы бағытта ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалы отансүйгіштік сезім арқылы оның барлық буындарына әсерлі десек артық емес. Жас жеткіншектерге ұлт қаһармандарының бейнесі мен тіршілік қарекеттері әрқашан үлгі. Олай болса, Исатай мен Махамбет, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов,

Жазылбек, Шығанақ, Ыбрай Жақаев, Қарсыбай Спатаев, Нүркен Әбдіров, Әлия мен Мәншүк және тағы да көптеген тұлғалар жас ұрпақ тағылымы. Олардың өнегелі өмірі сыныптық сабақтар мен мектептен тыс шараларда балалардың рухани-психологиялық батырлығы мен жігерін, қайсар мінезділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Патриотизм жайлы айтқанда кейде көп нәрсеге ықылас қойыла бермейді. Біздер тікелей батырлық пен ерлікке көшіп жатамыз. Бұл да дұрыс. Дегенмен, ойлап отырсақ оған қосымша ұлттық патриотизмді жетілдіруге жәрдем ететін, әрі қозғау салатын материалдар жеткілікті. Мысалы, ғалым Сәбетбай Елубаевтың «Қазақтың байырғы қара есептері» атты ғылыми-көпшілік басылымдық кітабы тапқырлық, ұшқыр астарлы ойлау, ұлттық тұрмыс-тіршілік, салт пен дін және т.б. тәрбие-тәлімдік қасиеттерді қалыптастыруға арналған. Ол ұлттық дәстүрді жалғастыратын тәрбие көздерін халық педагогикасына ұсынған пайдалы еңбек.

Жас жеткіншектердің күнделікті мінез-құлқы, тәртібі мен қылықтары қоршаған табиғатпен байланысты екендігі белгілі. Олай болса, қоршаған ортаны сыйлау, оған қамқорлықпен қарау дағдылары елі мен жерін аялауды орнықтырады. Бұл да отансүйгіштік санасы мен сезімінің баспалдағы.

Халық әлеуметімен жасасып келе жатқан «суға түкірме», «көкті таптама», «аққуды атпа», «жәндікті жәбірleme», «мал баққанға бітеді», «су — дүниенің басы», «ұяны бұзба», «жалғыз ағашты кеспе» т.б. қағидалар мен өсиеттер табиғатқа деген қамқорлықты көрсетеді. Табиғат пен қоршаған орта тазалығы қазіргі заманда адам баласын елендетіп отырған мәселе. Дамыған ғылыми-техникалық дәуір жауапсыздық қызмет арқылы табиғатқа зиян келтіруде. Осыған орай экологиялық мәдениет ұрпақ үшін қажетті нәрсе болғандықтан оқу мен тәрбиенің үлесінде оның негізгі міндеттері мен педагогикалық тәсілдері қалып отыр. Осы бағыттағы оқу құралдары арасынан Сәтімбекұлы Р., Ережепова Ғ., Б. Унасбаевалар ұсынған «Тәрбие тағылымдары» [44] атты тәрбие сағаттарының үлгі-нұсқаулары көңілге қонымды. Мектеп сыныптарының жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық мазмұндағы пайдалы кеңестерді табуға болады.

Ұлттық тәрбиенің арналары сан-алуан. Ол жүйелі әрі тұрақты еңбектің нәтижесінде орнығып жетіледі. Мұндағы күрделі процеске мектептегі оқу-тәрбиемен қатар әрбір отбасының, қоғамдық ұйымдардың ат салысуы пайдалы. Көп мәселе діни мекемелерге де қатысты. Ашық қоғам, демократиялық серпіліс пен пікір бостандығы жағдайында діндегі парыз-насихат қана емес оның өкілдерінен дін тарихы және имандылық рухындағы түрлі тәрбиелік шаралары ұлттық тәрбиеге ықпалды болар деген пікірдеміз. Сонымен бірге ұлттық тәрбиеге кедергі факторларды анықтап онымен күресе білу де қажет.

Жалпы ұлттық тәрбие — халқымыздың дәстүрлі ұлағат көздерін педагогикалық талғампаздық пен қазіргі әлеуметтік-саяси дәйектемелерді арқау етуі арқылы тиімді әрі ықпалдылық танытады.

Ұлттық тәрбие процесіне ықпалды арнаның бірі — ұлттық психология. Ол өзінің табиғаты мен құрылымдық элементтері тұрғысында бір сарындас құбылыс болып саналады.

Адамзат тарихы түрлі әлеуметтік-экономикалық саяси дәуірлерді бастан өткергені мәлім. Оның табиғаты қарама-қайшылығы мол күрделі құбылыстардан құралған.

Қазіргі уақытта өзіміз қолданып жүрген ғылыми пайымдарға қарағанда әлемде 2300-ден астам ұлттар мен ұлыстар, этнографиялық топтар, сонымен бірге төрт мыңнан аса ұлттық тілдер, түрлі диалектілер өмір сүруде. Осының барлығы тарих пен табиғат тауқыметінің нәтижесі. Әрбір тарихи кезең өз өрнегімен сипатталып, халық тағдырына тиісті ықпал етеді. Сондықтан әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани-психологиялық келбетінде өткен жолдың іздері анық байқалып, ұлттық қадір-қасиет, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға жетіп отырғаны мәлім.

Ұлттық психология оның құрамдас бөліктері, ұлттық талғам, ұлттық дағды, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тарихи жағынан алғанда саяхатшылар, саяси күдікті ретінде елде болғандар және т.б. жазбаларында кездеседі. Дегенмен, қазақ халқының ұлттық психологиясы мен менталитетінің табиғаты жайлы кейінгі кезде ғана Жанділдин Н., Сужиков М., Сәбетқазы Ақатай, Сәрсенбаев Н., Кішібеков Д., Сәрсенбаев Т., Романова Н.В., Бұрбаев Төлеуғали, Сәбитов Р., Г.С. Конкина және т.б. еңбектерінен тиісті пікірлер тарады.

1960-1970 жылдары тіптен ұлттық психологияның зерттеуіне қарсы ғалымдар да болған. Сондықтан ұлт мәселесіне, оның ішінде ұлттық психологияның ерекшеліктері мен ұлттық менталитетке жеткілікті көңіл аудармау, ұлттық көңіл-күйді, тарихи қалыптасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың әлеуметтік-психологиялық табиғатын бағаламау өкінішті жағдайларға әкеліп соғады. Оны тіптен социализм практикасының өзінен байқалып отырған келеңсіз құбылыстар көрсетті. Сондықтан, аталған мәселелердің зерттеліп, ғылыми тұрғыдан бағаланып, ұлтаралық қарым-қатынасты, ұлттық тәрбиені жетілдіруге жұмсалуды ешкімге де күмән туғызбаса керек.

Ұлттық психология ерекшеліктерін түсіндірудің методологиялық негіздерінің бірі — оның табиғатын, жалпыадамзаттық, таптық-әлеуметтік және ұлттық арақатынасын ажырата білуде. Халықтардың психологиясы ұлттың рухани бейнесінің маңызды жағының бірі. Ұлттардың рухани бейнесінің екі жағы бар: идеологиялық және психологиялық. Оның идеологиялық жағына әдебиет, өнер, ғылым, философия, дін, т.б. жатқызамыз. Әрине, рухани бейненің бұл жақтары өзара шартты байланыста болады. Ұлттардың психологиялық ерекшеліктері адам санасында халықтардың табиғи-материалдық жағдайының нақты көріністерімен қалыптасады. Ол өзінің түп тамырымен халықтар тарихының терең түкпірінен орын алып, оның пайда болған мезгілінен бастап дамуда.

Ұлттық психология мен ұлттық менталитет адамдардың біріккен өмірі мен күресінде, әлеуметтік, табиғи-географиялық, материалдық, мәдени жағдайының шарттарына лайық қалыптасады. Соның әсерінен ұлттың бойында мінез-құлықтың, сезімнің, талғам ерекшеліктерінің бірдей элементтері, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары пайда болды.

Жекелеп айтсақ ұлттық психологияның қалыптасуына мына факторлар әсер етеді. Белгілі бір әлеуметтік жағдайлар мен өзара қатынастар, еңбектің сипаты / егіншілік, мал өсіру, балық аулау, т.б. /; белгілі бір халықтың ұзақ мекендеген географиялық ортасы; халықтың тарихи жолы, былайша айтқанда, халық «тағдыры» / маңызды тарихи оқиғалар, мәселен, азаттық күреспен байланысты ортақ қуаныш, ортақ қайғы, күйзеліс т.б./; адамдар арасындағы әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастары мен өзара әрекеті.

Осы көрсетілген факторлар халықтардың өмірінде түрлі реңкті психологиялық өзгешеліктердің пайда болуына ықпал жасайды. Соған сәйкес зерттеушілердің қатаң, адал ниетпен талап қоя білуді әрі материалдарды сұрыптап талдауды қажет етіп, мәселеге ғылыми тұрғыдан қарауды, сөйтіп оның, осы даму жағынан қарағанда, қазір қандай күйге айналғанын байқауды қажет етеді.

Сонымен ұлттық психологияның ерекшеліктері тарихи негізі бар әлеуметтік процесс болып шықты. Оның қалыптасуы әрбір халықтың ұзақ өмірмен біте қайнасқан жан-жақты факторлардың нәтижесінде туады. Сайып келгенде өнегелі қасиеттермен бірге қарама-қайшы психологиялық дағдылар да болады. Бұл айырмашылықтардың топтық негізі міндетті құбылыс. Әрбір халықтың өмір сүрген географиялық ортасы, айналысқан шаруашылық дәстүрі мен бейімделген дағдысы бір-бірінен оқшау тұрады. Онымен қоса түрлі халықтардың араластық-құраластық жағдайларын да ескеруіміз міндетті нәрсе.

Біздің пікірімізше, **ұлттық психологияның ерекшеліктері** дегеніміз — халықтардың тарихи дамуының өзгешелігі мен әлеуметтік-экономикалық, рухани өмірінің алғышарттарына байланысты қалыптасатын және мәдениет пен тұрмыстан, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан байқалатын ұлттық сезім-әрекеттің көрінісі, ой-пікірлері мен ықпал-қимылдың орнықты бейнесі әрі машықтанған дағдысы.

Ұлттардың психологиясын туа біткен өзгермейтін құбылыс деп қарауға болмайды. Қоғамдық дамуға, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты дамып, белгілі қасиеттерге жаңаланып отырады. Ал, ұлттық психологияның құрылымы жайлы әдебиеттер, пікір таласы жеткілікті [45].

Осы бағытта жазылған тұжырымдарды саралап жан-жақты талдауға сүйене отырып, авторлардың пікірінше, ұлттық психологияның құрылымдық элементтерін ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім, ұлттық сана-сезім, ұлттық мүдде және әдет ғұрыптар мен дәстүрлердің психологиялық негіздері құрайды. Біз ұлттық психологиялық элементтердің басты-басты жетекші, жинақтаушы қасиеттерін ғана атадық. Оның ұлттық үміт, ұлттық көзқарас,

ұлттық пікірлер, ұлттық өмір салты, ұлттық ой, ұлттық намыс, т.б. тарамдары өте күрделі құбылыстар. Оларды тарихшылар, фольклоршылар, әдебиетшілер, психологтар мен педагогтардың кешенді түрде зерттеуі пайдалы нәрсе деп ойлаймыз. Осы жерде мына мәселеге көңіл аударуды қажет санаймыз.

Ұлттық мінез-құлықты кейбір жағдайда зерттеушілер оны адамдардың темпераментімен шатастырады. И.И. Павловтың іліміне сәйкес темпераменттің /сангвиндік, флегматтық, холериктік және меланхоликтік/ типтері адамдардың жоғары нерв жүйесінің жұмысына байланысты болатындығы белгілі. Ал, ұлттық мінез-құлық тарихи жағдайлардың, объективті процестердің себептерінен әрі тәрбиенің ықпалымен қалыптасады. Жеке адамның мінез-құлқының ұлттық өзгешелігі темпераментке қарағанда жылжымалы. Өмір жағдайының өзгеруі жеке адамның мінезінде қалыптасқан ұлттық келбетті сапалы өзгертіп жіберуге қабілетті. Ал олардың ересек адам темпераментін түбірінен өзгерте қоюы беймәлім, егер ол нерв жүйесі тұрпатының өзгеруіне байланысты болса. Көптеген зерттеушілер кейбір халықтардың өзіне тән темпераменттерін атап көрсеткен болатын. Әрине, темперамент сол халықтың шаруашылық ерекшелігіне, географиялық ортаның әсерінен т.б. объективті жағдайға лайық кейбір құбылыстарға қолданғанда артығырақ болуы ықтимал. Бұндай жағдайда темпераментті этностық қасиет ретінде мүлдем көтермелеу қате.

Ұлттық психологияның элементтері мен ұлттық менталитеттің дәстүрлі талғамына зиянды нәрсе — жауапсыздық. Бұрын оған біржақты саясат пен идеология демеуші болды. Ұлттық тіліміздің шұбарлануы талғамның жаңа үлгісі емес, қысымға түскен ана тіліміздің тағдыры, оған қолдау болған жауапсыздық пен қырсыздығымыздың салдары. Ескімен күресіп жүріп жаңаның тәрбиелік мәнін, имандылық қасиетінің деңгейін естен шығарыппыз. Халқымыз құрметтеп, ғасырлар бойы сақтаған игіліктерді жаңаның тегеурінімен тұншықтырып, салт пен санамызда дәстүрлі адамгершілік азайып кеткенін енді ғана сезе бастағанға ұқсаймыз.

Мәдениет пен өнеріміздегі жаңа талғам да тарихи бірізділікті жалғастыруда деп айту қиын. Жақсыда жаттық жоқ демекші, жаңаның лебі сезілгенмен рухани әсері шамалы, талғамдық деңгейі төмен әндер көбейіп кетті. Өлең мазмұны жауапсыз құралған, музыкалық әуені біркелкі ырғақты немесе даңғазалық айқай-шуы мол «шығармалар» ұлттық талғамнан аулақ жатыр. Мүмкін олардың көпшілігі демократия мен пікір бостандығына еркінсіп жүрген болар. Әйткенмен, халқына деген сезімі бар жанашыр азамат сапасыз өлең мен әнді ресми өткізгенде алдымен оның көпшілікке, әсіресе, жастарға тигізер пайдасы мен зиянын жете ұғынса - шынайы имандылық. Бұл мәселеге дер кезінде төрелік жасап отырса өнердегі ұлттық талғамның өрбуіне үлес болып шығар еді.

Ұлттық психологияның күрделі құрылымдық элементтерінің бірі — ұлттық сана-сезім болып табылады. Ұлттық сана-сезім дегеніміз өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, халық

мұраларың, мақтанышың бағалай білу, ұлттық мүдде мен оның қажет болғандығы азаттық қозғалысы үшін қимастық борыш сезім.

Ұлттық сана-сезім ұлттық психология ұғымынан гөрі шағын ұғымды білдіреді. Ол ұлттарды бір-бірінен ажыратып тұратын айрықша белгі емес, тек әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ұлттық психологиядан тыс өмір сүрмейді. Ұлттық сана-сезім өз ұлтының әлеуметтік-этникалық мәнін түсіну, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлгісі барын ұғыну, әрі өзге халықтармен бірдей бостандықта өмір сүруін, т.б. жағдайларды жете түсіну болып табылады.

Халықтардың сана-сезіміндегі терең айырмашылықтар олардың өмір сүру жағдайларының түрліше деңгейінде, әр қилы басқыштарында болуы салдарынан. Өткен тарихымыздағы отарлау кіріптарлығы, кеңес дәуірінің партиялық-таптық әкімшілік жүйесі қазақ халқының рухани өмірі мен менталитетіне зиянды таңбаларды қалдырды. Қиындығы мол, қарама-қайшылығы ширыққан саяси дәуір тынысын тоқтатты. Тағдырдың әлеуметтік тізгіні ұлттың өз қолына берілді.

Тарих пен қоғамның белесі ұлттық қарым-қатынастар құбылысы үшін тағы бір жаңа кезең ашты. Ол — егемендік алып, тәуелсіздік туын тіккен Қазақстан Республикасының нарықтық экономикалық қатынастардың дүбірлі көшіне ілесуі еді. Жаңа әлеуметтік жағдай жаңаша ойлау мен тарихи бағалау, демократия мен жариялылық талаптарына дөп келді. Пікір бостандығы орнады. Бұндай күрт өзгерістер де рухани-психологиялық, саяси пікірлердің дамуына қарама-қайшылықтар әкелді. Себебі, бұл ұлы көшке біз алдын ала дайындықсыз кірістік, соның салдарынан саяси мәдениетіміз осындай рух бостандығына тиісті дағдыларды, элементтерді сіңіріп үлгерген жоқ. Тіптен өзіміз заңды жалғасы болып отырған кешегі социализмнің көрсеткіштерін, рухани бірлігін түбірімен жоққа шығару да кездесіп жүр. Өткен тарихсыз болашақ басталмайды, сондықтан біздің пікірімізде, тағдырымызда жинақталған тәжірибе, өнеге-игіліктер бүгінгі тандағы жаңа жағдайда ескерілуі тиіс. Тарихи мұраны талғампаздықпен пайдалана білген абзал.

Өткен кездерде жіберілген әлеуметтік-саяси қателіктер, ауытқулар зардаптарды жаңа көзқараспен бағалау сарынымен орнына келтіріліп, қазақ ұлтының экономикалық, мәдени және рухани жағынан қайта түлеп, ұлттық сана-сезімнің ояну кезеңіне жетіп отырмыз. Сондықтан ұлттық сананы, ұлттық психологиялық пішін мен менталитетімізді қалыптастырып, өрбіту заңдылықтарының ұлттық тәрбиеге ықпалы жаңа талап-тілектер негізінде жүзеге асуы тиіс.

Қазақстан Республикасы — көп ұлтты мемлекет. Соған орай ұлттар мен ұлыстар ортақ мақсат, ортақ мүдде үшін күресіп, олардың экономикалық-әлеуметтік, саяси-құқықтық және рухани қадамдарында өзара ынтымақ пен түсіністік үйлесуі қажет. Әлеуметтік-саяси тәрбиеде жалпы-қазақстандық патриотизм сарыны жоғары тұруы керек. Бұл заңдылықтардың жүзеге асуы ұлтаралық кикілжіңге жол бермеудің кепілі.

Еліміздің өтпелі дәуірдегі саяси-әлеуметтік негізі мен болашағы «Қазақстан-2030» стратегиясында нақтылы бағдарланған. Ол республикадағы ұлттардың өзіндік сұраныстарын зерттеуге, олардың дамуына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларын жүзеге асыру жолдарын айқындаған құжат. Бұл орайда мемлекеттік органдардың қызметі әуел бастан халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға, олардың рухани бірігуіне және татулығына бағытталғаны маңызды.

Қазіргі нарықтық құбылыстар ауқымы меншікке жаңаша қатынас, кәсіпкерлік, еңбекті жаңаша ұйымдастыру, саяси жүйеге сыпайылық, «құқықтық ойлау», іскерлік, электрондық есептеу шеберлігі, саяси-құқықтық және экологиялық мәдениет және т.б. қасиеттерді жетілдіруді қажет етеді. Жаңа қоғамдық қатынастар өз заңдылықтары арқылы жетіледі.

Ортақ отанымыздың мүддесі үшін барлық ұлт өкілдері қазақстандық патриотизмді жоғары ұстау дәрежесіне ұмтылуы керек. Қазақ азаматтарының ынтымағы, бірлігі, бастамашылығы, ортақ мүддесі — жаңа әлеуметтің қадамына деген жауапкершілік пен парызды көтерулері керек. Қазақ патриотизмінің белсене атқаратын міндеті осы тұста нақтылы байқалмақшы [46].

Қазіргі кезеңдегі ұлттық тәрбиенің маңыздылығына тоқталуда мына мәселе қосылуы тиіс. Осы бағытта жалпыадамзаттық және ұлттық қасиеттердің айқындалуы, оның табиғатының анықталуы да адамгершілік белгілерін ашып, анықтай түседі. Ғалымдар тарапынан тәрбиенің мұсылмандық моделі деген қағида шығып жүр. Жалпы мұның да анық-қанығын, негізгі принципті мәселелерін тәлімдік процеске қолдануға болады.

Қазақ халқының ғасырлар бойғы шаруашылығы, әдет-ғұрпы, тілі, дүние-танымы, мәдени рухтық өрісі ерекше. Соған орай ұлттық психология мен ұлттық менталитеттің арақатынасы, ортақ мазмұны мен табиғаты, құрылымы мен пішіндері жеке зерттеліп, ұлттық тәрбие құралының элементіне айналғаны жөн.

Республикамызда ұлттық тәрбие мазмұны кейінгі кезде қолға алынып, белгілі ғылыми-педагогикалық зерттеулер, оқу-әдістемелік материалдар, тарихи-өнегелік жанақтаулар мен этнопедагогикалық ұсыныстар, тұжырымдар жарық көргендігін жоғарыда көрсеттік.

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі қазіргі егеменді, тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-

саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттерін қосыңыз. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға, ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет.

Ұлттық тәрбие мен ұлттық психологияның арақатынасында біздің пікірімізше мынадай методологиялық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты. Ұлттық тәрбие жалпыазаматтық өнегенін құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс. Ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар, ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн. Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалының барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Ескінің барлығы қазіргі заманға толық сіңісе алмайды.

Тарихи мәдениет, оның өрістері ұлттық рухтың көзі болғандықтан тәрбие процесіне әсері жүйелі әрбір әлеуметтік топтың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілгені дұрыс. Сондықтан бала бақшалардағы, мектептің әрбір сыныптарындағы ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп тұруы қажет. Мұндағы ескерілетін жағдай — еліміздің көп ұлттылығында. Әсіресе мектептердегі қазақ және орыс сыныптарына арналған міндетті оқу құралдарының ұлттық тәрбиеге байланысы мен мазмұны негізгі сана-сезімдік қасиеттермен толығып жатса пайдалы болар еді. Осы мәселенің ара жігін дәл анықтап тәрбиенің құралына айналдыра білу де методологиялық міндеттердің бірінен саналады.

Басты бағдар — барлық ұлт балаларының елімізге деген ортақ сүйіспеншілігін, сезімін, мүдделерін қалыптастыру. Тек оқу процесі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға ұлттық тәрбие беруде түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіруді талап етеді. Соған орай осы міндеттердің түйінді мәселелерін талдауға ден қоюды жалғастыра бермекпіз. Оған мемлекет тарапынан жасалған тиісті ресми құжаттар бағыт сілтеп отырғанын алға тартуға болады. Олай болса, мемлекеттің тәуелсіз даму жолының мүддесінде тарихи маңыздылық пен ғылыми негізділікті ескере отырып, этномәдени білім беруді қамтамасыз ету, мәдени қайырымдылықтың іске асырылуын қолдау үшін жастардың кейінгі әрбір буынының бойында қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жүйесін құру міндеті тұрғаны айқын.

Елімізде ұлттық бірегейлену тарихи қажеттілік. Оның рухани-саналық қасиеттері Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен гуманитарлық білім беру, тарихи сананы қалыптастыру, әлеуметтік-мәдени даму, азаматтардың жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамаларында белгіленгендігін тағы да көрсете кетелік. Экономикалық және әлеуметтік процестерді дамытуға ұлттар достығы ерекше ықпал етеді. Олай болса ұлттық психология мен ұлттық тәрбие байланыстарының зерттелуі осы процестердің мәні мен маңызын айқындап тәрбиені, ортақ рухты дамытады. Басты мақсат — ел ынтымағы мен бірлігіне үлес қосу.

Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиемен байланысы, оған ықпалы байқалып тұрады. Басым жағдайда олардың пішіндері мен көріністері біртұтастық сарында байқалады. Тарихи-әлеуметтік, дәстүрлік мазмұндарына ықпалдық факторлар сәйкестік танытады. Қазіргі қоғамдық қатынастар ауқымындағы ұлттық психология мен ұлттық тәрбиені алсақ табиғаты бір тәрбиелік мәні жұптас құбылысқа тап боламыз. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, салт-жоралғылар, меймандостық көріністері ескі мен жаңаның үйлесіміне ие болуы тиіс. Ұлттық психологиядағы мінез-құлық, ұлттық мақтаныш пен ұлттық рух қасиеттері ұлттық тәрбиемен өзара байланысты бір-бірімен шарттас құбылыстар. Психологиялық жағынан әдет, дағды, ішкі наным мен ұстамдылық, иланымдық пен ұлт мүддесіне берілгендік және т.б. сапаларды талап етеді. Тәрбиелік нысанда бірлесе отырып жалпы ұлттық рухани-психологиялық салтымызды орнықтыруға себепкерлік көрсетеді.

Әрбір халықтың рухани-психологиялық қасиеттері тарихтың терең тамырымен астасып жатады. Ұлттық психология өз табиғатында ұлттың жаратылысындағы қилы кезеңдерді, яғни, жақсылық пен жамандық, өмір сүру салты мен шаруашылығы, қала берді саясат әрі идеологияны бойына сіңіреді. Сондықтан ол ұзақ тіршілік нәтижесінің жемісін көрсетеді. Ұлт рухындағы ұлттық сезім, ұлттық мінез-құлық, ұлттық мүдде, ұлттық әдет-ғұрыптар, отан сүйгіштік, ұлттық мақтаныш пен намыс, ұлттық талғам және т.б. белгілер сол халықтың ізгі байлығының ажырамас элементтері. Дегенмен, қоғам тынысында аталған қасиеттер өшеді, жаңаланып түрленеді соның арқасында әрбір ұрпақтың рухымен бірігіп өзін көрсетумен болады. Ал оның деңгейі, мазмұны мен беріктігі ұлттық тәрбиемен байланысты өмірге келеді. Соған орай ұлттық психология мен ұлттық тәрбие тарихи сананың жалғасы іспетті мәнді және назар аударарлық құбылыстар болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адам санасындағы күрделі жаңғыру процесімен бірге жүріп жатыр. Бұл құбылыс елдегі білім беру жүйесін реформалау, кеңейту қажеттігін талап етуде. Біздегі бұрынғы білім беру жүйесіне шектен тыс идеологиялық тәуелділік пен кәсіптік тар бағдар тән болғаны белгілі. Оған қоса ұлттық ерекше табиғатты оның өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын ескере бермейтін үлгідегі бағыт ұсталды. Осының бәрі ұлттық мазмұннан жатсыну, рухани өмірдің жұтаңдануына әкеп соқты. Сондықтан жоғарыда атап өткеніміздей, ел саясатында алға қойылған гуманитарлық білім беру, тарихи сана мен азаматтардың жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру, этно-мәдени білім беру тұжырымдамалары — нарықтық қатынастар әлеуметінің заңды талаптары. Онда ұлттық тәрбиенің жалпы кешенінде орта білім беру жүйесіндегі даярлық дара белгіленген.

Мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі басымдылықтарымен бірге оны жүзеге асырудың мынадай міндеттері көрсетілген: тарихи ілім-білімнің негізгі-негізгі нысаналарын анықтау; тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты проблемалары мен оны шешудің

ықтимал бағдарларын айқындап алу; тарихи білім беру мен ағарту ісін реформалаудың жолдарын белгілеу[47]. Тарих ғылымдарының проблемалары дәйекті бағытталып тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі нақтыланған.

Ұлттық тәрбиенің тарихи бірізділікке бел артуы орынды әрі ізгілікті бетбұрыс. Мұнда атап өткеніміздей ұлттық психология мен ұлттық тәрбие өзара байланысты және ықпалды жағдайда жүреді. Бұл екі құбылыстың ара жігін ажыратуға болмайды. Соған сәйкес, олардың табиғатын, құрамдас элементтерін қалыптастыратын факторларын бір арнада зерттеген дұрыс деп пікір ұсынамыз. Өйткені тарихи-дәстүрлі ұлттық психологияның қасиеттері ұлттық тәрбиеге ықпал етсе, онда ұлттық тәрбие де өз тарапынан ұлттық психология белгілерінің сақталуына жағдай тудырады.

Ұлттық тәрбие тек тарих пәніне ғана байланысты емес. Тіптен мектептегі кез-келген пәннің мазмұнынан ұлттық дәстүр, талғам орын алуы тиіс. Ең алдымен өз Отанына, еліне, жеріне сүйспеншілік ұялауы қажетті нәрсе. Өйткенмен, ұлттық томаға-тұйық шектелуден, дандайсудан аулақ болып, жалпыадамзаттық және ұлттық белгілердің үйлесімін жасау методологиялық басты міндет. Бұл өркениеттілік белгісі.

Ұлттық тәрбие, ұлт рухы жайындағы мәселеге байланысты алдымен ұлттық тіл жадымызға орныққаны белгілі. Ұлт өмірі оның жаратылысы ұлттық тілмен байланысты. Бұл тұрғыдан аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Тағдыр таразысының басында тұрған нәрсе. Оған халқымыздың қайсар перзенті Мұқтар Шахановтың өлеңін ұсынуден шектелдік:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа да

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері — түп қазығы айбыны.

Туған тілі — сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы — тірегі.

...Төрт анасын қорғамаған халықтың

Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана — тағдырыңның тынысы

Төрт ана үшін болған күрес — күрестердің ұлысы! [48, 8]

Ұлттық психология рухани қасиет болғандықтан сана-сезімдік, идеологиялық және психологиялық көріністе болғанымен оның материалдық салмақта, жағдайға байланысты сарыны бар. Ол әдет-ғұрып, салт жоралғы, ұлттық мүдде өрісінде өз қажеттілігін байқатады. Осы мезетте ұлттық психология дүниеқұмарлық, менмендік, даңғойлық, мақтану, кісімсінуге, көкірек қағу т.б. теріс қылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Тоқ етерін айтқанда, ұлттық психологияның мұндай қасиеттері ұлттық тәрбиеге де әсер

етеді. Бұл тұжырым өте күрделі әрі қарама-қайшы өріске қатысты мәселе. Оған жеке тоқталып талдау қажет.

Біз жоғарыда ұлттық психология мен ұлттық тәрбиенің өзара байланысы мен шарттылығын атап өттік. Ал оның ұлттық тәрбиеге айналу әсері балабақша тәрбиеленушілерімен, тәрбиешілермен, оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, қалың жұртшылықпен және басқа да қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін іс-шаралардың сапасына келіп тіреледі. Тіптен мектептегі әрбір сыныптар үшін ерекше оқу-тәрбие жұмыстарын талап етеді. Сабақ пен тәрбие жүйесінің салалары «туған өлкем — мақтанышым», «ел батырлары», «достық күші», «өлке тарихы», «экология», «халық шығармашылығы», «әдебиет пен өнер», «қолөнер», «ұлттық асхана», «заман және әдеп», «менің Отаным» т.с.с. күрделіленіп жалғаса береді. Аталған тақырыптық тәрбие шаралары қазіргі мектептегі оқу тәжірибелерінде әдеп сабақтары, сайыс-сабақ, семинар-сабақ, ойын-сабақ, сынақ сабақ т.б. арқылы мұғалімдердің әдістемелік шеберлігімен іске асса, оқудан тыс жағдайда аталар мұрасы, әжелер мектебінің көмегімен өзін көрсетуде. Бұл жүйеде оқушылармен факультативтік сабақтардың да пайдасы қомақты.

Осы кешенді шаралар барысында ұлттық психология мен ұлттық тәрбиедегі ескі мен жаңаның арақатынасын тағы да ескерген пайдалы. Қазір өтпелі дәуірді бастан кешірудеміз. Осы орайда күні өте бастаған мінез-құлық нұсқаның басымдығы және мінез-құлық инновациялық нұсқасының солғын ғана көрініс беруі әлеуметтік инфрақұрылымның экономикалық реформадан едәуір артта қалып отырғаны айғақ. Оның себебі сіңіскен рухани-психологиялық қасиеттердің баяу өзгеруіне саяды. Қазіргі әлеумет іскерлік этикасын, нарықтық қатынастар мәдениетін, құқықтық мәдениетті жетілдіруді, нарықтық экономикада тұтқалы орындарды алуға ұмтылыс психологиясын қажет етеді. Сондықтан ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалы жеке адам және топтық және әлеуметтік бағалау үйлесіміне жетелеуі тиіс. Мысалы, қазақтар үшін қазіргі ақындар айтысы, қонақжайлық, құда-жекжаттық, шашу т.б. дәстүрлер жаңа қырынан байқалғаны керек. Оған қоса арамызда кездесетін мамыражайлық, арқа сүйеу, бейқамдық, кенарқа сияқты теріс өмір салты белгілерінің де ескіден қалған табиғаты бар. Жас ұрпақ кеңес дәуіріндегідей «қамқорлыққа» емес өзіне өзі сену сезімі арқылы мінез-құлықтың нарықтық үлгілеріне ұмтылысын нысана етуі міндет. Бұл — қазіргі әлеуметтің заңды талабы.

Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Қазақ ұлтынан өзге халық өкілдері ұрпағы үшін ұлттық тәрбие мәселесі қандай болмақ. Мәселе күрделі әрі қарама-қайшылығы жеткілікті процесс. Себебі қазақ еліне деген сүйіспеншілік әрбір ұл өкілдерінде жоғары дәрежедегі ерікті сезім өрісіне жете қоймағаны белгілі. Сондықтан ұлттық тәрбиенің басты бағыты жалпықазақстандық патриотизммен үндестікте жүруі керек. Мәселеге ұйытқы әрі бастамашылдық қазақ ұрпақтарынан бастау алуы маңызды нәрсе [43, 155].

Отаншылдық өз елінді танудан басталады. Әңгімемізге тиек оқушылар болғандықтан ресми пайдаланып жүрген оқулықтардан өзге материалдар тұрғысында қысқаша тоқтала кетелік. Мұнда кәдеге жарайтын тақырып та, әдебиеттер де жеткілікті. Тек ұстаз шеберлігі мен жалықпастық ізденіс керек. Мектеп жасындағы балаларға арналған «Сен білесің бе? - 2» тарихи-этнографиялық кітаптар топтамасын «Аруана» баспасы шығара бастауы өте қуанарлық пайдалы қадам. Оның қамтыған өрістері нақтылы әрі мазмұнды. Соған орай «Қазақстан Республикасы», «Қазақстанның астаналары», «Қазақтың билері», «Асыл сөз аталары», «Қазақ хандары», «Қазақтың бес арысы», «Қазақтың үш бәйтерегі», «Аңызға айналған жерлер», «Бата-тілек», «Ай аттарының сыры», «Үйлену тойы», «Дүниеге сәби келді!», «Үш жұрт» «ежелгі түркі тайпалары», «шежірелі жерлер», «Отырар кітапханасы», «Қазақтың ежелгі қалалары», «Мүшел жас» және т.б. болып жалғасқан. Балалардың бойында ізгіліктік, адамгершілік, жан ашушылық, сөз астарын ұғыну, ұлттық сезім мен тапқырлық қасиеттерін жетілдіруде көпшілікке арналған басылымдар [49] ұлттық тәрбиедегі тәжірибелерімізге арқау болуда. Соған сүйене отырып аталған әдебиеттерді көпұлтты оқушылар ұжымдарына да ұсынуға толық болады.

Сайып келгенде ұлттық тәрбиенің өрісімен еліміздің болашағына тірек болатын ұрпақтың рухани-психологиялық жаратылысана қажетті ақиқаттық көзқарас пен іскерлікті сіңіре аламыз.

Біз ұлттық тәрбиеге ұлттық психологияның ықпалын, онымен байланысын, өзара қарым-қатынасы туралы мәселе қозғадық. Ал, өмір тәжірибесі көрсеткендей ұлттық психология ұлт менталитетімен сарындас, өзекті табиғаттары үндес қасиет болып табылады. Сондықтан да ұлттық менталитеттің ұлттық тәрбиеге ықпалы мен байланысын ықшамды мазмұнда қозғамасақ мәселенің ауқымына қажетті бір нәрсе жетпей қалады.

Өткен кезеңдерде жіберілген әлеуметтік-саяси қателіктер, ауытқулар зардаптарды жаңа көзқарас пен бағалау сарынымен орнына келтіріліп қазақ ұлтының экономикалық, мәдени және рухани жағынан қайта түлеп ұлттық сана-сезімнің ояну кезеңіне жетіп отырмыз. Сондықтан ұлттық сананы, ұлттық психологиялық пішін мен менталитетімізді қалыптастыру мен өрбіту заңдылықтары жаңа талап-тілектер негізінде жүзеге асуы тиіс.

Қазіргі нарықтық қатынастар ауқымы меншікке жаңаша қатынас, кәсіпкерлік, еңбекті жаңаша ұйымдастыру, саяси жүйеге сыпайылық, «құқықтық ойлау», іскерлік, электрондық есептеу шеберлігі, саяси-құқықтық және экологиялық мәдениет және т.б. қасиеттерді жетілдіруді қажет етеді. Жаңа қоғамдық қатынастар өз заңдылықтары арқылы жетіледі. Қоғамның жетілуі, рухани-психологиялық дамуында ұлттық тәрбиенің рөлі мен мәні қажеттілік болып отыр. Осы бағытта жалпыадамзаттық және ұлттық қасиеттердің айқындалуы, табиғатының анықталуы да адамгершілік белгілерін ашып анықтай түседі.

Қазақ халқының ғасырлар бойғы шаруашылығы, әдет-ғұрпы, тілі, дүниетанымы, мәдени рухтық өрісі ерекше. Соған орай ұлттық психология

мен ұлттық менталитеттің арақатынасы, ортақ мазмұны мен табиғаты, құрылымы мен пішіндері де жеке зерттеліп [50] тәрбие құралының элементіне айналғаны жөн.

Менталитет әр тілде түрліше айтылғанымен негізінде латын тілінен алынған. Олардың пайымдауына сүйенсек, бұл ұғым жеке адамдардың, не топтардың «ақыл» сапасы мен сананың қабілетті күшін, ақылдың бастауын, мазмұнын, құрылымын, ойлау түрін, бағытын сондай-ақ мүмкіндігін бейнелеп, олардың басқа физикалық құбылыстардан ерекшелігін ажыратып береді. Айталық мидің салмағына, көлеміне, оның ішіндегі түрлі иірім жолдарына жатпайтын, одан тыс тікелей туындамайтын интеллектуалдық құбылыс. Бұл сезімдік және рухани ойлау тәсілі, жеке адамдардың немесе топтың рухани хал-жағдайы. Профессор Тадевосян Э.В. былай деп көрсетеді: «Менталитет – тұрақты ойлау түрі, не ана, не мына жеке адамдар, саяси-әлеуметтік институт, топтар, ұйымдар т.с.с. бөлімшелер туралы шындықтың жинақталған, таратылған бейне-түсінігі» [51, 113]. Осы анықтаманың айналасында пікір алшақтығы көп. Оның көпшілігі дегенмен менталитетті тек адам санасымен байланыстырады. Олай болғанмен де, ол, тек сонымен ғана шектелмейді.

Әр халықтың менталитеті әр қилы екені белгілі. Дегенмен, Батыс Еуропа халқына тиісті жалпы менталитет бар. Отырықшы халықтар менталитеті көпшенділерден өзгеше. Мәселен, жалпы Еуропа халықтарының жағдайлары, айталық француз, ағылшын, неміс халықтарының тұрмыс жағдайлары біріне-бірі ұқсас әрі жақын, айырмашылықтары-ойлау жүйесінде мінез-құлқында және т.б. Ал, көшпелі халықтарға келетін болсақ, мәселе тіпті басқаша. Олардың менталитетін еуропалықтардікіне ұқсатуға болмайды. Осы тұрғыдан профессор Д. Кішібеков мынадай пікір айтады: «Көпшелілер менталитетін тек санадан шығармай, кеңінеп алып қараған жөн. Негізінде ол мағынаға көпшелі халықтардың тұрмыс-жағдайынан, қоршаған ортасынан туындап, бірте-бірте қалыптасқан мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, ойлау жүйесін, салт-санасын бейнелейтін рухани келбетінің сомдалған жиынтығын жатқызуға болады. Олай етпейінше көшпелі жағдай мал бағып, мыңдаған жылдар өмір сүрген халықтардың, оның ішінде қазақтардың менталитетін түсіну мүмкін емес» [52, 4]. Қазақ халқының менталитетін еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқаша.

Менталитетті адамдардың нақтылы ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен және т.б. бөліп қарауға болмайды. Ол тек осындай кешенді түсініктер арқылы бейнеленетін, ұғынуға болатын қасиет. Олардан менталитетті жеке-дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Жазушылар, суретшілер бір халықтың, ұлттық немесе солардың өкілінің бейнесін сол қасиеттер арқылы сомдайды. Олай болса сол нақтылы іс әрекеттерден, әдет-ғұрыптардан, мінез-құлықтардан тыс менталитет жоқ. Оны тек оймен, қиялмен ғана ұғынуға болады.

Менталитет алдымен туған географиялық ортаға, сондай-ақ, материалдық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық жағдайларға сәйкес және сонымен тығыз байланысты қалыптасады. Осы факторларға сәйкес адамның рухани дүниесі, ойлау жүйесі, мінез-құлқы, қайрат-жігері, әдет-ғұрпы, ойын-сауығы т.б. өзіне ғана тән қасиеттері тұрақталады. Осындай қасиеттер арқылы бір ұлт екінші ұлттан ерекшеленеді. Сол ерекшеліктер арқылы қоғамның рухани байлығы артады.

Мәселен, жапондардың менталитеті орыстардан басқа, орыстардың менталитеті немістерден басқа. Біз оны олардың өнерінен, шығарған затынан, рухани дүниесінен, өмірге көзқарасынан білеміз. Мысалы, жапондардың шығарған бұйымынан алдымен эстетикалық әдемілікті, үйлесімділікті, одан соң сапалылығын, ал немістердің шығарған бұйымынан алдымен тиянақтылықты, ұқыптылықты, одан соң басқа қасиеттерін байқаймыз. Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс барлық жағынан білімділікті, нақтылықты, сөз бен істің бірлігін талап етеді.

Ал, қоғамның нарықтық экономикаға көшуі жайбарақаттықты, жалқаулықты, енжарлықты, боссөздікті қаламайды. Оған керегі-іскерлік, әрекеттілік, тапқырлық, үнемшілдік және т.б. қасиеттер. Осыған орай халықтың, ұлттың, оның өкілдерінің менталитеті де бірте-бірте өзгереді. Өйткені, әлемде өзгермейтін ешнәрсе жоқ. Менталитет де заңдылықтардан тыс қалған құбылыс емес. Бұл бағытта профессор Д. Кішібековтың аталған еңбегінде көңілге қонымды әрі дәлелдігі басым пікірлер осы тұрғыдан зерттеуді тереңдете түсуге бағыт сілтейді.

Қазіргі ұлттық менталитетіміз жаңа әлеуметтік кезеңде белгілі қоғамдық міндеттерді алға тартады. Онда:

- ұлттық экономиканы, өндірістерді дамыту, шығарылатын заттардың сапасын белгілі халықаралық дәрежеге көтеру басты мақсат;
- жас ұрпақты турашылдыққа, өз ойын ашық айту мәдениетіне, жалтақ әрі мәймөңкешіл болмауға тәрбиелеу;
- ұлттық рухты көтерудің басты бір кілтипаны — ол әділеттік орнату. Ол үшін сыбайластық жемқорлықты жою керек;
- ғылым, білім саласында қалыптасқан табыстарымызды жалғастыра беру;
- «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы белгілеген нысандарды жүзеге асыруға ат салысу басты міндет ретінде саналды. Әрине бұл қажеттіліктердің тәуелсіз мемлекетте жүзеге аса қоюына көптеген кедергілер мен қиындықтар бар екендігін де ескеруге тиіспіз.

Әлемде ешбір таза не ұлт, не нәсіл болған емес. Халық пен халық, этнос пен этнос ұдайы аралас, қатар өмір сүрген, біріне-бірі әсер еткен, бірінен-бірі үйренген. Керек десеңіз, қазіргі қазақтардың арғы атасы көшпелі скифтер мен славяндар арасында да тығыз байланыс болған. Александр Блок айтқандай: «Мы скифы с косыми глазами». Ол байланыс жайында кезінде Геродот, соңғы кезде Конрад Н.И., Рыбаков Б.А., Гумилев Л.Н. және т.б. жазған. Тек бұл емес, орыста скандинавия халықтарымен, украиндар түрік,

қыпшақтармен де қазақтар монғол, өзбек, татар басқа да халықтармен, түріктер қазақтармен тығыз байланыста болғаны тарихтан айқын. Дегенмен әрбір халықтың өзінің менталитеті бар. Оның қасиеттері жоғарыда аталған себептерге байланысты. Мына мәселені де қоса кетуге болады. Қазақ жерінде туып, өскен басқа ұлт өкілдері де кей жағынан жергілікті халыққа ұқсап бара жатқан секілді. Бірақ, ол да заңды құбылыс. Көшпелі қазақ халқының өзіндік менталитеті болды. Ал, отырықшы халықтардан ғана емес, тіпті басқа көшпелі халықтардан да ерекшелік байқалады. Әрине ұқсастық тағы да бар [53].

Ұлт менталитеті, ұлттық тәрбие және т.б. тарихи дамумен байланысты көп нәрселер кезінде жабық болғаны ақиқат. Қазір Түріктің және Ұлы даланың көне тарихы арамызға оралып өз мән-мағынасын, тарихтағы рөлін, орнын қалпына келтіру үстінде. Халқымыздың көне тарихы мен мәдениеті оның өзге халықтарға ықпалы айтыла бастады. Бұл ұлттық тәрбиенің мақтаныш тудыратын өзегінің бірі [54].

Біз жоғарыда менталитет өзгереді дедік. Біздің пікірімізше, бұл өзгеріс қазақ халқын тездеп дамытады, алдыңғы қатарлы елдер дәрежесіне көтереді. Соған сәйкес прогреске сай келмейтін әдет-ғұрыптар ұмытылады. Жаңа әдет-ғұрыптар қалыптасады. Өйткені өмір сүру тәсілі өзгеруіне байланысты қазақ халқының да қоғамдық болмысы өзгеруде, соған сәйкес қоғамдық сана, әдет-ғұрып өзгереді. Сонымен қатар қазақтардың қанына сіңген кейбір ерекшеліктер сақталады. Өйткені оның тілі, ойлау тәсілі, ән-күйі, мақал-мәтелдері, қарым-қатынастары, ақ пейіл, кең мінез сақталуы тиіс. Бірақ қандай қасиеттер қалады, қандай қасиеттер өшеді деп ғылыми долбар айту қиын. Оны келешек әлеуметтік-саяси ауқым, ұлттық рухымыздың деңгейі анықтайтын болар. Себебі менталитет тарихи-әлеуметтік, тұрмыстық-мәдени, ұлттық психология және т.б. ерекшелік құбылыстармен етенелес қасиет екендігін ескерсек тарихи сана ретіндегі мұра деп те қабылдауға болады. Міне, мәселенің күрделілігінің өзі де осында. Оған тек салиқалы ғылыми талдау ғана жауап бере алады.

Қазақ менталитетінің әлеуметтік табиғатын тануда құқықтық құндылықтардың да алатын орны ерекше. Олардың бүгінгі менталитеттегі көріну ерекшеліктерін анықтап алмай, кәзіргі жүріп жатқан құқықтық реформаның пәрменділігі мен сапалық деңгейін, оның бағыт-бағдарын айқындау қиын. Құқықтық құндылықтар жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-қимылдарының, олардың мінез-құлықтарының, ойлау жүйесінің, дүниетүсінігінің негізін қалап, бағыт беріп отырады. Басқаша айтқанда, құқықтық іс-әрекет осы құқықтық құндылықтарды адамдардың бойына сіңіріп, меңгеруіне тікелей байланысты.

Демократиялық қоғам құрып жатқан Қазақстан үшін, оның ішінде құқықтық реформаның басты субъектісі болып отырған қазақ халқы үшін ғасырлар бойы жинақтаған, дәстүрлі құқықтық құндылықтардың ұлт менталитетінде алатын орны ерекше. Сондықтан да, ұлт бойындағы дәстүрлі құқықтық құндылықтарды жаңа заман талабына сай педагогикалық және

психологиялық тұрғыдан зерттеудің де теориялық және практикалық маңызы ерекше. Бір сөзбен айтқанда, қазақ менталитетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық құндылықтарды зерттей отырып, қазіргі құқықтық реформаның қиындықтары мен қайшылықтарына жауап беруге болады. Ал бұл мәселе, тәуелсіз құқықтық мемлекет құру үшін өте маңызды.

Қазақстандағы бүгінгі құқықтық реформа жағдайы кімді де болса толғандырады, оның дамуына шет елдер де зор ынта қойып отыр. Өйткені, құқықтық реформаны тереңдетпей, оның пәрменділігін арттырмай, Қазақстанда демократиялық және нарықтық қатынастарды өркениеттілік негізінде дамыту мүмкін емес.

Қазақ менталитеті, оның дүниетүсінігі мемлекеттік құқыққа қарағанда қарапайым құқыққа-әдетке бейімделген. Бұл оның басты ерекшелігі.

Былайша айтқанда, адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті адамдардың өзара қатынасы, адамның қоғамға қатынасы, адамның табиғатқа қатынасы халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани құндылықтар негізінде айқындалып, ұлт менталитетінің табиғаты мен мазмұнын анықтап отырды. Сонымен бірге, рухани құндылықтар қоғамдық қатынастар мен қазақтың дәстүрлі қоғамындағы саяси қатынастарды реттеуде де шешуші фактор болды. Сайып келгенде, құқықтық қатынастарды түсінудегі ұлттық ерекшелік қоғамдағы мемлекеттің осы мәселелерді шешудегі ролін де анықтап берді. Мемлекет билігі заңмен емес, керісінше дәстүр, әдет арқылы шектеліп отырды. Құқық пен мораль, құқық пен дін арасында айырмашылық болғандықтан құқықты бұзу діни-моральдық ескертпелер мен шектеулерді бұзу деп саналды. Мұндай синкреттік менталитет «Жеті жарғы», «Есімханның ескі жолы», «Қасымханның қасқа жолында» – орын алған.

Құқықтық құндылықтарды ұлт менталитетіне сіңіруде билер институты үлкен үлес қосты. Ел арасынан шыққан билер әділет жолында аянбай еңбек етіп, дау-жанжалды шешуде асқан шеберлік танытып халық алдында үлкен беделге ие болды. Билердің арнайы білімі болған жоқ. Олар көп жағдайда дау-дамайларды халық даналығына сүйене отырып шешті. Тура билік айту асқан шеберлікпен қатар шешендікті, табиғи дарындылықты, тапқырлықты, жеке бастың беделділігін қажет етті.

Халық билерді өз ортасынан шығарып отырған. Ел есінде Төле би, Қазыбек би, Айтеке би есімдері күні бүгінге дейін аса құрметпен аталады. Өйткені олар халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарып әділет үшін қызмет еткен. Биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділін, қара қылды қақ жарып айтқан кісі көтерілген. Ер құны, жер дауы, жесір дауын билер асқан шеберлікпен шешкен. Олар жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді алға тартып, мал дауы, ар дауы мен намыс дауына кесім айтады. Қарапайым халықтың әділет, шындық іздеп билерге баруы дағдылы әдет болған. Тіпті, кейбір тарихи деректерге сүйенсек билер сотына қазақтардан басқа да ұлт өкілдері өтініш жасап істерін билер сотында қараған.

1822-1824 жылдары дала өміріне күшпен енгізілген орыс соты қазақтың дәстүрі мен салтына, ұлттың менталитетіне бейімделген билер сотының тамырына балта шапты. Ендігі жерде бүкіл құқықтық қатынастар патшалық орыс империясының саясатына бейімделетін болды. Билер сотын жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар іске алғысыз қылды. Нәтижесінде, олар қорғау қызметінен айырылып, анахранизмге айналды. Жергілікті жерлерде атқарушы органдар тарапынан қолдауға ие болмағасын, олардың тәуелділігі артты. Орыс соты атқарушы билік тарапынан билікке ие болуының нәтижесінде ел арасына кең тарай бастады. Бұдан әрі халық орыс сотына шағымданатын болды.

Сонымен қатар XIX ғасыр ішінде қарапайым құқықпен қатар шарифаттық құқық та қазақ менталитетіне өз ықпалын тигізе бастайды. Мұсылмандықтың заңдарын негізінен таратушы татар молдалары болды. Олар сот ісіне араласып, шарифат заңдарын ендіре бастады. Шарифат заңы әсіресе неке қию, от басы қатынастарына тарала бастайды. Тіпті XIX ғасырдың ортасынан бастап қарапайым құқық жүйесінде халықтан зекет салығын жинау туралы баптар да пайда болды. Зекет салығы негізінен тұрмысы төмен адамдарға көмек есебінде, одан қалды молдаларды ұстау үшін, балаларды діни оқуға үйрету үшін жұмсалды. Әрбір мұсылман рамазан айында пітір садақасын беруге тиісті болды. Бұл дәстүр қазақ менталитетінде осы күнге дейін сақталған. Шарифат заңы бойынша дінге қарсы шыққан адамдар қатаң жазаға ұшырап отырған. Бір сөзбен айтқанда, мұндай дуалистік құқықтық жүйе XX ғасыр басына дейін сақталып келді.

Қазақ менталитетінің тағы бір ерекше көрінісі жанұя, отбасы мәселелерін шешудегі қалыптасқан құқықтық қатынастар. Қазақ дәстүрінде неке шарт жасасу арқылы қиылмайды. Шарттық қатынас қазақ менталитетіне жат қасиет. Ата дәстүр бойынша еркек шаңырақ иесі, әйел от басының берекесі. Әкенің айтқаны балалары үшін заң және ол орындалуы керек. Әке шаңырағы қара шаңырақ деп аталады. Кенже бала шаңырақ иесі. Шаңырақ иесі дегенде дұрыс түсінетін нәрсе, ол әкесінің бүкіл дүние мүлкі, малы, байлығы кенже бала қолында қалады деген сөз. Қазақта еркек пен әйел арасындағы мүліктік қатынас шарт, заң арқылы реттелмеген. Соңғы кездері осы мәселеге жаңа қазақтар қатты назар аударуда. Ол түсінікті болса керек, өйткені нарық некелік қатынастарға жаңа құндылықтар мен түсініктер әкелуде. Некеге кейбіреулер прагматикалық көзқараспен қарайтын болды. Қыздар қалтасы қалың мырзаларды іздесе, жігіттер әкесі бай немесе бастық қалыңдық іздейтін болды.

Қазақ билері елдің құқық, бостандығын қорғауда сөзді қару ете білген. Бұл жерде сөз бостандығы негізінде рух бостандығы жатқанан ұмытпауымыз керек. Рух бар жерде алға тартар идея да күшті болады. Біздің саяси шешендеріміз қағазға қарап сөйлеуден аса алмай жүр. Ана тілінде еркін көсіліп сөйлейтіндер бірен-саран. Ал бұның барлығы сайып келгенде рухтың әлсірегенін көрсетеді. Нәтижесінде ұлт менталитеті кібіртіктеп сөйлеу дертіне шалдықты, ойын тұспалдамай, мегзеу, рәміздеп, бейнелі түрде

сөйлемей, төбесінен ұрғандай тік тура сөйлейтін болды. Бұл жерде тоталитарлық жүйенің әсерін естен шығаруға болмайды. Бюрократтық ойлау жүйесі ой еркіндігіне тұсау салып, кешегі билер даналығын ескінің сарқыншағы, феодалдық қоғамның жыршылары деп, одан тағылым алмақ түгіл оқуға да тиым салынғаны белгілі. Бүгінгі ұлт менталитетіндегі кібіртіктеп сөйлеудің бір себептері осында жатыр.

Қазақ менталитетіндегі құқықтық құндылықтың бірі — тендік пен әділеттілік. Әділеттілік қазақ үшін көп жағдайда құқықтық ұғым ғана емес, сонымен бірге моральдық категория. Әділеттілік үшін күрес, билер мен шешендердің, ақындар мен батырлардың, жыршылар мен жыраулар шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Олар халықты әділет жолында тәрбиелей отырып, орын алып отырған әділетсіздікті өткір сөзбен әшкерледі. Ел билеген сұлтандар мен төрелердің, атқа мінер болыстардың әділетсіздіктерін бетіне басып шенеп отырды. Зорлық-зомбылықтарға қарсы күресіп, талант-дарындарын ел еңбегіне арнады.

Ұлт менталитеті мәңгілік деңгейдегі қатып қалған құбылыс емес. Ол объективтік жағдайлардың өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Қоғамдық қатынастар неғұрлым қияндаған сайын менталитет мазмұны да жан-жақты дами түседі.

Халықтың білім деңгейі, саяси сауаттылығы, құқықтық мәдениеті артқан сайын, қоғамдағы жүріп жатқан процестерді соғұрлым тез қабылдап бикемділік пен ептілік танытады. Мысалға, күні кеше ғана құқықтық мемлекет ұғымына жатсына қарайтын қазақ бүгінде, оның қыры мен сырын түсіне бастағандай. Кешегі тоталитарлық жүйе кезінде партия мен мемлекет қызметтерін бөліп ара-жігін заң арқылы реттеудің аяғы немен тынар деп әліптің артын бақса, бүгінде биліктің үш тармағының өзара қатынасы заң арқылы реттелуі қажеттігін толық қабылдап үлгірген. Басқаша айтқанда, мұны құқықтық менталитеттің қалыптасу нышандары деп айтуға болады.

Құқықтық мәдениет көзі де ұлттық мәдениет. Құқықтық мәдениетте ұлттық рух және мінез бар. Қандай да болмаса ұлт құқықтық мәдениет пен тәрбиені қалыптастыруға өзіндік үлесін қосып отырады. Соған сәйкес жекелеген адамдар бойында дүниені тану стилін, белгілі бір стереотиптерді, түсінулер мен сезімдерді қалыптастырады. Ал қазақ үшін заң-әдет, дәстүрлі тиымдардың жиынтық көрінісі. Салт-дәстүрдің өзі моральдық құқық ретінде өмір сүрген. Сондықтан да, өз халқыңның ғасырлар бойы жинаған құқықтық мәдениетін бойына сіңіру, оны кәсіби қызметінде пайдалану ұлттық сананы дамытудың көзі болып табылады.

Жалпы әлемдік ауқымда ғылым мен техника, информациялық, электрондық-компьютерлік жүйе асқақтап тұр. Мұның өзі интеграциялық қозғалысты тездетіп іске асыруда. Оның оқу мен тәрбие процестеріне, байланысқа ықпалы өте зор. Осы кешендік құбылыстың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының ұрпақ тәрбиесіне оның сана-сезімін, дүниеге көзқарасын, адамгершілік деңгейлерін қалыптастыруға ықпалы күшті.

Сондықтан ақпарат құралдары ұлттық тәрбиеге қаншалықты пайдалы немесе кері әсер етіп отырғаны туралы ой бөлісуді жөн санадық.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғанындай оқыту, білім беру, жетілдіру, дамыту, қалыптастыру, т.б. үрдістер дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің нәтижесінде жүзеге асырылатыны белгілі. Ал педагогиканың басты міндеттерінің бірі — тәрбие туралы ғылыми білімді жинақтау және жүйелеу, соның нәтижесінде тәрбие мен білім берудің тиімді әдістерін табу. Осы тұрғыдан қарастырсақ, жаңа ғасырға бетбұрыс жасап отырған кезеңде барлық объективті және субъективті жағдайларды ескере келе уақыт талаптарына жауап бере алатын тәрбиелік әдістерді, құралдарды анықтап, оны қолданысқа ендірудің қажет екендігін өмірдің өзі талап етіп отыр.

Әлеуметтендіру институттарына, ең алдымен, отбасы, оқу-тәрбие орындары және бұқаралық ақпарат құралдары жатады. Кейінгі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбие жұмысындағы рөлі жан-жақты зерттелуде. БАҚ-тың қазіргі уақытта жеткіншектердің дамып, қалыптасуындағы орнын әр түрлі қырынан қарастыруға ұмтылыс бар.

Жасөспірім тұлғасының дамуы мен қалыптасуы қашанда қоршаған ортамен қарым-қатынаста болудың жемісі. Қазіргі кезде адамдар өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөле бастаса, бір жағынан техникалық прогресс заманында бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы да ұлғая түсіп отыр, сондықтан балаларды тәрбиелеуде әртүрлі бағыттағы ақпараттық ықпалдан бақылау қажеттілігі туындайды. Бұл мәселенің күрделілігі соншалық, дамуы жағынан артта қалған мемлекеттер үшін көкейкесті болмағанымен, Батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде педагогикалық басты міндеттеріне жатады. Бұл проблема біздің елдің педагогтарын, білім-тәрбие саласында жүрген мамандарын ойландырса керек. Қазіргі кезде технологияның жоғарғы жетістіктерге қол жеткізіп отырған заманында оқушылардың көпшілігі теледидар көру, видеоны пайдалану мүмкіндігімен қатар, көптеген балалар компьютерлік ойындарды ойнауға бейім тұрады. Ақпарат құралдары бағдарламаларының көбі бала дамуына кері әсер етуі мүмкін екенін ескеріп жатпайтындығымыз тағы бар. Балалар мен жасөспірімдер өмірінде БАҚ рөлінің артып отырғаны ашық фактор. Сонымен бірге зерттеу материалдарында бұл процестегі балалардың мүмкіндіктері де қамтылған. Мысалы, америкалық балалар бір жылдың ішінде теледидардан шамамен 20 мың жарнамалық клип көреді екен, сонымен қатар, олардың 12 мың журнал және 2000 газет, 50 мың кітап пайдалануға мүмкіндіктері бар. Оларға 1200 телестанция және 1000-ға жуық радиостанция қызмет көрсетеді. Салыстырмалы түрде қарастырғанда, ақпарат тарату және оны тұтынушылардың пайдалануы жағынан рейтингіні теледидир алады. Себебі, теледидар хабарлары қашанда тартымдылығы, жеңілдігі, мәтіндерінің әр түрлі сюжеттермен, әуендермен бірлесіп берілуі арқылы балалардың қызығуын оятып, оларды өзіне баурап алуға мүмкіндігі мол. Балалар ешбір қиындықсыз өзіне қажетті (кейде қажетсіз) ақпаратты ала алады және тағы бір ерекшелігі, ол ақпараттарды қабылдау барысында оқу

үрдісінде міндетті болып есептелетін бағалаудың қажеті болмайды. Осы жағынан келгенде балаларға бұл ыңғайлы. Мұның барлығы балалардың сол ақпараттарды естерінде жақсы сақтауға мүмкіндік береді және көп жағдайда оның бала өмірінде өте маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Сондай-ақ, зерттеулер барысында өте маңызды тағы бір мәселеге көз жеткізген. Мысалы, балалардың ақпарат құралдарына риясыз сенетіндігі, яғни журналистердің бұрыс ақпарат беруіне негіз жоқ деп есептейтіндіктері. Аталған деректерге сүйенсек, жеткіншектерді қалыптастыру барысында бұқаралық ақпарат құралдары белсенді құрал болады деуге толық негіз бар. Бірақ, ғалымдар бұл әрекеттің кейбір жағдайда кері ықпал тигізетінін естен шығаруға болмайтынын ескертеді. Олардың бұл ойымен толық келісуге болады.

Ресейде жүргізілген сауалнаманың нәтижесіне сүйенсек, сұралғандардың 67 пайызы қазіргі теледидар бағдарламаларының балалар мен жасөспірімдерге кері әсер етеді деп есептейді. Тек 14 пайызы теледидар жастарға оң ықпал етеді, яғни нақты өмірге бейімделген еркін де белсенді адамдарды тәрбиелейді деген пікірде. Ал қатысқандардың 13 пайызы электронды БАҚ-тың Ресей жастарының адамгершілік қасиеттеріне кері әсер етіп отырғанын сезінбейтінін айтқан. Қалай десек те біздің уақытта БАҚ жас жеткіншектерді тәрбиелеуде ең ықпалды болып табылады, бұл әсіресе теледидарға тікелей қатысы бар, себебі теледидарды елдің бәрі көреді. БАҚ-тың ықпалы біреулер үшін оң болса, енді біреулер үшін кері әсер етеді. Бұл мәселе қашаннан талас тудырып келе жатқаны белгілі. Дегенмен, БАҚ-тың ықпалы ең тиімділердің қатарына жатады.

Қай тақырыпты алсаңыз да жас ұрпақ тәрбиесі өрісінде ақпарат құралдары жетекші орында болып отырғаны өмір шындығы. Қоғамдық сана мен қоғамдық пікірді қалыптастыру барысында да алғы шепте. Сондықтан ақпараттарда ағартушылық ұстаным болуға тиіс.

Шын мәнінде қазіргі ұрпақ тәрбиесін БАҚ қолға алғанына біраз уақыт болды. Сондықтан оның тәрбиелік ықпалына көбірек көңіл бөліп, керісінше зиянды деп табылатын бағдарламаларға тосқауыл қоюдың уақыты келді. Ондай мысалдарды дамыған елдердің тәжірибесінен келтірер болсақ, АҚШ, Ұлыбритания, Франция сияқты мемлекеттерде балаларға қатысты бағдарламаларды сараптаудан өткізу, олардың дамуына кері әсерін тигізетін хабарларға кедергілер қою қатал түрде жолға қойылған. Сонымен қатар, жас жеткіншектердің тәрбиесімен тұлғаның дамуына сәйкестігі міндеттерінің мақсатында ақпараттық өнімді жасаушылармен тығыз байланыс жүргізуді ұйымдастыру жағы да қарастырылған. Ондай қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін бұл саясат тікелей мемлекеттік дәрежеде жүргізіледі. Ол үшін заң органдары әртүрлі нормативтік актілер дайындайды екен. Аталған мемлекеттердегі бұл шаралар БАҚ қызметіне қол сұғу деп есептелмейді. Өйткені, балалар тұтынатын БАҚ өнімдері ол елдердің әрбір азаматын ойландырса керек.

Бұқаралық ақпарат құралдары адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетті қалыптастырып, құндылықтар бағдарын айқындайтын болса, білім, дағды, білік, ар-ұждан, танымдық қызығушылық қасиеттерін сіңіруге ықпалды болуы тиіс. Ал, осы тұрғыдан біздің еліміздегі жағдайды қалай бағалауға болады. Көп жағдайда біздегі көрсететін фильмдерде, көңіл көтеруге арналған бағдарламаларда руханилыққа баулудың ізі де қалмаған. Балалар оңай жолмен демалуға, ойланбауға бейімделіп алды, бұған телеарналардағы бағдарламалар тікелей себепкер. Бұдан тұлғаның танымдық қызығушылығы арта қоятыны күмән тудырады. Ал БАҚ бала жанына әсер етушілік күшін ешкім де жоққа шығармайды. Бірақ, дәл қазіргі кезде мәселенің әлі де дұрыс жолға қойылмағанына көрермендердің өзі куә. Қазақ педагогикалық энциклопедиялық сөздігінде адамгершілік тәрбиесі — мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі деп көрсетілген. Олай болса, бала бойында дүние туралы дұрыс көзқарасты, сенімді, мінез-құлық, дағдыларын, әдеттерді қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін ескеру шарт. Бұл жерде әңгіме теледидардың ғана емес, газет-журнал мақалалары, радио бағдарламаларының да рөлі туралы болып отыр. Ал бала тәрбиесіне жауапты адамдар ата-ана, мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамаларға қарағанда бала тәрбиесінде БАҚ материалдарын пайдалану жолдарын білетіндері шамалы. Мұғалімдер көбіне сабақтарына баспасөз материалдарын пайдалана алатындарын көрсетеді. Ал дұрысында баспасөз материалдарын сыныпта, сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану әрі тиімді, әрі ыңғайлы және өте қажет.

Мұғалімдердің мерзімді баспасөз материалдарын сабаққа және сыныптан тыс уақыттарда пайдалануы оған адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін шешуге көмегін тигізеді. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер баспасөзі бала бойына адамгершілік мінез нормалары мен ережелерін дарытуда үлкен насихатшы болып табылады, идеялық әсердің адамгершілік тәрбиесіндегі дәйектілігін көтереді. Дегенмен, газет-журнал беттеріндегі моральдық-этикалық тақырыптағы сюжеттердің әртүрлі болатындығы және ол оқушы назарын аударуда әртүрлі әсер ететінін естен шығармау керек. Сондықтан газеттегі бір-екі мақаланы оқи салып, немесе сол бағыттағы әңгіме жүргізгеннен оқушылардың жүрегіне жол таба қою қиын. Соған қарамастан газет материалдары мұғалімге оқушыларды терең түсінуге, ал оқушылардың өмірді бағалай, түсіне білуіне көмектесетіні анық нәрсе. Осындай ой түйіндерін жалғастара отырып ғалым-ұстаз П. Сейітқазы былай деп көрсетеді: «... мектеп үшін қазіргі уақыт талаптарының бірі оқушыларға дәйекті білім, жүйелі тәрбие берумен қатар, оның ойлау қабілетін, түйсігін дамыту болып отыр. Мектеп оқу-тәрбие үрдісінде мүмкіндігінше барлық амалдарды қолдануы керек. Әсіресе, оқушының жанын рухани жағынан азықтандыратын, қызығуын арттыратын үлкен құрал-баспасөз. Баспасөз —

оқушылардың бойына ерте жастан адамгершілік қасиеттерін дарытуға әсер ете алатын мүмкіндігі мол құрал. Өйткені баспасөз бұқарамен үнемі тығыз байланыста.

БАҚ жас жеткіншектерді тәрбиелеуде және әлеуметтендіруде негізгі факторлардың бірі болып табылатындықтан, білім және тәрбие мазмұнына оқытудың және тәрбиелеудің жаңа әдістерін енгізу қажет. Соның нәтижесінде оқушылар алған ақпараттарына сыни тұрғыдан қарайды және олардың бойында өзіне қажеттісін алу қасиеті қалыптасады. Бірақ осы айтылғандарды жүзеге асыру үшін мұғалімдердің дайындығы, яғни оларды БАҚ өнімдерін бала тәрбиесінде пайдалана білуге үйрету қажеттігі туындайды» [55, 29-30].

Ғалымдар мен мамандардың пікірінше бұл тәрбие құралына қойылатын дәуір талаптарына сай жас ұрпақты қалыптастырудағы рөлін басқа қырынан бағалауда. Олардың пікіріне сүйенсек, бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы – өсіп келе жатқан тұлғаны ақпараттық қорғау, оның ішінде теріс әсері бар әр түрлі ақпараттардан қорғау болып табылады. Қазіргі оқушылар қай қырынан қарағанда да өте белсенді. Әсіресе, ақпарат әлеміне енуге мүмкіндік жоғары болған сайын олардың қызығу әрекеті де ұлғая түсуде. Дәл осы кезеңде мектеп тарапынан жасалатын әрекет алдыңғы қатарға шығуы қажет. Өйткені, мектеп маңызды әлеуметтендіруші институт ретінде оқушылардың бойында білім, білік, дағды қалыптастыруға барлық мүмкіндігін пайдаланатыны белгілі. Сондықтан аталған мәселені кеңестік дәуірде де, қазіргі уақытта да мектеп өз алдына балаларға ақпаратты «қажет», «қажетсіз» деп ажырата білуге үйрету міндетін ешқашан мақсат етіп қойған емес. Соған қарамастан бұл мәселені шешуде мектеп шешуші рөл атқарады. Өйткені, басқа әлеуметтендіруші институттармен салыстырғанда, мектептің тәрбиелеушілік ықпалы жоғары және мүмкіндігі зор. Демек, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін дұрыс таңдай білуге үйрету үшін әр түрлі шаралар ұйымдастыру, ойластыру қажет деп есептейміз. Осы орайда мектептерде мүмкіндігінше теледидар, журнал мен газеттердегі басылымдардың материалдарымен танысатын үйірмелер немесе семинарлар, әңгіме мен пікірлесу өткізілетін болса. Бұл жағдай оқушылар арасында қоғамдық пікір тудыруды жетілдіріп, дүниетаным, өмір жағдайларына өзіндік көзқарастырының қалыптасуына ықпалдық көмегін тигізер еді. Олардың әлеуметтенуін жүзеге асыруға тиісті мынадай міндеттерді қамтиды:

1) оқушыларды мерзімді басылымдарды оқуға деген саналы сұранысқа тәрбиелеу;

2) қоғамдық-саяси және танымдық маңызы бар мақалаларға қызығуын қалыптастыру;

3) оқушылардың бойына басылымдармен жұмыс істей білу іскерлігі мен дағдыларын сіңіру;

4) аталған міндеттерді шеше отырып, мектеп мұғалімдері оқушылардың идеологиялық-саяси, еңбек, эстетикалық, адамгершілік

тәрбиесін жолға қоюдың тиімді құралы ретінде мерзімді баспасөздің мүмкіншілігін кең түрде пайдалану.

Аталған міндеттерден туындайтын мәселе — БАҚ тәрбиелік ықпалын пайдалану үшін, ең алдымен, балаларды соған тәрбиелеу керек. Талғампаздық қасиетке дұрыс үйрету пайдалы. Олай болмаған жағдайда ақпарат құралдарымен жұмыс істей алмаған балалар соның ықпалында кететінін көрсете отырып кейбір мамандар, ондай оқушы:

- ақпараттың белгілі бір бөлігін, әсіресе, дыбыс-бейне (аудиовизуалды) ақпаратты толық қабылдай алмайды, себебі оны қабылдауға әзір емес;

- бірнеше мағынасы болуы мүмкін хабарламалардың мағынасын толық түсінбейді немесе бір жақты түсінеді;

- бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты ұстанымы әлсіз болады, олардың ықпалынан қалай сақтануды және көп жағдайда ондай сақтанудың қажеттілігін сезіне білмейтіндігін алға тартады [56, 67-69].

Демек, ақиқат құралдарындағы ұлттық тәрбиенің ықпалын күшейту әрі тиімді болу үшін оқу-тәрбие процестеріне қатысты шаралар өрісін кеңейту қажет. Мұндағы басты бағдар — еліктеушілікке қарсы тәрбиені жүйелі әрі тиімді ықпалға көтеру. Тіптен жарнамалық материалдарға да талғампаздық пен ұстамдылық керектігін балалардың рухына сіңіруді тәрбиенің өзекті мазмұнына айналдыру керек. Еліктеу құбылысының күштілігі соншалықты мектептегі, колледждердегі және жоғары оқу орындарындағы қыздарымыз, тіптен жасы толыққан әйелдер де қара сан, инемен кестеленген немесе сурет салынған мықын мен кіндіктің айналасын жарқыратып жүруін немесе түсіндіруге болады. Темекі мен ішкілік, нашақорлық мектеп қабырғасынан басталып жатқаны ешкімді таңдандырмас. Қазақ қыздарының топ-топ болып төбелес ұйымдастыруы, жастарымыздың бейәдеп, бейауыз сөз тіркестеріне әуестігі ұлттық тәрбие мен рухани мәдениеттің тұғырлық иіндерін жүзеге асыра алмауымыздан екендігін мойындауға тиіспіз. Демократия талаптары тәрбие процесіндегі ата-ана мен мектеп арасындағы принципті позицияларды заңдастырып ұсынуды талап етеді. Үлкен кісілердің, ұстаздардың, ата-ананың кез келген оқушының мінез-құлқына байланысты сын-ескертпелері заң, әкімшілік және білім беру жүйелері тарапынан тиісті ережелер немесе нормативті актілер сияқты кешенді құжаттарды керек етуде. Сонда ғана ортақ бақылауға алынған оқушылар тәрбиесі тиімділік көрсетеді.

Осы орайда белгілі қаламгер Нұртөре Жүсіптің «Көрсетпе кіндігіңді көрінгенге» деген мақаласы: «Кіндік — қасиет. Кіндік — өзек. Кіндік — өмір... Онсыз да аз ел едік. Қыздарымыз кіндігін ашып тастап жүретін сән шыққалы ұлттық уайым да көбейді», - деп өкініш білдіреді [57].

Ұлттық тәрбиеге оған ықпал ететін факторларға сезімтал азаматтарымыз жанашырлық танытып өз ұсыныстарын білдіруде. Бұл тұрғыдан белгілі жазушы Смағұл Елубай мынадай мазмұндағы орынды пікір қозғайды. Біздің елімізде ұлттық патриоттық тәрбие мәселесіне арналған телеарналық хабарлар аптасына 5-6 сағаттай ғана уақыт алады. Түркияда түрік тілінде хабар тарататын 50-ден астам телеарна бар. Кісі таңғаларлықтай

түрік отансүйгіштігі осының арқасы. Қазақстанда атап көрсеткендей жағдай тұп-тура керісінше. Оншақты телеарналардың өзі қай елдің телеарнасы екені белгісіз. Ұлттық беті жоқ. Яғни біз телеэкранды бетіне жіберіп, ұлттық беті жоқ ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз. Мемлекет құрушы негізгі ұлттың мұңы мен тілін кейбіреулер келемеж етіп, қазақша хабарлардың басына қара жамылдырды. Бұл жайт қазақ намысын шабақтайды. Бұндай сорақылыққа көз жұмып, қол қусырып отыру — саяси қателікке жол ашып қою.

Автор одан әрі ұлттық менталитетке, ұлттық идеологиямызға жат, жылдарға созылатын сериалдарды күн-түн демей тесіле тамашалайтын отандастарымызға аяушылық білдіреді. Кезінде ойрандалған қазақтың ұлттық құндылықтарын қалпына келтіру мәселесін қозғап, ұлттық тәуелсіздіктің үш тірегі — саяси, экономикалық, рухани тәуелсіздік деңгейлерін тепе-теңдік жағдайда жетілдіруді тілейді [58].

Ұлттық тәрбиені атағанда қазақ радиосы мазмұнды хабарларды жүргізіп тұрады. Осындай тәжірибелер облыстық ауқымда тарап отырса өте орынды болар еді. Ал, республикалық теледидар бағдарламаларында балаларға арналған ұлттық тәрбие жүйелі емес. Елімізде шыққан тартымды сюжеттегі балалар фильмдері таралмаған. Мультипликациялық қойылымдар да түрлі сылтау мен себептерге оранып бой көтермеуде. Осының бәрі ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі мемлекеттік міндеттерге селқостықтың нәтижесі. Республикалық деңгейдегі теледидар хабарларында бүлдіршіндерге, жеткіншектер мен жастарға бағышталған бағдарламалар топтамалары күшейтілуі — қазіргі әлеуметтік қажеттілік. Өйткені мұндай шаралар әлеуметтену құбылысындағы ұлттық нақышты жетілдіре түсері анық. Әрине, бұл пікірлер авторлардың жоғарыдағы талдаулардан туындаған жеке ұсыныстары.

Сонымен ұлттық тәрбиені жалпы педагогикалық өрістен туындатып, оның қалыптасуына ықпалды арналардың теориялық және қолданбалы мәндерін талқыладық. Ұлттық тәрбиенің ықпалды факторларын саралағанда басты ұстаным ұлттық құндылықтарды [59] жүзеге асыратын оқыту мен тәрбиенің ұлттық жүйесін айқындау міндет. Бұл идеяны жүзеге асыру тарауымызда көрсетілген ғылыми-педагогикалық қайнарлар мен зерттеулер арқылы анықталған негізгі шарттарды іске асыру болып табылады.

Олар: білім беру мен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту; жеке тұлға үшін ана тілі мен төл мәдениеттің сөзсіз басымдығын тану және оны қамтамасыз ету; білім беруді демократияландыру; білім берудің меншіктік түрі жөнінен де, этникалық-мәдени мүдделерді жүзеге асыру арналарының сан алуандығы жағынан да көп түрлілігі мен оңтайлылығы; білім беру қызметтерінің жалпыға бірдей пұрсаттылығы мен жіктелгендігі, ұлттық білім беру жүйесінің осы салаға қатысты дүниежүзілік тәжірибедегі бүкіл озық атаулыға ашықтығы мен икемділігі; жеке адам мен қоғамның этникалық-мәдени қажеттерін іске асыруға бағытталған білім беру қызметінің үздіксіздігі; білім беру жүйесін ұлттық тәрбие саласындағы қызметтерге сұраныстарды анықтауға және қанағаттандыруға мақсатты

түрде бағыттау; мемлекеттік біртұтас бағдарлама негізінде аталған проблема бойынша халықтың этникалық құрамының ерекшеліктері ескерілген аймақтық бағдарламалардың болуы және т.б.

Сонымен бірге білім беру мен ұлттық тәрбие процестерінде мынадай негізгі принциптерді басшылыққа алу да зерттелген материалдарымыздың нәтижесінен туындаған. Олар:

- этникалық және тілдік топтарға білім беру қызметтерін көрсету саласында саяси партиялардың, өзге де қоғамдық, оның ішінде діни бірлестіктердің, жеке адамдардың қатысуы заң шеңберлерімен шектеулі болуға тиіс;

- ұлттар мен ұлттық топтардың білім беру саласындағы этникалық-мәдени сұраныстарын қанағаттандыруда іс жүзіндегі тең құқықтылығының қамтамасыз етілуі;

- жеке адамның этникалық-мәдени сұраныстарының қоғам мүдделерінен, «қажеттілік» пайымдауларынан басымдығы туралы ереженің түсінілуі және қабылдануы;

- мемлекеттік саясаттың қоғамда Қазақстанның прогресі мен гүлденуінің маңызды шарты ретінде этникалық-мәдени келісімді қамтамасыз ету негізінде іске асуы;

- интернационалдық мәдениеттің аса маңызды құндылықтары: бірігу мен ұлтаралық татулықтың, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының және тағы басқалардың практикаға енгізілуі;

- білім беру ісін — білім дарыту мен кадрларды кәсіби даярлаудың тетігі ретінде емес, түптеп келгенде, мәдениет түзуші институт, жеке тұлғаның адамға, ұлтқа тән ерекшеліктерді сақтап, дамытудың құралы ретінде қараудың жүзеге асуы;

- білім беру мен мектепті саясаттандырудан, идеологияландырудан қорғау тетігін жүйелі қолдау;

- проблеманы шешудің бағдарламалы және кешенді жолдарының, көп ұлтты мәдени болмыстың күрделі процестерінің әртүрлі жақтарының ескерілуі.

Аталған мақсаттар — ұлттық тәрбиенің жалпы білімдік және тәрбиелік арналарынан туындаған теориялық және практикалық мәселелер. Осы көрсетілген міндеттер мен принциптер, оған қоса айқындалған ықпалды құбылыстарымыз ұлттық тәрбиенің қалыптасуы, өрбуі мен жетілу қадамдарына негізді материалдар. Өзара ықпалдас, бір-бірімен шарттас тығыз байланыстағы процестер. Оқыту мен тәрбие жүйесінің жүзеге асуындағы ұлттық талғамды өмір салтымызға сіңістіріп ұлттық рухымызды тарихи-дәстүрлік мазмұнмен жетілдіре беретін байланысымыздың өзегі болып табылады.

Ұлттық тәрбиенің қазіргі ауқымы демократиялық реформалар саяси-рухани тіршілігімізді қамтығын кезеңге сай келіп отыр. Мұнда ұлттық психология мен ұлттық менталитетіміздің де көрінуі заңды құбылыс. Сондықтан олардың ұлттық тәрбиеге ықпалы айқын көрініс тауып оны

зерттеу, ғылыми қағидалармен сәйкес талдау күрделілене түскені анық. Ұлттық тәрбиенің оқу-тәрбие жүйесіндегі қалыптасуы мен жетілуі теориялық және тәжірибелік негізді біріктірген педагогикалық қызметтің міндеттеріне келіп тіреледі.

2 Бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбиенің қалыптасуының педагогикалық негіздері

2.1 Оқу жүйесіндегі ұлттық тәрбиенің орнығуы

Ұлттық тәрбиенің жас ұрпақ санасында қалыптасуы және оның күнделікті тіршілікте көрініс беруі өте күрделі тағылымдық процестердің нәтижесі болып табылады. Ол аға ұрпақтың, оқу-тәрбие кешенінің, мемлекттік деңгейдегі саналы бағытталған іс-әректен келіп шығады. Сондықтан қоғамның жетілуі мен үздіксіз дамуына қажетті қозғалыс күш ретінде өмір сүреді. Әлеуметіміздің тепе-теңдік жағдайда орнығуына ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушылары — ерекше кезеңдегі орта. Отбасынан алған түсініктері мен көп нәрседен хабардар ұрпақ. Жалпыадамзаттық, ұлттық мазмұндардан түсінігі басталған шақ. Әрине, қазіргі кезеңде оларды дәстүрлік нышан жағынан біркелкі деп айтуға болмайды. Оған себеп — ұлттық тіліміздің күрмеуі әлі де қысқа. Қазақ сыныптарында тілді нашар білсе де балаларын келешекке үлкен сеніммен топтастырып жүрген жағдайды да ескеру керек. Сондықтан тіл білімі, отбасының жағдайы, жас ерекшеліктері, денсаулық сапасы және т.б. жиналып бастауыш сынып оқушыларына тән проблемаларды көрсетеді. Олардың әрбір сыныптағы дүниетанымы, айналаға, қоғамға көзқарасы, жеке рухани-адамгершілік қасиеттері, жақсы мен жаманды, пайда мен залалды ажырата білу қабілеттері, ойлау деңгейлері және т.б. отбасылық негізде мектепке келеді. Осының бәрі мұғалімдердің аса байқампаз, әрбір оқушыға жеке көңіл бөлу жауаптылығын тудырады [60].

Ұлттық тәрбие бастауыш сыныптағы ана тілі, бейнелеу, еңбекке баулу, дүниетану, салауаттану, ән-күй, дене тәрбиесі, математика және т.б. пәндердің жалпы мазмұндарында тиісті көрініс тауып отыруы абзал. Барлық тарихи-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мақал-мәтелдер түйдектелген қарқынмен емесе әрбір пәндегі тақырыптарға сәйкес сыналып сәйкестенуі ұтымды қабылданады.

Өткен тарауда ұлттық тәрбиеге ықпалды арналарды жалпы фактілер тұрғысынан қарап талдаған болсақ, енді оқу процесіндегі мәселеге тоқталамыз. Оның басты-басты күрделі құрылымдарын көрсетіп оларға қосылып жетілетін жеке-жеке қасиеттерді, көріністерді, нақыштарды, бейнелерді айқындауға ұмтыламыз. Әрбір пәнде немесе жеке сабақ барысында барлық нәрсені үйретуге, қамтуға болмайды. Жалпы өмір қағидалары білім негізі — бастауыш баспалдағынан орнығатынын көрсетіп отыр.

Бастауыш білім беру сатысы оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болумен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді. Бастауыш сатыдағы білім

берудің бағдарлы мақсаты — оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау. Осымен байланысты білім берудің басты міндеттері — оқушының өзін қоршаған, өзі өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік мәртебе — оқушы мәртебесінің қалыптасуын, оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас сияқты әрекет түрлерін меңгеруін қамтамасыз ету.

Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылар талап ерекше. Мектеп міндеті — әр оқушыға терең білім беру. Сонымен қатар оқушының ойлау қабілетін арттыру. Осы мақсатты іске асыратын басты тұлға — мұғалімдер. Бастауыш сыныптарда, негізінен, ауызша, кең көлемде қолданатын диалогтарға сүйенетін жалпы сыныптық оқулықпен жұмыс атқарады. Бастауыш сынап оқушылары оқу арқылы танымдық әрекеттерін қалыптастырады.

Олардың жан-жақты қалыптасып дамуындағы танымдық қасиеттерінің жағдайы кімді де болса алаңдатады. Сондықтан балалардың ынтасын, қабілетін дамыту үшін мынадай жұмыстар ұсынылады:

1) Балалардың белгілі ережелер (грамматикалық, математикалық) жөнінде өз беттерінше қорытынды жасай алуын үйрету. Ол үшін мұғалім сабақта мүмкіндігінше белсенді әдістерді жиі пайдаланып отыруы қажет. Оқу материалдарын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей (жас ерекшеліктерін ескере отырып) ұйымдастырғанда ғана оқуға қабілеттіліктердің дамуына мүмкіндіктер туады;

2) Балалардың сөйлеу қабілетін дамыту олардың ойлауын дамытуға үлкен әсерін тигізеді;

3) Ойлау қабылдау мен елестердің негізінде жасалады. Сондықтан оқушының сабақта мүмкіндігінше жақсы қабылдай алуына, елестердің тиянақты қалыптасуына мұғалімнің айрықша қамқорлығы керек;

4) Мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс. Ол үшін оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта баланың ойлау қисынын дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану қажет;

5) Ойлауды тәрбиелеу бала психикасын жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білуге құштарлығын, таным қызығуын, көзқарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізіледі.

Бастауыш сыныптарда мұғалім оқушылардың оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы қабілеттерінің дамуына кең жол ашады. Сол себепті мұғалім алғашқы жылдан бастап оқушының ыждағаты мен бейімділігін, қолынан не келетінін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын есепке алып, оқу үрдісін ұйымдастыруы шарт.

Бала қабілетін тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұларды нақты жағдайларға байланысты (оқушылардың жас ерекшеліктері, туған жері, отбасы жағдайы, т.б.) жүргізе білу — әрбір мұғалімнің жеке шығармашылық ісі. Мұғалім жүргізетін осындай жұмыстардың бірі — оқушылардың оқу әрекетін тартымды, мазмұнды, қызықты етіп ұйымдастыру.

Бастауыш сынып оқушыларының бейімділіктерін, қызығуларын көре білумен қатар оларды барынша көтермелеп, белсенділігін үнемі арттырып отырған жөн. Мәселен, мұғалім жақсы үлгіретін оқушыларға талапты көбірек қойып, қосымша тапсырмалар беріп, «орташа» қабілеті бар балаларды да бақылаудан тыс қалдырмағаны ләзім. Кей жағдайларда осындай балалардың табиғи мүмкіндіктері жеткілікті болмағанымен, мұғалімнің назарынан тыс қалып қояды да, ол «орташа» оқушы болып кете береді. Сондықтан оқушының келешегіне зор үмітпен қарау керек.

Өзіміздің күнделікті ұстаздық тәжірибемізде бала қабілетіне байланысты түрлі фактілер, жағдайлар кездеседі. Оқушылардың арасынан зерек, ойы озық, дарынды, бейім, талапты әрі талпынысы зор балаларды байқауға болады. Осы қасиеттерге көңіл бөліп, олардың әрі қарай дамуына жағдай жасауға ұмтыламыз.

Тәжірибемізде кездесіп жүрген қабілеттілік тек дамудың нәтижесі болып келеді. Ал даму өрісі тәжірибелік не теориялық әрекет жасағанда ғана танылады. Ендеше қабілеттілік әрекетсіз пайда болуы мүмкін емес. Психологиялық талдау жасағанда біз оны бір-бірінен ажыратуымыз керек. Баланың ата-тегін, туған-туыстарын, ортасын, психологиялық үрдістерін, әлеуметтік жағдайын, т.б. ескерген жөн.

Қабілеттілік іс-әрекеттен бұрын болмайды. Іс-әрекет жасаған кезде ғана қабілеттілік айқындалады. Оған дейін тек анатомиялық-физиологиялық бейімділік болады.

Дарындылық дегеніміз — әрекет жасағанда қабілеттердің бір-бірімен үйлесімінің арқасындағы жетістіктер. Бұл қасиеттер көп жағдайды ескеріп балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс атқаруды талап етеді. Жоғарыда көрсетілген оң қасиеттер ондай оқушылардың ұқыпты, жинақы, зейіні тұрақты, еңбек ету қабілеті жоғары; ақыл-ой, қисынды (логикалық) ойлауы тез, кез келген жағдайды талдап, салыстыра білуі; барлық энергиясын (күш-қуатын) жұмсап, тынымсыз еңбек ететінін көрсетеді.

Осы орайда бастауыш сыныптар арасынан бірнеше оқушының интеллектуалдық қабілеттерін жүйелі бақылап көрдік. Олар түрліше нәтиже көрсетті. 2-сынып оқушысы П. сабақты жақсы оқиды, танымдылықты қажетке айналдырған, зейінді, оқуға құмарлығы жақсы, достарына қамқорлық көрсетеді. Математика сабағына зеректік білдіреді. Тағы бір 2-сынып оқушысы Ж. сабақ барысында ынтамен тыңдап білуге, ұғынуға талпынып отырғанын байқадық. Б.-ның көру арқылы есте сақтау қабілеті жақсы қалыптасып отырды. Әрбір тапсырмаға өздігінше жауап-қорытынды жасап, шешімін көрсетеді. Сөз қоры бай, тілі дамыған, ақыл-ойын қысқа сөзбен жеткізе алады. Сыртқы пішіні ұқыпты, тазалықты сүйетіндігін байқатты. Ал 4-сынып оқушысы Ә. сабақты орташа оқиды, ал интеллектуалдық қабілеті жоғары деңгейді көрсетті. Оның әңгімелеу арқылы сезім мүшелерінің қызметіне сүйеніп, дамып келе жатқаны байқалады. Тағы бір Р. деген оқушы қиялшыл, ылғи іс-әрекет үстінде көрінеді. Тапсырмаға жауапты болғанымен жұмысты баяу орындайды. Бұл қасиет баланың

темпераментіне байланысты. Осы жағдайлар мұғалім қызметін күрделілендіріп, жүйелі де ынталы жұмыстарды талап етеді.

Бала өскен сайын санасының жетіле түсетіні ақиқат. Бірақ өзгелермен біркелкі даму кезінде аталғандай жеке қасиеттері бар оқушылар өз бойындағы ерекшеліктерді жойып алуы да мүмкін. Сондықтан психологтардың айқындауынан кейін осы құнды ерекшеліктерді ескере отырып, оны әрі қарай дамыта түсуге ұстаздар айрықша мән беріп, барынша қолғабыс жасауы тиіс. Баланың ой-өрісінің өсуін бақылауға алған жағдайда оның жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік жасауға жол ашылады. Жаңа қабілеттерді игеруге ықпал ету қажеттігі де туады, міне, ұстаз осы тұрғыдан танылуы міндет. Сонымен осындай оқушылармен жұмыс жүргізуде ұстаз, ата-ана, өзге де тікелей қарым-қатынастағы адамдардың біріккен жауапкершілік қамқорлықтарының қажеттігі тағы да алдымыздан шығып отыр.

Тағы бір көңіл аударарлық мәселе. Ол — қабілеттің дамуы үшін оқушы бойында міндетті түрде талаптың болуы шарт. Талап, ұмтылыс болмаған жерде қабілет дами алмайды. Оқушылардың барлық пәндерден бірдей үздік болуы мүмкін емес. Өзі ерекше қадыр тұтып, қастерлейтін пәндеріне ғана қабілетті. Әрбір оқу пәнінің өзінің сипаты ерекшеліктері, өзінің заңдылықтары бар екені табиғи нәрсе. Олардың әрқайсысы оқытудың ерекше әдістері мен ұйымдастырушылық түрлерін талап етеді. Әрбір пәнді оқыған кезде оқушылар білімнің кейбір жиынтығын меңгереді және сол саламен байланысты белгілі іскерлік пен дағдыға ие болады.

Оқу — адамның жеке басы танымының ерекше түрі. Оқи жүріп оқушылар өздерін қоршаған дүниені таниды. Оқушы жаңа материалды тани отырып ең тура, қысқа жолмен жүреді. Оқу әрекеті, негізінен, баланың психологиялық даму кезеңдерін анықтайды. Ғалымдар мен мамандар тарапынан оқушылар белсенділігі, олардың танымдық әрекеттерінің жетілуі, тиісті көзқарастар мен танымдық белсенділіктің дәрежелері: жаңғыртушы, түсіндіруші, шығармашылық жағдайында көрініп ынта, дағды, ептілік, құштарлық қасиеттерін қалыптастыратыны оқу процесіне тиісті екендігі алға тартылуда[61, 35-37].

Дүниетанымдық процесс күрделі құбылыс. Оның қамтылмайтын өрісі кемде-кем. Оның жалпыадамзаттық және ұлттық нышандары мен көріністері бір бірінен көлемі, ішкі нышаны жағынан ажыратылады. Ұлттық талғам өзіндік әлеуметтік табиғатымен ерекшеленеді. Мәселен қазақтың ойлау қабілеті, туыстық, сыйластық, қонақ күтуді өзге халықтан бөлекше екендігі белгілі. Мұның негізінде ұлттық дәстүр жатыр. Оларды бүгінгі заман талабымен сәйкестендіріп сақтап ұрпаққа жеткізіп отыру міндетті нәрсе. Мұның жүзеге асатын өрісі — оқу жүйесі. Жаратылыс тану, бейнелеу өнері, табиғат көркі, сұлулық тану, көркемдік тану, дүние тану, әлем тану, ғылыми таным және т.б. оқу мен тәрбие процестерінде қатар қалыптасады. Өзара байланысты әрі шарттас өзектен туады. Белгілі жазушы, ғалым Зейнолла Серікқалиұлы дүниетанымдық көзқарас туралы былай жазыпты: «Қарап

отырсаңыз, табиғатқа қатынас мұрағияты өте ұзақ тарихи даму жолын өткеріпті. Дап-дайын күйінде көктен ешнәрсе түспейді. Болашақ заман өнерінде біз ғасырлар бойы көркемдік таным тәжірибесі қорытқан барша байлық, рухани үздік мұралар үлгісімен туындас, бірақ, әрине, ізденіс өрісі, зиялылық мүмкіндігі мейлінше кеңейген, келер күндер құндағынан күлім қағып, жан иесі мен жаратылыс жаралымын жырлайтын, дәуір сыйлар рыздықтарға қарай жаңғыра берер өнер салтанаты болады деп ұғамыз.

Дүние сырын игеру тарихының өткен дәуірлерінің өзінде-ақ адам арман-үмітін айшықты бейнелеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сұлулықтан жан рахатын таба білген» [62, 65].

Әлеуметтік сәйкестік, әлеуметтік бірегейлік, бауырластық қалыптаспаған жерде адам мен жаратылыстың жан-жақты жарасымы болуы мүмкін емес. Кеңес дәуіріндегі бұл жағдай жалауланып көтеріліп, аспандатылып көрсетілгенін енді сезіп жүрміз. Сондықтан қазіргі ұлттық тәрбиені, ұлттық мәдениетімізді, көркемдік талғамымызды ақыл таразысына салып оқу мен тәрбиеге пайдаланғанымыз жөн.

Ұстаздар қауымы мынадай дүние танымдық ұлағаттарды ұстанғаны қажет. Тіршілік қаракетінде шешуші орын алатын адам мен жаратылыс бауырластығы аса маңызды өмірлік мәселелерді қозғауға көп мүмкіндік беретіндігін алға тартып отыруы керек. Сонымен бірге табиғат, жаратылыс жұрағатының шат-шадымен сәті түптеп келгенде адам шаттығымен, адамгершілік сезімімен керемет жұптасқан көңіл-күй қошаметі, шабыт салтанаты екендігін көрсетіп балалардың көңілін аударған пайдалы. Адам тіршілігі айналадағы керемет көріністер, туған жер көрінісі мен сұлулығы, туған елге сүйіспеншілік, мақтаныш пен мейірбандық т.б. сезімдері арқылы аса шабытты суреткерлікті тудырады. Мысалы, Мұқтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Кенен Әзірбаев, Мәди Бәпиұлы, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов шығармалары осындай дүние танымдық түйсінудің жемістері екені анық. Қалай дегенмен, адамның табиғатқа рухани қатынасын ашатын мархабаттың, ізгілік бағыттар әсіресе көркемөнер туындыларында тереңірек дамыған. Табиғат — дүние тану мұратының сарқылмас көзі екендігін көрсете келе жаратылыс әлемін игеруді парыз деп санап «табиғат сырын, ғалам құпиясын ашуға, сұлулықты сіңіруге бағышталған еркін еңбек, ғылыми ізденіс, өнер зейнетінің негізгі шарты — тылсым дүние заңдылықтарын мейлінше дәл саралап, шынайы бейнелеп, адам баласының жігерлі, зиялы, рухани білім-парасат, ойшылдық ерекшелігіне қарай өмір шындығын қаз қалпында тану болып табылады» [62, 144].

Дүние танымдық қасиет тек табиғат көріністерінен ғана емес әдет-ғұрыптар, салт-жоралғылар, дәстүрлер, естеліктер мен оқиғалар т.б. ықпалымен де қалыптасады. Ұлттық сана-сезімнің өзектері рухани-психологиялық дәстүрлі нышандардың сақталуына себепкерлік жасайды. Ол да оқу мен тәрбие процесінде жүзеге асады. Мысалы, академик Ғарифолла Есімовтың «Санадағы таңбалар» атты кітабын алайық. Ондағы шағын мазмұнмен баяндалған естеліктер, автордың жеке ой-пікірлері мұғалімдер

қауымы емес мектеп оқушыларына да ыңғайлы дүниелер. Еске сақтауға қолайлы күнделікті тұрмыстық салтымыздың көріністері арқылы баяндалған. Ондағы «Таңсұлу», «Қар жауды, із басылды», «Демалыс күні», «Бесінші түлік», «Құла ат», «Бәйгекөк», «Байсақтың сауыны» деген әңгімелер күнделікті есте болатын «сөз қадірін құрметтеу», әдептілік, кәсіпкерлік, ене мен келін, ұлттық дәстүр мен сенім жағдайларын қамтығын. Ұлттық сана-сезімнің, дағдының, сенімнің жаңа кезеңдегі нышандары көрсетілген. Мысалы, мал бағу тіршілгі бірқалыпты, адамға жетекші ой түсірмей жалықтырады деген ұғым бары ақиқат. Әр нәрсені ойыңа алып, өзің мен өзің болып жүресің. Былайша айтқанда, томаға тұйықтық. Автор мұндай тұжырыммен келіспейді: «Қой баққанның романтикасы жоқ деп кім айта алады. Ен далада жалғыз өзің, не ойлағың келсе ойлайсың, іштен тынбайсың дауыстап ойлайсың, өзіңмен өзің еркін сөйлесе бересің. Кейде екі кісі болып айтысып та қаласың». Әдептілік халқымыздың ғасырлар бойы сақтаған құндылығы. Әдеп деген заң емес, оны бұзса не болмақ? Осы сауалды ғалым ауыл қарты Бейсен ақсақалға қояды.

- «Балам, әдепті бұзбақ түгіл, қазіргі күнде «әдеп» деген түсініктің өзі тозды емес пе? Ертеде келін атасының атын айтпаған, ол түгіл қайындарын да атамай, өзі ат қойған, айталық, «мырза жігіт», «ақ бала», тағы басқа есімдерді ойлап тапқан. Бұл әдеп еді, бұл оң дәстүр болған еді, оның бүгінде несі қалды.

- Заман өзге емес пе, ақсақал, ескілік ескіріп тозбай ма, жаңа өмір өз жаңалығын ала келмей ме?

- Қарсылығым жоқ, балам, ескі киім сияқты, бәрі де тозады, бірақ адамды сыйлау, құрмет тұту ешқашан ескірмесе керек. Менің айтарым осы тұрғыда.

Бұл сөзге мен де жығылдым. Ақсақал сөзі рас. Жаңалық, жаңа заман, бірақ адам сол баяғы қалпында емес пе? Не өзгерді, қалайша өзгердік, жаңа дәуір нендей түсініктер әкелді. Ойлап, ойлап ақиқатқа жетпедім».

Әңгіме төркінін түсінген қария:

- Осы, сендерде әдеп деген түсінік бар ма, жоқ әлде елден естіген сөзіңді қайталап отырсың ба?

- Бізде коммунистік мораль — деген бар. Бұл мәселе туралы бізбен ұстаздарымыз әңгіме өткізеді».

Кітаптағы әңгіменің бірі — ұлтымыздың тарихи — дәстүрлі шаруашылғы туралы. Кеңес дәуіріндегі қазақ ауылдарында «бесінші түлікті» өсіру қажеттілігін жоғары жақтан нұсқау етеді. Ғасырлар бойы түйе өсіріп, жылқы баққан, қара малға дағдыланған зейнетінен бейнеті көп ешкі мен қой төлдеткен халық атын ғана естіген, затын білмейтін «өсімтал шошқа» деп аталатын хайуанның қай жағынан шығытынын білмей қысылды. Оны өсіруші таба алмай жанталасты. Дегенмен, бұрын орысша оқыған, орыстармен араласқан Дәмежанды шошқа бағуға көндірді. Басшылар тарапынан да қолдау көрсетіліп Дәмежан депутат болып орден де алады.

Алайда жергілікті адамдар одан бойын аулақ ұстайды, қашқақтай бастады. Оны сезген бойжеткен де жұмыстан шығып, көшіп кетеді.

«Ал, шошқалар туралы айтсақ, ауылдан оларды күтуге ешкім шықпады, ауданнан шошқа күтуге келген орыс ішкіш болып шықты. Ауылдың механизаторлары Тасыбек, Тасқын дегендермен бірігіп арақ ішіп, жас торайларды қуырып жей бастаған соң, оны директор жұмыстан қуып шықты.

Ақыры шошқалар өз күндерін өздері көріп, қорадан ауа жайылып, ауыл күресініне, үйді-үйге тарап кетті. Бұндайды көрмеген ауыл қарияларының зәресі ұшты. Кім айтқаны белгісіз, біреулер шошқаға картопты ыстықтай пісіріп берсе өледі дегенді есітіп, бүкіл ауыл болып суға картоп пісіріп, қорсылдап қарны ашқан хайуандар алдына шашты. Бұл рас болып шықты, шошқа біткен бір күнде қырылды. Бір күндері кім екені белгісіз біреу шошқа қорасын мүлдем өртеп жіберді. Сонымен шошқа өсіру науқаны осымен тәмәм болды. Ойлаймын, әрбір істің мәні бар, мағынасы бар. Сонда қазақ ауылына зорлап шошқа өсіргенде не мән, не мағына болады екен?» [63, 106, 129, 75].

Оқу процесінің барысында ұлттық тәрбиеге аса құлықтылық пен құлшыныс тек кітап оқумен шектелмесе керек. Ересек болсын, бала болсын өмірдегі өз орнын айқындау жолындағы жеке белсенді қатынасы, қызығушылығы, ұлттық іс-әрекетке ұмтылысы, жан-жақты танымға құмарлығына байланысты қалыптасады. Басты мақсат, бастауыш сыныптан бастап ұстаздар мен ата-аналар, кітапханашы, мәдениет қызметкерлері, баспасөз бен телерадио хабарларының діттегені ұлттық өзектен өрбіген жасампаз ұрпақты тәрбиелеу. Әрине, кітапсыз білім мен тәрбие болмайды. Ендеше оқушылар нені оқып, қалай оқып және не үшін оқуға тәрбиеленетінін өздері іріктеуі керек. Әрбір бала өзіне қажетті, өзі қызыққан тақырыптарды, авторларды жаза баспай табуына, тануына бірлескен көмекке ат салысуымыз керек. Осындай позицияны меңгерген оқушы, өз мүдде-мақсатын, жолын түсінген оқушы көп жағдайда өзіне не керектігін анықтай алады.

Осы сарында бізге мынадай пікірдің реті келіп тұрғанға саяды. Халықтық педагогика бағдарламасының өзі, негізінен еліміздегі көп ұлтты топтардың жас ерекшелігі, талғам-талабына сай, сонымен қатар шәкірт-жеткіншектер, әулет, ата-аналар қауымы сияқты сан алуан салаларды қамтиды. Оның жүзеге асу процесінен қоғамдық ұйымдар да шет қалмауы тиіс. Әсіресе, көркем әдебиет, бейнелеу-сәулет, мүсін, би өнері, кино, театр өнегесі арқылы жастарды, оқушыларды жан-жақты жүйелі тәрбиелеу олардың арасында насихат жүргізу үшін республикалық, облыстық және жергілікті орындарда бірлескен ұйымдар, бірлестіктер мен редакциялар құрылса. Себебі барлық ұлттық тәрбиенің ауыртпалығына мұғалімнің мүмкіншілігі бола қоймайтыны белгілі. Соған орай, оқу-тәрбие процесіне осындай жалпы мемлекеттік қамқорлық тиімді әрі ықпалды қызмет болмақ.

Қазіргі қоғамдық қатынастар дүниетанымдық қасиеттердің жаңа методологиялық негіздерін, әдістемелік құралдарын жаңа позицияда

жүргізуді талап етеді. Ол өмір заңдылығы. Бұл тұрғыда еліміздің «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық Бағдарламасында «балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керектігін» осы заманғы білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамытумен байланыстыра отырып: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет... Адаманың өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызуымыз керек», - деп атап көрсетті [64].

Жаңа әлеуметтік талаптарға байланысты елімізде білім беру жүйесінің түрлі жағдайлары реформаланып және оның жүзеге асуының түрлі тұжырымдамалары мемлекеттік деңгейде жасалынуда. Оның міндеттері қайта қаралуда. ХХІ ғасыр ауқымында өркениетті дамудың талабы әлеуметтік қатынастарды ұйымдастарудың тиімді нысандарына қол жеткізуге байланысты болып отыр, әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам аса айшықтана көрінеді. Осы бағытта ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс-гуманитарландыру болып табылады. Өйткені біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басамыз.

Сондықтан білім беруді гуманитарландырудың басты міндеті бүкіл тәрбие, білім беру, оқу-ағарту және мәдениет кешенін гуманистік бағдардағы адам тәрбиелеуге жұмылдыруға саяды.

Егеменді ел ұрпағы жаңа мазмұндағы тарихи сананы сіңіруі қажет дедік. Олай болса оны қалыптастыру процесі де оқу-тәрбие жүйесімен жүзеге асады. Мұнда дәстүр жалғастығын сақтау, қордаланған бай тарихи ілім-білімді кәдеге жарату, алдыңғы буындағы ғылыми еңбектерге құрметпен қарау үрдісі сақталуы тиіс. Үңіле қарасақ мектепте алған білім адамды өмірлік тарихи ақпараттармен қамтамасыз етеді. Сондықтан оның жүйелілігі, принциптілігі, әділеттілігі сақталумен бірге оқушыларға белгілі бір ғана көзқарасты тануға тырыспау керек. Өткенді «гуманистік тұрғыдан бағамдауға үйрету керек, ұлттық өркөкіректікті қоздырмауды ойлау қажет, оқушының ойын тарихтағы соғыстарға бұрмай, қайта бейбіт өмірге, сауда, мәдениет байланыстарына аударған жөн. Әсіресе тарихи жасампаздыққа ден қойылуға тиіс, өйткені тарих арқауы-соғыстың көптігі емес, қайта, бейбіт жасампаз өмірдің қымбаттығы, бізге өркениеттің небір інжу-маржандарын мирас еткен бабаларымыздың кемеңгершілігі болуға тиіс [65, 12-13].

Енді қазіргі таңдағы білім берудің инновациялық технологиясына үңіліп көрелік. Мұндағы оқыту жаңалығы өмір сүріп жатқан мәдениет, әлеуметтік ортаның өзгеруіне жаңаша өзгерістер әкелетін білімдік қызметтің нәтижесі мен процесі болып саналады. ХХІ ғасырда әлемдік деңгейді қамтыған бұл бағыт оқушының жеке тұлға деңгейлік ұстамын анықтап, өзін-өзі бақылау мүмкіндігін ашуға жөн сілтейді. Осы тұрғыдан еліміздегі білім беру кешенінің жалпы жаңа бағытын, мазмұны мен құрылымын,

дидактикалық ізденістерін талдап ұсыныстар енгізу біршама қолға алынып тиісті зерттеулер мен ғылыми-педагогикалық шаралар көрінуде[66].

Көрсетілген жұмыстарды ой елегінен өткізіп жинақтап айтсақ мынадай бағдарларды бөліп көрсетуді жөн санадық:

- білім беру — индивидтер мен қоғамның ұмтылуға тиісті адам құқығы әрі жан-жақты құндылық. Оны жетілдіріп, өмір бойы қол жеткізіп отыратын болуы керек;

- білім беру — формальды немесе формальды емес жағдайда қоғамға жасампаздықтың, білім мен ғылымды таратудың құралы ретінде қызмет етуі тиісті;

- оның әділеттілік, релеванттық және жоғары сапалық мақсаттары білім беру саясатында биік әрі үстем болуы қажет;

- білім берудегі жаңалану, кез-келген қайта ұйымдастыру жаңа жетістіктерді терең талдау мен әрбір нақтылы жағдайдың ерекшелігін түсінудің нәтижелері болуы тиіс;

- білім беруді дамытудың дифференциалданған әдісі халықаралық қауымдастық өрісінде мынадай негізгі құндылықтар мен мақсаттар жинақталған: адам құқығы, төзімділік пен шыдамдылық, түсіністік, демократия, қоршаған ортаны қорғау, білімнің басымдылығы, кедейшілікті шектеу, туу процесін реттеу, денсаулық сақтау және т.б.;

- білім беру — барлық қауымдастықтың міндеті.

Сонымен инновациялық процестер қазіргі қоғам дамуының заңдылығы болып табылады. «Инновация» түсінігі алғашқы рет XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып белгілі бір мәдениет элементтерінің басқа мәдениетке сіңісуін белгіледі. Осы мән этнографияда әліге дейін сақталып келеді. Ал, педагогикалық инновациялық процестер өткен ғасырдың 50-ші жылдары ғана ғалымдардың зерттеу назарына ілікті. Сонымен «инновация» түсінігі жаңалықты көрсетеді. Ғалымдар мен мамандар жаңалықты өзінің пәндік мазмұны бойынша мынадай топтарға бөледі:

- техника-технологиялық (жаңа құралдар, приборлар, технологиялық кестелер);

- ұйымдастыру-басқару (жаңа ұйымдастыру құрылымдары, білім беру қызметінің жаңа нысандары, олардың орындалуын бақылаудың жаңа жолдары);

- әлеуметтік, яғни, ұжымдық қатынастардың өзгеруіне бағытталған, оның ішінде: құқықтық (еңбек пен шаруашылық заңдарының өзгеруі ретінде көрінетін);

- экономиялық (жаңа материалдық көтермелеу, еңбекке ақы төлеу жүйесі және т.б.).

Инновация былайша жіктеледі:

- а) білім берудің мазмұнына сәйкес іске асыруға байланысты эксперименталды және эксперименталды емес;

- б) технологиясына, әдістеріне, формаларына, қабылдауларына, оқу-тәрбие процесінің құралдарына қарай;

в) масштабына қарай (жеке, жергілікті шеңберлі, модельды, жүйелі, білімдік-тәрбие мекемелерінің кешенін құру (балалар бақшасы, мектеп, лицей, гимназия, колледж, жоғары оқу орны, университет);

г) инновациялық өріске сәйкес: модификациялық, комбинаторлық, радикальдық;

д) мақсатты көздейтін функциясы бойынша;

е) инновация көздері, жоспарлау көздері, қаржыландыру көздері, бастамашылдық көздеріне байланысты;

ж) нәтижелілігіне, оның ішінде әлеуметтік салдарына байланысты.

Технологиялық әдіс оқушылардың қызметін дәстүрлі оқытумен бірге жаңарта түседі. Дидактикалық ізденістерге сәйкес технологиялық әдістің өз ерекшеліктері анықталып отырады. Дидактикалық ізденіс көрсетілген әдіс шеңберінде мынадай бағыттарды сілтейді:

1) репродуктивтік қызмет тиімділігінің жеке құндылық ретінде және оның күрделі танымдық деңгейдің дидактикалық мақсаттарына басымдылықпен бағытталғанынан туындайды;

2) жеке-нейтральдық болып табылады;

3) стандартты оқу процедураларына аса көңіл бөледі, сонымен бірге оқушылар мен оқытушылардың оқу процесіндегі жеке-нейтральдық сипаттарын біріктіреді;

4) оқытушыны жаңа дидактикалық материалдар мен оқытудың техникалық құралдарын игеруге, жаңа ізденіске әрі оқытудың сапалылық жақтарына игеруге, жаңа ізденіске әрі оқытудың сапалылық жақтарына бейімделуді талап етеді;

5) дидактикалық мақсаттарды биік танымдық деңгейге қояды, педагогтың жеке-кәсіптік дайындығын көтеруді меңзейді.

Осының бәрі жаңа педагогикалық технология мен практиканың талаптары болып табылады.

Сайып келгенде бастауыш сыныптарына байланысты дүниетанымдық қажеттердің қалыптасу мәселелері, олардың танымдық қасиетін арттырудағы ерекшеліктер, ойлау мен ізденушілік әрекеттердің дамуы мен орнығуына елеулі ықпал ететін факторлар осы инновациялық талаптар реформасына да байланысты болып шығады. [67, 281-284].

Оқу-әдістемелік құралдарына, ғылыми ізденістерге, олардың бастауыш сынып оқушыларына бағытталған оқу-тәрбие процесіне ендірілу тәжірибесіне байланысты кемшіліктер де байқалады:

- оқушылар дүниетанымын қалыптастырып, оларға қоршаған дүниеден ғылыми және экологиялық білім негізін меңгеруде пәннің маңызы сараланғанмен, осы кезге дейін осы бағдарламалық талаптардың өз деңгейінде жүзеге аспай отырғаны;

- бастауыш сыныпта табиғаттан берілетін білімнің адам өмірімен, қоғаммен байланысы толық ашылмағандығы, мектептердің үнемі аударма оқулықтарды пайдаланумен шектеліп келгендігі;

- оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын өздігінен жұмыс істеу әрекеттерін ұйымдастыруға негіз болып, бағыт беретін оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеуге арналған әдістемелік жұмыстардың жеткіліксіздігі;

- бастауыш сыныптағы дүниетануды оқытудың ең бастысы, негізгісі ретінде сөздік әдіспен шектелуі, оқушылар белсенділігін арттыратын, ізденушілігін дамытатын жағдаяттардың жасалмауы, осының салдарынан оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің төмендеп, көріп байқағандарын қайталап айтумен шектелетіндігі;

- осы кезге дейін бастауыш сынып оқушыларына қоршаған ортадан білім берудің әдістемелік мәселелерін жүйелі зерттеген монографиялық еңбектердің жоқтығы [68, 5].

Бастауыш сыныптарындағы дүниетанымдық процестің орнықтылығы жан-жақты дидактикалық материалдар мен ізденіс негізіне байланысты екендігі тағы да бағыт көрсетіп тұр. Бастауыш сыныптардағы дүниетанымдық білім жүйесі олардың келешектегі физика, химия, биология, география пәндерін меңгеруге дайындық жасап адам, қоғам, табиғат тұрғысындағы түсінік пен ойларын қалыптастыруға әрі өзге пәндермен сабақтастық тудыруға жағдай жасайды.

Дүниетану ұғымының күрделілігі жоғарыда атап өтілген бастауыш сыныптардағы әрбір пән жеке-жеке білім берумен қоса өзара байланыс пен бірізділікте болады. Жоғарғы сыныптардағы пәндердің негізін бекітеді. Табиғат, қоғам және адам арасындағы процестерді қамтып балалар сана-сезіміне, ой-пікірлеріне, айналаға көзқарастарына өзек болады. Дүниетанымдық сапалар физика, химия, биология және т.б. пәндерінде ұлттық мәдениет, әдебиет пен рухани қасиеттерді біріктіре отырып өрбиді. Біздің пікірімізше, дүниетанымдық процестердің қиындығы мен күрделілігі де осыдан байқалады. Табиғи және қоғамдық болып белгіленген оқу бағдарламаларында 1-2-сыныптардағы табиғаттан білім беру алға қойылып, тіптен тақырыптардың мазмұны жыл мезгілдеріне байланысты топтастырылған.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде дүниеге көзқарастың қалыптасуы мәселелері теорияға қатысты болса, оның дидактикалық процестерімен педагогика айналысатыны белгілі. Соған орай бұл қасиет үнемі жетілу мен даму аймағында болады. Тұрақты ізденіс, талпыныс жолында қиындықтар мен қателіктерге де ұрынып отыруы ықтимал. Жалпы қоғамдағы, өмірдегі оқу мен білім прогресі жаңа тәжірибеге оның молығып отыруына, қоғамдық көзқарастың өзгеруіне жетелейді.

Адам мен қоғам арасында ғылыми-техникалық даму, байланыстар арқасында жаңа қатынастар туып отырады. Дегенмен өмірде ғылыми-техникалық жаңалықтар кейде адамзатқа, табиғатқа теріс нәтижелер әкелуі мүмкін. Мысалы, ядролық жарылыстар, қоршаған ортаның ыластануы және т.б. Бастауыш сынып оқушылары білім жүйесі арқылы ұғымдарын кеңейтіп заттар мен құбылыстар туралы ой қорытатын деңгейге көтеріліп, әрбір

заңдылықтарды, олардың себебін ұғынуға жетеді. Түрлі құбылыстардың, факторлардың өзара байланыс себептерін, шарттарын, ықпалдарын түсініп оған өз пікірлерін жеткізетін дәрежеге ие болады. Білім олар үшін құбылыстардың мәнін ашатын арқауға айналады. Осы тұрғыдан профессор Қ. Аймағамбетова былайша ой толғайды: «Дүниетанудан білім беру барысында ғылыми ұғымды меңгеру арқылы дүние заттарының, құбылыстарының, нақтылығын, олардың біздің санамыздан тыс өмір сүретінін және бір-бірімен байланыстылығын, заттар мен құбылыстардың даму заңдылықтарын түсіндіріп, шындыққа сенімдерін арттыру мақсаты жүзеге асады. Білімнің ғылымилығы оқушылар сенімінің көзі деуге болады. Себебі әрбір ғылыми ұғымды меңгеру үшін оқушылар іс-әрекеттер жасап, практикалық жұмыстар, тәжірибелер арқылы проблемалық ахуалдарды шешу барысында шындыққа жетеді. Шындыққа шешу жолында өз іс-әрекеттердің қорытып, ой толғайды, оның нәтижесін тұжырымдайды. Белгілі дәлелдікке жеткеннен кейін алған ұғымдарына сенімі артады. Сонымен қатар, әрекет жасап, ізденіп, талпыну арқылы өз-өзіне, алдына қойған мақсатты шеше алатындығына деген сенімі артады» [68, 67]. Автор балалардың дүниетанымын қалыптастыру мен жетілдірудегі биологиялық, психологиялық және әлеуметтік өлшемдердің деңгейлері мен мазмұнына тоқталып өтеді. Осы өлшемдердің орнықты жетілуі ұрпақты еңбекке, ұмтылыспен білім алуды дүниетанымдық негізге айналдыруды белгілейді. Ал, психологиялық жағынан адамға ой түсіріп одан ренжу, сүйсіну, риза болу сияқты сезімдер туады. Осының бәрі дүниетанымдық қабілетті күшейтеді.

Аталған өлшемдер арасында қоғамдық орта да ерекше мәні мен маңызы бар нәрсе. Өмірдегі отбасы, ағайын-туыс, мектеп, қоғамдық ұйымдар, жұмыс ортасы, өз елі, туған жері, Отаны адам үшін оның қалыптасатын, дамитын және жетілетін өрістері. Мұнда оқу да, тәрбие де қатар жүреді. Сондықтан таным тақырыбы пәндік білім мен сыныптан тыс тәрбие жүйелерінде бірдей ықпал жасайды.

Бастауыш сыныптардағы жеке пәндер дүниетану құбылысын сіңіруді өзара байланысты оқу мен тәрбиеге сүйеніп оның ғылыми позициядан қалыптасуына бағыттайды. Мәселен, 3-сыныпта бүкіл тіршілікті тіршілік ортасына қарай топтап беруге болады. Су, шөл жағдайындағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар туралы айтылған мәселелер балалардың жоғарғы сыныптарда оқитын жаратылыстану пәндерін игеруге дайындық болып саналады. Бірінші сыныпта өсімдік, жануар тіршілігіне қажетті нәрселерді ұғынған болса енді сол керектілерді қамтамасыз ететін су, күн сәулесі, топырақпен таныс болып, денесі ретіндегі табиғаттан алатын орнын түсінеді. Табиғаттағы үздіксіз болып отыратын зат айналымының маңызын бағалайды. Құбылыстар мен табиғаттағы заттардың өзара ықпалын ұғыну арқылы экологиялық көзқарас қалыптасады. Оның қоршаған ортаға қарасы, мінез-кұлқы, іс-әрекеті өзгереді. Табиғатқа, қоршаған ортаға сүйсінетін оны бақылайтын, сыйлайтын әдет пен дағды дамиды. Қазіргі әлемді тұтас

камтыған ғылыми-техникалық прогресс аталатын дәуірде тіршілік ортасын қорғау, тазалық сақтау, табиғат байлығын ысырап етпеу, аңдарды қорғау мен сақтау талаптары оқушылардың сана-сезіміне, әлеуметтік көзқарастырына терең бойлауы керек.

Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық дақылдары арқылы әлемге белгілі. Мысалы, 2-сыныптан бастап балалар өсімдікке байланысты су, топырақ, ауа, жылу ұғымдарымен танысса, өсімдіктің тамыры, сабағы, жапырағы туралы білсе, «Өсімдіктану», «Өсімдіктер тіршілігі» тарауларында олардың қоректену ерекшеліктері, тамыр оның аймақтары мен жүйесі, өсімдік жапырағы, оның сыртқы құрылысы, жапыраққа жарықтың әсері, сабақ, сабақтың бойлап өсуі, сабақтың жуандауы, қоректік заттардың, сабақтың бойымен қозғалуы, өсімдіктердің тыныс алуы және т.б. кейінгі сыныптарда тереңдетіліп күрделі мазмұнмен жалғасады. Екінші сыныптағы «Дүниетану» бағдарламасындағы өсімдіктер (біржылдық, екіжылдық, көпжылдық) туралы білім көлемі 3-сыныпта олардың алуан түрлілігі, ылғал сүйгіштігі, құрғақшылыққа төзімділігі жайындағы мәліметтермен толығып 6-сыныпта «Өсімдіктану» бағдарламасымен кеңейе түседі. Сонымен бірге бастауыштағы тамырсабақ, түйнек, пиязшық, сабақ, жапырақ, мұртша, қалешшелер өсімдіктердің түбін ажырату арқылы көбеюі ұғымдары «Өсімдіктану» пәнінде күрделене келе арамшөптермен күрес, көшет отырғызу және т.б. ғылыми білім сілтемелерімен ұштасады. 7-сыныпта да «Бақша дақылдары» тақырыбы арқылы кеңейтіліп беріледі. 1-сыныптан басталған «Дүниетану» білімі «Жануартану» пәнімен жалғасады. Алғашқы жануарлар тіршілігі туралы басталған мағлұматтар әр сыныпта жалғаса келе сүтқоректілер, аңдар, олардың тіршілік әрекеттері, сыртқы құрылысы, құстар класы және т.б. тақырыптарда сабақтастығын табады. Әрине теориялық білімдер тәжірибе жасау, табиғатқа бақылау, оның қорытындыларын сабаққа пайдалану қажеттігі де танымын тереңдете түседі.

Дүниетанымдық өзек алғашқы ұғымдардың, түсініктердің бастамасы болғандықтан жоғарғы сыныптардағы физика, математика, химия, биология және т.б. пәндеріне дайындық кезеңі болып отыр. 2-сыныптағы «Ауа», «Су», «Ауаның қасиеті», «Ауаның маңызы», «Судың қасиеті», «Су еріткіш», «Судың маңызы», «Топырақ», «Суда еритін және ерімейтін заттар», «Топырақтың маңызы» сияқты тақырыптар химия пәнінен жалғасады. Сонымен бірге 3-сыныптағы су тақырыбы 8-сыныпта қайталанып күрделі мазмұнда орын алады. Сонымен жас ерекшелігіне сүйеніп іске асатын пәндік сабақтастық оларды әрбір бөлімінде, өткенге арқа тұтып жаңа материалдарды игеру процестері арқылы жеке, қарапайым ұғымдардан күрделілену мазмұнын орнықтырады.

Бастауыш сыныптардағы дүниетаным білімі оларды жасақтап алғашқы ұғымдарды, көзқарасты қалыптастырып келесі кезеңге бағыттаған жауапты міндет. Бұл мәселенің күрделілігі мен қиындығы ұстаздар үшін жеткілікті. Себебі бастауыштық білімді жүргізуде балалардың жас ерекшелігі, индивидуалдық ерекшеліктері, отбасының педагогикалық жағдайы, ұстаз

тәжірибесі, мектептің оқу-материалдық мүмкіншілігі және басқа да факторлар бірігіп іс-қимыл жүргізеді. Әрбір пәннің негізгі мазмұнымен қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттер қабысып, сәйкестік жағдайында жүруі керек. Сайып келгенде, ұстаздардың күнделікті қызметі оқу-әдістемелік материалдарды игерумен бірге дүниетанымдық және саяси-әлеуметтік көзқарастарға байланысты позициялардың өзгеріп отыратындығын да ескеруі керек. Жалпы алғанда, елімізде кейінгі ауқымда жарық көрген оқу-әдістемелік материалдар, оның ішінде пәнаралық байланыстар қағидаларына сүйеніп оқушылардың қызығушылық талаптарын жетілдіруге болады [69].

Мұнда тек пәндік бағдарламалар емес, келесі сыныптарда өтілетін сабақтас пәндерді меңгеруге дайындық яғни бастауыштағы білімнің біртіндеп кеңейіп күрделі мазмұнға, көзқарасқа, танымдық дәрежеге жалғасуы басты міндет. Сондықтан ұстаздың көздейтін мақсаты — таныс материалдарды енді танысқалы отырған материалдармен байланыстыра таныстыру, бастауыштағы білімді әр пәнмен байланыстыру болып табылады. Пәнаралық байланыс барысында оқушылардың ой желісі жалғасады, ұғымдарды тиянақты меңгеріп, ойда сақтау мүмкіндіктері жетіле түседі. Әрбір пәндік сабақтарда бейнелі көрнекіліктер: түрлі суреттер, картиналар, сызбалар; табиғи көрнекіліктер: өсімдік, пайдалы қазбалар және бунақ денелер жиынтығы, жануарлар тұлыбы; техникалық көрнекіліктер: диафильм, диапозитив, оқу киносы және т.б. сабақта да, сыныптан тыс тәрбиелік шараларда қолданғаны ықпалды әсер қалдырады. Сонымен бірге облыс, республика мен әлемдік карталарды тұрақты пайдалану танымдық қасиеттердің қалыптасуына пайдалы нәрсе.

Біз танымдық сананың орнығуына тек табиғат мәселелері емес қоғамдық ортаның да ықпалын атаған едік. Бұл процесс те оқу мен тәрбие жүйесі арқылы қатар жүреді. Аталған пәндердің әрбір тақырыптарында, бөлімдері мен тарауларында сыныптас жолдастары, достары, мектеп, тәрбиелік қоғамдық ұйымдар, туған жері, елі мен Отаны, дәстүрлеріміз жайлы мәселелерде ұлттық негізде пайда болған нақыштар, мақал-мәтелдер, тіптен санау мен есептеуді және т.б. сығымдап отырып ұғындыруға тырысуымыз керек. Мұнда көл-көсір білім сарыны бастауыш сынып оқушыларына ауырлық жасайды. Олардың дүниетанымға қызығушылығын біртіндеп сатылы кезеңде қалыптастыру нәтижелі болып шығады. Қоғам мен ұжымның рухани-әлеуметтік рөлі мен мәні анық ұстанымдық мазмұнда орын алғаны жөн.

Еңбектің қоғам, адам өміріндегі орны, материалдық игіліктерді өндірумен байланысы, ғылым мен техника дамуының өндіріс өнімдерін молайтуы тұрғысындағы білім бастаулары бастауыш сынып оқушыларын дүниетанымдық сатының баспалдақтарына көтерілуге жол сілтейді. Ұлттық тәрбиенің қасиеттері осы көрсетілген бағыттардың кез-келгенінің мазмұндық құрамынан ұшырасады. Оны тек ұстаз бен бала анық көріністе, бейнеде және нақышта бөліп көрсету қабілетін меңгеруге ұмтылуы тиіс. Өмірдегі құбылыстар, қоғамдық процестерді ұғынудың ұлттық негізі мен іргетасы

болатынына сүйену керек. Осы жерде белгілі ғалым, жазушы Сәбит Мұқановтың мынадай пікірі еске түседі: «... Мұхаммед-Хайдар Дулати немесе ертедегі басқа тарихшылар сипаттайтын көшпелілердің тұрмысы қазір біржола өзгеріп кеткенімен сол өткен өмірдің аздаған жұрнақтары әлі де болса елес беретін жерлеріміз жоқ емес. Онымен бірге, негізінде, қай халықтың болсын өзіне тән кейбір прогресті ұлттық дәстүрлерін білу кейінгі жас ұрпақтарға артық болмас деп санаймыз» [70, 7].

Бұл мәселенің қажетті элементтері сыныптан тыс іс-шараларда да анықталып отыратындықтан келесі тараулардың міндеттеріне де сәйкес ұстаздар мен оқушыларға кейбір жұмыстарды ұсынамыз [71].

Аталған еңбектер қазақтың дүниетанымы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойындар т.б. халықтың рухани сенімін, адамгершілік қасиетін, мінез-құлқын қалыптастырып қана қоймай, дүниетанымын кеңейтіп, түрлі білімдер негізінен мағлұмат береді. Табиғи құбылыстар мен қоғам өмірінің оқу мен еңбек ұжымдарының өзіне тиісті ғылыми өзегі мен заңдылықтары бар. Мұның ішінде болмысы беймәлім, ғылыми жолмен түсіндірілмеген құбылыстар да жетерлік. Адам қиялы осындай құбылыстарды әсірелей келіп, шындыққа ешбір қабыспайтындай әңгімелерді де туғызып отырған. Бір қарағанда сенімсіз сияқты әсірелеп, суреттеген оқиғалардың негізі өмірдегі нақты болған белгілі бір құбылыстан алынуы сөзсіз.

Адамның ақыл-ойы, өресі жете бермейтін құбылыстар аз емес, міне қандайда бір құбылысты түсіну үшін адам ғылымды меңгеруі керек. Табиғаттағы кез келген құбылысты қарастырғанда, оны нақты бір бейнеге келтіреді. Табиғат — үйретуші. Нәрсенің табиғи-физикалық кескінін геометриялық денелер арқылы бейнелейді. Қандай нәрсе болса да, бұйым немесе құбылыс, ғарыштағы алып нысандар, яки көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектер бәрі белгілі бір геометриялық пішінмен сипатталады. Көрсетілген бағытта қазақ халқының танымдық мұрасы өте мол. Соның түбірлері арқылы бастауыш сынып оқушыларын дайындауымыз керек. Мәселен атап ұсынған еңбектер арасынан бес саусақты пайдаланып есептеулер жүргізу әдісі көрсетілген. Немесе «Ертегі ермек емес», «Әдет-ғұрып, салт-сана», «Адам деген кім? Ғарыш қандай болады?», «Үйренуге қорланбаңыз» (Ғұзыхан Ақпанбек) әңгімелері ұлттық дүние таным ерекшелігін көрсетеді. Оған қазақтың байырғы қара есептерін қосыңыз (Сәбетбай Елубаев). Баяндалған халық жұмбақтары, қазақтың ұлттық ойындары, сан сұрақ сыры, қазақтың қара есептері: ескісіз жаңа болмайды, салт аттылар, екі қарға, түйеқұс салмағы, неше емшек, неше өркеш, жыл қайыру, ата жасы, көш көлікті болсын, мұра бөлісу, енші беру, қораға қамалған қой, балық есебі, жүз қаз есебі, аға болсаң ақыл айт, асық саны, қыз өссе ел көркі, екі ұрғашы лақты ешкінің көбеюі, егіздейтін ешкі, мешер мен қазақ, сарт пен ұры, егіс және қара бие және т.б. сияқты 118 түрлісі қамтылған. Оған қоса қазақтың математикалық мәдениеті мен қазақ математиктері жайлы мәліметтер бар. Бастауыш сынып балалары халқымыздың математик ойшылдарының туған

жерін, ғылыми туындылары мен сіңірген еңбектерінен хабарлар болса, олардың ұлттық мақтаныш сезіміне, көтеріңкі көңіл-күйлеріне әсер етеді.

Танымдық қасиеттерді қалыптастыруда Республикалық педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, мүдделілік «Таптым-таптым! — Эврика» журналы сәтті қадамдар жасауда. Бұл есепте белгілі ұстаз Қабділрашид Қайым ұсынған материалдар таным, табиғатпен өзара байланыс тұрғысында ой қозғайтын дүниелер [72].

Мұнда журнал ішіндегі кітапша айдарымен аңдар, құстар мен жануарлар туралы жұмбақтар берілген. Мысалы:

Жей береді, қоректі талғамайды,
Кеміруші де бақа да: бәрі жайлы.
Қаурсыны құндырақ саналады,
Ақын, әнші бөркіне қадалады.
(Үкі)

Сөзінді ұғып айта алады,
Мүдірместен қайталайды.
(Тоты)

Тіке қарап, күнге көзі талмайды,
(Саятшылар оны жақсы таңдайды).
Бабында болса, ол алатын жемін
Шүйліге, сыпыра, іле аулайды.
(Бүркіт)

Бадырайған көзі бар,
«Бақылдаған» сөзі бар.
Суға шашып уылдырық,
Ұрпақ таратар кезі бар.
(Бақа)

Үйін қалдырмай алып жүреді,
Құмда, теңізде өмір сүреді.
(Тасбақа)

Қанша суды ішсе де ол.
Тойған емес ешқашан.
Құрлыққа егер тап болса, ол
Тіршілікпен қоштасқан
(Балық)

Тауықтар қашып, жасқанған,
Құлығы артық басқа аңнан.
(Түлкі)

Қорбаң-қорбаң етеді,

Балды, балықты корек етеді.
Адамша кейде жүреді,
Қыста ұйықтауды біледі.
(Аю)

Сүті мен қаймақ, айраны,
Отбасы үшін пайдалы.
Бір үйлі жанның байлығы,
Бір үйлі жанның шайлығы.
(Сиыр)

Оқушыларға тартылған бұл жұмбақтар жануарлардың қасиеттерін, әрекет-қимылын әрі адамға пайдасын көрсетіп тұр. Балалардың танымдық қасиеттерін қалыптастыруға сөзсіз септігін тигізетіні даусыз мәселе.

Ұлттық өмір салтымыздан үлгі ұсыну, бала бойына, рухына қуаныш пен мақтаныш ұялататын, өзінің арқа сүйеп пір тұтатын ауылы, туған жері мен оның табиғаты, аталы сөздер сыры ұлттық сана-сезімге өзек болады. М. Жұмабаевтың «Көкшетау», «Сең», «Айға», «Анама», «Балапан қанат қақты», «Орал», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» және т.б. өлеңдері, «Ертегі» поэмасы, Ы. Алтынсаринның «Қыпшақ Сейітқұл», «Кел, балалар, оқылық», «Бай баласы мен кедей баласы», «Менің достарым», «Жиренше шешен», «Қара қылыш», «Сақып», «Жаман дос», «Аурудан аяған күштірек», М. Дулатовтың «Баспасөз үлесі», «Қош келдің, Наурыз», «Жаз», «Жазғы кеш», «Шілде», «Қыс», «Қоян», «Қасқыр қысты қалай өткізеді?», «Бұғы» және т.б. шығармалары қоршаған табиғат тіршілігі, адамгершілік рух тұрғысында ұлттық өрнекпен баяндалған. Адамгершілік өресі философиясы, қоршаған табиғат, ортаны тануда А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев мұралары өз қырынан өрнектелген. Жастарды адалдық пен шыншылдыққа, адал еңбекке, айналаны тануға, анық пен танықты сезіну, достық, табиғат байлығын еңбекпен пайдалану, жан-жақты ойлы болуға шақырған шығармалары оқу мен тәрбиенің нұсқасы болғаны жөн [73]

Дүниетанымдық құндылыққа үлес қосқан ғалым, ағартушы Ш. Уәлиханов адамның қарым-қатынасы, адам болмысы және оның мінез-кұлқы, қоршаған табиғат, өсімдіктер мен жануарлар, халқымыздың киім үлгісі, тұрмыстық, аңшылық және соғыстық құрал-жабдықтары туралы көріністер мен өрнектер оның суреткерлік өнерінде, «Ұят кімде болса, иман сонда», «Ақыл дария екен, көңіл дүлділ екен», «Асыққан қарға, түсесің торға», «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ» және т.б. күнделігіндегі жазбалары балаларға дүниетанымдық көзқарас пен ұлттық сананың үлгісі бола алады. Шоқан табиғаттың адамға оның мінез-кұлқына тигізетін әсерін ерекше бағалаған.

Дүниетанымдық сана-сезім мен рухқа, адамгершілік қасиеттердің ұлттық көрінісінің бір тармағы «Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер» жинағынан табылады. Ондағы Адам туралы (Адам және адамгершілік, Ар мен ұят, Атақ пен абырой, Қадір-қасиет пен заңдылық),

Мінез-құлық туралы, Халық туралы, Рухани байлық, Табиғат көріністері, Өмір өткелдері (Уақыт, Жастық пен кәрілік, Өмір мен өлім) жайында тарихи өнегелік мұраның иелері Ю. Баласағұни, М. Қашқари, А. Йүгінеки, Қ. Иасауи, Қорқыт, Қ. Жалаири, Әбілғазы, Бабыр, Ә. Науаи, Әл-Фараби жазбаларын күнделікті оқу мен тәрбие процестерінде пайдаланып отырған жөн. Аталған еңбектер мен оқу құралдары ұлттық педагогиканың білімдік және тәрбиелік арналарын құрайды.

Ұлттық сана-сезім, әдет пен дағды әрбір азаматтың ішкі дүниетанымдық байлығының қозғалыс күші ретінде көрініс береді. Олардың қалыптасу мен орнығуы өз кезегінде дүниетанымдық, салауаттану мен еңбекке баулу кешендік бағдарлар арқылы ұлттық көзқарас, ұлттық нақыштар мен бейнелеу, талғамды, ойлауды, іс-әрекет жасауды және т.б. қалыптастырады. Адамның қызметі, жалпы өмірлік салты, әдет пен қимылы ұлттық талғамды көрсетіп тұрады. Шаруашылыққа икемділігі, ұлттық асхана, ауа райын болжау, имандылық мінез-құлық, табиғатқа және тіршілікке қатынасынан жалпыадамзаттық пен ұлттық талғам сәйкестік табады. Егер біздің қозғап отырған ұлттық тәрбие мазмұны мен өрісі үздіксіз әрі тиянақты жағдайда өткен болса, онда аталған тіршілік қасиеттері ұлттық өзектен өрбігенінің айғағы болып табылады.

Сонымен оқушыларға дүниетанымдық білімнен айналаға, қоғамға көзқарас, өзгелермен адамгершілік қарым-қатынасы, салауаттылық қасиеттерін, дені сау және ой өрісі шындыққа жетелейтін, білімге құштарлығы жоғары, ерік күші бар ерекшеліктер қалыптасатын болды. Бұл процестерді игеру барысында оқушыларға қызығушылық, ұмтылыс тудыру — басты міндет. Сонда ғана олардың белсенділігі қалыптасады. Қайталап айтайық, бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыруға, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Жоғарыда көрсеткеніміздегі білім беру орындарының қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды.

Екіншіден, кез-келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

Екі әрекетте оқушылар — екі түрлі мүдделер көзделген әр түрлі мақсатты шешеді. Мысалы: оқу әрекетінде белгілі бір ережені меңгеретін жаттығулар орындаса, шығармашылық, әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысана болады. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Діттеп келгенде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, оларды қызығушылығы мен белсенділіктерін арттыра түсуге мынадай әдіс-тәсілдерді ұсынуға болады: 1) арнаулы бір тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау; 2) арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру; 3) логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар); 4) берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т.б.); 5) әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу; 6) қиялдау арқылы сүрет салғызу, рөлге бөліп оқыту; 7) ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру; 8) ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру. Бұл талаптар әрине ұстаздың өзінен де қосымша ізденуді, жаңа материалдармен танысуды талап етеді. Тиянақты білім жолында оқыту әдісін жетілдіріп отыруға жетелейді.

Практикада балалардың ой-өрісін дамытуда ойынның маңызы зор екендігі белгілі. Ойын баласы сабақта да, одан тыс кезде де ойын арқылы жетіледі, дамиды әрі өзге балалармен ара-қатынасын анықтай түседі. Сондықтан ойын процесі күрделі және баланың өмірлік позициясына пайдасы қомақты.

Ал сабақ жүйесі арқылы балалар ойындардан білім ала алады. Сабақтағы ойын арқылы білімін шыңдап, ой-өрісін кеңейте алады. Ал ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттары, ерекшеліктері болады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады және де сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Олардың сабақ барысындағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырып орнықтырудың түрлі жолдары мен әдістері бар. Бұл тұрғыдан ізденушілер мен мамандар тарапынан пікірлер де бар. Сондықтан қандайда бір пән болмасын, сол пәнге оқушының қызығушылығын, белсенділігін, қалыптастыруды тудыру жолдары, шарттары мен қолданылатын жұмыс түрлерін былайша жинақтап көрсетуге болады:

1. Берілетін білім мазмұны мен оқушының жас ерекшелік ақыл-ой даму деңгейінің сәйкестігі.
2. Берілетін білім мазмұнының қызықты болуы.
3. Оқу әрекеті мотивінің, міндет, мақсатының айқындылығы.
4. Мұғалімнің кәсіби және мәдени құзырлығының жоғары деңгейлігі.
5. Оқуға қолайлы жағдайлардың болуы.
6. Оқушылардың мінез-құлық қабілет ерекшелігінің ескерілуі.

7. Оқушылардың өз бетінше және шығармашылық жұмысының тиімді ұйымдастырылуы.

8. Оқытудың көрнекілікке, бақылау әрекетіне негізделі жүргізілуі.

9. Дидактикалық материалдар қолдану тиімділігі.

10. Оқушының оқу мүмкіндігін, денсаулығын есепке ала оқыту.

11. Проблемалық ситуация тудыра оқыту тиімділігі.

12. Ерік-жігері, жауапкершілік, борыштық, сезімін тәрбиелеу.

13. Сабақ құрылымының әр түрлілік сипатта болуы.

Сабақта берілетін оқу материалдарын оқушыларға жеткізу үшін, әр түрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мектептегі ең кең тараған оқыту әдісі — ол мұғалімнің ауызша баяндауы. Бұл әдіс оқу процесінде жетекші рөл атқарады, барлық пәндерді оқытуда және сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе жаңа материалды түсіндіруде кеңінен орын алады. Осындай пікір ұсынымдарын талдай отырып қалай болғанда да ұстаздың даярлығын алға қоя отырып зерттеуші М. Абуова өз пікірін былайша қорытады: «Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен байланыстырады. Мұғалімнің ауызша баяндауы, сұрақтарды анық және түсінікті етіп қоюы, проблемалық ситуация тудыратын етіп қоюы, баяндалатын материалдың ең маңызды жерлерін айырып беруі, хабарлаудың жүйелі және дәлелді болуы қажет. Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сезімді, сонымен қатар дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны жөн» [74, 20-22].

Білімдік жүйеде ұлттық тәрбиеге өзек болар бағыттың бірі — қазақ балалар фольклоры екендігін ұстаздар да, мамандар да жоғары бағалауда. Бұл көпжақты проблема балаларды қалыптастыруда педагогикалық теория мен практиканы да үйлестіретін мәселе. Бала сезімі, оның әуестенуі, қызығушылығы, көңіл-күйінің көтерілуі сөз қадірін білуден басталады. Оның мән-мағынасын дұрыс та, бұрып та түсінуге дағдыланады. Жақсы мен жаманды түсіну, ой өрнегі мен тіл ширақтығы пайда болады. Ақыл-ой кендігі мен тереңдігі, тапқырлық қалыптасады. Соған орай балалар фольклоры жанрларының ішінде жаңылтпаштардың орны бөлек. Тек дүниетанымдық қасиет емес, тіл шеберлігі, ұшқыр ой, көркем сөзге бай болып өседі. Баланың қызығу, сезіну мен әсерленуі туралы Абайдың жетінші қара сөзіне көңіл аударалық: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі — білсем екен демелік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіпкірегенде, ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп: «Ол немене?», «Бұл немене?», деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?», деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды» [73, 285-286]. Олай болса мынаған көңіл аударалық:

Бақа, бақа, бақ-бақ,
Таңдайлары тақ-тақ,
Бәрі бірдей
Тақпақ
Жатқандай-ақ жаттап.

Топ бала, допты ала, қуып жүр топтала.

Кеспе, өссін тал, өссе өсімтал.
Өссе, өссін тал, кеспе өссін тал.

Жаңылтпаштың ойындық сипаты, балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздері дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады. Мәселен:

Ақ тай ақ па?
Қара тай ақ па?

Деген сияқты жаңылтпашты интонацияны дұрыс сақтамай жылдамдата айтса,

Ақ таяқ па?
Қара таяқ па?

болып мағыналық жағынан мүлде өзгеріп кетеді.

Ертеректе, жаңылтпаш балалар ғана емес, ересектердің де ермегі болған. Бірақ үлкендер арасында ол басқашалау қызмет еткен көрінеді. Белгілі фольклорист М. Ғабдуллин ерте кезде ойын-сауықтарда жаңылтпаш айтқызу қазақтың салты болған деп көрсетеді. Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза түрінде үлкендер арасында қолданылыпты [75]. Дегенмен жаңылтпаштар негізінен балаларға тән мұра.

Жаңылтпаштардың бала тілін жаттықтыруға байланысты қызметі — оның басты міндеті. Бұл орайда, жаңылтпаштың тілге ауыр оралатын дыбыстардан құрылатынын ерекше ескерген жөн. Әсіресе:

Ара, ара, аралар,
Орманның бойын аралар,
Гүлдерден сорып бал алар,
Алысқа ұшып бара алар,
Бал тәтті ғой, балалар!

деп келетін «Р» дыбысына жаттығуға арналған жаңылтпаштар өте көп. Ендібір жаңылтпаштарда:

Есік алдындағы отынның
Шырпылылырағынан ала кел,
Томарлылырағынан ала кел,

Түбірлілірігінен ала кел,—

сияқты айтуға өте ауыр көп буынды сөздерден құралады. Жаңылтпаштарды тек тіл жаттықтыру үшін ғана қолданамыз деп бір жақты пікірге ұрынбауымыз керек. Жаңылтпаш бойында сөз ойнатып, балаларды қызықтыра тартатын эмоциялық реңк, қисынды ұйқас бар.

Шілікті шаптым.

Жілікті астым,

Шілікті шаптым,

Жілікті шақтым, —

дегендегі «шаптым, астым, жақтым, шақтым» сияқты толымды ұйқаспен қоса бұл өлеңде сөздерді мағыналық жағынан ойнату бар, бала сөзді тез айтуға ғана емес, логикалық қисынды бұзып алмауды да жадында сақтайды. Ұлтымыздың тарихи-дәстүрлі өмірінің қырлары мен сырларын жаңылтпаштар танымдық мақсатпен тағылымдық өнеге, тіл мен әсемдік үйлесімі, нақыл ретінде балаларға тәрбие береді [76].

Сонымен жаңылтпаштар қоршаған орта туралы білім беріп, әсем табиғат ерекшеліктерін сезіне білуге, оны қастерлеуге, аялауға үйретеді, баладан сөздің мағынасына, мәнерлілігіне көңіл аударуды талап етеді. Халқымыз сөз қадірін біліп әрі мойындап оны қастерлеп аузынан тастамай өнеге тұтқан. Ұлттымыздың мақал-мәтелдерін үлгі етіп болашаққа жеткізіп тәрбие құралына айналдырған. Соның бірі — мақал-мәтелдердің бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға ретінде дамуында алатын орны ерекше. Мақал-мәтелдерді оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттері барысында пайдалана отырып, олардың жақсылық, жамандық, достық, бірлік туралы түсініктерін кеңейтіп, талғампаздыққа, мәдениеттілікке тәрбиелей отырып, эстетикалық қызығушылығын қалыптастырады. Мысалы: а) өнер-білім туралы: «Өнерлі бала-сүйкімді», «Оқу — білім бұлағы», «Өнерлі өрге жүзеді», «Білімді мыңды жығады», «Өнерлінің өрісі кең», «Білімсіз күнің жоқ» т.б.; ә) жақсылық пен жамандық туралы: «Жақсы болсаң — жақын көп», «Жаманнан жарты қасық ас қалар», «Жақсының аты өлмейді»; б) еңбек туралы: «Еңбек ерлікке жеткізер», «Ердің атын еңбек шығарады», «Еңбек түбі — береке», «Еңбек етсең — емерсің»; в) достық туралы: «Күлме досыңа, келер басыңа», «Жаман достан мың сақтан», «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын»; д) ерлік туралы: «Қоянды қамыс өлтіреді», «Ердің екі сөйлегені-өлгені», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», «Ер шекіспей, беріспейді» және т.б. Сабак пен тәрбие шаралары барысында мұғалімнің тиісті әдістемелік әдебиеттерді тұрақты қолданып отыру пайдалы [77].

Балалардың ақыл-ойын, танымдық ұғымдарын, түсініктерін, ой-қиялын дамытуда жұмбақтардың қара сөз түрінде де, өлең түрінде де қолданылуға машықтануы пайдалы нәрсе. Сонда ғана олардың бойындағы өнер мен адамгершілік қасиеттерін ұялатуға болады.

Жұмбақтар шешендік сөздермен де, мақал-мәтелдермен де жанасымды. Еліміздің салтында ауызша, жазбаша жұмбақ айтыстары көп кездеседі. Кейде бүкіл бір ертегі жұмбақтан тұрады, әңгімелі әсем жыр,

дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Бұрын ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болғаны белгілі. Мысалы, ерте заманда тұрмысқа шығатын қыздар жігіттің ақыл-ойын, өнерін, адамгершілік қасиеттерін байқау үшін оларға жұмбақ шештіретін болған.

Қазір ұмытыла бастап қолға алынып жүрген жұмбақ айтысы-айтыстардың ішіндегі ең қиыны. Халық арасына тараған Әсет ақын мен Рысжан (қыз) ақынның айтысында, Рысжан Әсетке төрт түрлі жұмбақ айтып, бәрін де Әсет шешеді. Мысалы:

Рысжан:

Қос әйнек шыны да емес, темір де емес,
Шын адам түзете алмас болса көмес.
Ашылып-жабылады пружинамен,
Ол өзі қымбат нәрсе, тегін емес...

Әсет:

Түп-түзу оқтан өткір айтқан сөзің,
Осы көп сөз шешуі жалғыз өзің,
Қос әйнек шыныда емес, темір де емес,
Ашылған қан тамырдан екі көзің...

Халық әдебиетінде айтыстың түрі көп. «Бәдік», «Өлі мен тірінің», «Жар-жар» сияқты әдет-ғұрыппен байланысты түрлері жырдың шығу тегінің тым көнелігін танытса, «Қыз бен жігіт», «Жұмбақ айтысы», «Ақындар айтысы» тәрізді бүгінге дейін жалғасып келе жатқан түрлері сөз өнерінің биік деңгейіне көтерілген белгісін танытады. Әрине, балалар айтысынан ақындар айтысының жоғары өлшемі мен айшықты бедел-белгілерін іздеу әбестік болары сөзсіз. Бірақ, тақыр жерде шөп шықпайтыны тәрізді, қандай құбылыстың болмасын негізсіз пайда болмайтыны тағы ақиқат. Айтыскерлік өнерге тер төгетін дайындық керек. Қазақта айтысқа бала 7 жастан бастап ден қояды. Олардың арасында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан жаттанды жауаптасулар, сөз қақтығыстары ретінде кездеседі. Бала мен жануарлардың бір-бірімен жауаптасуы тәрізді де болып кездеседі. Дегенмен мұның бәрінде үлкендер шығарып берген өлеңдер пайдаға асады.

Сонымен жұмбақ баланың ойлау қабілетін, қиялын дамытып, тапқырлық қасиетін жетілдіреді. Мысалы: а) жан-жануарлар туралы: «Өзі айлакер, өзі қу, жүрген жері айқай да шу» (*түлкі*), «Қос мүйізді, төрт сирақты, сыйлайды балдай ақ бұлақты» (*сиыр*), «Түнде ұшқан, қанатты тышқан» (*жарқанат*); ә) ыдыс-аяқ туралы: «Толып кетіп, бос келер» (*қасық*), «Беті дуылдап тұр, танауы шуылдап тұр» (*шәйнек*); б) табиғи құбылыс туралы: «Көктен жетеді, шөпке сүңгіп кетеді» (*жаңбыр*), «Ышқынады өзі жоқ, ысқырады, сөзі жоқ» (*боран*); в) адамның дене мүшелері туралы: «Қос көмекшім жарғақ, бірге өзіммен әр уақыт» (*құлақ*), «Қатар, қатар тас қойдым, жирен атты бос қойдым» (*міс*) т.с.с.

Балалардың бойында қызығушылық пен құмарлықты тудырып, оны іске қосу, олардың серпінді ұмтылысын қалыптастырады. Белсенділік қасиеті бой көрсетеді. Психология ғылымдарында қызығушылық жеке тұлға

көзқарасына және оның таңдаған бағытына бастау болатындай қажеттіліктің бір формасы ретінде айқындалады. Қажеттілік пен қызығушылық арасында белгілі бір байланыс болғанымен, оларды теңестіре қарастыруға болмайды. Қызығушылық, қажеттілік негізінде туындайды да, қажеттілікті қанағаттандыратын затқа немесе құбылысқа бағытталады. Осыдан бұрын адамның бір нәрсеге ынтасы, қызығуы қалыптасады. Бұл тұрғыдан зерттеуші маман З. Көкшеева өз пікірін былайша жүйелейді. Ол күнделікті тіршілікте адам баласының өз алдына нақты мақсат қойып, белгілі іс-әрекеттермен шұғылданауда өзінің ерік-жігерін жұмсайтынын ескере отырып, Т. Тәжібаевтың мұрасына сүйеніп адам қызығушылығын үш топқа бөліп қарастырады:

1) мақсатты-қызығушылық: адам кейбір кезде алдына қойған мақсат-міндетіне жетуді қызық көреді;

2) әрекеттік-қызығушылық: адам алдына мақсат қоймай, істейтін ісінің нәтижесі қандай болатынына мән бермей, тек атқаратын еңбегінің ағымына ғана қызығады;

3) нәтижелік-қызығушылық: адам кейбір кезде істейтін еңбегінің нәтижесіне қызығады.

Т.Тәжібаевтың пікіріне сүйенсек, адам қызығушылығын осылай топтастырған тиімді. Себебі, қызығу адам өмірі мен тіршілігінде елеулі орын алады. Адам өмірдің бақыты мен болмысын өз бойында қызығу бар кезде ғана сезінеді. Қызығу белгілі бір іспен айналысуға бағыттайды, адамды ширатады, іс-әрекетін белсенденді етеді. Оқушылардың қандай да бір нәрсеге немесе бір пәнге қызығушылығы да сатылап қалыптасады. Егер қызығушылықты қарастырып отырған мәселемен байланыстырсақ, онда оқушыда алдымен қазақ халық ертегісіне жағымды эмоциялық көзқарас, (әуестік), содан кейін мазмұнды эмоциялық, көзқарас (әуестену), соңында танымдық қызығушылық пайда болады. Осындай процестерді іске асыру жағдайы мұғалімнен әдістемелік өрісті кеңейтіп отыруды қалайды. Ол үшін көпшілікке таныс халық педагогикасына арналған оқу-әдістемелік еңбектерді негізгі кепілдеме ретінде ұсынуға болады [78].

Ізденіс пен тиянақты білімдік дайындығы арқылы жүргізілген білім жүйесі оқушылардың танымдық сана-сезімін сатылы толығу процесімен қамтитын болса, онда орнықты мазмұндағы қасиеттер оларды келесі сыныптардағы пәндерді еркін меңгеруін қамтамасыз етеді. Жоғарыда талданған ұлтымыздың фольклор жанрларының тәрбиелік мәнін көрсете отырып З. Көкшеева мынадай жалпы принциптік түйіндемені алға тартады: «Жеке тұлғаның қалыптасуында танымдық қызығушылық іс-әрекетке себеп болады. Олар жеке тұлғаның тұрақты белгісінің бірі бола отырып, себеп ықыласын, ақыл-ойының бағытын айқындайды, сезімін белсендендіреді, іс-әрекетіне ықпал етеді, қажеттілігін қалыптастырады, білімнің дүниетанымдық негізіне жағымды көзқарас пен сенімін қалыптастыруда көмектеседі. Эстетикалық қызығушылық оқушының жеке басының тұрақты қасиеті бала отырып, оның белсенділігін анықтайды» [79, 12].

Оқу жүйесінде ұлттық тәрбиенің өзіндік көрінісі экономикалық білім мен еңбек тәрбиесі арқылы кәсіптік бағдар қалыптастырудан тарайды. Қазіргі нарықтық қатынастар әлеуметі өзіне тиісті білім мен тәрбиені қажет етсе, онда соған байланысты ынта, талғам мен ұмтылыс қалыптасады. Қойылып отырған бағыттарды дұрыстап қолға алу қазіргі заман талабы. Ол жас ұрпақтың келешекте өз орнын өмірден дұрыстап табуына көмектеседі. Бұл процестің жүруі балалардың жас ерекшеліктерімен де тығыз байланысты мәселе.

Экономикалық білім беру жай ғана маңызды мәселе емес. Алғашқы экономикалық білім-дағдылар, сұраныс пен оны қанағаттандыру туралы алғашқы түсінік балалардың санасында мектепке дейін қалыптаса бастайды. Экономикалық білім отбасынан басталады, оның өмір салты балаға ақша, еңбекақы туралы алғашқы ұғымды береді.

Психологтар баланың отбасылық экономикалық кіші жүйеге ену сипаты тұлғаның экономикалық санасын, оның өзін экономикалық жағдайлардың белсенді субъекті, агенті немесе жай ғана қатысушысы ретінде ұғынуды қалыптастырады деп санайды. Олардың пікірінше, адамдардың болашақ кәсіпкерлерге және жалданушыларға бөлінісі дәл отбасында басталады екен. 6-7 жасында балалар еңбекке қатысты 25 экономикалық ұғымды түсіндіре алады. Мектеп бұл жағдайға немқұрайды қарамай, оны өз тәжірибесінде есепке алуы тиіс.

Ұлттық оқулықтар, бағдарламалар құрастыру және оқыту мазмұнын тереңдетудің уақыты келді. Экономикалық білімнің едәуір бөлігін математика, ана тілі, табиғаттану сабақтарында игеруге болады. Бұл оқу пәндеріне экономикалық пән терминдері мен экономикалық мінез-құлықтың ең қарапайым дағдыларын енгізу мектептегі білім берудің бастауыш деңгейінің педагогикалық тиімділігін едәуір арттырады.

Экономикалық білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің ХХІ ғасыр басындағы өзектілігін белгілей отырып, бұл жүйенің басты жағдайларына тоқтала кетсек дейміз. Экономиканың оқу пәні ретінде мына қағидалар негізінде құрылуы тиіс екендігін жадымызда сақтауымыз қажет:

- гуманитарлылық (экономикалық ойлаудың білімнен басымдылығы);
- объективтілік (ақиқаттың эмоциялардан басымдылығы);
- идеологиядан тыс болу (экономикалық білім саяси дәлел бола алмайды);
- этникалық ерекшеліктер (дүниежүзілік тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктердің үйлесімділігі);
- психологиялық сәйкестік (психикалық жас ерекшеліктерін есепке алу);
- өзектендіру (теория мен тәжірибенің байланысына негізделу);
- интегративтілік (жалпы мектептегі оқу пәндерімен байланыс).

Осы қағидалардың барлығының үйлесуі экономиканы оқытуды қызық әрі уақтылы негізгі оқу пәніне айналдыруға мүмкіндік береді. Бастауыш білім беру сатысында (1-4 сыныптар) баланың жасына сәйкес басты

құбылыстар ересектермен сенімді қарым-қатынастар, қиялдың талдаудан гөрі басымдылығы және өзі мен қоршаған әлемге сынаушылық көзқарастың жоқтығы болып табылады. Бұл ерекшеліктерді ұқыптылық пен еңбекті сыйлау, отбасының сұранысы мен мүмкіндіктерді ұқыптылық пен еңбекті сыйлау, отбасының сұранысы мен мүмкіндіктерінің аражігін ажырату, мемлекет, отбасы және жеке мүдделердің бірлігі, т.с.с. экономикалық құндылықтарды патриархалдық-дәстүрлік тәрбиелеу барысында қолдануға болады. Бастауыш мектеп оқушыларына экономикалық білім берудің басты мақсаты — қоршаған экономикалық өмір жағдайлары және қоршаған адамдардың қызметі туралы бастапқы ұғымды қалыптастыру. Мұндай білім адамның жалпы мәдениетінің бір маңызды бөлігі.

Атап өткеніміздей, экономикалық біліммен қатар еңбек пен кәсіптік бағдар тәрбиесі өмір сүруге дайындық, қоғамның құндылық сапасы, тіршіліктің іс-әрекеттік қатынастарына араласуға негіз салады. Маман иесі ретінде әлеуметке сіңісуге даярлық болып табылады. Осы сарында Абайдың мынадай өсиеті еріксіз көлденең тұрады: «Адам ұғымы екі нәрсеменен: бірі-тән, бірі-жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибилі (еріксіз болатын тілек), қайсысы — кәсиби (еңбекпен табылған нәрсе) - оны білмек керек... Жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе, жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп, айналдырса, зораяды. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесен, тауып алған өнеріннің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың... онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды[80].

Еңбекке баулу, кәсіп тандау отбасынан басталып мектепте жалғасын табатыны белгілі. Соған орай еңбек сабақтары мен түрлі үйірмелер ұлттық пен қазіргі заман талабынан туындаған қасиеттерді орнықтыруға бет бұруы қажет. Соңғы ағымға байланысты экономика туралы ұғымдарды (делдалдық, жалгерлік, ілкімділік, менеджерлік, бизнес, валюта, акционер, корпорация, т.б. ұғымдар) қарапайым күнделікті өмірмен байланысты балалар ұғымына сай іс-әрекетке бағыттау керек. Еңбекке байланысты мерекелер, құрметті демалысқа шығарып салу, шопандар тойы, т.б. жөнінде әңгіме жаздыру да пайдалы.

Міне, сондықтан да балаларды ерте бастан еңбекке тәрбиелей отырып, ата-аналар оларды тек өзі үшін ғана емес, жалпы игілік үшін еңбек етуге, еңбекке құрметпен қарауға, еңбек ұрдісінің әсемдігін, эстетикалық қуаныш ләззатын сезініп, түсіне білуге үйрету керек.

Адамның белгілі бір еңбек әрекетінің түріне бейімделуі кәсіптік бағдар әдісімен анықталады. Кәсіптік бағдар әрбір адамның жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қызығуын және қабілетін анықтауға бағытталған белгілі бір шаралармен саналы мамандық тандауға көмек көрсетуге оның жеке мүмкіндігіне қарай әрбір адамға арналған жүйе болып табылады.

Адамның негізгі құрылымдық бейімделуіне мыналар жатады:

- азаматтық қасиеті;

- еңбекке деген қарым-қатынасы, мамандыққа қызығуы, сол еңбек сапасына қатысы немесе тұлғаның кәсіби-еңбек бағыттылығы;
- жалпы жарамдылығы (дене және ақыл-ой);
- арнайы қабілеттері немесе белгілі бір іс-әрекетіне қажетті сапалар;
- білім, дағды, тәжірибе, белгілі кәсіби қызметке үйрену [81, 49-51].

Жалпы практикада кәсіби іріктеу мына критерий бойынша бағаланады: медициналық көрсеткіш бойынша, мысалы, дальтоник машина жүргізе алмайды; психологиялық іріктеу қабілетіне; жеке физиологиялық ерекшеліктеріне; біліміне қарай іріктеу, мысалы, конкурстық емтихан бойынша кәсіби міндетті атқару, т.б. Осыларды біріктіріп талдасақ онда кәсіп таңдау және оған дайындалу барысы рухани-психологиялық, денсаулық сапаларымен де тығыз байланысты болып шығады. Мамандық таңдаудың кезеңдік және баспалдақты қалыптасатын мәнін де ескеру міндетті нәрсе. Мәселен, профессор И.Кон мамандық таңдауды төрт сатыға бөліпті: бірінші саты — балалар ойыны, ойын арқылы бала әр түрлі мамандықты көрсетеді; екінші саты — өтпелі кезең, ал үшінші саты — бүкіл жеткіншек шақты қамтамасыз етеді. Осы сатыда әр түрлі іс-әрекет жіктеледі де бағаланады. Төртінші сатыда кәсіби мамандық таңдалады. Бұл саты екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлімде білім анықталады, ал содан кейін нақты мамандық таңдалады [82].

Көрсетілген сатылар бастауыш сыныптарындағы дүниетану, еңбекке баулу, дене тәрбиесі, салауаттану сабақтарымен қатар барлық пәндер аясында мүмкіндігінше еңбекке, кәсіптік бағдарға көңіл бөлу қажеттігін тудырып отыр. Осы тұрғыдан маман-ұстаз Р.Бегайдарова мынадай орынды пікір ұсынады: «... қазіргі кезеңнің адамгершілік құндылықтары кедейлік пен байлықтың сыйластықта өмір сүру мәселесін шешуге, жеке адам мен бүкіл ел мүдделерінің бірлігін түйсінуге бағытталған сындарлы экономикалық талдауды қажет етеді және ол тәрбиелеудің басты құралы болып саналады. Ал экономикалық реформаның табысты болуы үшін психологиялық және интеллектуалдық жағдайлар жасау қажет, яғни оқушыларға жеке тұлғаның да, жалпы қоғамның да мүдделеріне сәйкес экономикалық білім беру мен тәрбиелеу жүйесін құру керек» [83, 20].

Сонымен экономикалық білім беру мен тәрбие экономикалық дайындықтың негізгі құраушысы болып табылады. Бастауыш сыныптардағы бағдарламаларда жеке пән болмағанымен ондағы пәндермен сәйкестік жағдайында саналады [84]. Ал, мектептерде оқытылатын «Технология» пәні 5-ші сыныптардан басталады. Онда жұмыс орны, жабдықтар мен құралдар, өндірістік аудан, экономика, экономия, экономикалық білім, ептілік, жоспарлау, бақылау, материалдар, еңбекті ұйымдастыру және т.б. ұғымдар мен түсініктерді оқып біледі. Сондықтан да экономикалық тәрбие «қоғамның мүшелерінде шаруашылық нормалары мен принциптеріне сәйкес білім, ептілік және дағдыларды, қажеттіліктер мен қызығушылықтарын, ойлау стилін, өзін алып жүру мен іс-әрекетін қалыптастыруды болжайды. Экономикалық тәрбие процесінде жеке тұлғаның тәртіптілік, іскерлік,

ұйымдастырушылық, жауапкершілік, қамқорлық және т.б. сапалары қалыптастырылады» [85 , 241].— деген пікір қолдауға тұрарлық пайым деуге болады.

Оқу жүйесіндегі енді бір қомақты бағыттың бірі — экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыруды атауымыз қажет. Адамзат тарихы табиғат тарихымен тікелей байланысты болғандықтан қазіргі кезде адам мен табиғаттың дәстүрлі өзара әрекетінің салдары үлкен экологиялық мәселеге айналууда. Сондықтан да адамды қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға дағдыландыратын экологиялық тәрбиені мектеп жасынан бастау мәселесі туындап отыр. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін зерттеуге көңіл бөлінуде [86]. Мамандар мен ғалымдардың зерттеу еңбектерін сараласақ экологиялық білім беру мынадай мәселелердің басын қосады:

1. Адекватты экологиялық көріністерді формалау, яғни «адам — табиғат» жүйесінің өзара байланыстары туралы көріністер.

2. Табиғатпен қарым-қатынасты формалау.

3. Табиғатпен қарым-қатынастағы әдеп, дағдылар мен біліктіліктер жүйесі мен стратегиясын формалау.

Оқушыны табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу — күрделі әрі ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Оның нәтижесі анықталған білім мен біліктерді игеру ғана емес, табиғи ортаны жақсартуға, қорғауға қажетті талап пен дағдылардың, эмоциялық қатынастардың дамуы болуы тиіс.

Экологиялық тәрбие үрдісін тиімді жүргізуге тікелей ықпал ететін, экологиялық мәдениеттің негізгі бөліктерінің бірі болатын тұлғаның жеке жан дүние саласына әсер етуді күшейту қажеттілігі байқалады. Ал қалыптасқан жайдайды түбегейлі өзгерту қазіргі заманғы философтар мен мәдениеттанушылар айқындаған қоғамдағы экомәдениет құндылықтарының негізінде экологиялық тәрбие мәселесін ғылыми тұрғыдан шешу арқылы іске асырылады.

Экологиялық тәрбие берудің негізгі мәселелері мынаған саяды:

- экологиялық білімді тереңдету және кеңейту;
- танымды, мінез-құлықты тербиелеу;
- экологиялық әрекет барысында оқушылардың қоғамдық, шығармашылық, танымдық екпінділігін дамыту;
- табиғатты қорғау сезімін ояту және т.б.

Экологиялық білім әмбебап, пәнаралық сипатқа ие. Сондықтан ол жалпы білім берудің барлық формаларына енуі тиіс.

Ғалымдар экологиялық білім берудің құрылымын, мақсатын, әдістерін түрліше топтағанымен нәтижелік сарыны біркелкі. Мәселен, И.Зверевтің пікірінше, экологиялық білімнің негізгі мақсаты — оқушылардың табиғат ерекшеліктері, оған адамдардың қарым-қатынасы, экологиялық мәселелер және оларды өндірісте, тұрмыста оңтайлы шешу үшін теориялық білімдерді игерту болып табылады [87, 9-11]. Ал, оған қоса бәзбір мамандардың позициялары экологиялық білім және тәрбие беру әдістері мен формаларын шартты түрде бірнеше топтарға бөледі. Ойлау мен танымды дамытудың

мектептік және мектептен тыс әдістері, бағытталған тәжірибелік қызмет дағдылары мен біліктіліктерін меңгеру, құқықтық жауапкершіліктің дамуы және т.б. біріктіреді [88, 19-21].

Білім берудің бағдарламасын жасау барысы тұрғысында ұсыныстар жеткілікті. Кейбір мамандар экологиялық бағдарлама жасауда оқушыны оқыту мен тәрбиелеуде тұлға ретінде қалыптастыру факторларына көбірек көңіл бөлу қажет деп санайды. Бұл пікір де оқу процесіне тиісті талаптар қойып отыр. Ұстаздар үшін пәнаралық байланыстарды жетілдірудің қажеттігі анық байқалады.

Экологиялық тәрбие беру тәсілдерінің қазіргі кезде жиі қолданып жүрген тәсілдерінің бірі — пән мазмұнын *экологияландыру*. Бұл — мектеп оқушыларына оқытылатын пәндер негізінде экологиялық білім мен тәрбие беру деген сөз, яғни пәнді оқыту барысында бұрыннан оқытылып келген тақырыптардың мазмұнын қосымша экологиялық мәліметтермен толықтыра баяндау.

Ұлттық тәрбие берудің оқу жүйесіндегі білімдік негізіне ықпал жасайтын біршама арналарына тоқталдық. Көп ұлтты еліміздегі білім беру бағдары Қазақстан Республикасының тарихы, табиғаты, географиялық жағдайына, саясатына сүйенгендіктен барлық ұлт балалары бірдей мазмұндағы кешенде болып отыр. Осыдан барып ұлтымыздың атымен аталған елдегі білім мен тәрбие ұлттық өзектен тарайды деуге болады. Оның орнықтылығы, сапасы елдің дәстүрлі құндылықтарын қаншалықты деңгейде рухани арқа сүйер тірекке айналдырғандарына тікелей байланысты. Сонда ғана Абай өсиеттеген «Көкіректе сәуле, көңілде сенім» орнаған ұрпақ өсіп жетіледі. Сайып келгенде тарауымызда айшықталған факторлар, пікірлер мен түйіндер, ұсынымдар жас ерекшеліктері ескерілген жағдайдағы бастауыш сынып оқушыларының білім алу процесіндегі ұлттық ерекшеліктерді ұғынуы арқылы мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыруға дайындалуларына ықпал етеді.

Көрсетіліп талданған тұжырымдар нарықтық қатынастар процестерінің қадамына ілесе алатын ел тағдырының құрылысшыларын дайындау мәселесімен тікелей байланысты [89, 22-25]. Осыған орай нарықтық әлеуметке жарамды бәсекеге қабілетті ұрпақ проблемасы ойға оралады. Білім мен тәрбие нәтижесі осыған келіп тіреледі.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Сондықтан халықаралық ұйымдар әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін анықтауға кірісті. Бәсекеге қабілеттіліктің теориясы мен тұжырымдамалары жасалып, оның факторлары да айқындалып жатыр. Ал Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асырудың тиімді жолдары Елбасының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауында (19.03.04.) айқындалған. Бәсеке нарық экономикасының негізгі құралы болып саналады. Сондықтан да, республикамызда бәсеке негізінде, ең алдымен, ел

экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. Сонан соң бәсекеге қабілеттілік теориясы анықтағандай, бизнестің тиімділігі, кәсіпкерлердің шығармашылық тапқырлығы, ел тұрғындарының білімі мен біліктілігі бизнестің жоғары талабына сәйкес болуы тиіс. Бұл факторларды жүзеге асыру, түптеп келгенде, адам ресурсына, яғни адам қабілетіне байланысты екендігі анық.

Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелері негізінде бәсекеге қабілеттіліктің мазмұны тереңдетіліп, көптеген елдерде әлеуметтік саясаттың бағыты өзгертілді. Соның нәтижесінде ел экономикасын көтеру үшін тек қана жер байлығына сүйенбей, адамның жеке басының қабілеттілігін, оның жасампаздық қасиеттерін арттыруға ерекше көңіл бөлу қажеттігі ескеріле бастады. Осыған байланысты ұлттық бәсекелестік бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатын болып отыр. Мұғалімдер үшін оқу-әдістемелік база осыдан келіп туындайды. Өйткені, соңғы жылдары пайда болған «ілімге негізделген экономиканы» ескермеске болмайды. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім сапасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіншілігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып отыр, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналды. Сондықтан көптеген елдер бәсекеге қабілетті қоғам үшін адам ресурстарын дамыту, әсіресе, оның қабілетін арттыру сияқты арнайы бағдарламалар қабылдауға кірісті. Экономиканы пәрменді дамытудың жаңа философиясы жасалуда. Оның шешуші рөлі адам деп анықталды. Демек, бәсекеге қабілетті интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасалынған, әлі де солай болып келеді.

Жалпы өмірде шығармашылық адам санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, бизнес пен кәсіпкерліктің нәтижелілігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық ойлауына қатысты анықталады. Түптеп келгенде шығармашылық қабілет — ойлаудың ең жоғары деңгейі, қаракеттің нағыз жетілген түрі, жұмыстың қай саласында болса да табыс кілті. Шығармашылық еңбектің негізінде тиімді жұмыс атқарылады, сапалы тауар шығарылады, бәсекеге қабілеттілік қамтамасыз етіледі. Сол шығармашылық үрдістің нәтижесінде ғана ерекше жаңалық ашылады, қайталанбас іс-әрекет жасалады, ерекше мол өнім алынады, керемет құбылыстардың сыры айқындалады, айрықша жайлы қызмет көрсетіледі, адамның қабілеттілігі артады, аса байлыққа қол жеткізеді. Осындай қабілетке жету үшін оның тиісті кезеңдерін де ескерген жөн: интеллектуалдық дайындық, мәселені таңдау, идеяның ттуы, оны шешудің жолдарын іздеу, жаңалықты шешудің ұстанымдарын анықтау мен рәсімдеу және т.б.

Адамның күш-қуаты идея, түсіну, сезіну, әрекет арқылы іске асатын болса, онда бұның мәні мен мағынасы шығармашылық ойлаудың

заңдылықтары мен бәсекеге қабілеттілік ұстанымдарын қолдайтын болып шығады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушылары бұл күрделі де баспалдақты қағидаларды толық меңгеруі мүмкін емес. Олар келесі сыныптардағы бағдарламаларға дайындықтың негізімен қаруланулары тиіс. Мұндағы білімдік сана отбасынан қалыптасқан сезімді мектептегі білім мен тәрбие арқылы жетілдіру, ата-аналар мен ұстаздардың нарықтық сауаттылығын көтеру, әрбір пәндік бағдарламаларда кәсіпкерлік элементтерін сіңіріп отыру, еңбекке әрі өзіндік ізденіске баулу және т.б. алғышарттардың арқасында бәсекелік көшке қабілеттілікті қалыптастырады.

Міне ұлттық тәрбиені орнықтырудың білімдік жүйесіндегі мәселелерді шінара тәрбиемен атастықта қарастырдық. Әрбір тақырыптық мазмұнға тиісті оқу-әдістемелік материалдарын ұсындық. Бастауыш сыныптағы пәндік бағдардан ұлттық тәрбие талаптарын халықтық педагогиканың қазыналарымен сәйкестендіріп жаңа жағдайдағы біліммен байланысты дүниетанымнан басталған ұлттық нақыштар мен нышандарды, қасиеттерді, сана-сезімді қалыптастырудың өзегі саналатын кепілдемелер, ұстанымдар мен пікірлерді, тұжырымдамалар және т.б. топтастырдық.

Өз қорытындыларымызды белгілі мамандар мен ғалымдар, ізденушілер пайымдарымен салыстыра отырып мынадай қағидаларды бөліп көрсетуді жөн көрдік:

1) Басты және негізгі мәселе бастауыш сынып мұғалімдерін іріктеу мен даярлау сапасына тіреледі. Олардың жан-жақты біліктілігі, шығармашылдығы, ізденісі, адамгершілік өмір салты оқушылардың білім деңгейі мен тереңдігіне әрі ұлттық тәрбиені өзек етіп қалыптасуының үлгісі болады;

2) Ұлттық тәрбиенің білімдік пен өнегелілігін қабыстыра жүргізіп «Білім — ел ішінде» (М.Қашқари) ұстанымын әрбір пәннің сабақтарында халық педагогикасының материалдарын оқушылардың сана-сезімін, танымын, табиғат пен оның тіршіліктеріне қарым-қатынасын қалыптастыруға жүйелі пайдаланып тиісті дағды, әдет, құлшыныс пен қызығушылық қасиеттерін жетілдіру;

3) Ұлт өміріндегі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, салттар және т.б. толығымен сақтап білім мен тәрбиеге пайдалана беруге болмайды. Олардың «тозығы мен озығы» (М.Әуезов) бар екендігін ескеруге тиіспіз. Ескі мен жаңаның үйлесімі қажет;

4) Ұлттық тәрбиенің білімдік негізі сырттан келмейді, өзіміздің бастауыш сыныптарындағы пәндер бағдарламаларының кешеніндегі тарихи мәселелер, географиялық орта, табиғат ерекшелігіміз бен дәстүрлі шаруашылығымыз, рухани ұлт өнегесінің өзі туралы мазмұндар ретімен қолданылуы тиімділік көрсетеді. Осыған орай барлық материалдарды үйіп-төгіп пайдалану да нәтиже бермейді. Балалардың жас ерекшелігі, жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін де ескермей болмайды;

5) Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудағы кешендік мазмұнда ұлттық тәрбиенің орнығуында мұғалімнің аса назарын

балалардың биологиялық, психологиялық, әлеуметтік болмыс деңгейлеріне аудару пайдалы. Бұл қасиеттер алдағы сыныптық білімдермен жалғасуға оны игеруге негізделетін қабілеттің өзегі;

6) Тәжірибе көрсеткендей бастауыш сыныптардағы білім жүйесінде қажеттіліктің маңызды буыны-оқушыларға проблемалық мақсаттар жүктеп олардың шешімін өздеріне міндеттеу болып табылады. Осы орайда дүниетану, бейнелу, еңбекке баулу, салауаттану, математика, дене тәрбиесі және т.б. пәндердегі жалпы-адамзаттық, ұлттық, ұлттың ішкі ерекшеліктері (кейбір дағдылар, ырым-жоралар т.б.) тұрғысындағы нышандарды салыстырып ұғындыру қажет;

7) Бастауыш сыныптағы білім берудің технологиясы отбасынан қалыптасқан сана-сезім мен дағдыларды пәндік салаларға жіктелген білім арқылы тәрбиелік процеспен етене жағдайда тереңдеп, күрделілене түсетіні басты теориялық және әдістемелік принцип болып саналады.

Жалпы дүниетанымдық қасиет білім мен өнеге ретінде өте күрделі процесс болғандықтан оны жөнсіз жеке-жеке бөліп ұсақтау пайдалы емес сияқты. Бір-біріне байланысты ұқсас ұғымдар, факторлар көбейіп кетеді. Сондықтан, біздің пікірімізше, нақтылы ірі-ірі тұжырымдамалық бағыттарға ғана арқа сүйеп әрбір пәннің бағдарламасына сәйкес оқу мен тәрбиелік жүйеге қатар иек арту керек. Сонда ғана ықпалды білім мен дағдыға қол жеткіземіз.

2.2 Сыныптан тыс іс-шаралардың ұлттық тәрбиенің рухани-адамгершілік және өнегелілік қасиеттеріне ықпалы

Тәрбие мәселесі адамзат тарихы мен өміріндегі басталатын бірақ аяқталмайтын қасиеттік құбылыс. Халқымыздағы «білгенің біреу, білмегенің мыңнан бір» деп өсиеттеу осыны көрсетсе керек. Көне түркі тілдес елдердің дидактикалық, яғни тәлім-тәрбиелік мәні бар мұраларының ішінде Ю.Баласағұнның мынадай сөзі бар: «Қанша ұлы болсаң да «бәрін білем» - деп ойлама». Немесе көне ұйғыр жазу ескерткішіндегі «Қанша шебер жиналса, сонша түрлі өнер көрсетіледі» делінуі де өнер мен білімнің, тәрбиенің күрделі екендігінің айғағы[90, 138-139].

Сондықтан да өткен тараудағы білім беру мәселелерін тәрбие талаптарымен үйлестіре отырып теориялық және әдістемелік материалдарымызды ұлттық тәрбиенің тиісті тармақтарын қалыптастыру мен жетілдіруге арнаймыз. Қазіргі кезеңдегі ғылым тарихы мен философиясы пәнінде оның адамгершілік мазмұнына аса көңіл аударылған. Ғылым танымның, техникалық прогресс пен өндірістің жеделдетілуі, дене мен ой еңбектерін жеңілдету жағдайында адамға пайдалы болса, екінші қатардағы туындылары атом мен ядролық қарулар, қоршаған ортаны ластандыру сияқты зиянды жақтарын да теріс бағалауға тура келеді.

Сайып келгенде жалпы адамзаттық және ұлттық сана-сезім, саяси, мәдени-психологиялық қасиеттер, адам рухының көріністері адамгершілік

деңгейімен тікелей байланысты. Мысалы, күнделікті өмірде белгілі ғалымдар мен қайраткерлер, талантты азаматтар көптеп кездеседі. Ал, олардың адамгершілік қасиеті, бейнесі қандай табиғатымен көрінетіндігі күрделі нәрсе. Отанды сүю, халқыңды қадірлеу, ел дәстүрін жоғары ұстау, айналадағы адамдармен, достарыңмен ортақ мәмілеге келу білімді тәрбиелік тәліммен ұштастыруда жатыр десек қатеге ұрынбаймыз.

Ұлттық тәрбиенің элементтерінің сана-сезімге сіңісуі тек іс-шаралар айналасындағы нәрсе емес, теориялық негізді де игеруге байланысты. Осыны ескерсек талдап отырған мақсатымыз ғылыми-теориялық және тәлім-тәрбиелік идеяларды біріктіріп атқару барысында ықпалды болып шығады.

Ұлттық тәрбиенің табиғаты оның психологиялық түп-тамыры педагог-ғалым Жүсіпбек Аймауытұлының еңбектерінде бастама алған. Онда: жан ұғымы, тәжірибесі психология, зат пен қимыл, жан мен рух туралы, адамның қылығын бақылау, тәжірибелі бақылау, тәрбие мен амал, тірі заттардың қылығын жалпы мінездеу, парасат, негізгі соқыр сезімдер, еліктеу мен қоғам орайластығы, денедегі кейбір мүшелер, олардың қасиеттері, соқыр сезім, сезім көңіл, зерделі қылық, ұғым мен сөз, ұғым мен қылық, ерік, саналы қасиет, адам қылығының әлеуметтік, шаруашылық негіздері және т.б. талданған [16, 20].

Аталған проблемалардың қалыптасуы мен дамуы М. Жұмабаевтың педагогикалық қағидаларында тәрбие, тәрбие бөлімдері, оның мақсаты, дене және жан тәрбиесі, жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлау, жан тұрмысының түзу болу шарттары, ақыл көріністері, сезім түрлері, жақындық, замандастық және тұқымдастық ассоциациялары, құлық сезімдері мен қайратты өркендету жолдары, әдет пен мінезді реттеу сияқты міндеттерді ізгілік жолына бағыттау жинақталған.

Тәрбиенің жолы мен мақсатын ұстаздық қабілет-күшінің күдіретіне балайды. «Баланы бастан» деген ұстанымды баланың жасы мен жаратылысына қоса отырып әрбір тәрбияшының қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі екендігін көрсетіп: «Тәрбия деген — баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса — басқа, тұрса — аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбия қылу — тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса — өзің, асса — барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстық тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін, тәрбияшы бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек», екендігін алға тартқан болатын [15, 19].

Ал, нарықтық қатынастар әлеуметі білім берудің қазіргі кездегі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке — ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан

бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылатындығын алға тартуда. Соған орай «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген мақсаты «Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытуға стратегиялық басымдықтарды белгілеу» болса, міндеті «білім беруді басқаруды одан ары демократияландыру негізінде қазақстандық білім беру моделінің жұмыс істеуінің заңнамалық, нормативтік, құқықтық базасын жетілдіру; білім берудің мазмұны мен материалдық-техникалық базасын жақсарту; білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру; білім беруді, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру; әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу» болып табылады. Бұл мақсаттардың ұлттық тәрбиеге тиісті арнаулы мамандар мен ғалымдардың ізденісі арқылы анықталып отыруы тиіс. Міне, проблеманың творчестволық ауқымы да осыны талап етеді. Көптеген мамандардың тәжірибесі осы орайда оқушылардың диалог арқылы жетіліп білім мен тәрбие жүйесінде пікірін, ой толғанысын дамытуды қолдап отыр. Мұның бастапқы, алғашқы элементтерін бастауыш сыныптарынан дағдыға айналдыру келешекке пайдалы болмақ. Олардың пікірінше, ұлттық мінез-құлықты сомдауға диалогтың көркемдік бөлігі ретіндегі орны ерекше. Өйткені, диалогта жалпы адамдардың қарым-қатынасына байланысты эстетикалық, әлеуметтік, моральдық талаптар да сақталады. Мысалы, диалогта әдептілік сақтау, басқаға дұрыс әсер ету, оны іске шақыру, бейімдеу, тағы басқа қасиеттерді көрсету көзделеді. Дегенмен бастауыш сынып оқушылары үшін қиындау әдіс болғанымен оны қалыптастыруға көңіл бөлген жөн. Баланың жас ерекшелігіне байланысты да өз пікірі мен танымы жетіле бергені оның келешекке дайындығын өсіре түседі. Балаларды іскерлікке, жаңа нәрсені түсінуге ұмтылуды үйретеді, ой-өрісінің кең тынысты болуына ықпал жасайды. «Қазіргі іскер адамдарға шешендік керек, - деп жазады К. Әбдірейімова, қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді жете және жемісті талдай алу қабілеті қажет. Олар өз ойларын түсіндіре, дәлелдей алуы керек, қарсы жақтың пікірін жоққа шығарып, өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізуі қажет. Сондықтан да оқушылар диалогқа түсе білуді, сөзталас өнерін, пікірталас шеберлігін үйренуді мақсат етуі керек. Ендеше қоғамға өмірлік маңызды мәселелер жайында дұрыс пікір таластыра алатын, өз көзқарасын дәлелдей отырып, демократиялық саясат жүргізе білетін ізгілікті, мейірімді, адамгершілігі мол, диалогқа түсе алатын білімді азаматтар қажет» [91, 18]. Қолдауға да, қолдануға да болатын ұсыныс деп санауға болады. Қазіргі талапқа толық сай қозғалған мәселе.

Енді ізгілік туралы қысқаша тоқтала кетелік. Ол өзара қарым-қатынас, адами көзқарас, ізгілік сияқты кешенде бірігетін адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі өзегі. Ізгі қасиет пен қарым-қатынас адам баласы қоғамының дамуы мен жалпы адамзаттық құндылықтың ең негізгі бастауы ретінде адаммен бірге дамып келе жатқаны белгілі.

Адамгершілік әлеуметтік мақсат-мүдделер, нұсқау-талаптарға байланысты қасиеттерді бейнелейтін ұғым. Таным, көзқарас, мінез-құлық көріністерін қамтиды. Адамгершілік сана және сезім түрінде кездесетін күрделі бейнелену болғандықтан адамның тәртібін, іс-әрекетін анықтайтын тәрбиеге байланысты мәселе. Ізгілік — адамның өзіне баға беруінен басталатындығынан жасөспірімнің өзінің өмірдегі орны мен өмір сүрудің негізгі өзегін және мәні мен маңызын түсінуін, адамсүйгіштік, адам мен адамдық міндеттерге құрметпен қарауын білдіреді.

Ізгілік — адамның әдептілік, сыпайылығын, өнегелік, өзара пайымдылығын білдіретін қасиет. Ізгілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормасынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Ізгілікке тәрбиелеу белгісі отбасынан басталады. Одан соң мектеп және өмір баспалдақтары жалғастырады. М. Жұмабаев ізгіліктің қадамы тұрғысында мынадай парасатты пікір қалдырған: «Мысалы, балада біраздан анасын сүю сезімі оянады. Анасы сүю — анаға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу деген сөз. Бірақ ес білген соң туысқандық сезімі, яғни араласып, айналысында жүрген адамдарды сүю сезімі оянады. Онан соң білім тереңденкіреген кезде адамда елін сүю сезімі оянады. Өз елін сүю сезімі жер жүзіндегі барлық — адамзатты сүю сезіміне алып барады. Бұл сөздерден көрінеді — ізгілік деген сөздің дұрыс һәм толық мағынасы мынау екен: әр адамның өзін сүюі, яғни жауыздықтан безіп, ізгілікке ұмтылуы, туысқандарын сүюі, яғни оларға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеу һәм басқаларда да зиян келтірткізбеу, ең негізінде біткен адамзатты дос һәм бауыр көру екен. Міне, кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе біткен адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі атаймыз» [15, 19].

Сонымен ізгілікті сезім мен адамгершілік отбасы, мектеп пен ұстаздар қауымының біріккен қызметімен қалыптасатын болып шықты.

Ізгіліктілік — бұл азаматты сүю, жаңарған қоғам мен білім беру жүйесінде үлкен Азамат-Адамды бағалы жеке тұлға ретінде мойындау, білім беру үрдісіне қатысушылардың арасында демократияландыруды орнату.

Баланың бүгінгі мен ертеңі біртұтас даму үрдісінің әр түрлі сатысы. Бала өз өмірінің әр сәтінен тағылым алады және ол неғұрлым айналасындағы болып жатқан оқиғаларға тез әсерленген сайын соғұрлым жедел қарқынмен тәрбиеленеді. Бүгін оқушы өз мүддесін ата-анасының, сыныптас жолдастарының мүддесімен ұштастыра ойласа, ол ержеткен кезде де өзінің өмірлік жоспарларын қоғам мүддесімен сабақтастыра біледі. Осы байланыстардың тұрақтылығын қамтамасыз ету бүгінгі сынып жетекшісінің міндетіне жүктелген үлкен жауапгершілік болып саналады.

Адамгершілік тәрбиесін қоғамның рухани-психологиялық талаптарына сәйкестенетін сана мен сезімді мақсатты және жүйелі жетілдіріп оқушылардың мінез-құлық дағдыларын, ар-намысын, абройын

парасаттылықпен ұштастыру, ең бастысы адамды қадірлеу мен сүйе білуге бағыттау деп түсінеміз. Адамгершілік сана адамгершілік сезімді тудырады.

Оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруда оның, тиісті нақты педагогикалық шарттары қажет. Сонда ғана тәрбие нәтижесі анық көрінеді. Мұнда **жалпы шарттарға** әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық, географиялық, жағдайлардың болуы жатқызылса, **арнайы шарттар** ретінде белгілі бір мектептің ерекшеліктері, әлеуметтік құрамы, орны, материалдық жағдайы, қоғамдық сұраныстарға қатысты мазмұны жатқызылады. Сондықтан тәрбиелеудің құрылымы мен бөліктерін айқындауға **нақты шарттардың** орындалуы әсер етеді. Мұнда шарт ұғымы борыш, келісім, міндет, керектілік, қажеттілік ретінде көрсетіліп отыр. Ал, тәрбиенің **ұйымдастырылу шарттарына** мақсат, міндет, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал-құралдар және нәтиже жатқызылады. Сонымен бірге тәрбиеге ықпал етуші мотивациялық, кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық, ұйымдастырушылық, нормативтік, құқықтық және ақпараттық шарттарын да ескерген жөн. Олай болса шарттарды белгілі оқыту, тәрбиелеу, тұтас мектеп үрдісін ұйымдастыру, мектептен тыс тәрбие, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдар сияқты объектілерге бағыттап, өзіне тән шарттарын белгілеп этнопедагогиканың дәстүрлі қағидаларын пайдалануға болады. Мәселен, экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани жағдайлар оқушы бойында рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың оқу-материалдық, моральдік-психологиялық, эстетикалық, мектеп гигиенасына және қоршаған ортаға сай туындайтын шарттарын негіздейді.

Рухани адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруда мұғалімнің өз мақсатын анықтауы, балаларды ретіне қарай көрмелер, мұражайлар, басқа құндылықтармен таныстырып отыруы пайдалы болмақ. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі — дұрыс дағдылар, өзін-өзі ұстаудың оң дағдылар нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады. Жергілікті орталықтарда, аудандар мен облыстарда ұлттық тәрбие мұражайлары ұйымдастырылса ықпалды болар еді. Оған қоса автор жоғарыда сараланған ғылыми-теориялық пікірлерді топтай отырып рухани адамгершілік тәрбиедегі педагогикалық шарттарды былайша жүйелейді: 1) бұл тәрбиенің кешенділігі; 2) оқу-тәрбие жұмыстарының өмірмен тығыз байланыста іске асуы; 3) баланың рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында біртұтас әрі интеллектуалды-эмоциялы жағдайлардың ескерілуі; 4) балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; 5) баланың жас ерекшелігіне байланысты қабылдауына мән беру (оның білім деңгейі, тәрбие дәрежесі, өмірлік тәжірибесі, мінез-құлқы, оның дамытушылық қасиеті және т.б.); 6) мұғалім мен ата-ананың беделін орынды пайдалану; 7) біртұтастық, интеллектуалды-эмоциялық және танымдық-шығармашылық ұстанымды пайдалану. Бұл шарт оқушының ұжымдық ортада өзін-өзі ұстау тұрғысының қалыптасуына қатысты. Атап өткеніміздей рухани-адамгершілік көңіл-күй мен мінезге де байланысты күрделі қасиет. Өзара шарттас мәселелер жеткілікті. Сондықтан да «адамның танымындағы тұлғаның ар-ожданы,

сезімі, жігері, дағдысы, әдеті, қоғамдық бағалы мінезінің қалыптасуы біртұтас педагогикалық үрдістің нәтижесі болып табылады» [92, 70-73], деген пікірмен толық келісуге болады.

Тәрбиенің бұл түрі мектеп жүйесі емес өзге де қоғамдық ұйымдармен байланысты десек, онда отбасының орны мен рөліне қайта оралуға тура келіп тұр. Отбасы — адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі — дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі — дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы — ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

Отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге, еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр болуға, шығармашылық әрекетке даярлыққа, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бастың пайдасы мен ұжымдық пайданың үйлесімділігін табуға, іскерлікке, ізгілікке, өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор. Міне, осы және отбасындағы түрлі қарым-қатынастар, ұрпақ жалғастығы туралы, халық мұралары, мәдени құндылықтар жағдайында рухани ұлттық мінез-құлықты қалыптастыру өмір талабына айналып отыр [93, 16-18]. Осы мәселе қозғалғанда мынадай фактінің өмірде кездесетінін айтуға, көрсетуге тиіспіз. Мәселен, жақсы отбасында бірнеше бала өсіп жатыр, балалар бақшасында, мектеп сыныптарында белгілі балалар ұжымы бар. Бәрінде жүріп жатқан өнегелік пен білім мазмұны ортақ. Олай болса, «шетке шығатын» (бөліп көрсеттік – **авторлар**) бала қалай қалыптасты деген сауалдың жауабын беру оңай емес. Көрсетілген мәселеге ешбір ғылымда нақтылы негіз кездескен жоқ. Жалпы адамның сана-сезімдік жетілуі кейде өз бетінше ұмтылысқа, еліктеуге, құлақтандырылуға ұрынады. Бұл заңдылық құбылыс. Осыдан барып сыртқы ортаның ықпалы күштірек әсер қалдырып өз діттегенін орындайды. Әрине ғылыми дәлелді түйіндер жоқ. Дегенмен, біздің пікірімізше, білім мен тәрбиенің орнықтылығы күшті болса онда еліктеу, өзін-өзі бөгде ой мен дағдыға телу бәсеңдеу болары даусыз.

Баланы жастан адамгершілік рухқа, кісілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу пайымды тіршілік. Себебі сыналап қабылданған білім мен өнеге тамыры берік орнығады. Осы орайда «Аз-аздап үйреніп дана болар, бір-бір тамшыдан жиналып дария болар» деген Әлішер Науаи өсиеті үлгі. Ұлттық тәрбиенің өзегі мықты, орнықты болуы үшін балаларға арналған мерзімдік баспалар күшті әрі қарқынды жұмыстар атқаруы керек. Дегенмен оның жағдайы көңіл толтырмайды. 2007 жылы 19-қарашада «Рахат» бағдарламасында сұхбат берген белгілі журналист Талғат Айтбайұлының сөзіне сүйенсек

республикамызда қазақ тілінде жарық көретін оқу-әдістемелік құралдарды қоспағанда балалар басылымы 1 пайызды ғана құрайды екен. Мысалы, «Жыл 12 ай» журналы жылына 4500 данамен 4 рет шығады, оның 3000 данасы жазылу, 1500 данасы саудаға түседі. Одан өзге «Ұлан» журналы 7-10 мың, «Балдырған» журналы 30 мың данамен жарық көреді. Ресми деректерге сүйенсек 2006 жылы Қазақстанда 8157 мың жалпы білім беретін мектептерде 1633, 8 мың бала қазақ тілінде оқиды екен. Олай болса қазақ тілінде шығатын балаларға арналған әдебиеттер көңілге қонымды бола қоймас.

Тәрбиешінің адамгершілік ауқымын ұлттық өзектен жалғастырсақ мұғалім үшін де, балалар үшін де балалар әдебиетінің маңызы зор. Халық өсиетіндегі:

Бала өсірген ата-ана,
Бала болып ойнайды.
Бала оқытқан ұстаздар,
Бала болып ойлайды.
Ойнай берсең бала боларсың,

Ойлай берсең дана боларсың, — деген түсініктер ұстаз бен баланың сәйкестігін бейнелейді. Сондықтан ұстаз арқылы пайымдалған өнеге мен өсиет балаға өтуінде ықпалды болатын балаларға арналған басылымдар болып шығады. Мәселе осыған тірелгендіктен мұғалімдер мен балаларға бір ұлттық қайнардан материалдар алатын жағдай туады. Тіптен кітаптарды қосылып оқуына тура келеді. Осыған байланысты қазақтың салт-дәстүрін танып білу, ата салтын ардақтау, немесе әр түрлі жастағы балаларға арналған хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері, Қожанасыр туралы аңыздар, күлдіргі ертегілер және салт-дәстүр атаулары, туыстық атаулары, тағам атаулары, наным-сенім атаулары, аңшылық-саятшылық атаулары, ойын-сауық пен спорт атаулары, мал атаулары қамтылған жинақтар аталған тәрбиелік нысанымызға таным мен ұлттық рух құрылымын орнықтыруға пайдалы дүниелер болып саналады[94].

Ұлттық тәрбиенің рухани-адамгершілік аңғарының көрнекті қасиеттерінің бір саласы — ұлттық рух болып табылады. Ұлт рухы проблемаларымен философия, педагогика, психология ғылымдары мен мамандары қатар айналысады. Ол мінез-құлық, ұлттық іс-әрекеті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық сана-сезім және т.б. белгілермен тығыз байланысты мәселе. Ұлттық рухтың діңгегі — намыс. Ал, намыс болса, ұлтымыздың рухани оты [95].

Ұлт рухының ұлттық психология және мәдениет құрылымдарымен шарттастығы мен байланысы өте күрделі құбылыстар. Ұлт өмірінің адамгершілік, елдік намыс, патриоттық сезім, ата-бабаға құрмет, ана тілі мен салт-дәстүрді пір тұту сияқты рухани күштерін біріктірген бұл проблема логикалық дәстүрлі теория ретінде қалыптасқан. Сондықтан ұлт рухы туралы кейбір теориялық әдістемелік негіздерден қысқаша хабардар етуды мақсат еттік.

Ұлт рухы қоғамдық және саяси-әлеуметтік күш ретінде социал-демократиялық ағымдағы О. Бауэрдің еңбектерінде кездеседі. Бауэр ұлттық мәселені дұрыс қоя білу үшін ең алдымен ұлттық мінез-құлық түсінігіне сүйену керек дейді. Кез-келген адамды бөтен елге апарсаңыз, ол бірден өзі үйренген ортадан ерекше ойлауы мен сезімталдығы басқаша сыртқы наразылықпен өзгеше ілтипат білдіретін құбылысқа тап болады.

Ұлттық мінез-құлық қасиеттерінде бір ұлтты екіншісінен ажырататын дене мен психологиялық белгілер де кездеседі. Бұдан басқа адам баласының бәріне тән жалпы қасиеттер де болады. Қоғамдағы жекелеген таптар, мамандық иелері, ұлттық индивидуумдары оларды бір-бірін ажырататын өздерінің дара сапалары мен ерекшелік белгілеріне ие. Ұлттық мінез-құлық өзгермелі қасиет. Бауэрдің пікірінше неміс жұмысшысы өз белгілері жағынан немістерге ұқсас бұл тұрғыдан алғанда неміс ұлты қауымының мінез-құлқына сәйкес әрекеті байқалады. Неміс жұмысшысының сонымен бірге ұлттық айырмашылығына қарамастан өздерінің таптас жолдастарымен де бірдей белгілері бар. Ұлттық мінез-құлық жайлы айтқанда Бауэр оның белгілерінің себептерін емес тек ұлт пен оның мүшелерінің басым көріністі қылықтарындағы жалпы белгілерді алған.

«Халықтық рух» мәселесін ол өз пікірінше бағалайды. Оны заңның тарихи мектептері ғылымға әкелген, сондықтан романтиктердің ескі сүйіспеншілігі деп қарайды. Бұл мектеп өзінен-өзі заң, ең болмағанда заң жасайтын күш болып табылатын халықтық рух индивидуумдерге заңдық сана бірлігін береді деп үйреткен. Осыдан барып кейінірек тек заң емес, халықтың барлық іс-әрекетін, тіптен барлық тағдырын халық рухының көрінісі, нақтылы нәтижесі ретінде түсінуге болады деген пікір қалыптасты. Халықтық рух ұлттық қауымдасудың мінез-құлқын түсіндіре алмайды, себебі оның өзі анықталмаған метафизикалық мәнге, елеске айналған ұлттық мінез-құлықтан аулақ нәрсе емес. Ұлттық мінез-құлық жеке адамның тәртібін түсіндіру емес, тек белгілі уақыт аралығында сол ұлттық мүшелері тәртібінің салыстырмалы бірыңғай санасы ғана [96; 5, 9, 13].

Бауэр ұлттық психологияның қасиеттеріне тарихи факторлардың ықпалын ерекше бағалаған, оның ұлт мүшелерінің бірігуіндегі құпия күштердің көрінісі емес әлемдегі құбылыстардың салдары екенін көрсеткен. Өзін-өзі сақтап қалу үшін қорғану соғыстары халықтың рухани дүниесіне белгілі қасиеттерді әкеледі. Онымен шектеліп қалмай келесі ғасырлар тарихына да қажырлық сезімін мұра етіп қалдырады. Ол еңбектерінде ұлтты табиғи қауымдасуға жатқызады, екінші жағынан мәдениеттік қауымдасу деп те санайды. Білімпаздың пікірінше адамның мінез-құлқы оның тағдырымен анықталса, халықтың психологиясы сол халықтың тарихының ізі мен жемісі. Адамдардың күнкөріс тіршілігі мен еңбек өнімін бөлісуі барлық халықтың тағдырын анықтайды. Белгілі өндіріс пен оның өнімдерін бөлісу әдістерінің арқасында тиісті рухани мәдениет те пайда болады. Осылай анықталған халық тарихы оның ұрпақтарына мынадай ықпал жасайды: біріншіден, күнкөріс үшін күресе жүріп келесі ұрпаққа, тіршілікке дағдылы еңбектің

белгілі өмір мектебін қалдырса, екіншіден, мәдениет игіліктерін жасап оларды адамдардың өзара қарым-қатынасы және тәрбие, өсиет пен әдет-ғұрыптар арқылы болашаққа мұра еткен. Ұлт дегеніміз — мәдени қауымдасу. Бауэр неміс, ағылшын және т.б. ұлттардың психологиясы жайлы айта келіп «ұлттық тәрбие», «ұлттық сезім», «ұлттық сана-сезім» белгілерін топтай келе мынадай тұжырым ұсынады: «Ұлт — тағдыр мүддесі мен мінез-құлық ортақтығына ие болған адамдардың бірлігі» [96, 159]. Әрине ұлтқа берілген бұл анықтама оның тарихи-әлеуметтік табиғатын толық қамти алмайды. Себебі ұлт өмірінің басты алғышарты материалдық негіз тіптен есепке алынбаған. О. Бауэрдің қағидалары кезінде біздің ғылыми әдебиеттерде сынға алынып келгенін ескерген жөн. Алайда, оның мұраларында анықтап қараған зерттеушіге ұлт, ұлттық психология, ұлттық рух тұрғысында елеулі пайдаға жарайтын пікірлер кездеседі. Ол кезінде социализм дәуірінің ретсіз бұрмалануы жайлы тиісті сындар айтып оның келешегіне сенімсіздік көрсетіпті. Сондықтан болар ұлт мәселесінің білімпазы коммунистік идеология үстемдігі кезеңінде тек зиянды, көпшілік санасына іріткі салатын ағымның бірі ретінде сыңаржақты ғана бағаланған [97].

Социал-демократтар саяси мектебінің ұлт мәселесі жөніндегі қағидаларында ұлттық мүдде, ұлттық тіл, ұлттық сезім, ұлттық айырмашылық, ұлттық ұжымдық, ерік, ұлттық сана-сезім, ұлттылық принципі айналасында көптеген салиқалы талдаулар кездеседі. Онда әсіресе әрбір ұлттың тағдырына ерекше көңіл бөлініп, оның саяси-әлеуметтік және экономикалық бостандығының маңызына аса назар аударылған.

Ең қомақты мәселе — ол ұлттық мүдде мен тілдің табиғаты саналған. Мәселен, ұлттық тілдер, қостілділік оның пайдасы мен қиындығы туралы Р. Шпрингер елеулі еңбек еткен. Ол ұлтты «мәдени одақ» деп бағалаған. Ұлттың ойы мен сезімін білдіру кескіні түрліше екендігін көрсете отырып ұлттық тіл мен әдебиетті «ұлттық бірлікті» нақтылы іске асырушы деп бағалапты. Оның пікірінше, ұлт дегеніміз — ой мен сезім өрісі, яғни таза ішкі құбылысы бірдей әлеуметтік топ. Бірақ, ой мен сезім бірдейлігі тек сыртқы кескіндеу мен өзара алмасу ұлттық тіл арқылы жүзеге асады. «Бізде ой мен сезім себепсіз пайда болмайды. Олар сыртқы өмір фактілерінің және әсіресе адам қылықтарының бейнеленуі болып табылады. Тап қазір адамдардың барлық қылықтары мемлекеттің белгілі заң нормаларымен реттеледі. Бірақ ұлттық сезім ең алдымен мемлекеттік ұйымдардың ықпалына ұшырауда, онда ол өзінің көрінуіне, яки қолдау табады немесе кедергіге ұшырайды. Мемлекеттік тәртіп ұлттық сезімнің элементтерінен тәуелсіз болған сайын ұлт өміріне де қауіп төніп, оның толық гүлденуіне салмақты кедергілер күшейеді».

Бұл қағида мемлекеттік саясат пен ұлт өмірінің үйлесімі жайында айтылған пікір. Осы екеуі үйлесімділік көрсетсе ғана ұлт өзінің дамуында кедергілерге азырақ ұшырайды. Ұлттық тілдің, ұлт бірлігінің санасы қалыптасуындағы мемлекеттік басқару жүйесінің принциптері ерекше орын алады. Автор Австрия мемлекетінің тәжірибесін талдай отырып

централизациялық және децентрализациялық категориялық жүйелерді салыстырады. Басқару мекемелерінің қызметін үйлестіре отырып реттеу нәтижесімен «ұлттық наразылық» құбылыстарын болдырмау жағдайларына да тиісті пікір айтқан [98].

Жоғарыда аталып өтілген «халық рухы» өзінің методологиялық негіздері тұрғысынша немістің үлгілі философиялық мектебімен де байланысты. Ол мектеп — халық психологиясының шығуы мен оның мән-жайы тұрғысында көптеген пікір қалыптастырылған көрнекті өкілдердің өскен ортасы. Мысалы, ұлттың рухани-психологиялық қасиеттері тұрғысында Фихте Иоганн Готлиб (1762-1814) еңбектерінде кездеседі. Оның ой-пікірлері бытыраңқы бағытта баяндалған. Мысалға ол әлемнің, адам нәсілдерінің, тіл мен мәдениеттің пайда болуы ғылымның өрісінен тыс нәрсе деп бағалаған. Оның пікірінше бұл мәселелердің зерттелуі тарихсыз-ақ белгілі. Жер бетінде жабайы, қорқақ тайпалармен қатар ертеден бастап «өзімен-өзі, ешбір ғылым мен өнерсіз-ақ жетілген ақыл-ойлық мәдениет жағдайындағы» халық та өмір сүрген. Осылай халықтарды бір-біріне қарсы қойып бағалау ұлттық психология қасиеттеріне шектеулі көзқарасты жылжытты.

И. Фихтенің ұлттық психологияға байланысты көзқарасы 1807-1808 жылдары Европада Наполеон күштерінің агрессиясының кезеңіне сай келеді. Ол халықты бостандық үшін күреске жұмылдырып неміс халқын рухани қайта жандандыруға үлес қосты. Сөйтіп, «ұлтжандылық» неміс ұлтының «ерекше тарихи борышы» оның басқа Европа халықтарына қарағанда бостандық үшін күрестегі «артықшылығы» деген идея басым жатты. Оның ойынша Европаны азат ету тек неміс халқына бұйырған нәрсе. Ұлттардың рухани-психологиялық айырмашылығын мойындай отырып Фихте «білім, ақиқат негіздерін құдай болмысымен бірге» санайды. Соған қарағанда әрбір халықтың тағдыры жаратушының алдын-ала болжап қойған шешіміне байланысты болып шығады. Ұлттық психология мен ұлттық рух табиғаты жайлы қарап отырсақ «халықтық рух» дегеніміз тәңірі берген көрініс, әрбір индивидуум ұлттық рухтың көрінісі [99].

Кезінде осылайша ой-пікір ұсынған ғалымдар өз заманына тиісті ағымдар. Дегенмен ұлттық рух пен адамгершілік, ізгілік уықтарының табиғаты мен тәрбиелік мақсаттары позицияларында ескеруге тұрарлық құндылықтар. Әрине ғылыми ақиқат пен шындықты алға тартып саралап қолдану керек. Өз ұлтымыздың тарихи негізі, ерекшелігі, салт-дәстүрлеріміздің өзегінің тәлімдік мазмұнына сүйене отырып пайдаланған жөн. Ұстаздарға тарихи-теориялық сарында ұлттық рухтың көздерін ұсынуымыз да осы мақсатты көздейді.

Тіршіліктегі адам және адамгершілік, ар мен ұят, атақ пен абырой, қадір-қасиет пен заңдылық туралы жағымды және жағымсыз қасиеттер мәні жас балалардың сана-сезіміне тез сіңеді. Мәселен, «Адам жүзімнің бұтағы емес, оның басын қырқып тастаудан қорқу керек», «Өлімнен ұят күшті», «Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жанды өнеге тұт өзіңе», «Ұят – жаман

ойдың жүгені», «Ұстаздың абройы болмаса – шәкірттері оның сақалымен ойнайды», «Туа біте таңылған жаман ат, өле-өлгенше қалмайды», «Ескі шапан қанша жыртылса да қараған баулауға жарайды», «Еш адамды өзіңнен кем санама», «Қой шопанға қызмет етпейді, шопан қойға қызмет етеді», «Жер шұқыған құдықтан ішеді», деген сияқты мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер рухани-адамгершілік өресін бағалауға арналған. Тек пәндік сабақтарда ғана емес сыныптан тыс тәрбие шаралары, сұхбат, әңгіме-қалжың, тіптен өзара қарым-қатынас кезінде пайдаға асқаны абзал.

Ал ойынның өзі де түптеп келгенде адамгершілік тәрбиенің бастауы, яғни алғашқы қарым-қатынас элементтері болып шығады. Елімізде 2-7 жасқа дейінгі балалар мәселесін Ыбрай Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының ғалымдары (Н. Нұрахметов, М.С. Сәтімбекова, Б.Б. Баймұратова, Ә.С. Әмірова, Ғ.Х. Дүкенбаева, Ф.Н. Жұмабекова, С.Ғ. Бәтібаева) өз еңбектерінде адамгершілік тәрбие кешенінің ұлттық сана, ұлттық психология құрылымдарын күнделікті тәрбие мен халықтық педагогикаға үйлестіріп ұсынды. Соған орай «Балбөбек» бағдарламасы дүниеге келді. Мұның өзі ұлттық тәрбиенің мектепалды даярлығының іргетасы болып табылады. Аталған бағдарламаның мақсаттары, жүйелері тұрғысында оң пікірлер айтылып жүр. Балабақшада балалар еңбегін ұйымдастыру барысында кешенді ұйымдастырылған ойын түрлері балалардың еңбекке деген қызығушылығы мен талғамын, танымдық процестерін, тілін және адамгершілік қасиеттерін дамытады. Ойын балабақшадағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі әдістерінің бірі болып саналып, балалар өмірінде үлкен орын алады. Баланың адамгершілік сапасын, талғамын, қызығушылығын қалыптастыру, мінез-әрекетін тәрбиелеу, жеке басын жан-жақты дамыту бағытында меңгерілетін білім, дағдылар ойын арқылы іске асырылады. [100, 14-15] Сонымен осы алға қойған мақсаттарымыз бөбектерге зор қызығушылық, сезім тудырып отырса онда осы қадамымыз жолында жаңа ізденістер мен әдіс-тәсілдер толығымен түсуі керек. Бұл ұлттық тәрбиедегі адамгершілік өнегісін жетілдірудің балашағының кепілі болары анық.

Ойын — балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Сондықтан қызыққа толы балалық шақ деп бекер аталмаса керек. Ойын баласының ой-дүниесінің өркендеуі мен оның денесінің де дамуы ойынға тәуелді. Осыған орай ұлтымыздың мұралық қазынасы саналатын — халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да мектеп оқушыларының рухани өресі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Осыларды негізге алсақ ойынсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды. Балалардың ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы ойын арқылы да сіңіріп байи түседі [101].

Жалпы алғанда ойынға жас ерекшеліктеріне байланысты үш топқа (жеті жасқа дейін, жеті мен он бес жасқа дейін және он бес пен жиырма аралығы) бөліп қатыстырады: бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге алу, қыз қуу, алтын қабақ ату, орамал тастамақ, ақсүйек, жамбы ату, күрес, сайыс», т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Ойынның қызықты, тартымды болуы әрине ұйымдастырушыға да байланысты. Мәселен, «Соқыр теке» ойыны белгіленген шеңбер ішінде өтеді. Жүргізуші «Тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, ол былай деп өндетеді:

Қараңғыда көзім жоқ,

Тиіп кетсем сөзім жоқ,

Маған жақын келіңдер,

Бір қыз ұстап беріңдер!..

Көзі байланған «Соқыр текені» айнала қоршап тұрғандар мазақтап:

Соқыр, соқыр, соқырақ,

Оң көзіңе топырақ,

Топырағын алайын,

Тотияйын салайын,

Ал, ұстап көр, батырым,

Міне келе жатырмын!

деп өлеңді айтып болысымен әр жаққа қашады, ал «Соқыр теке» олардың бірін ұстауға тырысады. Ұстаған баласы оның орнына тұрады, сөйтіп, ойын жалғаса береді. Ұлт ойындары — ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті сабақ барысында пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз.

Халық арасында кең таралған ойынның бірі — «Сақина тастау». Бұл ойын көгалды жерде, залда өткізіледі, ойынға 20-25 адамға дейін қатыса беруге болады. Ойыншылар екі алақанын беттестіріп, қусырыңқырып, қолдарын алға созып отырады. Жүргізуші екі алақанын беттестіріп, ойыншылардың алақандарының арасына сұғып, бір шеттен бастап басқаларға білдірместен сақина салып кетеді. Тегіс айналып өткен соң сақинаның кімде екенін сұрайды, сол кезде қолында сақинасы бар ойыншы басқаларға білдірместен орнынан атып тұруы керек, ал жанындағы ойыншы оны дер кезінде ұстап қалуы тиіс. Егер ұстап қалса, орнынан тұрушы «жаза» тартады, яғни көпшіліктің ұйғарымымен ән, би, күй, тақпақ, т.б. орындап береді, содан кейін ойын бастаушының орнына тұрып, ойынды жалғастырады. «Сақина тастау» ойынын көбінесе, үй тапсырмасын сұрағанда, жаңа тақырыпты пысықтағанда, сабақты қорытуға пайдалануға әбден болады: алдымен, ойынның негізгі шарты түсіндіріліп, оған азғана өзгертулер енгізіледі. Одан әрі мұғалім «Түн» деп бұйрық беру арқылы балаларды «ұйықтатып», сол

кезде олардың алақандарының арасына алдын ала сұрақтар жазылып, сақина тәрізді дөңгелектелінген түрлі-түсті қағаз «сақиналарды» салып шығады. «Күн» дегенде, оқушылар «оянып», мұғалімнің сұрақтарына жауап береді және жауаптар әр түрлі сақиналармен белгіленіп, өздеріне қайтарылады. Қойылатын бағалар сақиналардың түс-түрлеріне қарай ажыратылады.

Бұдан басқа «Көкпар», «Бәйге», «Сиқырлы қоржын», «Асық», т.б. тәрізді түрлі ұлттық ойындарды сабақ барысында жаңа материалды түсіндіруде, оны қайталап-пысықтауда, бекітіп-қорыту кездерінде жарыс түрінде өткізуге әбден болады.

Осындай ұлттық ойындар арқылы мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін әр түрлі әдіс-тәсілдермен түрлендіру, жетілдіру — қазіргі ұлттық педагогиканың маңызды қорларының бірі. Сонымен оқу процесінде басталған ойын дағдылары сыныптан тыс шараларда өзінің тәрбиелік маңызын жалғастыра отырып, балаларды зеректікке, білгірлікке, батылдыққа, сөз әсемдігін сезінуге, шапшандыққа, ептілікке баулып, бабаларымыздан мирас болып қалған рухани асыл қазыналарды құрметтеуге үйретеді, эстетикалық мәдениетін қалыптастырады.

Жоғарыда атап өткеніміздей ұлттық ойындардың дене қабілеттерін жетілдіруге әсеріне де қысқаша тоқтала кетелік. Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесін өткізу қиын да күрделі жұмыс. Оған жағдай да керек. Себебі оған қимылдар мен қозғалыстағы балалар қатынасатыны белгілі. Онымен қоса спорттық база да қажет. Осы ерекшеліктер ойын материалдарының білікті сұрыпталуын, бастауыш сынып оқушыларының ойын барысындағы қимыл-қозғалыстарының үнемі бақылауын қажет етеді. Өзіміздің жеке тәжірибеміз бойынша 2-4 сыныптардағы дене тәрбиесі сабағын 1-4-тоқсанда бақылауға алдық. Кейбір сабақтарда мүмкіншілігіне қарай дене ұзындығы, салмақтары, өкпенің жұмыстарын тексеріп есепке алуға медбикелерді көмекке тарттық. Мұнда оқушылардың дене дамуының жағдайы байқалды. Дене дайындығы мен дене қабілеттерін дамыту мақсатында көптеген ұлттық ойындарды пайдаландық.

Біз оқушылардың дене қабілеттерін жетілдіру мақсатында «Қара бөрік», «Қасқұлақ», «Айгөлек», «Теңге алу», «Атшылар», «Ақ серек — көк серек», «Жігіт қуу», «Жалау алу», «Соқыр теке», «Ала күшік», «Төпетей тастамақ», «Орамал тастау», «Аларман», «Белбеу ойыны», «Лақтыр ұста», «Жүзік алу», «Белбеу тастау», «Арқадағы таяқ», «Көпір мен мысық», «Қоян», «Тоқта», «Қораздар соғысы», «Қындық-сандық», «Тартыс», «Шамаң келсе тартып ал», «Әуе таяқ», «Кісі көтеру», «Секіріп ойнау», «Текелер ұрысы», «Бәлләй», «Ортаға түспек», «Жүрелей секіру», «Бөрік телпек», «Тырау, тырау тырналар», «Тау менікі», «Жаяу көкпар», «Атшылар жарысы», «Көген тартыс», «Төрт аяқтап жарысу», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындарды қолдандық. Оқу жылының аяғында «Дене тәрбиесі» пәні бойынша бағдарлама материалдарын оқушылардың көбісі меңгергенін байқадық. Сыныптан тыс тәрбиелік шараларда көп жұмыстар атқарылды.

Сонымен бастауыш сыныптарда дене тәрбиесінің оқу-тәрбиелік бағытын дұрыс құрып, ұлттық ойындарды сабақ барысында тиімді пайдаланса және сабақты арнайы білімі бар маман жүргізсе материалдар толық меңгеріліп, оқушылардың денесі дұрыс дамып, жетілетіндігі айқын.

Ал ойынның көп болуы дене қабілеттері ғана емес, дененің жалпы дайындық деңгейлерін де дамыта түседі. Демек, оқушылардың дене бітімінің, тұлғасының дұрыс қалыптасуы ұлттық ойындардың тәрбиелік құрылымына да көп қатысты. Жалпы бастауыш сынып оқушылары 4 жыл мерзімде 70-ке жуық ойын түрлерін меңгеруі тиіс. Міне, осы ойындарды толық меңгергенде ғана оқушылардың дене қабілеттері мен денесінің жалпы дамып-жетілуі ғана емес, сонымен қатар ерік-жігер қасиеттерімен бірге батылдыққа, тапқырлыққа, тез бағдарлауға, алғыр, зерек және сергек болуына көп септігін тигізетініне ешқандай күмәніміз жоқ.

Бастауыш сыныптардағы оқу барысының жалғастық міндетінің бірі- **оқушылардың мінез-құлық мәдениетін** тәрбиелеу сыныптан тыс жұмыстарда жалғасады. Бұл мақсатты жүзеге асырудың қадамы тәрбие сабақтары, тақырыптық кештер, әңгіме, сұхбат, пікір таласы, кездесулер, мұражайларға саяхат және т.б. іс-шаралар арқылы жүзеге асады. Оған мектептегі түрлі қоғамдық ұйымдар бірігіп көмек көрсетсе тәрбиелік мәні мен маңызы да көлемді болып шығады. Өйткені әрбір сынып үшін осыншама жұмыстар жүргізу мүмкін емес. Соған бірнеше сыныптарды ыңғайластырып біріктіре ұйымдастырған әсерлі мәнге ие етеді.

Мінез-құлық көрінісі мен сапасы оқу мен тәрбие үрдістерінің негізгі әрі нәтижелік деңгейі деуге болады. Дегенмен өмір диалектикасында ашушаң, дөрекі, икемсіз, әдепсіз, жауапсыз т.б. қасиеттердің қатар жүруі де заңды құбылыс. Тәрбие мен оқу барлық адамды бірдей мінез-құлыққа біріктіре алмайды. Олардың міндеті ізгілік пен адамгершілік өрісіне қадам жасауды қалыптастыру болып табылады. Күнделікті тіршілікте жақсы мен жаманның, сыпайы мен дөрекінің, білімді мен білімсіздің және т.б. қарама-қайшылықтың қатар жүрмеуі мүмкін емес. Онсыз адамзат тіршілігі, ақыл-ой өресі данышпандықтың мәнін көрсете алмайды. Адамгершілік үлгісінің салыстырмалы деңгейі байқалмайды, жақсылыққа ұмтылыс тежеледі. Бірақ білім мен тәрбие өзінің гуманитарлық міндетін жалғастыра беруі де — өмір заңдылығы. Міне, қоғамның адамға, ұрпаққа арналған жақсылығы мен қамқорлығы осы кешендік құбылыстарға келіп тіреледі.

Пікірімізді ары қарай жалғастыралық. Балалар бастауыш мектепте мәдени мінез-құлықтың негізгі ережелері жөнінде аса үлкен көлемдегі білімдерді игеріп, оларды саналы түрде орындауға әдеттенуге тиіс. Әдептілік пен мінез-құлықтың нақты ережелері өте көп, оқушыларды олардың бәрімен бірдей таныстыру өте қиын, өмірде балалар бірінші рет кездесіп отырған жағдайлар жиі ұшырасып жатады. Сондықтан да, оқушыларға мінез-құлық ережелерін үйретумен бірге, ереже рухына сай әрекет етуге, яғни жаңа жағдай кезінде бұрыннан жақсы мәлім ережелер негізінде, әрекеттің дұрыс жолын таба білуге баулу керек. Бұл — күрделі міндет. Балаларды мінез-

құлық ережелерін мектепте, көшеде, қоғамдық, орындарда орындауға баулу керек.

Мінез-құлық мәдениеті көп ретте адамгершілік нормаларымен тығыз байланысты. Мәселен, сыпайылықтың, ілтипаттылықтың, әдептіліктің, дәлдіктің көптеген нақты ережелерінің негізінде қоғамымыздың адамгершілік, ұжымдық, достық, жолдастық, өзінің мінез-құлқы мен қылықтары үшін жауапкершілік сияқты моралдық принципі жатыр. Бала біртіндеп нақты ережелерді адамгершілік көзқарас тұрғысынан орындау қажет екендігін түсініп, бағалай бастайды.

Әдет пен дағдының бірлігі тұрақты мінез-құлыққа ие болуға, жеке бастың белгілі бір қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Әрқашанда сыпайы, міндетті, дәл болу дегеніміз — сыпайылық, дәлшілдік, міндеттілік сияқты қасиеттерді игергендік деген сөз. Баланың өз мінез-құлқын түсінуі мұғалімнің басшылығымен, ұжымның қалыптасып келе жатқан қоғамдық пікірінің әсерімен біртіндеп жүзеге асатын болады.

Баланы тәрбиелеу, оның жеке бастық қасиетін қалыптастыру күнделікті өмірде жүзеге асырылады. Сондықтан оқушының күнделікті өмірі мен ісінің әр түрлі, мазмұнды болуы, жоғары адамгершілік қатынасқа құрылуы өте маңызды. Қиындықтары, табыстары мен сәтсіздіктері сөзсіз болмай қоймайтын соны білімдер алу, дүниені тану процесінің өзі төменгі сынып оқушылары үшін қуаныш процесіне айналуы тиіс. Жолдастарымен қарым-қатынас жасау, жаңа достар табу, ұжымдық жұмыстар мен ойындар, бірге қайғыру, еңбекке және қоғамдық пайдалы еңбекке араласу басқа еш нәрсемен салыстыруға келмейтін қуаныш сыйлайды.

Бала мектепке түскеннен кейін жүйелі қоғамдық мәні бар қызметпен, оқумен тұңғыш рет айналысып, балалардың үлкен ұжымдық мүшесіне айналады. Мұнда баланың қоғамдық белсенділігін, дәрбестігін, адамгершілігін қалыптастыру процесі жаңа бейнеге ие болады.

Адамгершілік тәрбиедегі сабақтастықтың педагогикалық негізі мынада: баланың мектеп жасына дейінгі кезеңде пайда болған мінез-құлық, ересек адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынас формалары, моральдық білімі, қарым-қатынасы және сезімі бастауыш сыныптарда дамуға тиісті жаңа формалардың негізі болып табылады.

Жоғарыда бірнеше сыныпты қосып өткізген іс-шаралардың тиімділігін атаған едік. Мұндағы мақсат оқушылардың тәртібіне бірыңғай талаптар қою, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, жұмыстың басты шарты екендігіне байланысты туындайды. Тәрбиешілер бір ұжымға бірігіп бірыңғай жұмыс жоспарына сүйеніп, балаға бірыңғай талаптар қоя білсе тәрбие нәтижесі айқын көрінеді. Соған байланысты мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу белгілі бір жүйе бойынша жүргізілсе ғана тиімді болады. Бұл жүйелілік балалардың бойында мінез-құлық, пайдалы әдет-дағдылардың тәжірибесін жинақтауды, адамгершілік мағлұматтарды сіңіруді қамтамасыз етеді.

Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу жөніндегі жұмысты белгілі бір бағдарлама бойынша құру керек.

Мәдени мінез-құлық ережелерін түсіндірудің тиімді әдісі — әңгіме, өлең, мысал сияқты әдеби шығармаларды пайдалану.

Мінез-құлық мәдениеті туралы арнаулы жұмыс сабақ ретінде өткізіледі. Жалпы күнделікті тіршілікте баланың мінез-құлық мәдениетінің компоненттері мынадай болып кездеседі: 1) қоғамдық орындарда және қонақтағы тәртіп; 2) көше тәртібінің ережесі; 3) жеке бастық гигиена, тазалық жағдайы; 4) мектептегі тәртіп; 5) сыпайылық және сөйлеу мәдениеті; 6) дәлдік пен міндеттілік ережесі. Ал, мінез-құлық мәдениетіне сәйкес «Әдептілік еліне саяхат» ойынының әрбір сыныпқа арналған тәрбиелік сағаттарының үлгісін көрсетелік:

Жұмыстың негізгі бөлімдері	Оқу тоқсаны	Сыныптар бойынша тақырыптар			
		I	II	III	IV
Жеке бастың гигиенасы, ұқыптылық пен мұқияттылық	I	Кір қоймастың достары	Әр нәрсенің өз орны бар	Киімді күту	Киімді тазалау
Сыпайылық және сөйлеу мәдениеті	II	Сиқырлы сөздер	Сен және сенің жолдастарың	Қалай сөйлейсің	Үлкендермен әңгіме жүргізу
Ыждаһаттылық, міндеттілік, көше мен қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері	III	Басқаларды ұмытпа. Көше тәртібінің ережелері	Сөзінде тұра біл. Театрдағы, кинодағы тәртіп ережелері	Жалпыға бірдей ережелер. Қонақтағы тәртіп ережелері	Кісілік мінез-құлық ережелері. Көмек көрсету.
Қорытынды әңгімелер және ойын	IV	Мектептегі тәртіп	Үйдегі тәртіп	Көше мен қоғамдық орындардағы тәртіп	Достар мен ата-аналар тәртібі

Мінез-құлықтың күрделі құрылымы, өзге де игілікті қылықтармен байланысын біріктіре отырып Әл-Фараби: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз игі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» [102] — деп жазған екен.

Бастауыш сынып оқушыларының жағымсыз қасиеттері: бір беттілігі, ашушандығы, ұяндығы, әдепсіздігі, тынышсыздығы, тәртіпсіздігі, дөрекі сөйлеуі және т.б. жағымсыз жақтармен ерекшеленеді, мұғалім бұлармен күрес жүргізуі қажет. Бұл сапалардың көбісі әлі берік орнықпаған, тек уақытша психикалық ерешеліктері болып табылады, бұл сапалар келешекте олардың мінез-құлқына сіңісіп кетпеуі тиіс. Теріс қылықтармен күресте

мұғалім жалғыз болмағаны жөн. Біріккен тіршілік оң нәтиже береді. Баланың теріс мінез-құлқына оған куә болған ешкім де салғырттық көрсетпесе керек. Реті келіп тұрғандықтан тағы бір фактіге куә болғанымызды айтайық. Аула ішінде балалар бақшасы бар. Мектептен келе жатқанда немересін жетектеп үйіне қайтқан көрші үйдегі апайды көрдім. 4-5 жасар қыз бала тоқтап қалып жол шетіндегі құрт-құмысқаларды таптай бастады. Қой дегенді ұғатын түрі жоқ. Мен де іркіліп оқиғаның ақырын күттім. Индира! – сенің інің мен әпкенді біреулер ұрып-соғып, жаншып жатса не болады деп сұрады әжесі. Онда мамам жылайды, деді де әжесінің бетіне қарады бала. Олай болса бұлардың мамалары да жылап жатыр ғой, саған ұнайды ма? Бала теріс қылығын бірден тоқтатты да ары қарай жүріп кетті. Міне, дер кезіндегі тапқырлық күшіне ризашылық білдіресің.

Кейбір мектеп оқушылары өтірік айтуға бейім тұрады, бір нәрсені өте өсіріп, әдемілеп, мақтап сөйлейді. Мұның себебінің бірі — ойлап тапқанына өзін сенуге мәжбүр ететін баланың күшті қиялы болып табылады. Бірте-бірте бұл қасиет жоғалады. Кейде оқушы жасаған жағымсыз істердің ізін жауып, өзін кінәлі санамай, жалған ұялушылық сезімімен ғана біреуден кешірім сұраудан бас тартады. Осындай себепке байланысты бір беттілік танытып, жан түкпірінде өзін теріс деп есептесе де, өз айтқанынан қайтпайды. Мұндай жағдайлардың байқалуы күнделікті болып тұратыны анық. Сондықтан реті келгенде, оқу жүйесінде, сыныптан тыс әңгіме, іс-шаралар, мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәніне арналған пікір таластарында жоғарыда аталып көрсетілген М. Әлімбаевтің «Қоянның құлағы неге ұзын?» кітабынан «Тентектер туралы» бөлімі қолдануға өте жеңіл материалдар екенін ұсынамыз. Мысалы: «Жылататын момынды, жолатпаймыз содырды», «Тураның ісі — түзік, Түзікті жүрсе бұзып, ондайдың аты — бұзық», «Өктеммін деп ойласа, тегі — тентек, қоқаңдауын қоймаса, жейді келтек», «Көпшілік оңға басады, ал қыңыр солға қашады», «Таяқ жесе қиянқы, болып қалар жылаңқы», «Кеңкелес, төбелес іздер ерте-кеш», «Қисық «менікі жөн!» дейді, айтқан сөзіңе көнбейді» т.б. топтама өлеңдері теріс мінездерді дөп басады.

Балалардың мінез-құлқына айналасындағылардың ықпалы күшті. Балалар мінез-құлқының ерекшеліктерінің бірі — еліктегіштік. Егер бала жақсы өнеге көрсеткен адамдармен араласса, бұл жақсы нәтиже береді.

Мұғалімнің мінез-құлқы, оның сырт бейнесі, басқа мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен қарым-қатынас стилі оқушы тәрбиелілігін қалыптастыруда шешуші маңызға ие. Мұғалімнің мінез-құлқы оқушы ұқсауға тырысарлық үлгі болуға тиіс. Тәрбие жұмысының тиімділігі көп ретте педагогикалық ұжым мен жанұяның үйлесімді жұмыс істеуіне байланысты.

Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде ата-аналардың да жеке бастық үлгісінің маңызы зор. Балалар үлкендерді, олардың тәртібін, өзара қарым-қатынасын, сөйлеу мәнерін қадағалап жүреді. Егер ата-ана бір-біріне ілтипатты, сыйлы, сыпайы, бір сөзді болса, олардың балалары да жақсы

тәрбиелі болып өседі. Отбасында сыйластық сақталмаса, үлкендер бір-бірін сыйламаса, үйде тазалық пен тәртіп сақталмаса, бала бойында мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін тәрбиелеу анағұрлым қиынға түседі.

Балалардың тәртіп ережелерін орындамаудың үлкен бір себебі оларды қоршаған ортаға байланысты. Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелейтін үлкендердің өзі тәртібін қатал және міншілдікпен қадағалап, балаларға үлгі болуға тиіс. Мектептегі мұғалімдер оқушыларға қойылатын талаптарға біркелкі қарамайды. Сол сияқты жанұяда да үлкендер де педагогикалық көзқарасқа келгенде өзара ынтымақта емес. Мәселен, талаптардың сипаты, олардың кезектесуі және мөлшері әке мен шешеді, әже мен атада, жанұяның басқа мүшелерінде әркелкі болып келеді. Сол себепті де бала міндетті ережелерді орындай бермейді, үлкендердің әр түрлі талаптарына ыңғайлана салады. Осыдан келіп баланың үйде сыпайы, мектепте дөрекі немесе бұған керісінше болуы мүмкін. Сайып келгенде, балалардың мінез-құлқының мәдениетіне ата-ана, отбасы, мектеп ұжымы біріге отырып бірдей талап қойып отырса ғана табысты нәтижеге ие боламыз. Осы проблемадағы отбасының тәрбие мен ата-аналық міндеттері, мемлекеттік іс тұрғысындағы аспектілері, отбасының міндеттері, ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынастардың ерекшеліктері, балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеттері [103, 21-23] біздің қарастыру өрісімізде жоспарланбағандықтан жеке алынып талданбайды. Тек кейбір өтпелі заңдылықтары, бірлескен қажеттіліктер ғана тиісті мазмұнда қолданылады.

Тәрбие барысындағы **рухани-адамгершілік пен өнегелілік қасиеттері** өте күрделі де қиын мәселелер. Себебі ғасырлар бойы жинақталған ұлт мәдениеті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тарихи ұзақ тіршіліктің нәтижесі болғандықтан оның ұрпаққа жалғасуы одан да күрделі болып шығады. Жылдар өткен сайын қордаланған қасиеттер көбейіп өсе береді. Осы бағытта ескі мен жаңа, әлемде-болып жатқан өзгерістер, түрлі даму дәрежесіндегі ұлт мәселесі, оқу мен тәрбиенің, саяси идеологияның ерекшеліктері де ықпалсыз болмайды. Осылайша күрделеніп жатқан құбылыстар арасынан ұлттық тәрбиенің қасиеттерін бөліп алып бала бойына ұялату — бір күндік немесе бір пәндік емес жалпы ұлтымызға, елімізге арналған мемлекеттік жүйедегі оқу мен тәрбиенің міндеті болып отыр. Бір-бірімен байланысты қасиеттер жеке-жеке тақырыптардың өзін қомақты етіп өзге де адамгершілік пен өнегелілік өзектер сарынымен орайластықты талап етеді. Мысалы, сыныптан тыс тәрбие сағаттарында мақал-мәтелдерді пайдаланып жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажыратып ұсынудың пайдасы айқын. Бұл тәрбие сағатын 4 сыныпқа қолдандық. Дегенмен жалғасы 5 сыныпта да кездеседі.

Мұндағы сабақтың білімділік мақсаты: оқушыларға мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді үйрету. Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру.

Дамытушылық мақсаты: оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой-өрістерін, ойлау қабілетін дамыту. Сөздік қорларын, сөйлеу тілін дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: мақал-мәтелдерді пайдаланып жақсы мен жаманды, шындық пен өтірікті, адалдық пен арамдықты, еңбек, іскерлік пен олақтық, баршылық пен жоқшылық қалықтарын ажырата білуге, әдептілік, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, ізденушілік.

Сабақтың түрі: аралас сабақ. Ары қарай сабақты ұйымдастыру жүріп, қорытынды жасалынып, тапсырма беруге (жаттауға) болады. Алдымен мынадай еске түсіру сұрақтарын беруге болады.

1. Қазақ ауыз әдебиеті дегеніміз не және түрлері қандай?
2. Неге ауыз әдебиеті деп аталады, оның авторы бар ма, қалай сақталған?
3. Төрт түлік малға нелер жатады?
4. Наурыз қандай мейрам?
5. Қойдың, сиырдың, жылқының, ешкінің, түйенің иесі қалай аталады?

Осыдан кейін ауыз әдебиеттің бір түрі — мақал-мәтелдерге үңіліп олардың тақырыптарына талдау жасадық. Оның тәрбиелік мәніне, мінез-құлық, өнегелілік сипаттамаларына көңіл аударамыз. Мысалы:

1. Мақал-мәтелдер дегеніміз не?
2. Мақал-мәтелдердің көлемі қандай?
3. Мақал-мәтелдер қалай қолданылады?
4. Мақал-мәтелдердің тақырыптары қандай?
5. Қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?
6. Отан, білім, еңбек туралы мақал-мәтелдерді білесіңдер ме?

Мақал-мәтелдер — талай замандар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ойы, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Олар келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Мақал-мәтелдер әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалып, терең ой, кең мазмұнды қамтиды.

Мақал-мәтелдердің адам, мінез-құлық, туыстық қатынас және сыйласу, халық, жақсы мен жаман, рухани байлық, табиғат көріністері, өмір өткелдері, Отан, ел мен қоғам, басшылық, әкімшілік, ата-ана, өнеге-мысал, дос-дұшпан, еңбеккер-еріншек, еңбек-бірлік, бірлік-батырлық, наным-сенім, асығу, аптығу, асықпау және т.б. тақырыптары бар. Аталған қасиеттер тұрғысында жеке-жеке де сыныптық тәрбие сағатына арқау бола алады. Дегенмен ол өте күрделі де қиын, себебі ондай салмақты балалар игере алмайды. Барлық мәселе сыздықтатып қана сабақ пен тәрбиеге орнықтыруда. Мынадай мағыналарға көңіл аударайық: Нағыз адамның белгісі — кісілік; Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жанды өнеге тұт өзіңе; Бар бәледен ұят сақтайды; Ізгі атымен ер алғысқа бөленеді; Халық қатесіз сыншы; Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле; Көп түкірсе көл болар; Адам деген ардақты ат; Аяр адам күншіл, күншіл адам міншіл; Айтқызған — жамандықтың белгісі, қамшылатқан — шабандықтың белгісі; Жақсы адам жолдасынан

белгілі; Жақсыға жанас, жаманнан қаш; Адам туа жаман емес жүре жаман; Ақыл азбайды, білім тозбайды; Ақымаққа арнап заң жазылмас; Көп ойлаған табар, көп үрлеген жағар; Арман адамға қанат; Ақ жүрген адам азбас; Кішіпейілділік — кішілік емес, кісілік; Ордалы жыланмен ойнама; Дау арымас, алтын шірімес; Ұры өле-өлгенше ақпын дейді; Дос сүйінсін, дұшпан күйінсін; Жаман дос жауыңмен бірге шабады; Еңбек етпесең, елге өкпелеме, егін екпесең, жерге өкпелеме; Еңбек пен бақыт егіз; Үш нәрсемен қоңсы қонба: Күйдірер отпен; Ағызар сумен; Атақты әкіммен; Ізгілік тілесен — игі жақсылармен жолдас бол; Кірді сумен жуады, суды немен жуады?; Жаман адаммен бірге ғұмырыңды зая жіберме; Отанды сүю — от басынан басталады; Отан — елдің анасы, ел — ердің анасы; Отан үшін күрес — ерге тиген үлес; Ел үшін еркек кіндік құрбандық; Ел — ырыстың кілті, ер — ырыстың қорғаны; «Елдің көркі ерімен, жердің көркі шөбімен» және т.б. шұрайлы өнегелер сана-сезімге орныға бергені абзал [104].

Реті келсе бұған қосымша әрбір жануарлардың мінезін, дағдысы мен жаратылысын сипаттайтын жұмбақтарды да пайдалануға болады. Мысалы:

Дойыр тұмсық, салпаң құлақ,
Төрт бағана — аяғы.
«Тышқан көрсе, қалар құлап», —
Аңыз солай баяғы.

(Піл)

Жалы бар - ақырады,
Денесін нәзік түк басқан,
Қылшығы жоқ — тақыр әлі,
Мысық тектес жыртқыш аң.
Құйрығында шашағы,
Аң біткен адам қашады.

(Арыстан)

Еті дәмді, сүті қою — қорғасын,
Өзі момын, өнімі мол болған соң.
Құрметтейді басын тартып қонаққа
Бұл қай түлік?
Жалған жауап болмасын.

(Қой)

Тәжірибемізге сәйкес осындай материалдарды талдай отырып жақсы мен жаманды ажыратып түсінік беруге тоқталамыз. Балалар өз ойларын ортаға салып мақал-мәтелдердегі не жақсы (ақылды, білімді, әдепті, талапты, еңбекқор, адалдық), не жаман (еріншек, білімсіз, әдепсіз, өтірікші, жалқау, мақтаншақ) екендігіне пікір-ойларын, көзқарастарын білдіріп бір тоқтамға келеді. Қорытындыда Ы. Алтынсаринның «Әке мен бала», «Бай баласы мен кедей баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімелерін, А. Құнанбаевтың отыз жетінші, отыз сегізінші қара сөздерін (балаларға қиын да болса) алға тартуға болады. Бұл жерде пікір таласы да, кең түрде өзара сұрақ-

жауап та орын ала беруі тиіс. Өмір сарынындағы көп нәрсеге балалардың көзін жеткізуге болады. Халықтық педагогиканың осындай материалдарын пайдалану алған міндетіміздің бір қырына пайдалы болары даусыз.

Ұлттық тәрбиенің ауқымындағы аса маңызды да, өзіндік ерекшелігі бар мәселе-қыздар тәрбиесі. Бұл әрі ұлттық әрі жыныстық қасиеттердің біріккен өрісі болғандықтан жеке проблема тұрғысында қаралуы тиіс. Қыздар тәрбиесі ұлт пен қоғам келешегіндегі басты нәрсе. Бала санының өсуі мен оның тәрбиесі, отбасы ынтымағы, ұрпақтың өмір салтының бастауы қыздар тәрбиесі негізінде қаланатыны анық. Әр отбасының қыз баласына өзінше үлгісі бар оған мектептегі тәрбиені қосыңыз. Оның өз құпиясы мен сыры болады. Дегенмен, жантану мен әдеп туралы, бозбала, бойжеткен, отау тігу мен жар таңдау, қыз әдебі мен абыройы сияқты өнегелік ізі ұлт тәрбиесінің мамандары мен ғалымдарының назарын аудартуда. Қазіргі қыздарға мұсылмандық тәрбие бағытындағы қозғалған ұсыныстар: діндер әйел туралы, әйел ана болуға жаратылған, қызым үйде — қылығы түзде, неке туралы, әйел мінезі сүйекке біткен, сақ болсаң, сақтанарсың, зинақорлық (қызығушылық, нәпсі жолына түспеу, ләззәт қуу, тыныс мүшесінің эрозиясы, қазіргі экран мен кітаптардың өмірді аяқтасты етуі т.б.), есте ұстаған жөн, сыры терең тағлым деген сияқты мәселелерді қозғап отыр. Бұл тәрбиелік өріс ерекше дайындықты, біліктілікті игерген әйел ұстаздардың үлесінде болуы керек сияқты. Мұның өзіндік сыры мен қырын қыз балаларға осы жас ауқымында жеткізе білу олардың келешек міндеттерін мықты дінгекке орналастырады[105].

Адамзат бойындағы сана-сезімде **өнегелілік пен адамгершіліктің қабысуын** ажырату қиын мәселе. Себебі бұл күрделі қасиеттер адам ғұмырының саналы өрісін толық қамтиды. Дәстүрлі ұлттық нақыштар бүгінгі жаңа көріністер, белгілер, нышандар және дағдылармен тоғысып өзінше мазмұндармен байқалады. Оның оң мен терісін, дұрысы мен бұрысын таразылау қиын да, күрделі екендігін қазіргі жастар тәрбиесінің барысы дәлелдеуде. Дегенмен қанша қайталап айтсақ та, ескертсек те ұлттық тәрбие қасиеттері біздер зерттеп отырған бастауыш сынып балаларына орнықты болса, онда келешекке сенімді арқа тұтуге болады. Бұл процесс ата-аналар, мұғалімдер, білім беру саласының қызметкерлері үшін жауапты нысандар белгілеуі де осыған байланысты. Қарап отырсаңыз, аталған тәрбие өрісіне қатысы жоқ нәрсені табу қиын. Халық педагогикасының барлық арналары өз үлестерін ұлттық тәрбиеге бағыттап отыруы тиіс. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларына қанша күрделі әрі қиын болғанымен әдептілікке баулу, оның негіздерін үйретуге «Ата-ананы құрметтеу», «Ана тәрбиесі, әке тәрбиесі», «Тағылым отбасынан басталады», «Бата мен алғыс — халық қазынасы», «Ата мен әже сыйлау дәстүрі», «Текті білу тегін емес», «Әдеппен сөйлеп әдеттен», «Сіз» бен «сен», «Сөз басы — сәлем», «Өзіңе-өзің қызмет ет әдеппен», «Ойын және әдептілік», «Отбасындағы сыйласым», «Ойын-той сипаттары», «Қазақтың ұлттық тағамдары», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт», «Қонақ күту, қонаққа бару», «Өнердің абзалдығы,

қадір-құрметі және өнегелі болу», «Ұйқы мен демалыс туралы», «Әзіл-күлкі, шахмат, дойбы ойнау тәртібі», «Үміт пен сенім рәсімдері», «Бірлік — елдің салты», «Ерлік — ел мұраты», «Обал, сауап, ысырап, үнем және әдеп», «Ағайын, жекжат-жұрағатты сыйлау дәстүрлері» және т.б. тақырыптар сыныптан тыс жұмыстардың арқауы саналады. Бұл бағыттар өмірде кездесетін дос таңдау, жомарттық туралы, кәсіптік білім үйрену, аманатты сақтау, саятшылық-аң аулау, соғыс өнері, шешендік өнері сияқты қажетті қасиеттермен жалғасып кете барады. Халықтың педагогикалық мұрасында тәрбиенің, өнегелік тағылымдардың қамтымаған саласы жоқ. Мұнда өнерге аса көңіл бөлініп, қанатты сөздерге кең орын бөлінген. Ол үшін «Қабуснамадан» (XI ғасыр) үзінді келтірейік:

Ей, перзентім, егер ақын болғың келсе, ақылды бол. Сөзің тілге жеңіл, көңілге қонымды болсын. Түсінуге қиын қисынсыз сөздерді қолданудан сақтан, өзіңе түсінікті болғанмен, өзгелерге түсініксіз ауыр сөздерді пайдаланба.

Өлеңді өзің үшін емес, жалпы халық үшін жазуың керек. Бір сарындағы ұқсас бірегей буын өлшемдерінен құрастырылған мағынасыз мәдениеті төмен өлең жазу ісімен шұғылданба. Өлеңнің сыртқы түріне мазмұны сай келіп құлпырып тұрғаны жөн. Өлең жазуда мәдениетсіздіктен сақтанып, өлең жазу қағидаларын басшылыққа алғын.

Мәселен, ақындыққа қажетті тәсілдерге мына төмендегілерді жатқызуға болады: сөздегі үндестік, теңеу, пішіндеу, қайталау, дамыту, ұлғайту, теңдестіру, құбылту, астарлау, ажарлау, айшықтау, шендестіру, үзінділеу, асқақтату, жұптау, түйдектеу, баяулату, перделеу, қалыптау, кейіптеу, мегзеу, ырғақтау, бейнелеу, табу, бұрмалау, егіз ұйқас пен мадақтау сияқтылар.

Жалпы сөзім өрелі әрі әсерлі болсын десең, қыздырма қызыл сөзді қыстыра бермей, мүмкіндігінше жақсы теңеулер мен балама сөздерді барынша көп пайдалан.

Мақтау өлеңді жазғанда теңеуге терең мән бергенің жөн. Егер махаббат жырларын жазбақшы болсаң, тілге оралымды сөздерден құралған көркем теңеулерді көбірек пайдаланып, өрнекті ұйқастармен безендір. Салқын қанды, жағымсыз ұйқастардан бойыңды аулақ ұстап, өз жағдайыңа қарай көркем сөз, көңілге қонымды мысалдарды кеңінен қолдансаң, талабы биік талғампаз қарапайым халықтың көңіліне қонымды болып, өлеңіңнің өрісі кеңейеді.

... Әрбір адамның өзіне лайықты теңеу тапқын. Тегінде ақын мадақталатын кісінің ішкі табиғи жан дүниесін терең зерттеп оған қандай мақтау қажет екенін жақсы білуі шарт. Қалайда оның жан-дүниесін тебіренетіндей болсын. Сонда ғана оның сый-құрметінен үміттенгін. Әрдайым қымбатыңды құнсыздандырмай, қасиетінді жоғарғы дәрежеде ұстай білгін. Әжуа-мазақ етуге әдеттену жақсы емес. Өлеңдегі әсерлеу әдісін жақсы дегенмен, қалыптан асып кететін әсіре қызыл бояма сөзге бой ұрма.

Достарың мен жоғары мәртебелі ардақты азаматтарды дәріптеуді есіңнен шығарма. Лирикалық ғазал мен жоқтауды бір тәсіл, бір ізбен, әжуа сықақ пен мақтауды бір ізбен жазба. Егер сықақ пен өлеңді жазуды білмесең, керісінше мақтасаң, сықақ болып шығады. Жоқтау мен ғазалдарда осылай етуге болады.

Әр түрлі нәрсе жазғың келсе, өз ой-пікіріңмен жазғын. Біреудің жазғанын қайталама. Біреудің сөзін пайдаланғаннан, көңілің ашылмайды. Өлеңіңнің қадір-қасиеті артпай, алғашқы өлең жазған дәрежеңде қала бересің. Оған қоса мынадай «Өнерсіз жанмен дос болма, өйткені өнерсіз адам достыққа да, дұшпандыққа да жарамас», «Ащы болса да сөздің ақиқатын айт», «Егер қайғысыз болғың келсе, қызғаншақ болма», «Егер абыройдан айрылғың келмесе, жақсылық жасауды ұмытпа», «Егер сыртымнан жұрт күлмесін десең, қол астыңдағыларға рахымды бол», «Егер қадірлі болғың келсе, халықтың қадірін біл». Барлық ілімді жігіттік шағыңда оқып білгін. Өсиет, ақылды ойыңда сақта, ал қартайған соң ақыл, өсиет, үгіт-насихатты тыңдаудың қажеті аз. Өйткені көпті көрген қарттардың көп жағдайдан хабары болғандықтан, ондай үгіт-насихатты қажет етпейді [106].

Бұл өсиеттерде адалдық, жігер күші, әдептілік, жастық күштің ілім мен білімге бейімділігі айқын сезіледі. Сондықтан да болар ұлы Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп өкінуі де ұрпаққа орынды ескерту болып табылады. Осы көрсетілген өнеге, өсиет мазмұндары балаларға арналған үйірмелер, тақырыптық кештер, пікір таласы, түрлі кездесулер, тәрбие сағаттары барысында пайдаланыла береді. Оны өз тәжірибемізден өткен мектептегі тәрбие орталығы біріктірген ата-аналар комитеті, оқушылардың өзін-өзі басқаруы, қоғамдық ұйымдар, сабақтан тыс тәрбие, шығармашылық үйірме топтары, сынып жетекшілері жоспарларынан байқадық. Мұнда Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Мемлекеттік тілді білім мен ғылым жүйесінде дамыту орталығының 2005 жылғы жоспары, ғалым А. Сейдімбектің пікірлерінен туындаған ортасында адам тұрған «Ұлттық құндылықтар үлгілері (тән, тұрмыс, өркениет: отбасы, киіз үй, ұлттық тағам, киім, тарихи ескерткіштер) мен ұғымдар (жан, руханият, мәдениет, тіл, әдебиет, өнер, дәстүр, сөз, сән, саз) тәрбие жоспарларына негіз болды [107].

Жоспардағы әрбір тақырып сыныптарға бөлініп кейде жалпы іс-шаралар аясында ұйымдастырылды. Барлық адамға тән және ұлттық қасиеттер бірлігі ескерілді.

Тәрбие жүйесіндегі көңіл аударатын нәрсенің бірі — баланың алаңғасар жауапсыздығы мен ұқыпсыздығы. Бұл қасиет адам өмірінде оның қызмет бабында да келеңсіз жағдайларға ұшыратады. Осы туралы жеке тәжірибемнен байқалған бір оқиғаны келтірейін. Көршілес үйде тұратын бір Әсет деген 7-9 жасар баланың іс-қимылын, мінез-құлқын жағдай келгенінше бақылап жүрдім. Демалыс күні болатын, аулаға шықсам Әсет дөңгелек темірді (оны балалар «рубль» дейді) ызғытып ойнап жүр екен. Әлден уақытта есіне бір нәрсе түсіп кетіп (шөлдеген болуы керек) пәтеріне қарай тұра

ұмтылды. Кіре берістегі басқыштың жанына ойын құралдарын тастай сала үйге кіріп кетті. Кешікпей зулаған күйі қайта шықты да өзі тастаған дөңгелегін басып кетіп аяғын ауыртып алды да ойланбастан «мұны қай оңбаған осында тастаған» дегендей шетке лақтырып жіберіп ойыншығын қайтып алмастан жүгіріп кете барды. Сонда ол алғашқы ойынды немен бітірді және қандай мақсатты орындады деген менің ойымдағы сұрақ оның ұқыпсыздығын ғана қайталай берді.

Ұлттық тәрбиенің жүзеге асу құбылысында өте бір қиындық бар. Оның екпінділігі бәсең, ұрпақ үшін қабылдануы да қиын. Оның себептерін айта кету орынды сияқты. Қазіргі ұрпақ саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістердің жаңа қатынастары мен батыстық идеологияның ықпалы қарқындаған кезеңде өмір сүруде. Оларды тәрбиелейтін ұрпақтың өзі қарама-қайшылығы жеткілікті кешегі кеңестік дәуірдің өкілдері. Еліміздегі ұлттық ұстаным толық күшіне енген қабілетке ие болған жоқ. Тәрбие ұзақ уақытты қажет етеді.

Бұл айтылғандарға әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдағы өмір салтын, техника мен жаңа байланысқа арқа сүйеген қарым-қатынас пен дағдылар, сырттан келген теріс қылықтар және т.б. қосыңыз. Ұлттық тәрбие өздері басынан өткізбеген, көрмеген әлеуметте жүріп жатыр. Тізілген киіз үйлер, қора-қопсыдағы түліктер, айтыстар, дәстүрлік әдет-ғұрыптар мен салт-жоралғылар, жайлауда болу, үйде келін ұстау, немере тәрбиелеудің үлгілері, туыстық жағдайдағы бірнеше отбасының бірігіп өмір сүруі, аңшылық дәстүрлері көп қабатты үйлерде тек ауызекі жағдайда немесе теледидар арқылы көрініп жатқанына не айтамыз. Ауыл үйлеріндегі ошақ басындағы тіршілік, тіптен сүт пісіру, айран ұйыту, күбі пісу, май жасау, сыбаға сақтаудың өзі балаларды қаншалықты ұлттық сана-сезімге бөлейтіні анық нәрсе. Олай болса көзі көрмеген, өзі басынан өткізбеген нәрселерді ұлттық тәрбиеге өзек ету қиынның қиыны болып шығады. Былайша алғанда жаңа әлеуметке де бой ұсыну — заман талабы. Тілдің мүшкілдігін де оған қосыңыз. Міне осындай жағдайдағы ұлттық тәрбиенің өрісі өте жауаптылық пен ізденіс арнасында жүріп жатқаны белгілі.

Еліміздегі әлеуметтік-рухани өмір салты көп ұлтты сипатты қамтып отыр. Оқу жүйесіндегі мұғалімдер мен оқушылар да осы жағдайда қалыптасуда.

Осы аталған санаттағы оқушылардың қазақ тілін білу дәрежесін шамалау өте қиын. Бұл жерде олардың ұлттық тегі аралас жағдайда. Сондықтан жалпы оқу мен тәрбие барысы күрделене түседі. Мұндай ортақ қарым-қатынас мәселесі, рухани-психологиялық бірлік пен ынтымақ ауқымы, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуы күрдегі құбылыс екендігі айқын мәселе. Олардың сана-сезіміне қатысты ұлтаралық сыйластық, жалпықазақстандық патриотизм, ортақ Отанымызға берілгендік және т.б. қалыптасуына ерекше мән беріп аса педагогикалық шеберлік пен жауапкершілік аясындағы ұстаздық қызметі ғана анық ықпал көрсетеді. Түрлі ұлт балалары қосылған сыныптарда еліміздің қазіргі жағдайы мен

қоғамның этникалық құрылымының сипаты, мазмұны және саяси-экономикалық мақсаты мемлекеттік рухани-психологиялық талаптармен бірлесе жүруінің қажеттігімен анықталады. Бұл — басты қағида әрі міндет. Оқушылардың ұлттық және интернационалистік сана-сезімін, адамгершілік дағдыларын, білімін және т.б. ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің қасиеттерін қалыптастыру ел бірлігінің бастауын кеңейтеді. Сайып келгенде ұстаздар қауымы үшін осындай түрлі ұлт балалары бір оқитын мектептерде ерекше іс-шаралық тәрбие өнегесін жүргізуі көкейтесті әрі жауапты игілікті міндеттер. Соның нәтижесінде ғана мектеп еліміздегі ұлттар достығы мен туыстығының ошағына айналады [108, 76-78]. Дегенмен бұл мәселе жеке зерттелуге арналған тақырып.

Ұлттық сана-сезім, ар-ұят, ел мен жерді сүю ұлттық мақтаныш қасиеттеріне қатысты тәрбиенің бір саласы-**экологиялық тәрбие**. Бұл мәселе тарихи-дәстүрлік пен жаңа заманның түйіскен дәуірінің ғылымдық, білімдік және тәрбиелік салауатына тікелей байланысты шешімін табатын міндет. Анығына жүгінсек бүгінгі таңда экологиялық дағдарыстың тереңдеуі, оның ішінде табиғи ортаға тигізетін адамның іс-әрекетінің шексіз өсуі және зардаптары айқын көрінуде. Оған себеп табиғи ортаға деген саналы көзқарастың, ізгілікті қарым-қатынастың жетіспеушілігі, мәдениеттің төменділігі.

Қоғамның дамуы табиғатпен тығыз байланысты, ғылыми-техникалық прогрестің даму барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылығы арта түсуде. Осы қарама-қайшылық негізде табиғаттың тепе-теңдігі бұзылып, табиғи жүйенің өзін-өзі реттеп отыру ырқынан шығып кетті. Демек, адам баласы өмір сүріп отырған қоршаған ортаны бүкіл ғалам бойынша өзгеріске ұшырату қауіпі төнді.

Сондықтан да, қазіргі кезде адам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтарды шешіп, жол табу және жастарға экологиялық тәрбие беру педагогика мен мектептің басты борышына айналуға. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру жалпы білім берудің бір тармағы ретінде оқушыны жан-жақты дамытуға, оның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге бағыттайды.

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиетін дамытып, оларды парасаттылыққа тәрбиелеуге экологиялық тұрғыдан келудің де маңызы зор. Балалардың мейрімділік, қайырымдылық, аяушылық, мүсіркеушілік және басқа гуманистік ерекшеліктерін дамыту бағытында табиғатпен сырласу жеткіліксіз болса, олар парасаттылық тәрбие алуда белгілі бір мөлшерде қысым көру мен шектеушілікке душар болады [109, 28-30].

Осыдан барып экологиялық мәдениет төмен болып қалыптасады. Оған тиісті көмекке үйірме жұмыстары араласады. Ондағы үйірме бағдарламасында өткен параграфта айтылған экологиялық білім мазмұнының ғылыми-танымдық, құндылық, нормативтік, тәжірибелік қызметтік тұстары көрініс табуы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының қоршаған ортаға деген

қызығушылығын дамытып, әлемнің ғылыми бейнесі жайлы түсініктерін қалыптастыратын ғылыми-танымдық қыры пәннің қасиеті мен құбылысын, көптүрлілігін, олардың арасындағы байланыстарды ашып көрсететін материал негізінде ұсынылуы мүмкін. Басты мәселе — экологиялық білім мен қоршаған орта байланысы.

Бастауыш сынып оқушыларын қоршаған орта жағдайы адам денсаулығы жағдайына тәуелді деген шешімге келтіру қажет, сондықтан да олар қоршаған ортаның әсемдік, экологиялық тазалық сапаларын қорғау — яғни адам денсаулығына, оның қалыпты қызметіне қамқор болуы керектігін сезіну керек. Оқытудың бастапқы кезеңінде балаларды адам еңбегімен жасалған заттар, еңбектің табиғи ортаны түрлендірудегі орнын көсетуге болатын тұрғылықты орындармен таныстыру мүмкіндігі туады. Осының негізінде адамның табиғи және әлеуметтік ортамен қатынасын үйлестіру жолдарын көрсетуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының өндірістік және ауылшаруашылық өндірістерін жеткілікті түрде терең білмейтініне, қоршаған ортаны физикалық және химиялық ластау туралы толық көлемде анықтай алмайтынына қарамастан, осындай білімдерді жекелеп бекіту экологиялық тәрбие бойынша **үйірме жұмыстарының** сабақтарында орын алуы қажет. Мысалы, ауылдағы жолдар және көліктермен таныстыру кезінде жолдардың өсімдік пен жануарлар мекендейтін жерлерді кемітетінін, ал көліктер адам денсаулығына кері әсерін тигізетінін айтуға мүмкіндік туады, тағамдарды оқыту кезінде адам әрекетінің су тазалығына ықпалы және оны қорғау шараларын айтып өткен абзал.

Балалар өмір сүретін ауылдағы судың, ауаның ластануының дәлелдері олардың көңілінде қауіп-қатер ұялатып, тірі ағза, соның ішінде адам үшін маңызды әсемдік қасиеттерді сақтап қалуға ұмтылдырады. Осылайша, экологиялық үйірме бағдарламасының мазмұнында бірнеше мазмұндық сызықтар сақталуы тиіс:

- адам — табиғи ағза және қоғам мүшесі;
- адамның табиғи және әлеуметтік мәдени ортасының көптүрлілігі;
- тірі ағзалардың қоршаған ортамен экологиялық өзара әрекеті;
- қоршаған ортадағы адам еңбегі мен жүріс-тұрысы.

Үйірме жұмысы сан түрлі жұмыс формалары мен әдістерін мол қолдану мүмкіндігіне ие. Олардың ішінде маңызды құралдардың бірі — ойын. Ойын барысында оқушының шынайы экологиялық жағдайларға деген психологиялық дайындығы артады, мамандығы мен қызметіне қатысты түрлі рөл атқарушы адамдардың табиғатқа деген қатынасын түсінуге үйренеді, құрдастарымен бірге қатынасу тәсілдерін меңгереді.

Бастауыш сынып оқушылары қорғалатын жануарлар, өсімдіктер немесе саңырауқұлақтар «рөлін» ынтамен орындайды және соның барысында әрбір түр оқушы тілімен табиғаттағы оның маңыздылығы, адам өміріндегі мәні туралы әңгімелейді және оны сақтау қажеттілігін негіздейді.

Экологиялық үйірмедегі сыныптан тыс жұмыстың сантүрлілігі бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу үрдісін байыта отырып, бірін-бірі өзара толықтырып отырады. Бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық мәдениеттілігінің деңгейін анықтау үшін біз айқындаушы байқау жұмысын жүргіздік.

Балаларға сауалнама сұрақтары қойылды. Бұл жердегі сауалнама әдісі интервью әдісімен үйлестіріле қолданылады.

Сауалнама:

1. Табиғат дегеніміз не?
2. Адамға табиғат не береді?
3. Біздің тұрғылықты жеріміздегі қорғалатын өсімдіктерді атаңыз.
4. Біздің еліміздің Қызыл кітабына қандай жануарлар енгізілген?
5. Көктемде қандай жәндіктер бірінші көрінеді?
6. «Фотоаңшылық» деген ме?
7. Дәрілік өсімдіктерді атаңыз.
8. Сіздің тұрғылықты жеріңіздегі қоршаған орта жағдайын қалай бағалайсыз?
9. Адам табиғатты қалайша бұзады?
10. Табиғатты қорғау үшін балалар не істей алады?

«Табиғат дегеніміз не?» деген сұраққа 2 сынып оқушыларының берген жауаптары. Көпшілігі жауап береді, кейбіреуі құсты, дәріні, киімді атайды. Алайда, ешқайсысы жылуды, таза ауаны атамаған. Біздің тұрғылықты жеріміздегі қорғалатын өсімдіктерді атаңыз деген сұраққа берген жауаптары: оқушылар өз тұрғылықты жеріндегі қорғалатын өсімдіктер жайлы толық хабардар еместігін көрсетеді. Оқушы жауаптарының арасындағы дұрыс еместерінің саны көп екенін атау керек. Оқушылардың 60% қойылған сұраққа жауап бере алмаған.

Көктемде қандай жәндіктер бірінші көрінеді? Оқушылар бұл сұраққа жауап бере алмайды.

Біздің еліміздің Қызыл кітабына қандай жануарлар енгізілген? деген сұраққа оқушылардың көбі білмейді.

«Фотоаңшылық» деген не? Оқушылар фотоаңшылық бар екенін білмейді. Одан әрі оқушылардың басым көпшілігі өздерін қоршаған ортаның жағдайын қанағаттанарлық деп бағалаған. Үйірме жұмысын толық талдау экологиялық білім мен мәдениетінің төмендігін көрсетті [110, 139-142].

Мәселенің айрықша жауаптылығына сәйкес «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы негізінде 1999 жылы 4-қаңтарда «Экологиялық білім бағдарламасы» қабылданды. Қамтылған мүдде-мақсаттар экологиялық мәдениетті оқып білу, табиғатқа қамқорлық, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру проблемаларына тиісті бағдар нұсқаған болатын. Оның мемлекеттік, тіптен жалпы адамзаттың көксеп отырған арманы екендігін ұғыну керек. Оқу мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына табиғатты аялау, туған өлке ажары, пәк-табиғат жүректің ән-жыры, Қазақстан — атамекен киелім, Арал тағдыры, Табиғат — наурыз ажары,

табиғат пен ұлттық ұғымдар, ұлттық экологиялық қағидалар, қорықтар және т.б. тақырыптарға да әдістемелік құралдар барын да айта кетелік [111].

Ұлттық тәрбиенің өрнектері өте көп соған байланысты да іскерлік ойындар, түрлі салт-дәстүр, ізгілік және отбасы дәстүрі, әннің тәрбиелік мәні, шешендік өнер, азаматтық пен елжандылық және т.б. көптеген тақырыптар талдау аясынан кеңірек көлемді талап ететіндіктен тек қысқа аталып көрсетілді. Тақырыптың ауқымына байланысты тәрбие жұмыстары кешеніне ата-аналар мен ұстаздарға, тәрбиешілер мен үйірме жетекшілеріне, оқушылар мен студенттерге арналған профессор Ә. Табылдиевтің «Тағылым» (1995 ж.), 1-4 сыныптарға арналған «Әдеп әліппесі» (1997 ж.) атты оқу-тәрбие құралдары ұлттық тәрбиеге өзек болар дүниелер екендігін қайталап ескертсек артық болмас.

Сонымен ұлттық тәрбиені қалыптастыру тұрғысында бірқатар сыныптан тыс іс-шараларды қарастырдық. Бұл талдауымыз пен пікіріміз оқу жүйесінің, оны толықтыратын тәрбиемен жалғасатын мәселелер. Оның кейбір салалық жоспар үлгілері, балалар қабілеттерінің түрлері, ұлттық тәрбие жүйесінің мақсаттары мен негізгі құндылықтары, мақсаттық бағыт пен тәрбиені ұйымдастырудың құрылымдық принциптері оның белгілері мен көрсеткіштері, тәрбиенің түрлері мен мәні, әдіс-тәсілдерінің мәні, кестелік қосымша болып тіркелуі тиіс. Оқыту мен тәрбие сабақтарының кейбір үлгілері де қосымша ретінде толықтырылуы жөн. Ол үлгілер өзіміз қарастырған теориялық-әдістемелік материалдарды, өзіміз өткізген және кейбір мектептердің тәжірибелерін жинақтаған ой-пікірлеріміздің топтамалары. Әрбір пәннің барлық сабақтарына үлгі жасау мүмкін еместігін әрі оның барлығы мұғалімнің жеке қабілеті, тапқырлығы, білімі, тәжірибесі арқылы болатынын ескеріп отыру тиімді болмақ.

2.3 Ұлттық тәрбие — отансүйгіштік пен отанжандылықтың көзі

Өткен тарауларымызда ұлттық тәрбиеге қатысты оған ықпал ететін фактілер, педагогикалық шарттары, өзара ықпалдас қасиеттер тұрғысында айттық. Ізденіс барысында ұлттық тәрбие жүйесіндегі барлық нышандар, көріністер отансүйгіштік пен отанжандылықтың нығайып елі мен жері, ұлтының ғасырлар тарихы қалыптастырған тілі мен мәдениетіне, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптық құндылықтарына жанашыр азамат өсіруге көмегі айшықтанды. Рухани-психологиялық адамгершілік, өнегелілік, әдептілік, тарихы мен мәдениетін сыйлау және т.б. қасиеттер отансүйгіштік пен отанжандылық сезімі, әрекеті арқылы байқалып өмірлік көрініс табады. Соған байланысты бұл мәселенің талдануын соңғы бекетке орналастыруымыздың мәні осында.

Біздің пікірімізше, ұлттық тәрбиенің барлық тарамдарының тоғысатын өзегі, қорытынды игілігі отансүйгіштік пен отанжандылық әрекеттерінің орнықтылығынан көрінеді.

Қозғап отырған мәселеміз философия, педагогика, психология, құқықтану, мәдениеттану, саясаттану мен әлеуметтану ғылымдарының айналысатын ортақ проблемасы. Бұл қасиеттер сана-сезім, әдет пен дағды өрісінде болғанымен саяси идеологиялық және дәстүрлік жұмыстармен де байланысты қалыптасып дамиды.

Елбасы Н. Назарбаев қазақстандық патриотизм идеясын көптен бері алға тартып келеді. «Қазақстан-2030» Жолдауында бұл идея ұлттық қауіпсіздік стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде көрсетіліп еліміздің барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамыту мәселесі дараланып көрсетілген.

Елдің қауіпсіздігіне қазақстандық патриотизм идеясының қандай қатысы бар деген сауалдың тууы мүмкін. Иә, бұл жайдан-жай емес. Елдің елдігі, оның тұтастығы, тәуелсіздігі, қауіпсіздігі, мемлекеттік дербестігі халықтардың отаншылдық сезімінің, патриотизмнің деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан Елбасы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды стратегиялық міндеттер дәрежесінде арнайы қосып отыр.

Отаншылдық идеясы өмірге бүгін келіп отырған жоқ. Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін, табиғатын сүйген, ұнатқан. Соларға деген айрықша сезімді бойына сіңірген. Кейін отаншылдық сезімі біртіндеп, саяси мән-мазмұн ала түскен. Патриотизм гректің *patris* — отан, ел — деген сөзінен шыққан. Кейінірек бұл термин Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілікті білдіретін жиынтық ұғымға ұласқан.

Отаншылдық идеясы адам баласының баршасына дерлік тән сезім дейтін болсақ, ал қазақстандық патриотизм нендей ерекшеліктермен сипатталады, ол несімен дараланады деген сауал туады. Осыған жауап іздеп көрелік.

Патриотизм — тарихи, әлеуметтік ұғым. Ол адамның бойындағы туа біткен сезім емес. Патриотизм дегеніміз — өз Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік, өз отанының мүддесі үшін кез-келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық. Патриоттық сезім гена арқылы мұраға берілмейді, нақтылы-тарихи ортада ұзақ уақыттар бойына қалыптасады. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар-көзі Отан болып табылады.

Туған жер, табиғат оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар — жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, патриотизм қасиетті ұғым.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние.

Оқу мен тәрбие барысында мынадай методологиялық қағида есте болуы тиіс. Өмірге келген адамда бірден отаншылдық сезімі туа қалмайды. Оның өзіндік қалыптасуы, оянуы, біртіндеп күшеюі, саналы әрекетке айналуы белгілі объективті шарттылықтарды қажет етеді.

Патриотизм, отаншылдық сезімі долбар, жорамал сезім емес, ананың құрсағынан дамитын биологиялық та қасиет емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс. Сондықтан да отаншылдық сезімді әркімге күштеп таңа алмайды, елін-жерін, Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір-қасиетін ұққанда тарихын, өткен жолын, қиындық-мехнаттарын, рухын тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде, елдің басын біріктірген жат жұрттықтардан жерін, суын, даласын, тауын қанын төгіп қайсарлықпен қорғап қалған ерліктерін сезіп білгенде ғана соған деген мақтаныш сезімі оянады, адам бүгінгі өзі басып жүрген топырағының, суының қадір-қасиетін жете сезініп, өз еліне деген мақтаныш сезімі күшейе бастайды.

Отан сүю сезімі градуспен (термометрмен) өлшенбейді, процентпен, сандық өлшеммен анықталмайды. Оған бұл өлшемдер жүрмейді. Оның өз өлшемі бар. Ол мынау: әр адам өз Отанының күш-қуатын, экономикалық, мәдени, рухани, ғылыми, қорғаныстық қабілетін арттыру үшін нақты үлес қосса, оның әлем алдындағы айбары мен даңқы арту жолында адал қызмет етсе, өз Отанын қайда жүрсе де мақтан етіп, соның ұнамды бет-бейнесі үшін, соның атақ-даңқы үшін жүрек қалауымен қызмет етсе, сол нағыз патриот болып саналады.

Ешкім ырықсыз, өз еркінен тыс, біреудің айтуымен, президенттің не корольдің жарлығымен немесе үндеумен патриот болмайды. Мінбеге шығып, ділмәрсіп, Отанды жанымдай сүйемін, ол үшін қасық қаным қалғанша күресуге даярмын деп ант-су ішіп, кеудесін қаққанмен ондай адамдар патриот болып жарытпайды. Кейбір ұлтжанды азаматтар өз халқының рухына дем беріп, қысылтаяң осы бір кезде оған демеу болудың орнына қара аспанды суалтып, аузын қу шөппен сүртіп, онсыз да күйі кетіп, қалжырып отырған елдің еңсесін одан сайын түсіріп, мойына су кетіріп біржола үмітсіздікке душар етеді. Жұбату, дем берудің орнына салын суға жіберіп, шарасыздыққа душар етеді, жігерін жасытып, бұл өмірден түңілтеді. Халықтың мұң-шерін, мақсат-мұратын, арман-қайғысын жоқтаған болып, бүкіл халық атынан сөйлейді. Еліміздің Негізгі заңы бойынша халық атынан сөйлеу тек Президент пен Парламенттің ғана мархабатына жатады.

Салауатты демократиялық қоғамда жеке өз атынан сөйлеу мен халық атынан сөйлеудің арасы жер мен көктей, олар онда өзара дараланған.

Осы жерде еліне, халқына қызмет мәселесі туады. Әнші, ақын, мұғалім, ғалым, кәсіпкер т.б. бәрі де қоғам мүшелері, өз еңбегін, өз қабілетін іске қосып, соған сай еңбекақы алады. Ашығына келсек, олар ең алдымен өзіне, үй ішіне қызмет етеді. Ал, халыққа қызмет ету бұдан күрделірек, ауқымды, терең, кеңірек ұғым.

Халыққа қызмет ету адамның өзі өмір сүрген уақыт өлшемінен артып жығылып, ұрпақтан ұрпаққа кететін игіліктер жасаумен, жаңалықтар ашумен, рухани немесе материалдық құндылықтар туғызумен өлшенеді. Халыққа қызмет ету ұғымы жеке басының мүддесінен тыс, оның шеңберінен

шығып кететін ауқымды, бір ұрпақ өмірінен асып жығылатын құндылық жасаумен байланысты ұғым.

Батыстың демократиялық елдерінде жеке фермер немесе кәсіпкер халқына қызмет етіп жүрмін деп мақтанбай, өзіне, жеке отбасындық мүддеге — қызмет етіп жүргенін айдан-анық түсінетіні, ондағы ақын-жазушылар да, артист-суретшілер де, ғалым-сазгерлер де өз кәсібін халық үшін емес, ең алдымен өз басы үшін, өзін-өзі таныту, еңбегінің қымбат бағаланып, оған жоғары төлем алуы үшін тер төгетінін іштей жақсы түсінеді, бұдан ешқандай кұпия жасамайды. Міне, осындай ой-пікірлердің ретімен де балалардың болашақ мамандық қасиеттерінің әлеуметтік мән-мағынасына да жөн сілтеп ұғындаруға болады.

Әркімнің туған топырағы аясында өсіп-жетілген елі, елін қорғаған ері бар. Бұл баға жетпес байлығы, тіршілігіміздің қайнар бұлағы, жан-тәніміздің азығы.

Еліміз егемендік алғаннан соң «Қазақстандық патриотизм» деген ұғым дүниеге келді. Бұл «Советтік патриотизм» сөз тіркесінің орнына қолданыла салған ұғым емес. Жаңа сипатты, басқа мазмұнды, соны ұғым. Себебі Қазақстан қазақтан басқа осында тұратын барлық ұлт-өкілдерінің туып-өскен, кіндік кескен қасиетті Отаны. Президентіміз «Қазақстандық патриотизм» қағидасын жариялағанда осы барлық ұлт өкілдерін бірлікке, отандастық сезімге, ауызбірлікке шақырғаны анық. Осы орайда тағы да педагогикалық тұрғыдан тұрақты ескерілуге тиісті тұжырымдаманы ұғынуды жөн көрдік.

«Қазақстандық патриотизмнің» құрамды бөлігі ұлттық патриотизм деп есептейміз. Ұлттық патриотизмнің өзегі — ұлтшылдық немесе ұлтжандылық. Ұлтжандылық өз ұлтына деген терең сүйіспеншіліктің көрінісі. Біздің ұлтшылдығымыз ұлтымыздың қазіргі жағдайдан шығып, ең қысқа жолмен заманды өркениеттің алдыңғы шебіне жетілуін қамтамасыз ету сезімінен қуат алады. Біздің ұлтшылдығымыз басқа ұлттарға өшпенділік, жек көрушілік, дұшпандық сезімдерінен аулақ.

Ұлттық патриотизм, яки ұлтжандылықты тәрбиелеу, оны қалыптастыру біздің егеменді мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің, көсегесі көркеюінің басты шарты, себебі ұлттық мемлекетпіз, оның халқының көпшілігі өз ұлтымыз.

Ұлт теориясында ұлттық мақтаныш, ұлттық психология, ұлттық намыс, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сана сияқты категориялар бар. Бұлар әрбір ұлт өкілдеріне тән қасиеттер ұлттық патриотизмді, ұлтжандылықты қалыптастыру осы аталған табиғи қасиеттерді қоғамдық әлеуметтік мұраттармен ұштастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл әрқилы сатылары, құрамдас бөліктері бар өте күрделі процесс.

Біздің қазақ тәрбиені алдымен бесіктен бастаған. Бұл жерде ұлы Мұханның «бесігінді түзе» дегені еске түседі. Фольклорды терең білетін жазушы «Бесік жырындағы» әлди-әлдидің тәрбиелік мәнін еске мықтап ұстауды ескертеді. «Әлди, әлди ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем, қонақ келсе, қой, бөпем, қой тоқтысын сой, бөпем...», «Қолымыздан іс алып, мойныңа

күш алып, бізді бағар ма екенсің?! Батыр, ұстаз, палуан, ғалым болар ма екенсің, құрығыңды майырып, түнде жылқы қайырып, жаудан жылқы айырып, жігіт болар ма екенсің» сияқты тілек-өсиеттер талай ұрпақтың санасында өшпестей жатталып қалды да, жас өскіннің бойына сіңе берді. Жас буынның құлақтарына құя берген ересектер, өйт-бүйт демек-ақ, жас нәрестеге ұлттық тәрбиені осылайша бастаған. Яғни, ұлттық сана ұлттың өзін-өзі терең түсінуі және түйсінуі. Олай болса қазіргі әлеуметтік жағдайда бұл мәселелердің қалай жүзеге асатыны күрделі де қиын екендігі даусыз.

Терең сезімге арқа сүйейтін ұлттық сана ғана — ұлттық рухани күштің шырқар шыңы, ұлттық сананың кәусар бұлағы — тіл. Тілін жоғалтқан ұлт — өлген ұлт. Тіл қашанда ұлттың негізі, түп тамыры болған. Сондықтан да қазақ «Өнер алды қызыл тіл», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», деген. Мұның өзі ұлттық қасиеттер сәбиге ана сүтімен қоса сүйекке сіңген ұлттық үн, әрбір сөз ана тілі арқылы даритынын білдіреді.

Өмірлік салтымызды басқа тілдермен өлшеп бағаламай, ана тіліміз арқылы сезіну тұжырымы қалыптасуы керек. Бұл — ұлттық патриотизмнің басты белгілерінің бірі. Сайып келгенде бұл ұлттық қажеттілік те балалардың санасына ертерек орнықса оның тиімділік көріністері іс-әрекеттік тұрақты қасиетке ие болады.

Үлкен болсын, кіші болсын патриоттық сезімнің қалыптасуының алғышарттары пісіп-жетілуі керектігін атадық. Бұл теориялық-методологиялық пайымдар мен педагогикалық әдістерді жүйелі қолдануды мұғалімдерден қажет етеді.

Нарықтық қатынастарға байланысты жаңа дүниетаным қалыптастыру алға қойылған міндет екені белгілі. Адамның ой-санасы да бірден өзгере қоймайды, жаңа заманға тездетіп бейімделу де жылдам өтпейді. Осының өзі бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуды қалайды. Алғышарттардың пісіп-жетілуімен сабақтаса адамдардың сана-сезімі артып, жаңа құндылықтарды, оның ішінде отаншылдық сезімді бойына молырақ сіңіретін болады. Сол алғышарттардың бірі ретінде Елбасы Қазақстанды мекендеген халықтардың тіліне, дініне, діліне, аз-көптігіне қарамастан тең құқықтығын, іс жүзіндегі теңдігін жария етіп, ешкімге де артықшылық жасалмайтынын атап көрсетті. Қазақстан халықтарының ұлтына, жынысына, тегіне, дініне қарамастан Заң алдындағы теңдігі, бірдей құқықтығы қоғамдағы саяси тұрақтылық пен бірлікті қамтамасыз етудің шарты ғана емес, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың бірден-бір іргелі алғышарты болып табылады. Бұл Қазақстанды барша жұртшылықтың сүюіне жетелейтін бірінші саяси фактор, конституциялық негіз.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың екінші арнасы — экономикалық негіз. Жұмыссыздық пен кедейлік — елдің бірінші жауы. Сырттан жау алмайды. Негізгі ішкі жау — жұмыссыздық пен кедейлік, күйсіздік. Бұл екеуі тұрғанда ешқандай патриотизмге жол жоқ, ешқандай отаншылдық сезімі қалыптаспайды. Бұл екеуінен құтылмайынша,

қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жөніндегі шаралардың бәрі құрғақ сөз, жалған декларация, бос даурықпа, жадағай ұран күйінде қалмақ. Барлық іс құмға сіңген сумен тең болады. Сондықтан да Елбасы ұзақ мерзімді басым мақсаттардың бірі ретінде — экономиканың өсіп-өркендеуін алға қойды.

Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғышарты — халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру осы мемлекет пен халық арасындағы кәміл сенімді орнықтыруға тікелей байланысты.

Адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын, өзектестігін бұқаралық сана толық түсінген жағдайда қоғамның патриоттық сезімі арта түсетін болады.

Қазақстандық патриотизм идеясын орнықтыру еліміздің бірыңғай азаматтығын қалыптастырумен тығыз байланыста жүргізілуде. Мәселен, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасу стратегиясы мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды қалыптастыруды, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз етуді, қоғамымыздағы дәулеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықтарды азайтуды, ауыл проблемасына баса ден қоюды, әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды орнықтыруды талап ететіні сөзсіз. Бұл шараларды сындарлы негізде іске асыру азаматтардың отаншылдық сезімін күшейтуге оңды ықпал ететін болады. Осы орайда қазақ ұлтына тән отансүйгіштік пен отанжандылық сезімдерінің табиғатына байланысты тарихи-дәстүрлік мәселеге қысқаша пікір білдірелік.

Ұлттық патриотизмнің, ұлтжандылықтың маңызды сипаты — шынайы имандылық. Халқымыздың тарихында орын алған ауытқушылықтың басты себебі — осы имандылықтың әлсіреуі. Имандылық ұлттық ізгі қасиеттер жиынтығы.

Мұсылмандардың имандылығы ислам дінінен нәр алады. Ислам діні дүниеге келген соң оның парасаттылығын бірте-бірте түсінген адам өзінің барлық ойын, іс-қимылын осы діннің талаптарына сай құра бастады. Алла атынан жіберілген өсиетті қалтқысыз қабылдап, ислам дінінің шынайылығына сенген адамдардың рухани дүниесінде аз уақыттың ішінде тамаша бір төңкеріс болды. Бұл адамның жан дүниесіндегі жай ғана серпіліс емес еді. Бұл шын ниетпен, жүрек әмірімен рахат пен игілік үшін қиындықтарды басынан кешірген, құрбандыққа басын төсеген, керек десе жанын пидә қылған күрес еді. Сондықтан да исламға берік сеніп, бір аллаға тағзым ету ықыласы, зор ілтипат көптеген жұрттың жан-дүниесін билеп алды. Ислам діні халықтың дүниеге көзқарасында, ұлттық санасында, психологиясында, тұрмыс салты мен әдет ғұрпында өзінің өшпес ізін қалдырды.

Күллі ислам әлеміне 14 ғасыр бойы тәңір үкімін уағыздап келе жатқан теңдесі жоқ мәдени мұра, құдай сөзі — Құран, осынау қасиетті қазынаны қазақ енді өзінің ана тілінде оқитын болуы зор қуанышты оқиға!

Қазіргі уақытта қарап тұрсақ, айналада адам жанын жаралайтын қатыгездіктің, жан түршігерлік оқиғалардың куәсі боласың. Имандылыққа, адамгершілікке шөліркеген тұста адами тіршіліктің Алла атымен айтылған қағидаларына, қиянат атаулыға қияметпен тосқауыл қоюға діннің аса қажеттігін түсініп келеміз.

Ислам діні иманды үйретеді, имандылыққа шақырады. Ол Құранға сеніп, онда айтылған талаптарды екі етпеушілерді — иманды, ал оны кері итеріп, сенбеушілерді — имансыз деп біледі. Қарап отырсақ, міне, барлығы сенімнен басталады екен. Сенім адамды алға жетелейтін, әрекет-қимылға бағыттайтын, бойға күш-жігер құйып, рухтандыратын зор қуат, киелі кепілдік.

Келешектің тұтқасы жас ұрпақтың бойына ұлттық игі қасиеттерді қалыптастыру, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, әділдікке, мейірімділікке тәрбиелеудің басты құралы дінімізді ардақтап, оның мәртебесін арттыра түсу.

Ұлттық патриотизм туралы сөз қозғағанда әңгімені ұлттық мақтаныш сезімі, ұлттық мұрат, ұлттық намыс сияқты ізгі қасиеттер төңірегіндегі мәселелерді ой елегінен өткізген жөн.

Патриоттық тәрбие әдебиет, тарих, география және т.б. пәндердің қосылып қалыптастыратын қасиеттері болып шықты. Сонымен мектепке келген баланың отбасында бойына сіңірген мейірімділік, сүйіспеншілік, бауырмалдық секілді қасиеттерін одан әрі шындап, соның негізінде патриоттық сезімді оята білу үшін әрбір мұғалім жүйе бойынша белгіленген нақты іс-шараларды аса шеберлікпен үйлестіріп жүргізуі тиіс.

«Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды» деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін орындау;

- жер байлығы мен табиғатты қастерлеу. Осы көрсетілгендерге орай жалпы оқу мен тәрбие жүйесі еліміздің тарихи-әлеуметтік, саяси, мәдени-рухани тіршілігінен туындайды. Сондықтан «өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу қашан да толастамаған. Сонау төңкеріс жылдарынан бастау алатын «советтік патриотизм» Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткізді. Одан кейінгі жылдары патриотизмге баулу, жан-жақты, үйлесімді дамыған адам, тұлға тәрбиелеу, коммунистік мораль қалыптастыру аясында жүргізілді. Отаншылдыққа, туған жерін қорғауға баулу мектептің тәрбиелік жұмыстарының аса маңызды бөлігін құрайтындықтан, өмірде болып жатқан бетбұрыстар, қоғамдағы көзқарастар, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер-еліміздің тарихына, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүріне құрметпен қараумен қатар, оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға жол ашып отыр. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің

қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді [112, 30-31].

Қарап отырсақ басты мәселе — сенімге иек артуымыз керек екен. Ол ұлт рухының болмысы болып шығады. Осы негізде ғана ұрпақтың ой-санасына, көзқарасына, ерік пен жігеріне саналы мінез-құлық топтасады. Ал, қазіргі кезеңге сәйкес айтсақ, яғни дәуір талабы өзіне тиісті ерекшелік қызметті алға қояды. Біздің пікірімізше оның қатарында мыналарды атаймыз:

1) қоғам әлеуметіне жаңа нарықтық қатынастар келіп оның рухани-тәрбиелік талаптары өзгерді;

2) егемендік саясат ұлттық тынысқа гуманистік идеяларды сәйкестендіруді оған оқу-ағарту жүйесіне жаңғыртулар мен реформалық қадам жасауда;

3) демократиялық саясат, пікір бостандығы, идеологиялық және саяси әр-алуандылық оқу жүйесі мен тәрбиедегі сана-сезімнің, дүниеге көзқарастың, парасаттылық пен өнегелілік қасиеттеріне жанаша мазмұн қосады;

4) нарықтық қатынастарға лайықты жаңа әлеуметтік-экономикалық психологияның қалыптасуы оның мемлекеттік сәйкестілікпен астасуы да қажетті міндет болып табылады.

Отанын сүю мен оны қадірлеу қарап отырсақ ұлтжандылықтың өзегі іспетті болып шығады [113, 241-244]. Олай болса мұндағы ұлттың мұраты (идеялы) халық бірлігі, мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік дербестік, өркениеттілік болып шығады. Міне осы мақсаттарымыз біріге, топтаса отыра қазақ ұлтының келбетіне мынадай қасиетті қажеттіліктерді тірек етеді: ұлттық тарих, ұлттық тұтастану, ұлттық мүдде, ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық сезім, ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр, ұлттық қасиет, ұлттық құндылық, ұлттық жады және т.б. Бұл қасиеттер қазақстандық патриотизмнің негізгі тіректері болып табылады. Аталғандардың әрқайсысы өзінше құрылымды біріктіреді, белгілі бір әлеуметтік фактор бәріне тиісті болып келеді, өзара шарттас әрі ықпалды жағдайда болады. Осының бәрі аталған қасиеттердің күрделі табиғатын баяндайды. Соған байланысты бір адамның рухани-психологиялық келбеті жағымды, жағымсыз, оң және теріс мінез-құлықты біріктіреді. Оның қалыптасуындағы қарама-қайшылық қасиеттер мен көріністердің орын табуы да өмір диалектикасы. Сондықтан да отансүйгіштік пен отанжандылық жалпы оқу мен тәрбие процестерінен бөлек емес, солардың құрамында отбасы, балалар бақшасы, бастауыш пен жоғары сыныптарда, ересектер өмірінде де жүйелі жалғасуға тиісті. Бұл ағымды мамандар мен ғалымдар қолдап тәрбиенің кешенді құрылымын жетілдіруді жүзеге асыруды былайша анықтауда:

Мақсаты: Дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, егеменді еліміздің ертеңін нұрлы етер барыс текті намысты ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие бағыттары: 1. Адамгершілік тәрбиесі; 2. Азаматтық (құқықтық, патриоттық); 3. Ақыл-ой тәрбие; 4. Эстетикалық тәрбие; 5. Экологиялық тәрбие; 6. Экономикалық тәрбие; 7. Еңбек тәрбиесі; 8. Дене тәрбиесі; 9. Ата-анамен жұмыс;

Тәрбие жұмысының бағыттары: 1. Мен және менің ата-тегім. 2. Менің көшем, менің ауылым, менің ауданым, менің қалам. 3. Менің мектебім. 4. Тарих қойнауында. 5. Қазақстан экономикасы. 6. Өшпейтін жұлдыздар. 7. Табиғат және экология. 8. Халық өнері, дәстүрі, әдет-ғұрпы. 9. Туризм, спорт, денсаулық, демалыс.

Жүзеге асыру жолдары: 1. Пәндерлі оқыту. 2. Сыныптан тыс жұмыстар. 3. Тәрбие жолдарын еңгізу.

Жүзеге асыру әдістері: 1. Сабақ. 2. Тәрбиелік шаралар. 3. Экологиялық, туристік жорықтар. 4. Тәжірибелі жұмыстар. 5. Іздестіру жұмыстары. 6. Мұражайлар мен көрмелерге саяхат. 7. Ғылыми конференциялар. 8. Ойындар.

Нәтижесі: 1. Ұрпақ арасындағы байланысты орнату. 2. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. 3. Денсаулықты сақтау. 4. Шығармашылық қабілетті дамыту. 5. Адамгершілік қасиетке баулу. 6. Өз Отанына сүйіспеншілігін арттыру.

Мұнда әрбір сыныптар үшін жеке-жеке жоспарды іске асыру орынды. Мысалы, 1-2-сыныптар «Мен және менің ата-тегім» тобы. Әр оқушы өзі, өзінің ата-тегі, отбасы, жақын ағайындары туралы білу. 3-4-сыныптар «Менің көшем, менің ауылым, менің ауданым, менің қалам» тобы. Әр оқушы көрсетілген аумақтағы адамдар мен мәліметтерді білуі тиіс. Сабақта берілетін білім мазмұны мектеп бағдарламасында шектеулі болғандықтан бұл шаралар сыныптан тыс жұмыстардың, мектептің және сыныптардың тәрбие жоспарларына енгізу арқылы жүзеге асады [114, 4-8]. Аталған кешендік шаралар ауқымында отансүйгіштік қасиеттерді кеңейте түсу мақсатында ұлтымыздағы киелі ұғымдар: жеті ата, жеті жетім, көк аспан, жеті күн, жұт жеті ағайынды; жетелі жұрттың жеті белгісі: Ту, Елтаңба, Әнұран, Елұран, Төлқұжат (Төлтұмар), Елтеңге, Ұлтжазу; қазақтың төрт тойы: Жаңа жыл—Наурыз; жаз тойы—Қымызмұрындық (10 маусым); күз тойы—Сабантой, Мизам; қыс мерекесі—соғым басы балалар үшін түсінікті болуы тиіс. Сонымен бірге қоғам үшін маусымдық мерекелер сан-салалы мақсатты қызметтер атқарған.

Жер шарында өзінің мейрамын мақтан тұтпайтын халық жоқ және бұның өзіндік мәні бар. Мейрам даңқты көтереді, себебі мейрамдар халық тарихымен, оның тілімен, психологиясымен, шығармашылық ерекшелігімен, халықтық ойлау, жүйелеу қабілетімен тығыз байланысты танытады, бұның бәрі келіп бүкіл мәдениетті танытады.

Мейрам — этноорталық тұтқа, себебі ол халықтың жан дүниесіне терең бойлап, халық өмірінің тарихи және діни негізін құрайды, басқаша болуы мүмкін емес, себебі мейрамдар салт-сананың белсенділігі (намаздар,

өлеңдер). Өйткені мейрамдар халықтың таза өз тілінде өтіп, көкейкесті мәселелерін қарайды.

Бірақ әлемдік мәдениетте, өзінің шеңберінен шығып, кең тарайтын мейрамдар бар. Олар сол салт-сананың деңгейінде, өзінің күш-қуаты арқылы басқа да халықтардың наным-сенімдеріне әсерін тигізеді.

Қарастырып отырған ұлтжандылық мәселесі ұлттық дәстүрдің бел ортасынан табылатын қасиет болғанымен жалпыадамзаттық шеңберде, мазмұнда ұлттық көріністі бейнелеп оның рухани топтасуына қажеттілік тудырады. Сондықтан ұлттық тәрбие-тарихи дәстүрдің заңды жалғасы болып табылады. Осыған орай қазіргі таңдағы педагог мамандарды кәсіби даярлау мәселелеріне байланысты академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 29 сәуір 2003 ж. өткізген «Қамзабаев тағылымы» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары көп мәселелерді қамтиды.

Ұлттық тәрбиені жүргізу барысында текті білу дәстүрі ата текке байланысты туыстық қатынастарды әдептілікпен, имандылықпен орындап, одан әрі дамытып қалыптастырған адамгершілік қатынастардың болуын уағыздайды. Текті білуден ұлттық рух санасы қалыптасып балалар отансүйгіш, отанжанды болып өседі. Патриоттық тәрбие арқылы біз Отанына берілген, қайырымды, халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, экономикалық және саяси қуатын қорғай білетін, қоғамға қажетті игілікті өндіруге белсене қатысатын ынталы білікті жастарды тәрбиелейміз. Ұлттық бірліксіз патриотизм болмайды, ол ықпалсыз қасиет болады. Ал, еліміздегі идеология ұлттар арасындағы ынтымақтастық, достық қарым-қатынас, береке-бірлікке шақыру, басқа ұлт өкілдерін жатырқамауға баулу қажеттігін алға тартады. Демек, көп ұлтты Қазақстан жағдайында оқушы жастарға патриоттық тәрбиені ынтымақтастық, достық рухында тәрбиелеу-басты талап болып отыр [115, 15-17].

Патриоттық тәрбие оның ішінде қазақстандық патриотизмді мектеп оқушысының бойында қалыптастыру Қазан төңкерісіне дейін арнайы сала болып зерттелмегенімен, қазақ даласының ұстаздары аталған ойшылдарымыз (Өл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн) бен жыршы-жырауларымыздың (Шалкиіз, Қазтуған, Тәтіқара, Ақтамберді) тағылымдарында, халық батырларының (Есет батыр, Исатай батыр, Сырым батыр) ерліктерінде, ұлы ағартушыларымыздың (Шоқан, Ыбырай, Абай) шығармалары мен еңбектерінде Отанды сүю, елді қорғау, елдік, ерлік істері жайлы біршама тұжырымды пікірлер айтылады.

Қазақ халқының ерлік дәстүрлері, жауынгер ұл-қыздарының батырлығы, қазақстандық патриотизм идеялары бірқатар көркем шығармаларда кеңінен мазмұндалған. Б. Момышұлы, Ә. Шәріпов, Қ. Қайсенов, Ә. Нұршайықов, Д. Әбілов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Көбеев, Ө. Тұрманжанов, А. Тоқмағамбетов және т.б. халықтық шығармалардың дәстүрлерін пайдалана отырып, балаларға арнап, өлең-жырлар жазған. Олардың шығармалары бала тәрбиелеудегі ізгі мақсаттарды

дұрыс түсініп, балалардың тілін ширатып, ойын дамытады, еңбекке, Отанды сүйуге тәрбиелейді.

Бастауыш сынып оқулықтарындағы мәтіндер — оқушыларға білім беру, ойын дамыту және баланы тәрбиелеудің негізгі құралы болады.

3-сынып «Ана тілі» оқулығында «Сөнбес жұлдыздар» деген тарау бар. Мұнда: «Абай қонақтары», «Шоқанның мейірімі», «Әжемнің әңгімесі», «Әже ауылына барғанда», «Ана мейірімі», «Ағасы мен інісі», «Достық көмек», «Дала жұлдызы», «Халық кегінің күйшісі», «Іздену», «Әкесінің хаты», «Қазына көтерген бала», «Рәсім» т.б. беріледі. Бұл әңгімелерде Абай, Ыбырай, Шоқан, Құрманғазы, Дина, Сәкен, Тұрар, Мұхтар, Қаныш т.б. ұлы адамдар жайында деректер беріледі. Отандық данышпан ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің істері, оқушылардың ой-санасын оятып, оларға деген сүйіспеншілігі, құштарлығы артады.

Ал, туған жер, көркем табиғат, елінің, жерінің байлығы мен көркемдігі, ана тілінің асыл қасиеттерін таныстыратын мәтіндер арқылы оқушылар елге, жерге, тілге, Отанға, атамекенге деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиеленеді. Бұл міндеттерді орындау барысының ауқымы үшін ертегілерді пайдалану да нақты көмек көрсетеді. Ұлттық сана-сезім мен мақтаныш, намыс қалыптасуына бастама болады.

Ұлттық тәрбиенің барысында текті білудегі оның сана-сезімдік өрісінде ескеретін нәрселер барын аңғарған жөн. Осы тұрғыдан Мағжан Жұмабаевтың «тәрбиеші баланы... ырымшыл болудан сақтау керек» — деген қағидасы орынды [15, 51]. Оның пікірінше өмірдегі, тұрмыстағы бір көріністен екінші көрініс туатындығы ылғи себеп ретінде болуы деп ұғыну адамды зор қатерге түсіреді. Қазақтың неше түрлі ырымдары осы қата ұғудан туған. Мысалы, қонақ келген күні қой егіз тапса, қонақтың құттылығынан емес, уақыттың тура келуіне байланысты. Тағы да мәселеге тікелей қатысы нәрсе-тектілік туралы. Мұнда тектілік негізі, рулық мәселелері көпшілікке іріткі салу, рулықты асыра бағалау, даңғаза әсірелеуге пайдаланудан аулақ болу керек.

Қазіргі демократиялық қадам, сөз бен баспа бостандығы жағдайында балғын сезімдерге мұндай кателіктерге ұрыну, бойға сіңіру үлкен өкініш болып шығады. Ашығына келгенде, оның қасіреттері ертеңгі ел басқару, кадрлар даярлау, білім мен ғылымды дамытуда, мәдениетті жетілдіруде, жеке ұлттық тұлғаларды бағалауда зардаптарға соқтыратынын ескеруге міндеттіміз. Отанымыз біреу ғана. Тәрбиемізден өткен ұрпақ тек соның үрметіне өмірін арнауды рух етуді көздеуіміз керек. Жыр дауылпазы Қасым Аманжоловтың «О, сүйікті Отаным! Сен деп өлем өлсем де, Балам деп көм мені көмсең де!» деп беріле сезім көрсетуі осының айғағы іспетті.

Отансүйгіштік пен отанжандылық тұрғысында қысқаша методологиялық мәселелерді қозғауымыз оның тәрбиелік өзегіне тиісті бағыт-бағдар беру болатын. Рух пен сана-сезім идеялық негізде басталып нақтылы тәрбие шараларымен орнығады. Сондықтан педагогикалық теория

мен оның қолданбалылық мәнін қатар меңгерген маман ұстаз ғана аталған шараларды іске асыруға қабілетті болып шығады.

Бастауыш сынып оқушыларына тарихи-дәстүрлік тақырыптар мен қазіргі егеменді еліміздің саяси-әлеуметтік тынысы жайлы тақырыптар ықпалды болып шығады. Әрбір тәрбие сағатының тақырыптары, сабақтың мақсаттары, сабақтың көрнекілігі, сабақты ұйымдастыру, жүргізу және қорытындылау тиянақты даярлықты қажет етеді.

Мәселен, «Қазақстан менің Отаным», «Тәуелсіз елім», «Тәуелсіздік туы желбіресін!», «Мен қазақымын», «Туған өлкем — мақтанышым», «Ұлттық намыс және Махамбет жырлары», «Ерлігі өшпес батыр қалалар», «Қазақстан және Ұлы Отан соғысы», «Қазақтың батыр қыздары», «Менің атам — жауынгер», «Батыр атамыз — Бауыржан» және т.б. тақырыптарға өткен тәрбие сабақтары білімділік (оқушыларға білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу), дамытушылық (алған білімдерін толықтыру, олардың ақыл, жігерінің толысып дамуына әсер ету, сөйлеу тілін дамыту), тәрбиелік (отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу, ұлттық намысты қалыптастыру, Қазақстандық патриотизмді ұғыну) мағына-мақсаттарымен оқушылар сана-сезіміне, өмір салтына ықпал етеді. Олардың күнделікті жағдайдағы мінез-құлқы мен тіршілік қаракетінің қалыптасуына үлес қосып ұлтжандылығына түрткі болады. Қазіргі кезде патриоттық тәрбиені ел тарихынан әйгілі тұлғаларды тану мүмкіндігі арқылы ыңғайластыруға да болады. Оған «Елтұтқа» кітабын пайдалануға болады. Ондағы «Байырғы заман», «Орта ғасыр», «Жаңа заман», «Тәуелсіз Қазақстан» атты тараулар екі жарым мың жыл аясында ғұмыр кешкен тарихи тұлғалар туралы мол мағлұмат береді. «Елтұтқа» кітабы «ата-баба рухымен табысуға дәнекер болатын, әр жүрекке ұлтжандылық ұрығын ұялататын, ержеткен ұлдың еншісі ететін, бойжеткен қыздың жасауына қосатын, әркімнің төрінде тұрар бойтұмардай қастерлі мұра болуға тиіс. Өйткені, Отанның қадірін білу — Отан тарихын білуден басталады»[116].

Бастауыш сыныптардағы тәрбие жүйесінде тәрбие жұмыстарының жалпы жолдары, қосымша сабақтар, тәрбиенің мәні, мазмұны, ұғымдары, ұлттық тәрбиенің нәтижелерін тексеру, қоғамдық ортаның рөлі, ұлттық педагогика қалыптасқан ережелер, дәстүрлердің отанжандылыққа ықпалы, ұлттық мақтаныш, достық күші және т.б. тақырыптарға бағытталған шаралар этнопедагогикалық өзектегі теориялық және практикалық идеялар, мазмұн мен рухта әсерлі өмір сүреді. Жеке балалар ғана емес әлеуметтік ауқымдағы қасиеттерді біріктіріп топтық, ұжымдық сана-сезімге жетелейді.

Отансүйгіштік пен ұлтжандылық, қазақстандық патриотизм қасиеттері жоғарыда аталған фактілер, өзара шарттастық, сана-сезімдік байланыстар аясындағы күрделі процестер ретінде соңғы нәтижесі ұлттық намысқа келіп тіреледі. Намыс, намыс сезімі-ұлттың рухани ұғымы, ұлы мұрасы, рухани оты, ар-ұят діңгегі. Аталған мәселемізді тараудың соңына қоюмыздың да мәні осында болатын. Намысты ақылдың, ұлттың, абыройдың, өршіл ерік-жігердің және т.б. ізгі қасиеттердің қосындысы деп білген жөн.

Профессор Б. Қасенов «қазақстандық намыс-бір мемлекеттегі бүкіл ұлттар намысы, бұл ұжымдық рухтың қайнар көзі, сондықтан да оның болашағы зор. Әзірше біздер сол үлкен болашақтың табалдырығында тұрмыз», - деп үлкен үміт отын жағады[95, 65].

Намыстың даму деңгейінің ең жоғары шегі — Ұлттың тәуелсіздігі мен бостандығы, Отанға деген сүйіспеншілік, ата-бабаға, ана тілі мен салт-дәстүрге құрмет, патриоттық сезім, қайырымдылық, интернационализм, бейбітшілік, өзге ұлттармен татулық.

Намыстық төменгі сатысы — іштарлық, көре алмаушылық, кеудемсоқтық, рулар мен жүздерге бөлініп, бір-біріне өшпенділікпен қарау. Осынау жалған, әсіресе намысқойлық ұлттың рухани қасіреті болып табылады. Осы «намыстың» қырсығынан ұлттың бетке шығар талай-талай жұлдыздары, тіпті қатардағы азаматтары жойқын құрбандыққа ұшырады. Тоталитарлық жүйе намыстың осы түрін күшейтіп, қолпаштап отырды. Республикамыз тәуелсіздік алған қазіргі кездің өзінде бұл ағым өз қарқыны мен көріністерін тоқтатқан жоқтығын айтсақ артық болмас. Намыстың түрлері мен үлгілері қоғамдық даму саласында түзіліп, ыдырап отырады. Мысалы, ол саясатта өзінше, құқықта өзінше, ал педагогикада басқаша көрініс таба береді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей әрбір саяси-әлеуметтік бағытта намыс мәдениеттің рухани күші ретінде оң немесе теріс көріністер тудырады. Бұл оқу мен тәрбие жүйесіндегі ескерілуге тиісті мәселе.

Жас ұрпақтың сана-сезімінде халқына оның мүдде-мақсаттары мен болашақ игілігі тұрғысында «ішкі қарама-қайшылыққа» орын болмауы үшін пәндік сабақтар, тәрбие шаралары, тәрбиеге қатысты азаматтар, бұқаралық ақпарат құралдары аса саяси мәдениеттілік пен принциптілік, ақиқаттық пайымдауды ұстануы міндетті.

Отансүйгіштік пен отанжандылық, қазақстандық патриотизм мен қазақ патриотизмі тарихи-дәстүрлі қасиеттерді өзек ете отырып қазіргі тұтас еліміздің азаматтары үшін ортақ саяси-әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, рухани-мәдени табиғаттан өрбуде. Соған орай бастауыш сынып оқушылары ерекше тәрбие буыны болғандықтан патриоттық тәрбие олар үшін өзінше саяси-педагогикалық әдістемелік топтамалармен сипатталады. Біздің пікірімізше, оқу мен тәрбие бірге отырып жүргізілетін бұл жұмыстар жалпы және тиісті қағидаларды ескеруге келіп тіреледі:

- басты мәселе-ұстаздардың саяси көзқарастары мен мәдениеті, білімі мен тәжірибесі, құлықтылығы, ұлттық игіліктерге жанашырлығы болып саналады;

- ұстаздар саяси және идеялық парасаттылық жолында ізденуді тұрақты әрі жүйелі жалғастырумен бірге өзінің үлгілі өмір салтын алға тартуы керек;

- бастауыш сынып оқушылары патриоттық тақырыптардың бағдарламасына сәйкес оқу мен сыныптан тыс іс-шараларға арнап қысқаша баяндамалар, хабарламалар, рефераттар жазуға тартылып өздерінің белсенділігін, дүниетанымын кеңейткені пайдалы;

- сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға оқушылардың өздеріне көбірек жауаптылық артып, материалдарды өздеріне жинатып, пікір таласы мен қорытынды жауаптарға көбірек қамту арқылы жеке ой-пікірлерін қалыптастыруға ықпал еткен жөн;

- сыныптан тыс тәрбиенің әсерлі болуына мұражай мен мұрағат иеліктері, телерадио материалдары, ықпалды тұлғалардың көмегі нақтылы ықпал жасайды.

Қайталану жағдайында болса да атай кетелік бастауыш сыныптармен оқу – тәрбие процесі қиын да әрі өте күрделі құбылыс. Тұрақты, жүйелі ізденісті қажет етеді. Оқушыларды қазақстандық патриотизм рухында, адамгершілік пен нарықтық әлеумет өрісіндегі көзқарас, еңбекке құлшыныс, қайсарлық пен табандылық, ізденімпаздыққа және т.б. қасиеттерге кешенді мазмұнда және құлшыныста ұстауымыз қажет. Бұл бағытта 13 бөлімнен тұратын "Тәрбие хрестоматиясы" тарихи – дәстүрлі және жаңа дәуірдің бірізділігіне көңіл аударған еңбек. Жұмыс ұлттық тәрбиенің жан – жақты мазмұны мен бағытын көрсетеді. Тәрбие шараларының нақтылы тақырыптары көңілге қонымды болғандықтан мұғалім мен тәрбиешілерге көмегі ерекше[117]. Сонымен қоса балаларға үлгі – өнеге беретін, сөз құдіретін көрсететін, жігері мен намысына қозғау салатын, қанатты сөздерге бай зерделеп оқып пайдалануға болатын шығармаларды да ұсынуға болады [118].

Патриоттық тәрбие оқу мен сыныптан тыс шаралармен ғана шектелмейді. Жас балаға қоғамдық орта, түрлі ұлтты қамтыған жора-жолдастар, тіптен көшедегі, транспорттағы оқыс факторлар да әсер қалдырады. Сондықтан ұстаздар мен үлкен азаматтар, ата-аналар тарапынан да дер кезінде салиқалы қамқорлық пен кеңестер қажет. Еліміздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, рухани-мәдени құбылыстар, экология мен қоғамдық тәртіп мәселелері балалардың сана-сезімі мен жан дүниесіне әсері, ықпалы болып мінез-құлық қасиеттеріне қозғау салатыны белгілі. Олай болса, күрделі әрі қиындығы да жеткілікті отансүйгіштік қасиетінің бастауыш сынып кезеңіндегі педагогикалық қамқорлық қызметінің жемісті еңбегімен іске асатын тұғыры — көп ұлтты еліміздің заңды қажеттілігінен туындаған міндет.

Қорытынды

Қазіргі кезеңдегі қоғамды жаңғырту мен демократияландыру құбылыстары еліміздегі тарих, қоғамдық институттар қызметін, ұрпақтың рухын қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраларды қайта өркендету және т.б. мәселелер ауқымын жаңа қоғамдық қатынастар талаптарына сәйкес жолға қоюды міндеттеп отыр. Сондықтан да өмір сүріп отырған «әлеуметтік мемлекет» жағдайында бұл қажеттіліктер аса күрделі әрі қиын болып саналады.

Ғылым мен техниканың қауырт дамуы, оның жалпы адамзаттық өмір салтына айналуы бара-бара ұлттық атаулыны тәрк етіп, енді үлкенді-кішілі этностардың төлтумалығына жаппай қауіп төндіре бастады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап өмірдің барлық саласында әлемдік кірігу (интеграция), мемлекетаралық аралас-құраластық (коммуникация) жалпы адамзаттық үрдіске айналды. Сөйтіп, ғылыми-техникалық прогресс бел алған сайын ұлттық төлтумалық атаулы екінші кезекке ығыстырылды. Былайша айтқанда, жалпыадамзаттық дамудың технократтық, экономикалық және мәдени-рухани ілкімді кірігулері ұлттық төлтумалық атаулыға қауіп төндіріп, әлемдік аяда ұлттық мемлекеттердің қорғаныс сезім-әрекетін оята бастады.

Кеңес дәуірінде партиялық және таптық мүдделер өзегі басым жатты. Ол жағдай философтар мен этноәлеуметтанушылар тарапынан ерекше байқалды. Себебі ұлт саясатындағы жан-жақты жетілу мен «кеңес халқына» айналу тенденциясы қарқынды идеологиялық бағыт болатын. Түрлі ғылыми басылымдарда ұлттық мәдениеттің оқшаулануы, мәдени тұғырық, ұлттық мәдениеттің дамуына көтермелеудің төмендігі, соның нәтижесінде өз халқының мәдени талаптары нашар қанағаттандырылу жағдайы көрсетіліп жатты. Осы саясат шағын ұлттардың мәдени институттарын нашарлатып отырғаны ұлттық мектеп және білім беру деңгейіндегі бей-берекетсіздік, ұлттық тіл сияқты проблемаларды тұншықтырып жатқаны ашық айтылды. Бұл жағдайлар ұлтаралық кернеудің мынадай ерекшеліктерін: а) ұлтаралық коммуникацияның құрылымы мен мазмұнын; б) этникалық мәдениеттің ерекшеліктерін; в) халықтар арасындағы болып жатқан оқиғалар хроникаларын анықтады.

Тақырыбымыздың талдануына методологиялық негіз болған еңбектер өзара салыстырылып, еліміздегі ұлттық тәрбие процесінің басталу кезеңіндегі ой-пікірлер, қағидалар мен тұжырымдарды анықтауға көмектеседі. Ұлттық көзқарасымыздың мақсаттық бағытын, ұлттық тәрбиенің мәні мен орнын көрсетуге, ғылыми жұмыстар мен оқу-тәрбие кешеніндегі жоспарларымызды түсінуге бастама болып жөн сілтейді деген пікірдеміз. Әрине, жаңа қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық қатынастар ауқымына байланысты сәйкестілік пен үйлесім басты мақсат саналуы қажет.

Кеңес дәуіріндегі қазақ тіліне түскен қыспақ, халықтың мәдени-этникалық ерекшеліктерінің жойылуы, ұлттық мектептердің қысқаруы,

халықтың қасиетті рухының төмендеуі, ұлттық құндылықтардың өше бастауы мен дәстүрлі салтымыздың ыдырау процесіне жол берілді.

Осы орайда білім берудің мәдени-этникалық мүдделерге қатысты қызметі — жаңа идеалдарды үндеу, оларды жалпыадамзаттық ізгіліктер шеңберінде дарыту. Бұл кешендегі этнопедагогика — жалпы педагогикалық ғылымның бөлігі, халықтық тәрбиенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеп тәрбие процесіне көзқарасты білдіретін және педагогиканы халықтың мәдени дәстүрлерімен өзара байланысы мен ықпалының, іс-әрекетінің әлеуметтік әрі тәрбиелік табиғатын талдайтын ғылым болып табылады. Мұндағы халықтық мәдениет ұғымы халық шығармашылығы, өнері, дәстүрі мен салт-жоралғыларын біріктіреді.

Этнопедагогика түрлі ұлттардың, этникалық шағын топтардың тәрбиелік дәстүрлерін салыстырып талдайтын жинақталған қорытынды болса, халықтық педагогика - нақтылы, жеке этникалық топтардың тәрбиелік дәстүрінен келіп туындайды. Әрине халықтық педагогика тарихи-дәстүрлік мазмұнда болғандықтан бірізділік сәйкестігін сақтайды. Дегенмен оны өзгермейтін қасиет деп ұқпау керек. Заман талабы, әлеуметтік-экономикалық жағдай, саяси идеология өзгеріп, өңделіп те жаңарып жатады. Соған сәйкес, халықтық педагогика білім жинақтап, дағдыларды қолдану, үйренумен бірге жас ұрпақтың әлеуметтену міндетін атқарады.

Халықтық педагогика ұлттық және интернационалдық тәрбиемен астасып жатыр. Жастарды ұлаларлық қарым-қатынас мәдениетіне үйретеді. Алдыңғы қатарлы үлгілі қасиеттер ұлттық шеңберден өтіп өзге ұлттардың игілігіне айналады. Тамыры терең халықтық педагогика әрбір ұлттың рухани мәдениетінің бір көрінісі бола отырып тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық, географиялық өмір жағдайларының әсерінен туындаған. Онда халықтың педагогикалық білімі мен тәрбиелік тәжірибесі қосылған.

Кейінгі жылдары ғалымдар еңбектерінде және ғылыми конференция материалдарында «ұлттық тәрбие» және «ұлттық білім» модельдерінің қажеттігі туралы жиі айтылып жүр. Демек, біздің мақсатымыз ұлттық тәрбие мен ұлттық білім мәселесіне қатысты дүниелерді ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерделеудің алғышарттарын негіздеуге арналуы қажет деп санаймыз. Ал жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде мына төмендегідей қорытынды жасауға болады: ұлттық тәрбие ұғымының генезисін айқындау; аталмыш терминді педагогикалық энциклопедия басылымдарына енгізу; ұлттық тәлім-тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау; ұлттық тәрбиенің оқу-білім ордаларында кешенді тұрғыда жүзеге асыру моделін жасау; ұлттық білім жүйесінің моделін жасау; ұлттық білім мен тәлім-тәрбие құндылықтарының жаһандық ғаламдану кеңістігіне бейімделуінің алғышарттарын негіздеу.

Бұл түйіндермен жалпы санатта келісуге болады. Дегенмен, әлі де теориялық жағынан кеңейтілуді талап етеді. Сонымен қоса практикалық

ауқымды көп ұлтты мемлекет жағдайындағы проблемалармен толықтыру керек сияқты.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының әлемдік нарықтық қатынастар көшіне қосылуына байланысты ұлттық тәрбие дәйектемелері әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамудың жаңа құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес атап өткеніміздей талаптармен толығыуы қажет.

Бұл принциптер ұлттық тәрбиенің жалпы тынысына көмегін тигізіп оның теориялық және практикалық мазмұнына тиісті толықтыру, қосымша әдістерді нұсқайды деп ойлаймыз.

Этникалық мәдени және мемлекеттік сәйкестілікке қол жеткізу - ұлттық сананы қалыптастыру, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асыру құралы білім беру жүйесі басты функцияларды (таратушылық, дамытушылық, саралаушылық, ынтымақтастырушылық) атқарады.

Білім берудің тағы бір талабы — өзге мәдениетті түсіну және қабылдай білу. Мәдениеттердің өзара байланысы, бір-біріне ықпалдастығы жағдайында ғана әрбір жекелеген мәдениеттің принциптері мен ерекшеліктері айқындалады. Мұндағы қағидалардан этникалық-мәдени білім берудің негізгі міндеттері бөлінеді. Біздіңше, бұл мазмұнды толық меңгерген тұлға ғана тұтас дүниетанымдық, яғни қоғамдағы әлеуметтік орта мен мәдениеттік байланыс, қарым-қатынастар құбылыстарын жетік меңгерген болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінің қажетті бағыты — елімізде этникалық-мәдени білім кеңістігін құру.

Ұлттық тәрбиеге қажетті жалпыадамзаттық құндылықтар мазмұнын ерекше атаған жөн. Себебі олар тек ықпалды факторлар болумен бірге ұлттық тәрбиенің орнығуына да негіз салады. Бұл қасиеттер ұлтына қарамастан барлық адамдарда кездесетін сапалар. Ол тәрбиенің негізі саналатын — гуманистік идея.

Халықтық педагогикадағы тағы бір жалпыадамзаттық құндылық — халықтық дипломатия. Қатар жатқан мемлекеттер, халықтар бір-біріне ықпал етіп өмір салттары жақын болады. Өзара көршілік татулық заңдылықтарын сақтауға ұмтылысқан.

Қазақстан Республикасы — тәуелсіз ел. Мұнда еліміздің келешегі үшін оның ұрпағын сақтауға, рухын бекіту жағдайына мүмкіндік беріліп отыр. Әйткенмен колониялық тәртіп пен солақай саясаттан қалған қиындықтар мен карама-қайшылықтар да жеткілікті. Осы кешенді міндеттердің басты бағытының бірі — ұлттық-этникалық арнадағы тәрбие. Бұл тәрбие ұлт тарихымен оның әдет-ғұрпы, рухани мәдениетімен тікелей байланысты.

Ұлттық тәрбиенің бағыттары мен әдістері саналуан. Оның басты тармақтары **отбасы мен мектептен** нәр алады. Мәселен, ізгілікті тәрбие тал бесіктен басталып адам ғұмырын түгел қамтиды. Отбасының күнделікті тәжірибесі, тәлім-тәрбиесі, үй шаруасы балаға тиісті ықпал етеді. Бұл процестерді толықтыратын мектептің оқу-тәрбие жұмысы. Қазір жалпы білім беретін мекемелерде этнопедагогикалық бағдарламаларға сәйкес ұлттық ұстанымдар (отаншылдық, еңбексүйгіштік, тән саулығы, парасат,

патриотизм, өнер мен ғылым, табиғатты аялау және т.б.) басшылыққа алынуда.

Ұлттық тәрбиеде арасалмағы байқалмайтын немесе ескерусіз мәселелер болуы тәрбиенің тиімділігіне кері ықпал жасайды. Осыған орай жауапкершілік жоғары болғаны абзал. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық мазмұнмен сабақтаса отырып ұлттық психологияның элементтеріне сүйенеді. Отан сүйу, қонақжайлық, адамгершілік пен имандылық, ұлттық мүдде мен намыс, ұлттық сезім және т.б. рухтық құрылымдар өзінің қалыптасуы мен жетілуінде халқымыздың төл зердесінен іргетас қалануы қажет. Сонда ғана орнықты ұлттық тәрбие жүзеге асады.

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе.

Ұлттық тәрбие мен ұлттық психологияның арақатынасында біздің бірінші тарауда ұсынған методологиялық талаптарымыз орын алғаны дұрыс сияқты. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс.

Тарихи мәдениет, оның өрістері ұлттық рухтың көзі болғандықтан тәрбие процесіне әсері жүйелі әрбір әлеуметтік топтың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілгені дұрыс. Сондықтан бала бақшалардағы, мектептің әрбір сыныптарындағы ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп тұруы қажет.

Республикамызда мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі басымдылықтарымен бірге оны жүзеге асырудың мынадай міндеттері көрсетілген: тарихи ілім-білімнің негізгі-негізгі нысаналарын анықтау; тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты проблемалары мен оны шешудің ықтимал бағдарларын айқындап алу; тарихи білім беру мен ағарту ісін реформалаудың жолдарын белгілеу.

Қазіргі нарықтық қатынастар ауқымы меншікке жаңаша қатынас, кәсіпкерлік, еңбекті жаңаша ұйымдастыру, саяси жүйеге сыпайылық, «құқықтық ойлау», іскерлік, электрондық есептеу шеберлігі, саяси-құқықтық және экологиялық мәдениет және т.б. қасиеттерді жетілдіруді қажет етеді. Жаңа қоғамдық қатынастар өз заңдылықтары арқылы жетіледі. Қоғамның жетілуі, рухани-психологиялық дамуында ұлттық тәрбиенің рөлі мен мәні қажеттілік болып отыр. Осы бағытта жалпыадамзаттық және ұлттық қасиеттердің айқындалуы, табиғатының анықталуы да адамгершілік белгілерін ашып анықтай түседі. Соған орай қазіргі ұлттық менталитетіміз жаңа әлеуметтік кезеңде жоғарыда атап көрсеткеніміздей белгілі қоғамдық міндеттерді алға тартады.

Құқықтық мәдениет көзі де ұлттық мәдениет. Құқықтық мәдениетте ұлттық рух және мінез бар. Қандай да болмасын ұлт құқықтық мәдениет пен тәрбиені қалыптастыруға өзіндік үлесін қосып отырады. Соған сәйкес жекелеген адамдар бойында дүниені тану стилін, белгілі бір стереотиптерді, түсінулер мен сезімдерді қалыптастырады. Ал қазақ үшін заң-әдет, дәстүрлі тиымдардың жиынтық көрінісі. Салт-дәстүрдің өзі моральдық құқық ретінде өмір сүрген. Сондықтан да, өз халқының ғасырлар бойы жинаған құқықтық мәдениетін бойына сіңіру, оны кәсіби қызметінде пайдалану ұлттық сананы дамытудың көзі болып табылады.

Әлеуметтендіру институттарына, ең алдымен, отбасы, оқу-тәрбие орындары және бұқаралық ақпарат құралдары жатады. Кейінгі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбие жұмысындағы рөлі жан-жақты зерттелуде. БАҚ-тың қазіргі уақытта жеткіншектердің дамып, қалыптасуындағы орнын әр түрлі қырынан қарастыруға ұмтылыс бар.

Сонымен білім беру мен ұлттық тәрбие процестерінде аталған негізгі принциптерді басшылыққа алуды ұсынуымыз зерттелген материалдарымыздың нәтижесінен туындаған.

Дүниетанымдық процесс күрделі құбылыс. Оның қамтылмайтын өрісі кемде-кем. Оның жалпыадамзаттық және ұлттық нышандары мен көріністері бір бірінен көлемі, ішкі нышаны жағынан ажыратылады. Ұлттық талғам өзіндік әлеуметтік табиғатымен ерекшеленеді. Мәселен қазақтың ойлау қабілеті, туыстық, сыйластық, қонақ күтуді өзге халықтан бөлекше екендігі белгілі. Мұның негізінде ұлттық дәстүр жатыр. Оларды бүгінгі заман талабымен сәйкестендіріп сақтап ұрпаққа жеткізіп отыру міндетті нәрсе.

Оқу процесінің барысында ұлттық тәрбиеге аса құлықтылық пен құлшыныс тек кітап оқумен шектелмесе керек. Ересек болсын, бала болсын өмірдегі өз орнын айқындау жолындағы жеке белсенді қатынасы, қызығушылығы, ұлттық іс-әрекетке ұмтылысы, жан-жақты танымға құмарлығына байланысты қалыптасады. Басты мақсат, бастауыш сыныптан бастап ұстаздар мен ата-аналар, кітапханашы, мәдениет қызметкерлері, баспасөз бен телерадио хабарларының діттегені ұлттық өзектен өрбіген жасампаз ұрпақты тәрбиелеу. Әрине, кітапсыз білім мен тәрбие болмайды.

Жаңа әлеуметтік талаптарға байланысты елімізде білім беру жүйесінің түрлі жағдайлары реформаланып және оның жүзеге асуының түрлі тұжырымдамалары мемлекеттік деңгейде жасалынуда. Оның міндеттері қайта қаралуда. Осы бағытта ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс-гуманитарландыру болып табылады. Өйткені біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басамыз.

Сондықтан білім беруді гуманитарландырудың басты міндеті бүкіл тәрбие, білім беру, оқу-ағарту және мәдениет кешенін гуманистік бағдардағы адам тәрбиелеуге жұмылдыруға саяды.

Бастауыш сыныптардағы дүниетаным білімі оларды жасақтап алғашқы ұғымдарды, көзқарасты қалыптастырып келесі кезеңге бағыттаған жауапты міндет. Бұл мәселенің күрделілігі мен қиындығы ұстаздар үшін жеткілікті. Себебі бастауыштық білімді жүргізуде балалардың жас ерекшелігі, индивидуалдық ерекшеліктері, отбасының педагогикалық жағдайы, ұстаз тәжірибесі, мектептің оқу-материалдық мүмкіншілігі және басқа да факторлар бірігіп іс-қимыл жүргізеді. Әрбір пәннің негізгі мазмұнымен қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттер қабысып, сәйкестік жағдайында жүруі керек. Сайып келгенде, ұстаздардың күнделікті қызметі оқу-әдістемелік материалдарды игерумен бірге дүниетанымдық және саяси-әлеуметтік көзқарастарға байланысты позициялардың өзгеріп отыратындығын да ескеруі керек.

Мұнда тек пәндік бағдарламалар емес, келесі сыныптарда өтілетін сабақтас пәндерді меңгеруге дайындық яғни бастауыштағы білімнің біртіндеп кеңейіп күрделі мазмұнға, көзқарасқа, танымдық дәрежеге жалғасуы басты міндет.

Білімдік жүйеде ұлттық тәрбиеге өзек болар бағыттың бірі — қазақ балалар фольклоры екендігін ұстаздар да, мамандар да жоғары бағалауда. Бұл көпжақты проблема балаларды қалыптастыруда педагогикалық теория мен практиканы да үйлестіретін мәселе. Бала сезімі, оның әуестенуі, қызығушылығы, көңіл-күйінің көтерілуі сөз қадірін білуден басталады. Оның мән-мағынасын дұрыс та, бұрып та түсінуге дағдыланады. Жақсы мен жаманды түсіну, ой өрнегі мен тіл ширақтығы пайда болады. Ақыл-ой кеңдігі мен тереңдігі, тапқырлық қалыптасады. Соған орай балалар фольклоры жанрларының ішінде жаңылтпаштардың орны бөлек. Тек дүниетанымдық қасиет емес, тіл шеберлігі, ұшқыр ой, көркем сөзге бай болып өседі.

Оқу жүйесінде ұлттық тәрбиенің өзіндік көрінісі экономикалық білім мен еңбек тәрбиесі арқылы кәсіптік бағдар қалыптастырудан тарайды. Қазіргі нарықтық қатынастар әлеуметі өзіне тиісті білім мен тәрбиені қажет етсе, онда соған байланысты ынта, талғам мен ұмтылыс қалыптасады. Қойылып отырған бағыттарды дұрыстап қолға алу қазіргі заман талабы. Ол жас ұрпақтың келешекте өз орнын өмірден дұрыстап табуына көмектеседі. Бұл процестің жүруі балалардың жас ерекшеліктерімен де тығыз байланысты мәселе.

Бастауыш мектеп оқушыларына экономикалық білім берудің басты мақсаты — қоршаған экономикалық өмір жағдайлары және қоршаған адамдардың қызметі туралы бастапқы ұғымды қалыптастыру. Мұндай білім адамның жалпы мәдениетінің бір маңызды бөлігі.

Оқу жүйесіндегі енді бір қомақты бағыттың бірі — экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыруды атауымыз қажет. Адамзат тарихы табиғат тарихымен тікелей байланысты болғандықтан қазіргі кезде адам мен табиғаттың дәстүрлі өзара әрекетінің салдары үлкен экологиялық мәселеге айналууда. Сондықтан да адамды қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға дағдыландыратын экологиялық тәрбиені мектеп жасынан бастау мәселесі

туындап отыр. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін зерттеуге көңіл бөлінуде.

Ұлттық тәрбиенің элементтерінің сана-сезімге сіңісуі тек іс-шаралар айналасындағы нәрсе емес, теориялық негізді де игеруге байланысты.

Ал, нарықтық қатынастар әлеуметі білім берудің қазіргі кездегі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке — ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылатындығын алға тартуда.

Адамгершілік әлеуметтік мақсат-мүдделер, нұсқау-талаптарға байланысты қасиеттерді бейнелейтін ұғым. Таным, көзқарас, мінез-құлық көріністерін қамтиды. Адамгершілік сана және сезім түрінде кездесетін күрделі бейнелену болғандықтан адамның тәртібін, іс-әрекетін анықтайтын тәрбиеге байланысты мәселе. Ізгілік — адамның өзіне баға беруінен басталатындығынан жасөспірімнің өзінің өмірдегі орны мен өмір сүрудің негізгі өзегін және мәні мен маңызын түсінуін, адамсүйгіштік, адам мен адамдық міндеттерге құрметпен қарауын білдіреді. Ізгілікке тәрбиелеу белгісі отбасынан басталады. Одан соң мектеп және өмір баспалдақтары жалғастырады.

Оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруда оның, тиісті нақты педагогикалық шарттары қажет. Сонда ғана тәрбие нәтижесі анық көрінеді. Мұнда тәрбиенің **жалпы шарттары, арнайы шарттары, ұйымдастырылу шарттары** талданды. Сонымен бірге тәрбиеге ықпал етуші мотивациялық, кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық, ұйымдастырушылық, нормативтік, құқықтық және ақпараттық шарттарын да ескерген жөн. Олай болса шарттарды белгілі оқыту, тәрбиелеу, тұтас мектеп үрдісін ұйымдастыру, мектептен тыс тәрбие, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдар сияқты объектілерге бағыттап, өзіне тән шарттарын белгілеп этнопедагогиканың дәстүрлі қағидаларын пайдалануға болады.

Рухани адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруда мұғалімнің өз мақсатын анықтауы, балаларды ретіне қарай көрмелер, мұражайлар, басқа құндылықтармен таныстырып отыруы пайдалы болмақ. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі — дұрыс дағдылар, өзін-өзі ұстаудың оң дағдылар нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады. Жергілікті орталықтарда, аудандар мен облыстарда ұлттық тәрбие мұражайлары ұйымдастырылса ықпалды болар еді.

Біздің пікірімізше, ұлттық тәрбиенің барлық тарамдарының тоғысатын өзегі, қорытынды игілігі отансүйгіштік пен отанжандылық әрекеттерінің орнықтылығынан көрінеді.

Ұлттық патриотизм, яки ұлтжандылықты тәрбиелеу, оны қалыптастыру біздің егеменді мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің, көсегесі көркеюінің басты шарты, себебі ұлттық мемлекетпіз, оның халқының көпшілігі өз ұлтымыз.

Ұлт теориясында ұлттық мақтаныш, ұлттық психология, ұлттық намыс, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сана сияқты категориялар бар. Бұлар әрбір ұлт өкілдеріне тән қасиеттер ұлттық патриотизмді, ұлтжандылықты қалыптастыру осы аталған табиғи қасиеттерді қоғамдық әлеуметтік мұраттармен ұштастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл әрқилы сатылары, құрамдас бөліктері бар өте күрделі процесс.

Отансүйгіштік пен ұлтжандылық, қазақстандық патриотизм қасиеттері жоғарыда аталған фактілер, өзара шарттастық, сана-сезімдік байланыстар аясындағы күрделі процестер ретінде соңғы нәтижесі ұлттық намысқа келіп тіреледі. Намыс, намыс сезімі-ұлттың рухани ұғымы, ұлы мұрасы, рухани оты, ар-ұят діңгегі. Аталған мәселемізді тараудың соңына қоюмыздың да мәні осында болатын. Намысты ақылдың, ұлттың, абыройдың, өршіл ерік-жігердің және т.б. ізгі қасиеттердің қосындысы деп білген жөн.

Отансүйгіштік пен отанжандылық, қазақстандық патриотизм мен қазақ патриотизмі тарихи-дәстүрлі қасиеттерді өзек ете отырып қазіргі тұтас еліміздің азаматтары үшін ортақ саяси-әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, рухани-мәдени табиғаттан өрбуде. Соған орай бастауыш сынып оқушылары ерекше тәрбие буыны болғандықтан патриоттық тәрбие олар үшін өзінше саяси-педагогикалық әдістемелік топтамалармен сипатталады.

Сонымен ұлттық тәрбие мәселесі оқу мен сыныптан тыс жұмыстар арқылы түрлі әдістемелік шараларды қамтып ұстаздар тарапынан аса шеберлік, күнделікті даярлық пен құнттылықты қажет етеді.

Бұл тәуелсіз елдің рухани дамуындағы ажырамас игілігінің талаптары болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Қар.: *Малинин Г.В., Дунаев В.Ю.* Человек и социальное государство (Теоретико-методологический анализ). — Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2005. 235-бет.
2. *Назарбаев Н.А.* Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. — Алматы, 1997.-176 б.
3. Қар.: *Ұзақбаева С., Кожасметова К.* Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. — Алматы, 1998.
4. Қар.: *Апышев Б.* Народные традиции и их использование в трудовом воспитании старшекласников. — М., 1974. 217-бет.; *Ховратович Б.М.* Вопросы семейного воспитания в народной педагогике // Исследования по педагогике и психологии. — Красноярск, 1968 және т.б.
5. Қар.: // Социально-политические науки. — 1991. — №. — 76-78-беттер; Учительская газета. 1989. 15-сәуір.
6. *Виноградов Г.С.* Народная педагогика. — Иркутск, 1926; *Гессен С.И.* Основы педагогики. Введение в прикладную философию. — М., 1995.
7. *Волков Г.Н.* Педагогика жизни. Мир детства. Царство мудрости. — Чебоксары, 1989. 122, 133, 138-139-беттер.
8. В.С. Кукушкин, Л.Д. Столяренко. Этнопедагогика и этнопсихология. — Ростов-на-Дону: Феникс, 2000.- 448 с.
9. Измайллов А.Э. Народная педагогика: педагогика воззрения народов Средней Азии и Казахстана. — М., 1991.
10. Қар.: Христова Е.Л. Об уточнении понятийного аппарата этнопедагогики.// Советская педогогика. — 7. — 1989.
11. Қар.: *Цукерман В.С.* Народная культура как социальное явление. — Свердловск, 1984; *Коган Л.Н.* Рабочий класс России и исторические судьбы народной культуры. Вопросы истории и историографии социалистической культуры. — М., 1987. 88-110-беттер.
12. Қар.: Духовная культура и этническое самосознание наций. Вып. 1-М., 1990; Вып.2 . — М., 1991.
13. Қар.: *Иордан М.В.* Интернационализм против национализма. — М.; «Наука», 1980.
14. Қар.: *Кон И.С.* Ребенок и общество (историко-этнографическая перспектива). — М., 1988 - 270 бет.
15. *Мағжан Жұмабаев.* Педагогика (Баланы тәрбия қылу жолдары). — Алматы, 1993. — 112 бет.
16. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. — Алматы, 1995. - 312-бет.
17. Құбығұл Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. — Алматы, 1996.- 160 бет.
18. Әдеп және жантану (Ұлттық тәлім-тәрбие). Хрестоматия. Құрастырған Қ. Жарықбаев. — Алматы, 1996.- 224 бет.

19. *Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә.* Әдеп және жантану. — Алматы, 1994. - 114 бет.
20. Қар.: Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: қазақ ұлттық педагогикасы мен ұлттық психологиясы тарихы. — Алматы, 1995. — 352 бет.; Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе: Хрестоматия. — Алматы, 2005. - 191 бет.
21. *Қалиев С.* Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. — Алматы, 1987.
22. *Қалиев С.* Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. . — Алматы, 1998.; *Қалиев С., А.Есжанов.* Қазақтың ұлттық құндылықтары жайында: [этномәдени мұра] // Этнопедагогика. — 2006. — №6. — 30-32-беттер.
23. *Табылдиев Ә.* Тағылым. — Алматы, 1995.
24. *Табылдиев Ә.* Әдеп әліппесі. 1-4-сыныптарға арналған оқу құралы. — Алматы, 1997. — 150 бет.; *Табылдиев Ә.* Ұлттық тәрбие иірімдері. — Алматы, 2001. — 15 бет.
25. *Әдібай Табылдиев.* Қазақ этнопедагогикасы (Оқу құралы). — Алматы, 2001. — 320 бет.; *Әдібай Табылдиев.* Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі — Алматы, 2004. 193-бет.
26. Қар.: *Ұзақбаева С.А.* Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. — Алматы, 1994. — 104 бет.; *Ұзақбаева С.* Тәрбиенің қайнар-көзі: халықтық педагогика жайлы. // Қазақстан жоғары мектебі. — 1996. — №1. 84-89-беттер.
27. Қар.: *Ұзақбаева С.А.* Тамыры терең тәрбие (қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие). Оқу құралы — Алматы, 1995. - 232 бет.; *Ұзақбаева С., Төлебаева Ж.* Сырлы сөздер тағылымы. Оқу құралы — Алматы, 1999. - 160 бет.; *Ұзақбаева С., Мұқанова Б.* Қазақ этнопедагогикасы: тәлімдік тағылымдар. Оқу құралы — Алматы, 1998. - 112 бет.; *Ұзақбаева С., Махметова Б.* Ұлт өнерін өрнектеген. Оқу құралы — Алматы, 2000. - 208 бет.
28. *Узақбаева С.А., Кожяхметова К.Ж.* Использование материалов казахской этнопедагогики при изучении педагогических дисциплин.— Алматы, 1997. — 112 бет.
29. *Қожяхметова К.* Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория мен практика.— Алматы, 1997.
30. *Жұмағали Наурызбай.* Ұлттық мектептің ұлы мұраты.— Алматы, 1995. — 192 бет.
31. *Наурызбаев Ж.* Этнокультурное образование образование школьников.— Жезқазған, 1995. 9,27-30, 64, 71-беттер.
32. Қар.: Қазақ мектептеріндегі ұлттық тәрбиенің жайы. // Этнопсихология және этнопедагогика. — Алматы, 1998.
33. *Қалдыбек Бөлеев.* Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. — Алматы, 2001. — 152 бет.

34. *Ақселеу Сейдімбек*. Этнопедагогика. Білім беру мен тәрбиенің өзекті мәселелері.// Егемен Қазақстан. — 15-мамыр. 1999.
35. *Сейдімбек Ақселеу*. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. — Алматы. 1997. — 464 бет
36. Ұзақбаева С.А., Мухтарова Ш.М. Формирование национального самосознания студентов при изучении педагогических дисциплин. Учебно-методическое пособие. — Қарағанды. 2002. — 109 бет.
37. Аймағамбетова О.Х. Основы этнопсихологии. Учебное пособие. — Алматы, 2003. — 178 бет.; Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы — Алматы, 2007. — 413 бет.
38. *Ушинский К.Д.* Соч. в 11 томах. Т.6 . — М., Л., 1952.
39. Қар.:*Панар Досбаева*. Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар. Сыныптағы тәрбие // Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. — 2006. —№5.
40. *Құрсабаев Мұхамедрахим*. Ұлттық тәрбиенің тағдыры// Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. — 2006. —№3.
41. Қар.: Гүлшара Мәбиева. Ұлттық тәрбиенің ұлағатты ұясы.// Орталық Қазақстан, 26 қаңтар. 2004.
42. Қар.: Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. — Алматы: Қазақстан. 1994. — 40 б.
43. Толығырақ айтылады, қар.: *Елікбаев Н.* Дәуір тынысы: қазақ ұлттының психологиясы. — Қарағанды, 2000. - 200 б.
44. Сәтімбекұлы Р., Ережепова Ғ., Б. Унасбаева. Тәрбие тағылымдары. — Алматы, 2002. - 109 б.
45. Қар.: *Джандильдин Н.* Природа национальной психологии. — Алма-Ата, 1971. — 304 с.; *Сарсенбаев Н.* Обычай, традиции и общественная жизнь. — Алма-Ата, 1974. — 180 с.; *Сужиков М.М.* Социально-экономические проблемы национальной консолидации. — Алматы, 1968. — 379 с.; *Елікбаев Н.* Қазақстан-2030: қазақ ұлты психологиясының методологиялық мәселелері. — Қарағанды, 1999. — 82 б.
46. Қар.: *Қалмырзаев А.С.* Нация и общественное сознание. — Алма-Ата, 1984. — 208 с.; *Қасенов Б.* Намыс. — Қарағанды, 2004.- 315 б.
47. Қар.: Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. — Алматы. 1995.-32 с.
48. Қар.: Жұмабай Құлиев. Жыр мұхитының жүрек кемесі. // Ана тілі, — 2003. 13-наурыз. 8-бет.
49. *Роза Әбілқадырова*. Алабаскөл балалары: Повестер, әңгімелер, ертегілер. — Алматы: Балауса, 1994.; *Кенжехан Ісләмжанұлы*. Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры. — Алматы: Ана тілі, 1995.; *Сәбетбай Елубаев*. Қазақтың байырға қара есептері. — Алматы, 1996.; *Әли Ысқабаев*. 777 жұмбақ. — Алматы: Ана тілі, 1994.
- 50.Қар.: Мәдениет-ұлттың болмысы. Ғылыми мақалалар жинағы. — Алматы, 1998.; *Сәбетқазы Ақатай*. Ұлттық діл деген не? — Ақиқат, 1999. №3; *Кішібеков Д.* Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. — Алматы: Ғылым, 1999; *Бурбаев Төлеуғали*. Ұлт менталитеті: Монография. — Астана, 2001;

Сабитов Р. Политическое сознание: от этатизма к индивидуализму. — Қарағанды, 1999.

51. **Тадевосян Э.В.** Словарь по социологии и политологии. — М., 1996.

52. **Кішібеков Д.** Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. — Алматы, 1999.

53. Қар.: **Кішібеков Д.** Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. — Алматы, 1984. — 384 с.; **Елікбаев Н.** Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы.-Қарағанды, 2000. — 200 бет және т.б.

54. Қар.: **Мұрад Аджи.** Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи (Книга первая). — Семей, 2006. - 159 б.

55. **Сейтқазы П.** Ұрпақ тәрбиесіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. // Бастауыш мектеп. — 2006. — № 5.

56. Толығырақ, қар.: **Сейтқазы П.** Бұқаралық ақпарат құралдары және тәрбие мәселелері. // Қазақстан мектебі. — 2006. — № 6.

57. Қар.: **Нұртөре Жүсіп.** Көрсетпе кіндігінді көрінгенге. // Егемен Қазақстан. — 2006. 7-ақпан.

58. **Смағұл Елубай.** Ел боламын десең, экраныңды түзе // Егемен Қазақстан. — 2006. 6-қаңтар.

59. Қар. Қисықова Ә. Ұлттық құндылықтарды үйренейік. // Қазақстан мектебі. — №10. — 2006. — 47-48-беттер.; Жетесова Ж. Ұлттық мектеп — рухани құндылық тірегі. // Қазақстан мектебі. — №11. — 2006. — 17-18-беттер.

60. Қар.: **Нұрышев Ғ.** Білім беру ісі біліктілікті талап етеді. // Егемен Қазақстан. — 2006, 4-ақпан; **Көптілеуова Ф.** Бастауыш буын — қайталанбайтын кезең.// Қазақстан мектебі. — 2006. — №10. — 8-9-беттер.

61. **Омарова Р., Рысбаев Е., Елеубаева Ж.** Оқу-танымдық әрекетті белсендіру. // Қазақстан мектебі. — 2006. — №12.

62. **Серікқали Зейнолла.** Дүниетану даналығы (Ғылым және көркемдік таным ерекшеліктері). — Алматы, 1994. — 224 бет.

63. **Ғарифолла Есімов.** Санадағы таңбалар. — Алматы, 1994. -200 б.

64. **Назарбаев Н.А.** Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы.// Егемен Қазақстан. — 2006. 2-наурыз.

65. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. — Алматы, 1995.- 32 с.

66. Қар.: **Букенов Ж.К., Куанышев С.С.** Инновации в образовании в условиях современных педагогических технологий. — Қарағанды, 2001. — 144 с.; Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы білім беру стратегиясы: / Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006.

67. Қар.: Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму жағдайы және перспективалары. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 18-19 мамыр 2006ж. — Қарағанды, 2006.

68. **Аймағамбетова Қ.** Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. — Алматы, 2003. — 144 бет.

69. **Люблинская А.А.** Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. — Алматы, 1981. — 238 бет; **Жүнісова К.; Аймағамбетова Қ., Олейник З.Ф.** Дүниетануды оқыту әдістемесі. 1-сынып мұғалімдеріне арналған. — Алматы, 1998. — 135 бет; **Бейсенбаева А.А.** Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. — Алматы, 1995. — 116 бет; **Сабыров Т.** Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары — Алматы, 1978. — 110 бет; **Әлімқұлова Р.** Тірі табиғат бұрышы — Алматы, 1985. — 57 бет; **Сихаева А.** Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық және эстетикалық тәрбие берудің қажеттілігі. // Бастауыш мектеп. — 2006. — №10. 28-30-беттер.

70. **Сәбит Мұқанов** Халық мұрасы. — Алматы, 1974.-236 б.

71. **Уәлиханов Ш. Ш.** Таңдамалы шығармалар, II том. . — Алматы, 1980. - 560 б.; **Дулатов М.** Шығармалары. Т.1. . — Алматы, 1991. - 348 бет.; **Алтынсарин Ы.** Әңгімелер. . — Алматы, 1980. - 104 бет.; **Жұмабаев М.** Таңдамалы: (өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар) . — Алматы, 1992. - 272 бет.; **Жарықбаев Қ., Қалиев С.** Қазақ тәлім-тәрбиесі. . — Алматы, 1995. - 352 бет.; **Ғұзыхан Ақпанбек.** Қазақтардың дүние танымы. . — Алматы, 1993. - 56 бет.; **Алтынсарин Ы.** Таза бұлақ. — Алматы, 1988. - 320 бет.; **Табылдиев Ә.** Тағылым. — Алматы, 1995. - 238 бет.; Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер / V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құраст. жинақ / . Түсініктерін жазған Ә.Құрышжанов.— Алматы, 1987. - 208 бет.; **Әлімбаев М.** Халық — қапысыз тәрбиеші. — Алматы. 1977. - 37 бет.

72. **Қабділрашид Қайым.** Табиғат және экология. // Таптым-таптым! — Эврика. — 2007. — №4(20). 23-25 б.; **Қабділрашид Қайым.** Ұзақтан келген ұзақ. // Таптым-таптым! — Эврика. — 2007. — №4(20). 14-15-б.; **Қабділрашид Қайым.** Танымдық ойындар — білім кілті. // Таптым-таптым! — Эврика. — 2007. — №7(23). 17-32-беттер.

73. **Құнанбаев А.** Қалың елім қазағым: Шығармалары. — Алматы, 1995.- 384 б.; **Құдайбердиев Ш.** Шығармалары. — Алматы, 1988. -560 б.

74. **Абуова М.** Оқушының қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру. // Бастауыш мектеп. — 2006. — №5.

75. **Ғабдуллин М.** Қазақ халық ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974. — 150 бет.

76. **Әлімбай М.** Қоянның құлағы неге ұзын?: Балалар үшін: Өлеңдер, дастан, аңыздыр, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. — Алматы, 1996. - 176 б.; Жаттамақ; тақпақтар мен өлеңдер. — Алматы, 1994. - 288 б.; **Кенжехан Ісләмжанұлы.** Рухани уыз. Ата мұраң — асыл қазынаң. — Алматы, 1995. -143 б.

77. **Ұзақбаева С.А.** Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. — Алматы, 1994. -104 б.; **Ұзақбаева С.А.** Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. — Алматы, 1990. -30 б.; **Қалиев С.** Қандай болып өсемін: өлеңдер, жұмбақтар,

жаңылтпаштар, ертегілер. — Алматы, 1994. -320 б. ; **Қалиев С.Қ.** Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. — Алматы, 1993. -324 б.; **Әлімбаев М.** Халық — қапысыз тәрбиеші (Қазақ мақал-мәтелдеріндегі халықтық педагогика хақында. — Алматы, 1977. - 40 б.; **Ғабдуллин М.** Қазақ фольклористикасы. — Алматы, 1972. -320 б.

78. **Жарықбаев Қ.** Психология. Оқулық. — Алматы, Білім, 1994. -272 б.; **Қалиев С.Қ.** Қазақтың халық тәлім-тәрбиесі. — Алматы, 1996. -265 б.; **Алдамұратов Ә.** Жалпы психология. — Алматы, Білім, 1996. -224 б.; **Бабаев С.Б.** Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы. — Алматы, 2007. -413 б.

79. **Көкшеева З.** Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру. // Бастауыш мектеп. — 2007. — № 4.

80. Қар.: **Абай.** Қалың елім қазағым: Шығармалары. — Алматы, 1995. 343-344-беттер.

81. Толықтырақ, қар.: **Дүйсенбекова Ш.** Еңбек тәрбиесі және кәсіптік бағдар.// Қазақстан мектебі. — № 9. — 2006.

82. Қар.: **Кон И.С.** Психология юношеского возраста. – М., 1979.

83. Бегайдарова Р. Экономикалық білім және тәрбие. // Қазақстан мектебі. — № 2. — 2005.

84. Қар.: ҚР жалпы білім беретін мектептері оқушыларын еңбекке оқыту мен тәрбиелеу тұжырымдамасы. – Алматы, 1993, 20 бет.

85. **Ерназарбекова А., Ортаев Б.** Орта мектеп оқушыларына берілетін экономикалық білім мен тәрбие. – Ізденіс-Поиск. Халықаралық ғылыми педагогикалық «Қазақстан жоғары мектебі» журналының қосымшасы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. — № 4. — 2007.

86. Қар.: Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: экология және табиғат қорғау (А.Құсайыновтың жалпы редакциялауымен) — Алматы, 2002; **Тогызбаева Н.** Экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажет. // Қазақстан мектебі. — №12. — 2006. — 29-31-беттер; **Беркінбаев К., Ниязова Г.** Экологиялық білім берудің негіздері. // Қазақстан мектебі. — №6. — 2006. — 57-59-беттер; Экологиялық білім бағдарламасы. — Алматы, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999; **Исламова К.И.** Оқыту процесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.: автореф. пед. ғыл. канд. К140901. — Алматы. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 2001.

87. **Зверев Н.Д.** Экогласность и образование // Советская педагогика. 1991. №1.

88. Қар.: **Лихачев Б.Т.** Экология личности // Педагогика. 1993. №2.

89. Қар.: **Құдайқұлов М., Құдайқұлов Д.** Бетбұрысымыз-бизнес (немесе оқушыларды кәсіпкерлікке қалай баулимыз). // Қазақстан мектебі. — 1997. — №11-12.

90. Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастыр. жинақ) Түсініктерін жазған **Құрышжанов Ә.** — Алматы, 1987. -208 бет.

91. **Әбдірейімова К.** Ізгілікке тәрбиелеу негіздері. // Қазақстан мектебі. — №2, — 2005.
92. Толықтырақ айтылады, қар.: **Өтебаева Ә.** Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің шарттары. // Қазақстан мектебі. — №10. — 2006.
93. Қар.: Көшкімбаева Р.Х. Отбасында баланың рухани-адамгершілік сезімдерін дамытудағы ата-ананың беделі. // Бастауыш мектеп. — №11. — 2006.
94. Ата салтыңды аяла. Қазақ салт-дәстүрлері туралы таным. Құрастырған: Н. Ақбаев. — Алматы, 1998; Қазақ ертегілері. Құрастырған: А. Сәулебаева. Суретші Г.Ф. Алматова. — Шымкент, 2003. -104 б.; Дәстүрлі атаулар: Анықтамалық жинақ. Автор-құрастырушы Ақбай Н. — Алматы, 2005. -304 бет.
95. Толығырақ айтылады. Қар.: Қасенов Б. Намыс (философиялық эссе) Екінші басылуы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. -315 бет.
96. **Бауэр Отто.** Национальный вопрос и социал-демократия. Ч.1. Нация, «Пушкинская Скоропечатня». — Спб., 1909.
97. **Рубинштейн А.Я.** Отто Бауэр теоретик Австрийской социал-демократии. — М., 1934. 213, 255, 258-259-беттер.
98. **Шпрингер Р.** Национальная проблема (Борьба национальностей в Австрии). — Спб., 1909. 67, 69, 184, 272-273-беттер).
99. **Фихте И.** Основные черты современной эпохи. — Спб., 1906. 116, 119, 125, 169, 175-беттер; **Фихте И.** Назначение человека. — Спб., 1913. 149-150-беттер; **Фихте И.** Избранные сочинения. — М., 1916. 6-37-беттер.
100. Қар.: **Урбисинова А., Махметова С., Нұрсұлтанова Д.** Ойын арқылы адамгершілік тәрбие берудің мазмұны. // Бастауыш мектеп. № 11-12. 2006.
101. Қар.: **Төтенаев Б.** Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы, 1994.; **Құлназаров А., Тайжанов С.** Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі. — Алматы, 2004.; **Тайжанов С., Қасымбекова С.І.** Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы, 2004.; **Ұзақбаева С.А.** Тамыры терең тәрбие. — Алматы, 1995.; Ақ сандық, көк сандық. Құрастырған: Ибраев Ш. — Алматы, 1988.
102. **Әл-Фараби.** Әлеуметтік-этикалық трактаттар. — Алматы, 1975.
103. **Тұрысбаева А.** Қарым-қатынас мәдениеті дағдыларын қалыптастырудағы отбасының рөлі. — Бастауыш мектеп. № 3. 2006.
104. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құрастырған Смайлова А.Т. — Алматы, 2005. -272 б.
105. Әдеп және жантану (ұлттық тәлім-тәрбие). Хрестоматия. Құраст.: Жарықбаев Қ. — Алматы, 1996. 131-151 - беттер; Ата салтың — халықтық қалпың. Құраст.: Зікірианов А.К., Молдабаева М.М. — Алматы, 1995. - 168 бет; **Бекжігіт Аббас, Ыстыбай Әкімжан.** Қыздарға мұсылмандық тәрбие. Хадистен ұлағатты сөз. — Шымкент, 2004. — 44 бет.
106. Кабуснама. Өзбекшеден ауд.: Айнабеков Т. — Алматы, 1992. 117, 118, 119-беттер.

107. Қар.: *Сейдімбек А.* Ұлттық идея. — Қазақ әдебиеті газеті. № 33. 15-21 тамыз 2003. 4-бет.

108. Қар.: *Маймер Азамат.* Формирование педагогического руководства воспитания у школьников культуры межнационального общения. // Қазақстан мектебі. — № 11, — 2006.

109. *Сихаева А.* Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық және эстетикалық тәрбие берудің қажеттілігі. // Бастауыш мектеп. — № 10. — 2006.

110. Толығырақ қар.: *Сахиева Ф.* Бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда үйірме жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі. // Ұлт тағылымы. — № 1 (2). — 2007.

111. *Сәтімбекұлы Р., Ереженнова Ф., Унасбаева Б.* Тәрбие тағылымдары. Табиғатты аялауға арналған тәрбие сағаттарының үлгі-нұсқаулары. — Алматы, 2002. -109 бет.

112. *Нұрмухаметова Р., Баярстанова Э.* Мектептегі патриоттық тәрбие. — Бастауыш мектеп. № 10. 2006.

113. Қар.: *Ешмұратова Д.* Өнегелілік пен сенім-ұлттық рухтың болмысы (педагогикалық түйін). — «Ізденіс»-«Поиск». ҚР білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. — № 1. — 2005.

114. *Мухамжарова М.* Тәрбие жүйесін ұйымдастыру жолдары. — Сыныптағы тәрбие. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. № 4. 2007.

115. Толығырақ баяндалады, қар.: *Шаринова О.Б.* Ұлттық тәрбие-патриоттық сезімнің негізі. — Бастауыш мектеп. № 4. 2007.

116. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: Оқу құралы (*М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек*). — Астана, 2001.-357 бет.

117. Қалиев С., т.б. Тәрбие хрестомотиясы. Оқу құралы. /С. Қалиев, Б. Иманбекова, Ж. Жұмабаева – Алматы: "Алматы кітап баспасы" ЖСШ, 2012.-272 бет, суретті.

118. Қалменов Қ. Баукеңнің шарапаттары. Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері туралы ой – толғау.-Алматы: Алматы – Болашақ баспасы, 2012.-296 бет.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. Ұлттық тәрбие кешенінің зерттелуінің методологиялық мәселелері

1.1 Ұлттық тәрбие — тарихи дәстүрлі және әлеуметтік құбылыс

1.2 Ұлттық тәрбиенің қалыптасуына ықпалдық арналар

2. Бастауыш сыныптардағы оқу - тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбиенің қалыптасуының педагогикалық негіздері

2.1 Оқу жүйесіндегі ұлттық тәрбиенің орнығуы

2.2 Сыныптан тыс іс-шаралардың ұлттың рухани-адамгершілік және өнегелілік қасиеттеріне ықпалы

2.3. Ұлттық тәрбие — отансүйгіштік пен отанжандылықтың қайнар көзі

Қорытынды

Әдебиеттер

Еликбаев Н., Токкулова Г.Т.
Источники национального воспитания. Философско – педагогический поиск (на
государственном языке)